

Регистрационный № 4188-Ж № 2-3, 2015 г.

Основан в 1997 году

Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

Жетысуского государственного университета
им. И.Жансугурова

Научный журнал



Бас редакторы - главный редактор
Ә.Е. Бектұрғанов
ректор, доктор юридических наук, профессор
член-корреспондент Национальной академии Наук
Республики Казахстан

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

главный редактор – ректор, доктор юр. наук, профессор,
член-корреспондент Национальной академии Наук Республики Казахстан

А.Е. Бектурганов

зам. главного редактора – д.э.н. М.Т. Кантуреев
ответственный секретарь – к.ф.м.н. Е.Б. Мукажанов

Члены редколлегии:

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор
М.Ж. Мальтекбасов – д.п.н., профессор
Е.Ш. Дусипов – д.ю.н., профессор
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор
Е.С. Андасбаев – д.т.н., профессор
Х.Т. Наубаева – д.пс.н., профессор
С.И. Мурыгина – магистр образования

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано
Министерством информации и общественного согласия
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің хабаршысы» под номером
ISSN 1813-1123**

МАТЕМАТИКА

ӘОЖ 371.315

ИНФОРМАТИКАДА АЛГОРИТМДІК ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Нысамбаев Жеңіпалды, ф.-м.ғ.к., доцент,
Базильбекова Ляйлә Сыдыковна, магистр
*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы,
zhenipaldy_45@mail.ru*

Алгоритмдік тілдердің табиғат құбылыстарын оларға арналған программаларды жасау негізінде ЭЕМ-нің көмегімен зерттеу ерекше орын алатыны белгілі. Бұл мақалада алгоритмдік тілдер туралы, олардың программалар құрудағы рөлі атап айтылған.

Как известно, алгоритмические языки играют важную роль при решении задач изучения различных природных явлений. В данной работе приведены методические аспекты применения языков программирования.

As is well known, algorithmic languages play an important role in solving tasks in the study of various natural phenomena. In this work some methodological aspects of application programming languages.

Кілттік сөздер: алгоритм, тіл, программа, команда, блок-схема.

Информатика пәнін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі ЭЕМ-да есеп шығару тәсілдерін үйрету, оқушылардың алгоритмдік ой-өрісін қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетудің басты жолы алгоритмдік тілді үйрену. Әр машинаның өзіне лайықталған программалық тілдері бар. Алгоритмдік тіл алгоритмдерді адам орындау құралы ретінде жасалған, программалық тілді менгерудің алғашқы баспалдағы болып табылады. Алгоритмдік тілдің және оны пайдалану ережесінің құрылымы көптеген программалау тілдерінің құрылымына ұқсас. Сондықтан бұл тілді игеру келешекте программалау тілдерін үйренгенде жеңілдік жасайды [1].

Алгоритм тілі – бұл алгоритмдер мен оларды орындаудың біртекті және дәл жазбаларына арналған белгілер мен ережелер жүйесі.

Алгоритм тілі, бір жағынан, кәдімгі тілге жақын, сондықтан әдеттегі мәтін ретінде оқылады және жазылады. Екінші жағынан, алгоритм тілі пішіні жөнінен программалау тіліне жақындайды, бұл ЭЕМ үшін программалау тілін тез үйренуге мүмкіндік береді.

Алгоритм тілінің өз сөздігі бар. Оның негізін осы тілдің командасын жеткізетін сөздер құрайды. Алгоритм тілінде сондай-ақ мағынасы мен қолдану әдісі өзгермейтін сөздер пайдаланылады. Олар қызмет етуші сөздер деп аталады.

Алгоритм тілінің қызмет етуші сөздері әдетте қысқартылған нұсқада ерекшеленеді және жазылады да, алгоритмді безендіру үшін пайдаланылады. Алгоритмнің аты қызмет етуші алг (алгоритм) сөзінен кейін жазылады және мүмкіндігінше ол осы алгоритммен сипатталатын есептің шешуін көрсетуі керек.

Алгоритм атынан соң командалар келеді, олар алгоритмнің басталуы мен аяқталуын көрсететін қызмет етуші басы (начало) және соңы (конец) сөздерінің арасында тұрады.

Алгоритмнің жалпы көрінісі мынадай болады:

алгоритмнің аты
басы

алгоритм командалары (серия);
соңы

Алгоритм командалары рет-ретімен жазылады. Бір жолда бірнеше команда жазылуы мүмкін. Мұндай жағдайда олар нүктелі үтірмен «;» бөлінеді (ажыратылады).

Бірінен кейін бірі орындалатын бірнеше команданың жиынтығы серия деп аталады. Серияның бір командадан тұруы да мүмкін.

Алгоритм тілінде ұсынылған алгоритмдердің орындаушысы адам екенін ескере отырып, біз қажетіне қарай жаңа командаларды айқындаймыз және енгіземіз, олардың әрекеттері біздің орындаушыға түсінікті.

Алгоритмдерді алгоритм тілінде сипаттау бізге алгоритмдерді программалау тілінде тиімді ұсынуға қосымша қызмет етеді. Алгоритм тілінің ыңғайлы болатыны: командалар ана тілінің сөздерінен тұрады, жалпыға белгілі символикаларды пайдаланады, өйткені олардың орындаушысы адам және командаларының мағынасы адамның түсінуіне ыңғайластырылған [2].

Алгоритм тілінің болуы мүмкін командаларын келтіреміз: енгізу параметрлер тізімі, бұл команда бойынша орындаушы айнымалылардың мағынасын енгізеді, олардың аттары параметрлер тізімінде көрсетілген; шығару параметрлер тізімі, бұл команда бойынша орындаушы есептеулер нәтижелерін шығарады;

Алгоритмдерді сипаттауда орындаушыға шамаларға қатысты әрекеттерді орындау және осы әрекет нәтижесі ретінде жаңа шаманы құру ұйғарылады.

Мысалы, "А және В шамалар мәнін қосу, ал нәтижесін С шамасымен көрсету" нұсқауы. Бұл жағдайда орындаушы мынадай әрекеттер жасайды: А-ның (компьютер болса онда жад ұяшығынан), В-ның (жад ұяшығынан) мәндерін алады, оларды қосады, нәтижесін С шамасы түрінде жад ұяшығында сақтап қояды.

Алгоритм тілінде шамаларға қатысты әрекеттерді белгілеу үшін "!=" командасы пайдаланылады. Енді қарастырылған мысалдың нұсқауын $C:=A+B$ командасымен жазуға болады.

Алгоритм командасы "!=" белгісінің көмегімен жазылса, меншіктеу командасы деп, ал "=" белгісі меншіктеу белгісі деп аталады.

1-мысал. Y мәнін $Y = (AX - B) (CX + \Theta)$ формуласы бойынша X-тің кез келген мәнін есептеп шығару.

Бұл есепті шешу үшін төмендегі алгоритмде тұжырымдалған әрекеттерді ретімен орындау жеткілікті:

алг есептеу

басы

A*X көбейту; нәтижені R1 деп белгілеу

R1-B азайту; нәтижені R2 деп белгілеу

C*X көбейту; нәтижені R3 деп белгілеу

R3+O қосу, нәтижені R4 деп белгілеу

R2*R4 көбейту; нәтижені Y мәні деп есептеу.

соңы

Енгізілген меншіктеу командасын ескеріп, осы алгоритмді былай жазуға болады:

алг есептеп шығару

басы

R1=AX;

R2=R1 - B

R3=C*X;

R4=R3+D;

Y:= R2*R4

соңы

Алгоритмдік тіл табиғи тілге жақын. Алгоритмдік тіл – алгоритмдерді жазу құралы. Ол келесідей мәселелердің орындалуын қамтамасыз етеді:

Алгоритмдік тілдің ережесі алгоритмді тек авторға ғана түсінікті етіп қоймай, басқаларға да, компьютерге де түсінікті етеді;

Алгоритмдік тілдің ережелері оқушыға алгоритмді талқылау әр түрлі мәнді болуына мүмкіндік бермейді;

Алгоритмдердің берілу тәсілдерінің түрлері көп. Біз төртеуіне тоқталамыз:

- табиғи тіл;
- графикалық тіл;
- алгоритмдік тіл;
- программалау тілі.

Берілу тәсілінің әр түрінің алгоритмдерді сипаттаудың өз орындаушысына бағытталған өзіндік құралдары бар:

табиғи тіл (орындаушы - адам) - орыс, қазақ, ағылшын тілдерінің сөздері;

графикалық тіл (орындаушы - адам) - әрекеттер сипаттамасы бар графикалық схемалар (блок-схемалар);

алгоритмдік тіл (орындаушы - адам) - әрекет немесе орындаушыға арналған командалар мағынасы берілетін табиғи тілдің белгілі сөздері;

программалау тілі (орындаушы - компьютер) - программалау тілінің командалары.

Алгоритмдердің құрылымын, құру әдістерін үйрену үш көрсетімде бірден жүреді: блок-схемалар түрінде, алгоритмдік тілде, программалау тілінде. Берілу әдістерінің әрқайсысының алгоритмдерін сипаттайтын құралдардың элементтері қажеттігіне қарай енгізіліп отырады.

Алгоритм дискретті ақпараттармен жасалатын әрекеттерді тағайындайды және өрнектейді. Алгоритмге қатысты әрекеттердің бәрі дискретті болады. Алгоритмнің жұмысына қажетті материалдар ретінде символдық мәтіндер және сандар пайдаланылады.

Алгоритм біздің қалауымызға қарай өзгертуге болмайтын нақты нұсқау. Алгоритмде не істеу керектігі алдын ала айқын беріледі. Мысалы, бір есепті шешудің алгоритмі берілсе, онда ойланбай-ақ, алгоритмде қандай нұсқаулар берілсе, сол нұсқауларды берілу ретімен орындасақ, есеп шығады. Алгоритмнің осы қасиетін анықталғандық қасиеті дейміз. Бұл жағдай адам сияқты емес, ойлау қабілеті жоқ құрылғылардың, мысалы, компьютердің көмегімен есептерді шешу мүмкіндігіне кепілдік берді. Мұндай құрылғылар алгоритмнің жарлықтарын ойланбастан, формальді түрде орындайды. Сондықтан алгоритмде есепті шығаруға қажеттінің бәрі бір мәнде анықталуы және атқарушыға түсінікті әрі нақты болуы тиіс.

Бір алгоритмнің өзін бірнеше есептің шешімін табу үшін пайдалану мүмкіндігі, яғни бастапқы деректер мәндерінің жиынына пайдаланылу мүмкіндігі бар. Алгоритмнің мұндай қасиетін көпшілікке бірдейлік, басқаша айтқанда, жалпылық қасиеті деп атайды.

Осы айтылғандардан алгоритм бастапқы деректерді пайдаланып іздеген нәтижеге қол жеткізетін реттелген әрекеттер тізбегі деген қорытынды жасауға болады. Мұндай әрекеттер тізбегінің орындалуы алгоритмдік процесс, ал әрбір әрекет оның қадамы, әрбір нұсқау алгоритмнің командасы болып табылады.

Алгоритмнің ең маңызды қасиеті жоғарыда анықталған қасиетінде айтылғандай, оның орындалу нәтижесінің атқарушыға тәуелсіздігі[3].

Сонымен алгоритм туралы мына төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

Алгоритмдер әртүрлі есептерді шешу үшін пайдаланылады.



1-сурет. Алгоритмді бейнелеу әдістерінің логикалық құрылымы.

Алгоритмді құрушыға қарағанда алгоритмді атқарушыдан білімді аса талап етпейтіндіктен, есеп шығару айтарлықтай оңайлатылады;

Алгоритмдік тілді пайдалану оны құрушының өзіне ғана түсінікті командаларды көпшілік қауымның пайдалануына мүмкіндік береді. Алгоритмді жазудың бірнеше тәсілдері бар.

Алгоритмді атқаруды тек адамға емес, компьютерге де жүктеуге болатындығы есептеу процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Алгоритмнің құрамы дараланып және оның әрекеттері анықталғаннан кейін алгоритмді жазып көрсету тәсілін және тілін білу керек.

Блок-схема компьютерге программалар жасау практикасында кеңінен қолданылатын алгоритмдерді жазудың графикалық тәсілі, басқаша айтқанда, алгоритмнің логикалық құрылымын график түрінде бейнелейтін тіл десек те болады. Есепті шешу үшін алгоритмнің блок-схемасын құрған кезде есепті шығару процесі кезеңдерге бөлінеді. Әрбір кезең есептелетін операцияның сипатына байланысты [4].

Алгоритмді бейнелеу әдістерінің ішінен біз блок-схема мен алгоритмдік тілді пайдаланамыз. Алгоритм белгілі конфигурациясы бар бір геометриялық фигурамен (блокпен) белгіленеді. Мысалы, жұмыр (сопақ), параллелограмм, тіктөртбұрыш, ромб т.с.с.

Блок деп аталатын мұндай фигуралардың ішіне кезеңдердің мазмұны жазылады.


Есептелу процесінің бағыты блоктарды қосатын стрелкалармен көрсетіледі. Осы аталғандардың бәрі блок-схема тілінің алфавитін құрайды және олардың мағынасы алдын ала келісілген келісім бойынша беріледі.

Басы, соны блоктарынан басқа әрбір блоктың бір ену және бір-екі шығу сызықтары болады.

Атқаратын қызметі жағынан блоктар *негізгі* және *қосымша* болып бөлінеді. Негізгі блоктар енгізу мен баспаға шығару және ақпараттарды өңдеу әрекеттерін білдіреді, ал қосымша блоктар блок-схеманы түсіндіру және байланыстарды таңбалау үшін пайдаланылады.

Блоктардың анықтайтын әрекеттері, яғни, түсініктер блокты бейнелейтін геометриялық фигуралардың іштеріне жазылады.

Тексерілетін шарт тікелей блокта көрсетіледі. Мысалы, $X < 100$, $a2 + C * 0$.



2-сурет. Блок-схеманы құру мысалы

Егер тексерілетін шарт орындалатын болса, онда есептелу процесінің шығысы «иә» тармағы бойынша, ал шарт орындалмайтын болса, онда «жоқ» тармағы бойынша өтеді (2-сурет).

Блоктардың құрамына және олардың өзара байланысына тәуелді алгоритмдер сызықтық, тармақталушы, қайталанушы, еселі (ішіне салынған), қайталанушы болып бөлінеді.

Әсіресе алгоритмдерді құру және олардың құрылымын талдау кезінде алгоритмнің блок - схемасына қатты көңіл бөлінеді.

Алгоритмдік тіл – деп орындалатын әрекеттерді, амалдарды бірыңғай және дәл жазуға арналған, өз тіліміздің кейбір сөздерін пайдаланатын белгілермен ережелер жүйесін айтады. Алгоритмдік тіл бір жағынан табиғи тілге жақын, алгоритмдерді және алгоритмдік тілде құрылған амалдар тізбегін компьютерге түсінікті командалар мәтіні түрінде жазуға арналған жасанды тілдерді программалау тілдері деп атайды.

Паскаль, Си, Дельфи, Пролог тәрізді программалау тілдері – ағылшын тіліндегі кейбір сөздерді алгоритм құруда кеңінен пайдаланады. Ол сөздердің саны онша көп емес, оларды түйінді немесе қызметші сөздер деп атайды. Ал алгоритмдерді өрнектейтін қарапайым алгоритмдік тілдерде сол түйінді сөздердің қазақшасы немесе орысшасы қолданылады. Алгоритм алғашқыда қарапайым алгоритмдік тілде құрылып, содан кейін ол программалау тілінде қайта жазылып, ең соңында машина тіліне түрлендіріліп барып орындалады. Әр компьютердің өзінің машиналық тілі болады, ол командалар тілі немесе кодтар тілі деп аталады [5].

Қазіргі кезде дүние жүзінде үш жүзге жуық алгоритмдік программалау тілі таралған. Олардың әрқайсысы белгілі бір мақсатта қолданылады. Мысалы, Фортран – ғылыми-техникалық (инженерлік) есеп шығаруда, Паскаль – өндірісте, оқу-ағарту саласында, Бейсик – алғашқы үйренушілер үшін дербес компьютерде диалогтік режимде жұмыс атқаруға арналған және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. В.Н. Крупский, В.Е. Плиско. Теория алгоритмов. –М.: Издательский центр «Академия». 2009. стр. 204.

2. В.П. Долматов. Методические проблемы разработки базового курса информатики для средней школы. –М.: Просвещение, 1997.

3. И.В. Роберт. Концепции внедрения средств новых информационных технологий в учебный процесс общеобразовательной школы. – М.: ротاپринт АПП, 2011.

4. В.А. Слостенин, Л.С. Подымова. Педагогика: инновационная деятельность. –М., 1987.

5. Н.В. Софронова. Разработка обучающих программ на основе инструментальных средств. – Чебоксары, 1995.

ӘОЖ 371.315.7:004.4:512

ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

п.ғ.к., доцент А.О. Алдабергенова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы
aigul_ao@mail.ru

информатика мамандығының магистрі Ш.Б. Нұрғожаев
shingo_nur@mail.ru

информатика пәнінің мұғалімі С.Б. Жолдыбаева
№20 мектеп-лицей, Талдықорған қаласы
saira.11@mail.ru

Бұл мақалада интеллектуалды оқыту жүйесін білім сапасын арттыру құралы ретінде қолдану мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ, мәселелерді шешудің анағұрлым ыңғайлы құралдыры жасанды интеллект элементтері бар оқыту жүйелерін оқу процесіне ендіру мүмкіндіктері жан-жақты баяндалған.

Данная статья рассматривает проблему повышения качества обучения при помощи интеллектуальных обучающих систем. А так же рассмотрены решения проблем создания и внедрения обучающих систем с элементами искусственного интеллекта.

This article considers the problem of improving the quality of learning through intelligent tutoring systems. And the solution of problems of creation and introduction of training systems with artificial intelligence elements.

Кілт сөздер: *Интеллектуалды оқыту жүйесі, жасанды интеллект, ақпараттандыру, робот, робототехника, эксперттік жүйелер, Оқыту, өзін - өзі оқыту.*

Соңғы он жылдықтардағы ақпараттық технологиялардың дамуы мен кең қолданысқа ие болуы, ғылыми-техникалық және әлемдік дамудың жаһандық тенденциясына айналды.

Заманауи қоғам, ақпараттандыру процесіндегі белсендігімен сипатталады. Қоғамды ақпараттандыру – ақпаратты жинақтаумен, өңдеумен, сақтаумен, алмасумен және қолданумен сипатталатын жаһандық әлеуметтік құбылыс.

Қазіргі таңда, ақпараттандыру ақпараттық қоғамның ұлттық стратегиялық ресурсының технологиялық негізі ретінде қалыптасып, мемлекеттің мәдени-әлеуметтік дамуының жалпы деңгейін ғана емес, жаһандық даму процесіндегі оның орнын анықтайды. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті мемлекеттің әлеуметтік

тапсырысын қанағаттандыру. Заманауи тапсырыстар білім беруді үздіксіз жетілдіруге итермелейді, сол себепті оқыту процесі өзгермелі талаптарға жылдам бейімделу үшін икемді болуы тиіс.

Қазіргі таңда оқыту орындары оқытушыларының тәжірибесіне негізделген оқыту процесі, жүйелі жетілдірулерге және қабылданған шешімдердің ғылыми негізделуге мұқтаж. Білімгерлердің біліктілігіне деген талаптардың артуына сәйкес көтерілген мәселе қазіргі таңда ерекше көкейкесті. Сондықтан, білім беру жүйесін өмір талабына сәйкес қайта құру үшін жаңа әдіс-тәсілдерді іздеу қажет. Бұл мәселелерді шешудің анағұрлым ыңғайлы құралдыры жасанды интеллект элементтері бар оқыту жүйелері.

Бұндай оқыту жүйелерінің артықшылықтары жеке-дара оқытудың артықшылықтарын қолдану; өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; оқытушыларды кертартпалықтан босату; алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қолдану мен тарату; оқыту шарты немесе білімгерлердің талаптар сәйкес оқыту курсының бейімделе алу мүмкіндігі.

Интеллектуалды оқыту жүйелерін қолданудың негізгі аспектілері ақпараттық технологиялар саласының мамандары, педагогтар мен психологтар құрастырған: білім берудегі инновациялық процестер мен педагогикалық жүйелер теориясының негізгі мәселелері (П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, М.И.Махмутов және т.б); кибернетикалық оқыту теорияларының және автоматтандырылған оқытуды құрастырудың сұрақтары (Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, А.И. Берг, В.М. Глушков, Н.Ф.Талызина Н.Д.Никандров, И.Я.Лернер және т.б); жасанды интеллект элементтері бар оқыту құралдарын құруға және қолдануға байланысты зерттеулерді П.Брусенцов, П.Л Брусилоск. В.А. Петрушин және т.б. жүргізген [1].

Ресейлік ғалымдардың зерттеулерінде (А.А.Андреева, Н.В.Апатова, Е.И.Машбиц, Е.С.Полат, И.П.Норенкова және т.б) оқыту жүйелерін құрудың жалпы принциптері мен оларды білім беруде қолданудың негізгі бағыттары анықталған.

Жасанды интеллект адамның интеллектуальды ойлау қабілетінің кейбірін ЭЕМ – де орындауға мүмкін түрде модельдеу, программалау не адам орындайтын іс-әрекеттерді орындау сияқты мәселелер мен айналысады. Жалпы, *αὐτὰρ αὐτὸ εἰδὸν αὐτὸ* – компьютерде интеллектуальды программаны дайындауға байланысты информатика бөлімі.

Жасанды интеллект программалары көбінесе арнайы дайындалған пролог, ЛИСП, Smaltalk, т.с.с. программалау тілдерінде құрылады. Олардың классикалық Бейсик, Паскаль, т.б. программалау тілдерінде құруда мүмкін, бірақ мұнда олардың көлемі үлкен болып, пайдалануға икемді бола бермейді.

Жасанды интеллект математикалық есепті шешуде, медициналық болжауда, шахмат ойнау сияқты теориясында, мәтінді бір тілден екінші тілден аударуда, теореманы дәлелдеуде, комерциялық мекемелерде және т.б. салаларда жиі пайдаланылуда. Қазіргі кезде кейбір жасанды интеллект нысанды тани және сөйлей де алады. Мысалы, нысанды тану үшін жасанды интеллектіде икемді тұжырымдамалар, жинақты схемалар, т.с.с пайдаланылған, бірақ мұндай жұмыстардың орындалуы әлі жоғары дәрежеде емес. Оларды жетілдіру жөнінде ғылымдар көп еңбек жұмсауда. Бұл бағыттағы жетістіктер компьютердің одан әрі дамуына және адамның программалау шеберлігіне байланысты. Жалпы, жасанды интеллектіде программалау оңай жұмыс емес. Ол үшін компьютерде сақтаулы білім қорын (фактілер мен ережелер) пайдаланып, нақты жағдайға қолданылатын динамикалық программа құрылуы тиіс. Әдетте бұл бағытты *ἰσθὲν ἰσθὲν* *εἰδὸν αὐτὸ* деп атайды. Машиналық интеллекттің тағы бір бағыты – интеллектуальды әрекеттің нейрофизиологиялық және психологиялық механизмдерін қарастырып, адамның ой-өрісін зерттеп, нақты жағдайда адам сияқты іс-әрекет жасайтын техникалық

құрылғы дайындау. Адам миының негізі – бір-бірімен байланысы өте көп (10^{21} -ге дейін) жүйе клеткаларынан (нейрондардан) тұратыны белгілі. Нейронға ұқсас элементтерді дайындап, оларды шамамен болса да жұмыс істейтін нейрожүйеге біріктіру оңай жұмыс емес. Бұл бағытта 80-жылдардың ортасында Жапонияда нейрон деп аталатын көптеген процессорлары бар VI буын компьютерлері дайындалып шықты. АҚШ-та Ресейде және т.б. елдерде де осы бағытта түрлі жұмыстар жүргізілуде [2].

Жасанды интеллекттің екінші бағыты – адам еңбегін автоматтандыратын электромеханикалық құрылғы – *робот* дайындау. Роботтың алғашқы қарапайым үлгілері ерте кезде ақ жарыққа шыққан болатын. Мысалы автоойыншықтар I ғасырда, жүретін сағат III ғасырда, өз бетімен суда жүзетін кеме XIII ғасырда дайындалған. Ал, 1738 жылы француз механигі Ж.Вокансон нағыз өнер туындысы – механикалық барабан ойнаушыны дайындап шықты, т.б. Қазіргі кезде түрлі бұйымдарды қалаған жерге жылжыту не металды пісіру, үй, сауда және ауыл-шарушылық жұмыстарын орындау, медицинада, хирург қызметін атқару сияқты күрделі іс-әрекеттерді орындайтын роботтар жеткілікті. Робот космонавт түрінде де пайдалануда. Көптеген мәліметтерді шешу мақсатында соңғы роботтарға түрлі программалар жиынтығы жинастырылған бір не бірнеше компьютер енгізіліп қойылған. Олар роботтың негізгі мүшесі – *миы*. Роботтың келешекте даму микропроцессторлық техниканың одан әрі дамуына байланысты. Бұл бағыттағы ілім **роботтық техника** делінеді. Ол жасанды интеллекттің әдістері мен идеяларына тығыз байланысты.

Бұл күнде жасанды интеллект - информатиканың қуатты салаларының бірі. **Оның мақсаты:** программист емес қолданушыларға компьютермен қарым-қатынас жасай отырып, интеллектуалды болып саналатын өз мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін аппараттық-программалық құралдар жасау.

Шешу алгоритмі белгісіз кез-келген есепті жасанды интеллект шеңберіне жатқызуға болады. Мысал үшін, шахмат ойнау, медициналық диагноз жасау, мәтіндерді шет тілдеріне аудару т.б. – бұл есептерді шешудің нақтылы алгоритмдері жоқ..

Жасанды интеллект әдістерінің қолданылу бағыттары:

1. *Эксперттік жүйелерде білімдерді жинақтау және оларды бейнелеу.* Бұл бағыт жасанды интеллектінің негізгі бағыты, электронды жүйенің негізін құрайтын білімдер қорын құруға, білімдердің модельдерін жобалауға байланысты. Электронды жүйенің нақтылы жұмыс түрлерінде мамандардың білімін өзіне жинақтаған интеллектуалды жүйе.

2. *Ойындар және шығармашылық.* Әдетте, жасанды интеллектке интеллектуалды ойындар кіреді – шахматтар, дойбылар және т.б. Ойындар ертеректен белгілі лабиринттік пен эвристикалық жолдарға негізделеді.

3. *Табиғи тілдерді түсіну және машиналық аудармалар.* 50 жылдарда жасанды интеллектті зерттеудің кең тараған аймағы машиналық аудармалар болатын. Бұл аймақтағы алғашқы программа – ағылшын тілінен орыс тіліне аударғыш. Алғашқы сөзбе-сөз аудару идеясы тиімді болмай шықты. Бұл күнде табиғи тілдегі хабарламаларды талдау және синтездеу қабілеттері бар бірнеше бөліктен тұратын күрделі модель қолданылады. Талдау үшін олар:

- *морфологиялық талдау* – мәтінде сөздерді талдау;
- *синтаксистік талдау* – сөйлемдердің грамматикасын және сөз байланыстарын талдау;
- *семантикалық талдау* – белгілі бір пәнге бағытталған білімдер қорлары негізінде әр сөйлемнің мағанасын талдау;
- *прагматикалық талдау* - өз білімдер қорлары негізінде мәтіннің қолданылу саласына байланысты сөйлемдердің мағынасын талдау.

Синтезге осы кезеңдерге ұқсас кезеңдер кіреді, бірақ біраз басқаша ретте.

4. *Бейнелерді тану*. Мұны көрнекті және дыбыстық мәліметтерді қабылдай алатын, оларды кодтай және жадқа орналастыра алатын техникалық жүйелер ғана деп түсінбейміз, сонымен қатар ол мәліметтерді өңдеу барысында түсіну және логикалық ойлау проблемасы деп түсінеміз.

5. *Компьютерлердің архитектурасы*. Бұл бағыт символдық және логикалық мәліметтерді өңдеуге бағытталған аппараттық шешімдер мен архитектураларды ойлап табумен айналысады. Оларға Пролог және Лисп-машиналар, V, VI кезеңдегі компьютерлер жатады.

6. *Интеллектуалды роботтар*. *Роботтар* – адамның жұмыстарын автоматтандыруға арналған элетромеханикалық құрылғылар.

Белгілі және қазіргі уақытта жасалып жатқан роботтар өздерінің құрылымы жағынан да, жұмыс жасау мүмкіндігі жағынан да айтарлықтай өзгеше, осы арадағы даму кезеңдерін бірнеше сатыға бөлуге болады.

Қатаң(өзгертілмейтін) басқару схемалы роботтар. Оларға қазіргі барлық өндірістік роботтар жатады.

Сенсорлық құрылғылары (көзі, қолы т.с.с.) бар роботтар. Бұл роботтардың алғашқы үлгілері өте қарапайым, кейіннен оларға айтарлықтай өзгерістер енгізілді, ондай роботтардың жобалары ғана бар, өндірістерде өзірге қолданылмайды.

Интеллектуалды роботтар - робот техникасының келешегі, мақсаты. Интеллектуалды роботтарды жасаудағы негізгі проблема – жасанды көз.

7. Арнайы прогаммалық жабдық. Бұл бағыт көлемінде есептелмейтін процестерді шешуге арналған арнайы тілдер (LISP, PROLOG, SMALLTALK, РЕФАЛ т.б.) жасалады. Бұл тілдер мәліметтерді символдық өңдеуге бағытталған. Сонымен қатар, интеллектуалды жүйелерді өндірістік жобалауға бағытталған программалар пакеті жасалуда, мысалы, KEE, ARTS. Сол сияқты, өртүрлі жүйелерді құруда білімдер қоры толтырылатын бос эксперттік жүйелер құрылуда (EXSYS, M1 т.б.)[3].

Оқыту және өзін - өзі оқыту. Жасанды интеллектінің жылдам дамудағы саласы. Мәліметтерді талдау және жалпылау негізінде білімдерді автоматты түрде жинақтауға бағытталған моделдерді, әдістер мен алгоритмдерді толықтырады.

Интеллектуалды жүйелердің негізгі ерекшелігі: олар білімдерге негізделеді. Сонда білім деген не, оның компьютерде өңделіп жүрген мәліметтерден қандай өзгешелігі бар. Салыстырып көрейік.

Мәліметтер – қарастырылу аймағында объектінің, процестің, құбылыстың жеке фактілері мен қасиеттері.

Компьютерде өңделетін мәліметтерді жинақтау-сақтау жолдары:

- өлшеулер мен байқаулардың нәтижесі;
- табиғи тасымалдаушылардағы мәліметтер (кестелер, хаттамалар, анықтамалар);
- диаграммалар, графиктер, функциялар түрлеріндегі мәліметтердің моделдері;
- мәліметтерді сипаттау тілдеріндегі компьютердегі мәліметтер;
- деректер қорлары.

Біліммен байланысты мәліметтер де осыларға сүйенеді, бір-ақ адамның ой-жүйесінің жұмысының нәтижесі болып табылады. Адамның қандай да бір іс-әрекеттерінің барысында алған тәжірибелерін жалпылайды. Олар эмперикалық жолмен алынады.

Білім - қарастырылу аймағының, осы аймақтың мәселелерін(есептерін) шешуге жарамды, сұрыпталып қорытылған заңдылықтары (принциптері, байланыстары, заңдары).

Компьютерде өңделетін білімдер де мәліметтер тәрізді жинақталады:

- адамның жадындағы білім (ой жүйесінің нәтижесі);
- білімдерді тасымалдаушылар (оқулықтар, әдістемелік құралдар);
- білім өрістері - қарастырылу аймағы негізгі объектілерінің сипатталу шарттары, олардың атрибуттары мен байланыс заңдылықтары;
- білімдерді кескіндеу тілдерінде сипатталған білімдер (продукциялық тілдер, семантикалық торлар, фреймдер);
- білімдер базасы.

Көбіне білімнің мына анықтамалары қолданылады:

білім - жақсы жүйеленген мәліметтер немесе мәліметтер жайлы мәліметтер немесе метамәліметтер.

Білімдерді келесі категориялар бойынша жіктеуге болады:

- *жазықтықтық* - қарастырылу аймағының жеке оқиғалары мен фактыларының арасындағы көрнекті байланыстар жайлы білім;
- *тереңдік* - қарастырылу аймағының құрылымы мен процестерін сипаттайтын абстракциялар, аналогтар, схемалар.

Бұл күнгі интеллектуалды жүйелер негізінен жазықтықтық білімдермен жұмыс істейді. Сонымен қатар білімдерді *процедуралық* және *декларативтік* деп бөлуге болады.

Алғашқыда процедуралық білімдер қолданылды, олар алгоритмдермен басқарылды. Өзгерту қажет болған жағдайда программа өзгертілетін болды. ЖИ дамуына байланысты білім жүйелі мәліметтерге негізделді, яғни декларативті білімдердің ролі артты.

Бұл күнде білім таза декларативті түрге енді, яғни білім болып табиғи тілге жақындатылған білімдерді кескіндеу тілдерінде жазылған сөйлемдер есептеледі.

Әр түрлі қарастырылу аймақтары үшін ондаған білімдерді кескіндеу моделдері бар. Олардың көпшілігін келесі кластарға келтірілуге болады: продукциялық, семантикалық, торлар, фреймдар, формалды логикалық моделдер.

Жалпы, компьютерлік әдеттегі программалар мен жасанды жүйелер программаларының айырмашылығы жеткілікті.

Біріншіден, әдеттегі программалар есепті шешуде дайын операцияларды орындайды. Ал, эксперттік жүйелер (ЭЖ) әр жаңа мақсатты орындау үшін

шамамен болсада шешімдер ағашын құрып,кеңістікке кез келген символдық өрнектерді өңдеумен айналысады. Әдеттегі программалардың мақсаты-оқиғалар ағымы және байқалған оқиғаның болжанған беталысы жөнінде кеңес беру.

Екіншіден, әдеттегі программалар барлық жағдайда белгілі фактілермен жұмыс істейді,ал ЭЖ тәжірибеге негізделген түрлі түсініктер мен оқиғаларды сипаттайтын байланыстарды (түсініктер мен оқиғалар –нақты облыста Эксперттік адамдар жинастырған білімдер).

Үшіншіден, әдеттегі порграммалар нақты математикалық ережелерге сүйеніп құрылады, ал ЭЖ-нің жұмысы шындықты анықтау үшін логикалық және т.б. тәсілдері пайдаланып, символдық өрнектерді өңдеуден тұрады. Онда пайдаланатын кейбір фактілер мен шындықты толық түрде көрсетпеуі де мүмкін.

Жасанды интеллект жүйелерін зерттеушілер жүйеге әдеттегі программда жоқ мәліметтерді де қосу қажеттігіне көз жеткізді: Жасанды интеллект пграммалары кейде бір ақпаратты өзі жинай алу тиіс екенін анықтайды. Ал әдеттегі программалау тілдері орындалатын тапсырмалар мен нұсқауларды ғана орындай алады.

Білімгерлерді сапалы оқыту үшін жаңа деңгейдегі оқыту жүйелерін құруға жүйелі түрде қарау – заманғы оқыту жүйелерінің барлық компоненттерін бітіруші түлектерге деген әлеуметтік тааптармен тығыз байланысты қарастыруға мүмкіндік береді. Оқу процесін модельдеуге ұмтылу. Оған күрделі динамикалық процесс ретінде қарауға көмектеседі және оқытудың компьютерлік құралдарын қолдануға алып келетін мүмкіндіктерді ескертеді. Оқу процесін зерттеуде модель көрнекі түрде ұсынудың маңызды құралы ретінде жүреді.Осыған орай, оқу процесін ұйымдастыру және ғылыми зерттеу үшін моделдеу қажетті болып отыр. Үнемі өзгертіліп отыратын модель жасанды интеллект элементтері бар оқыту жүйелерін құру үшін алғашқы кезең және қызметті жағдай болуы керек [4].

Модельдер қойылған мақсатқа сай оқыту процесінің тиімді құрылымын табуға мүмкіндік береді.

Оқытуды тиімді ету құралдары: пәнді зерттеу кезіндегі оқытудың мазмұны мен жүйелілігі, пәнаралық байланыстар мен оқыту түрлері. Байланыс неғұрлым тығыз болса, білімгерлердің ғылыми, кәсіби дайынығы соғұрлым жоғары болмақ.

Осы бағыттағы зерттеулер мен ғылыми әдебиеттердің талдауы заманауи оқу процесіндегі келесідей қарама-қайшылықтарды анықтайды:

1. Қоғамның қажеттілігі мен білімгерлерді дайындау сапасы арасында;
2. Жоғарғы оқу орнының оқыту процесі ақпараттық оқыту жүйесіне негізделуі тиіс, оларды құру үшін оқытушылар тарапынан электрондық оқыту ресурстарын құрудағы белседілігі қажет. Сонымен қатар, жаңа буын талаптарын сәйкес оқу-әдістемелік мәліметтер жеткілікті деңгейде өңделмеген.
3. Оқыту сапасының стандарттарына білімгерлердің дайындық деңгейінің сәйкестігі және оқыту процесіндегі білімгерлердің дайындығындағы кемшіліктері арасындағы;
4. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту жүйесі мен дара оқыту арасындағы;
5. Мемелекеттік стандарттарға сәйкес жоғарғы оқу орындарының білімгерлерінің дайынық деңгейі мен білімгерлер мен оқу орнының функционалдық мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық.

Осыған сәйкес, оқыту мазмұны мен құрылымы заманауи талаптарға сәйкес, білім сапасын арттыру мен әлеуметтік тапсырыстарға сай білімгерлер дайындау

мақсатында, жасанды интеллект элементтері оқыту жүйесін оқу орындарында қолдану мәселесі туындап отырғанын өте орынды деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе. - М: Велби, 2007.
2. А. Ерболатов Жаңа ақпараттық технология - мектепте // «Информатика негіздері». – 2010. – №2. – Б.22
3. Нильсон Н. Искусственный интеллект.– М., Мир, 1985.
4. Беляев, М.И. Теоретические основы создания образовательных интеллектуальных систем – Томск: Изд-во Томск. гос. ун-та, 2002

ӘОЖ 371.315.7:004.4:512

ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

А.О. Алдабергенова, п.ғ.к., доцент

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы
aigul_ao@mail.ru

Қайырбек Гулжанат Ерікқызы, Информатика мамандығының магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Gul92janat@mail.ru

Қазіргі әлемдік даму кезеңінде ғаламдық ақпараттық интернет желісі бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістіктің ең көлемді және жаппай жайылған сұранысы болып табылады. Сол себепті де интернет технологисының және елімізде интернет көзіне қосылу шараларының барлығы қазіргі таңда еліміздің жаһандану барысына оң әсерін тигізбек.

Бұл мақалада интернет технологияларына жалпы түсінік берілген және қазақстандықтардың осы интернет технологиясын қолдануы бойынша талдаулар баяндалған.

Развитие современного мира, глобальная сеть новости в мировом информационном пространстве интернета развернута в массовом масштабе и спроса. По этой причине, интернет технологий и доступ к интернету в стране будет иметь положительное влияние на процесс глобализации .

В статье, изложены общие сведения про интернет-технологий и сделан анализ использования интернет- технологий казахстанцев.

The development of the modern world, the global news network in the world information space of the Internet is deployed on a massive scale, and in demand. For this reason, Internet technologies and Internet access in the country will have a positive impact on the process of globalization.

The article sets out general information about Internet technology and made an analysis of the use of Internet technologies in Kazakhstan.

Кілт сөз: *технология, домен, интернет, ғаламдық ақпараттық интернет желісі, интерактивті бейнеқызмет*

Жалпы жаңа ақпараттық қоғамның негізін қалаушыларының бірі оның ғаламдық сипаты екені рас. Жаңа ақпараттық қоғамды қалыптастыру үдерісінде біртіндеп ақпарат тарату және алмасу тәсілдері мен әдістері жаңартылады, уақыт үнемделеді, ұлттық шекаралар мен кедергілер бұзылады, әлемдік ақпараттық кеңістігінің, экономика, сауда, қаржы, адамзат өмірінің басқа салаларының

құрылымы түбірімен өзгереді, адамдардың көзқарасы мен адамзат құндылықтарының қарқындылығы, мәдениет пен мәдени моделдердің әмбебаптығы байқалынады, динамизмі жылдамдатылады, бәсекелестік күшейе түседі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының барлық жерінде компьютерлендіру жұмысы аяқталды. Осы жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтары республиканың кез-келген нүктесінде тұруына қарамай жаңадан келген жаңалықтармен таныс болып отыр. Тәжірибеден білетініміздей уақтылы алынған ақпарат - бұл өлшенбейтін байлыққа тең. Осылардан келіп шығатыны ақпараттық технологияның дамыған ғасырында компьютерлік техниканы қолданбай жұмыс істейтін мемлекеттік және коммерциялық мекемелер, жоғары оқу орындары және т. б. көптеген салалар кемде-кем деп айтсақ та болады. Бұның барлығы білім сапасына деген талаптарды барынша күшейтеді, себебі нарықтық қоғамда тек әлемдік стандарттарға сай жоғары деңгейлі дайындыққа ие мамандар ғана қажет екендігі бірден түсінікті. Соңғы кездердегі ҚР-ның білім жүйесіндегі реформаларын осымен түсіндіруге болады. Оған қоса, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы аса қуатты интеграциялық процестер жоғары білім жүйесінен сәйкес жауапкершілікті, мамандар дайындауды ұйымдастырудағы халықаралық компоненттерді күшейтуді талап етеді, білім мен ғылымды интернационализациялауды қажет етеді.

Қазіргі әлемдік даму кезеңінде ғаламдық ақпараттық интернет желісі бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістігінің ең көлемді және жаппай жайылған сегменті болып табылады. Сонымен бірге, уақыт өте, интернет желісі ақпарат алу және алмасудың, сондай-ақ жаппай пайдаланушылардың байланысы үшін ең қол жетерлік құрал болғаны айдан анық. Қазіргі уақытта ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуіне сай келетін халықаралық ұйымдарға мыналар жатады:

1) The Internet Corporation for Assigned Names and Numbers (ICANN) - IP-адресстерін, хаттамалардың параметрлерін бөлу, домендік атаулардың жүйесін әкімшілеу (Domain Name System, DNS), түбірлік серверлер (Root Server System) деп аталатын жүйенің жұмыс істеуін әкімшілеу және қолдау үшін құрылған коммерциялық емес ұйым;

2) Интернет желісінде нөмірлеуді бөлу жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі - IANA, The Internet Assigned Numbers Authority);

3) Еуропалық желілік үйлестіру орталығы (RIPE NCC) - тіркеушілер үшін IP-адресстерді бөлуді және тіркеуді қамтамасыз етеді. RIPE NCC тіркеушілер үшін IP-адресстерді бөлу мен тіркеуді қамтамасыз етеді. RIPE NCC қызмет көрсету аймағында Интернеттің ғаламдық ресурстарын әділетті бөлуге кепілдеме бере отырып, Еуропа, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка және Азия бөлігінің тіркеушілеріне қызмет көрсетеді;

4) The Internet Engineering Task Force (IETF) - Интернет сәулетін дамыту және қолданыстағы инфрақұрылымның үздіксіз қызмет етуінің біріктірілген міндеттерін дамытуға жұмыс жасайтын желілік хаттамаларды дайындаушылардың, операторлардың, өндірушілер және зерттеушілердің халықаралық ашық бірлестігі болып табылады;

5) Дүниежүзілік зияткерлік жеке меншік ұйым (ДЗЖҰ). Жоғарғы деңгейдегі домендер (TLD, Top Level Domain) екі үлкен бөлікке бөлінеді: Біріншісі - жалпы пайдаланатын домендер (generic TLD немесе gTLD) және екіншісі - ұлттық екі әріпті домендер (country code TLD немесе ccTLD). Жалпы пайдаланатын домендерге COM, NET, ORG, INFO, BIZ, MUSEUM, NAME, AERO, COOP, PRO, INT, GOV және басқа да домендер жатады [1].

Интернет қолданушылар жағынан Қазақстан әлемде 144 мемлекеттің ішінде 58 орын алады. ТМД елдері арасында Ресей Федерациясынан кейін екінші орында тұрмыз. Мұның өзі Қазақстан үшін зор жетістік. Себебі, әлемнің көптеген елдерінде

интернет жылдамдығы өте төмен көрсеткіште. NetIndex.com сайты жүргізген мониторинг нәтижесінде, 2015 жылы Қазақстанда интернеттің орташа жылдамдығы 17 Мбит/с құраған. Ал, әлемдегі ең жоғары жылдамдық Сингапурда тіркелген. Онда интернет жылдамдығы 104 Мбит/с көрсеткен. Ал, Гонконгтағы интернеттер 96 Мбит/с жылдамдықпен жұмыс істейтіні анықталған. Енді былай алып қарасак, 2005 жылы «Қазақтелеком» АҚ интернет жылдамдығын сәл көбейткені сол еді 2005 жылы Қазақстанда 10 мың сайт ашылған. Кейіннен жылдан жылға интернет жылдамдығын кішкене де болса көбейтудің арқасында бізде сайт ашушыларың да қатары көбейді. Мысалы, биыл 125 мыңға жуық домен сатып алынған. Енді болашақта Қазақстанда интернет жылдамдығы көбейген сайын жаңа сайттардың да көптеп ашылуы мүмкін деп болжам жасай аламыз. Қазіргі кезде интернет жылдамдығы тек қалалық жерлерде ғана белсенді жұмыс жасайды. Мүмкін, Қазақстандағы интернет контентінде орыс тілінің басым болуының бір себебін осыдан іздеген де жөн шығар. Болашақта қандай да бір провайдерлер ауылдық жерлердегі интернет жылдамдығын арттырса, ол жақта да жаңа сайттар ашылып, қазақ тілді контенттің көбеюі мүмкін. Инвестиция және даму вице-министрі Асқар Жұмағалиевтың ресми мәлімдеуінше қазіргі кезде Қазақстандықтардың 70% интернет пайдаланады. Яғни, бұл Қазақстандағы 12 млн. адамның интернет қолдануға мүмкіндігі бар деген сөз. Қазіргі таңда республика аумағының 97-98 пайызға жуығы телефон желісімен қамтылған деп есептесек, онда алдағы жылдары ұялы телефон арқылы интернетке кірушілердің қатары көбейері анық [2].

Кесте 1.

	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
6-74 жас аралығында Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі	4	8,3	13,7	15,1	18,2	31,6	50,6	61,9	63,3	63,9
6-15 жас аралығында Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі	-	-	-	-	-	-	55,8	32,0	42,5	43,6
16-74 жас аралығында Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі	4	8,3	13,7	15,1	18,2	31,6	49,5	67,9	67,6	68,1

Кесте 1. Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі (пайызбен)

Кесте 2.

	2011	2012	2013	2014
Қазақстан Республикасы	55,8	32,0	42,5	43,6
Ақмола облысы	65,1	36,5	49,0	50,3
Ақтөбе облысы	56,8	40,5	39,7	37,4
Алматы облысы	42,3	34,1	36,0	42,3
Атырау облысы	47,3	27,6	37,7	39,7
Батыс-Қазақстан облысы	62,8	44,9	46,9	41,1
Жамбыл облысы	57,0	25,7	39,4	41,4
Қарағанды облысы	71,5	32,1	48,0	52,6

Қостанай облысы	72,9	37,7	52,1	55,5
Қызықорда облысы	49,7	31,1	30,5	32,0
Маңғыстау облысы	47,4	31,6	40,2	41,9
Оңтүстік-Қазақстан облысы	45,6	27,7	38,4	36,2
Павлодарская	78,7	37,4	56,4	60,3
Солтүстік-Қазақстан облысы	61,1	29,7	55,0	53,0
Шығыс-Қазақстан облысы	54,3	33,8	42,1	41,6
Астана қ.	69,1	40,7	41,3	49,8
Алматы қ.	66,5	42,3	55,7	53,5

Кесте 2. Облыстар бөлінісінде 6-15 жас аралығы бойынша Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі

Кесте 3.

	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Қазақстан Республикасы	15,1	18,2	31,6	49,5	67,9	67,6	68,1
Ақмола облысы	20,3	21,2	29,0	50,8	76,4	75,4	76,0
Ақтөбе облысы	18,5	19,1	39,2	59,3	81,3	79,8	80,1
Алматы облысы	7,3	11,5	26,4	48,7	57,8	56,0	57,3
Атырау облысы	18,7	25,0	28,0	66,0	85,0	82,8	82,9
Батыс-Қазақстан облысы	16,6	13,8	35,2	59,4	72,2	70,8	71,0
Жамбыл облысы	12,3	12,3	23,8	28,2	59,4	57,6	57,8
Қарағанды облысы	17,7	23,1	35,9	53,6	68,4	68,1	68,4
Қостанай облысы	14,1	26,1	26,9	45,2	81,9	80,4	80,5
Қызықорда облысы	12,8	11,6	21,6	32,7	72,1	76,6	76,7
Маңғыстау облысы	27,7	20,9	37,4	51,6	61,9	77,7	77,9
Оңтүстік-Қазақстан облысы	7,5	16,4	23,0	43,5	54,8	51,8	52,5
Павлодарская	25,1	19,8	30,3	58,0	68,3	70,5	70,8
Солтүстік-Қазақстан облысы	17,5	16,3	36,0	49,1	74,8	73,1	73,3
Шығыс-Қазақстан облысы	16,3	21,2	31,4	43,4	71,7	71,0	71,4
Астана қ.	11,6	12,3	41,0	52,2	68,5	68,1	68,9
Алматы қ.	23,0	23,7	49,0	63,3	71,6	73,1	73,6

Кесте 3. Облыстар бөлінісінде 16-74 жас аралығы бойынша Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі (пайызбен) [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 4G технологиясы енгізілуде, Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік (бұдан әрі - КЖК) жүйесін дамыту ADSL, CDMA/EVDO, 3G, FTTH сияқты технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

ADSL технологиясы (Asymmetric Digital Subscriber Line) - асимметриялық цифрлық абоненттік желі - интерактивті бейнеқызметтерге (сұраныс бойынша бейне, бейнеойындар және т.б.) және деректерді жылдам жіберуге жоғары жылдамдықты қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін (Интернетке қол жеткізу, жоғары вольтты байланыс желілерімен басқа желілерге қашықтан қол жеткізу) үшін әзірленген. ADSL технологиясы Интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығына жоғары талап қоймайтын абоненттерге КЖҚ қызметтерін көрсетудің неғұрлым бұқаралық және арзан тәсілі болып табылады. Қол жеткізудің мыс желісі пайдаланылатын байланыс желісінің кез келген дерлік учаскесінде ADSL технологиясы бойынша КЖҚ желісін ерістетуге болады.

Абонентке қарай ақпарат беру жылдамдығы 7 Мбит/с дейін (ADSL2+ үшін 24 Мбит/с дейін) құрайды, ал абоненттен - 1 Мбит/с дейін. Қол жеткізу жылдамдығы тарату желісінің мыс көбілінің жағдайына, АТС-тан абонентке дейінгі қашықтыққа, кәбілдегі абоненттер санына және т.б. тәуелді.

Бүгінгі күні ADSL технологиясын пайдаланатын абоненттер саны бір миллионнан аса адамды құрайды.

FTTH (Fiber To The Home) - үйге (жеке/жеке меншік үй, пәтер деп түсініледі) орнатылатын оптикалық-талшықты кәбіл. Жоғары жылдамдықты КЖҚ қызметтеріне деген ұлғайып келе жатқан сұранысты қанағаттандыру және көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту мақсатында 2011 жылы (FTTH) Fiber to the Home әмбебап талшықты-оптикалық қол жеткізу желісінің құрылысы басталды. Жоба Астана, Алматы қалаларындағы және Қазақстан Республикасының барлық облыстық орталықтарындағы көппәтерлі үйлерді және коттеждік құрылыстарды 100 % қамтуды көздейді.

CDMA/EVDO (Evolution Data Optimized) - CDMA стандартындағы ұтқыр байланыс желілерінде пайдаланылатын деректерді жоғары жылдамдықпен беру технологиясы. Бүгінгі күні перспективалы және электр энергиясымен қамтамасыз етілген ауылдық елді мекендердің бірі жеке және ұжымдық қолжетімділік арқылы 100 % телефондандырылған. 2011 жылдан бастап CDMA 450 стандартындағы ауылдық байланыс CDMA 450 технологиясының EVDO платаларымен жете жабдықталуы арқылы EVDO технологиясы пайдаланыла отырып дамуда, бұл Қазақстан Республикасының ауыл тұрғындарына Интернет жүйесіне КЖҚ қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді. CDMA 450/EVDO технологиясы абоненттердің орналасқан жеріне қарамастан, желінің әрекет ету шегінде, сондай-ақ қозғалыс кезінде деректерді жоғары жылдамдықта пакетпен беру қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Ауылдық жерде CDMA 450/EVDO технологиясы бойынша деректерді берудің жоғары жылдамдығына цифрлық деректерді тығыздаудың жаңа алгоритмін қолдану есебінен қол жеткізіледі, бұл CDMA 450 желісі қамтитын аймақтың кез келген нүктесінде Интернетке жоғары жылдамдықты қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта еліміздің көптеген облыстарының ауылдық елді мекендері тұрғындарының Интернет желісіне сымсыз КЖҚ алу мүмкіндігі бар.

3G технологиясы - бұл үшінші буынның ұтқыр байланысы. Оның басты артықшылығы - деректерді берудің, Интернетке қол жеткізудің жоғары жылдамдығы. 3G үшінші буынының желілері бейнетелефондық байланысты ұйымдастыруға, ұтқыр телефонда ағынды бейнені көруге және т.б. мүмкіндік береді.

LTE технологиясы екінші және үшінші буындағы ұялы байланыс желісінің негізгі эволюциялық бағыты болып табылады. LTE технологиясы базалық стансадан қолданушыға 326,4 Мбит/с дейін жылдамдықпен және кері бағытта 172,8 Мбит/сек

жылдамдықпен мәліметтерді жолдаудың теориялық жылдамдығын қамтамасыз етеді*.

Байланыс операторының пікірі бойынша LTE технологиясы қондырғының өндіріс қуатын, таралу аймағын және клиенттерге қызмет көрсету жылдамдығын ең жоғары деңгейге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, LTE технологиясының жаңа мүмкіндіктерінің арқасында операторлар радиожілік ресурстарын пайдалана отырып контент жолдай алады, сондай-ақ ТВ, радио және басқа да медиа құралдарымен бәсекелесе алады [4].

4G (LTE) технологиясы (Long Term Evolution) - деректерді 300 Мбит/с дейінгі жылдамдықпен (базалық станциядан пайдаланушыға) және 75 Мбит/с дейінгі жылдамдықпен (пайдаланушыдан базалық станцияға) пакеттік беру үшін онтайландырылған, жоғары жылдамдықты ұтқыр байланыс жүйелерін құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, деректер берудің ұтқыр хаттамасы [5].

2G және 3G желілерінің қоданушылары жаңа буындағы байланыс қызметіне ауыса отырып, жоғары жылдамдықтағы сымсыз Интернетке қосылып қана қоймай, мультимедиялық қосымшалардың, дербес медиа-қызметтердің, т.с.с әпсәттік ашылуы мен үздіксіз жұмысына баға бере алады.

Интернет қызметтеріне «Қазақтелеком» АҚ тарифтерін төмендету көзделген. «Қазақтелеком» АҚ Интернет желісіне коммутирланған қол жеткізу қызметтерінің және Интернет желісінің кең жолақты қол жетімділігі қызметтерінің (бір жалғы телемдерді қоспағанда) тарифтерді төмендету жөнінде біршама іс-шаралар жүргізілді. Ағымдағы жылға ресурстардың хостингі қызметтеріне тарифтерді төмендету, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ ұсынатын тарифтік жоспарлардың құрылымын, яғни Қазнетті дамытуға және танымал етуге ықпал ететін қызметтерді кеңейту және қайта қарау жоспарланған. Осыған орай «Nursat» АҚ Интернет желісінің ресурстарына сапалы қолжеткізуді қамтамасыз ету үшін Европа және Мәскеуге жоғарғы жылдамдықты спутник арналарын пайдаланады. Жетекші ресейлік сервис-провайдерлері мен өзара алмасу трафиінің нүктесіне қосылу интернет желісіндегі ресейлік ресурстарға тез жетуге мүмкіндік береді. Коммутацияланатын қолжетімдіге электрондық почта, түнде және демалыс күндері шексіз қолжетімділік, қол жеткізудің жылдамдығы 56 кбит/с (протокол V.90), Қазақстан бойынша роуминг кіреді.

«Kazakhstan-Online» деректерін берудің ұлттық желісі Қазақстан Республикасының көптеген елді мекенін және тораптарды қамтиды. Желінің жалпы өткізу қабілеттігі - секундына 698 мбит. «Kazakhstan-Online» желісіне кең жолақты АТМ - желісі болып табылады және АТМ - форумының әлемдік стандарттарына сәйкес. 1999 жылы қыркүйекте «Kazakhstan-Online» желісі базасында «Интернет - аймағы» жобасы коммерциялық пайдалануға берілді. Бұл қызмет түрі Қазақстанның барлық аумағында Интернетке коммутациялық қолжетім мүмкіндігін ұсынады және ұтқыр және үйде пайдаланушыларға, сондай-ақ ұйымдардағы жеке пайдаланушыларға арналған. Интернет желісіне қол жеткізу қалалық телефон желісінің арналары бойынша «Kazakhstan-Online» торабына «нүкте-нүкте» қосуын орнату арқылы жүзеге асырылады. «Интернет-аймағы» жобасымен бірге 2000 жылы маусымда жалпы білім беру оқу орындарына бағытталған жаңа жоба енгізілді. Бұл жоба «Қазақстандық интернет» деп аталады және Қазақстандық интернет-ресурстарына коммутациялық қол жеткізу мүмкіндігін береді. Қазіргі уақытта Интернеттің ғаламдық ақпараттық желісінде Қазнеттің саны жағынан да (операторлар мен пайдаланушылар саны) сапасы жағынан да (көрсетілетін қызметтер спектрінің кеңеюі) белсенді өсуі байқалады. Интернет саласындағы қазақстандық заңнама өз дамуының бастапқы кезеңінде тұр [6].

Жоғарыда атап көрсетілген интернет технологисының және елімізде интернет көзіне қосылу шараларының барлығы қазіргі таңда еліміздің жаһандану барысына оң әсерін тигізбек. Интернет технологиясының көмегімен көптеген шетелдердің жоғары оқу орындарынан қазақстандық азаматар қашықтықтан оқыту бағдарламасы көмегімен білім алуда. Сол секілді күнделікті өмірімізде қай сала болсада өз уақытымызды үнемдеп, тиімді пайдалануға үлкен мүмкіндік жасалынған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=3&id=5>
2. 19.09.2015 Қазнет желісін пайдаланушыларға талдау жүргізу <http://til-audit.kz/posts/15>
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 2 тоқсандағы жедел деректеріне сәйкес.
4. https://www.beeline.kz/kz/info_pages/info_page1
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464>
6. <http://medialaw.asia/document/-1010>

УДК 372.851

**РЕШЕНИЕ КОНТЕКСТНЫХ ЗАДАЧ КАК МЕТОД
ПОВЫШЕНИЯ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИИ ПО
МАТЕМАТИКЕ**

Тойбазаров Дархан Болатович, магистр математики, старший преподаватель
ЖГУ имени И. Жансугурова, г.Талдықорган, toibazarov_darhan@mail.ru

Бұл мақалада контекстік есептің анықтамасы берілген, сонымен қатар контекстік есептерді құрастыру кезінде талап қоюды ескеруді көздейді. Контекстік есептерді қолданғанда студенттердің жалпы жан-жақты дамуымен қамтамасыз етіледі, кәсіби болашақ мамандардың деңгейін жоғарылату және өзіндік қызметке дайындығын көрсетеді. Математика сабағында контекстік есептердің қолдану қажеттілігі көрсетілген. Контекстік есептердің үш деңгейі және мысалдар шешуімен қарастырылған.

В данной статье дано определение контекстной задачи, указываются требования, которые необходимо учитывать при составлении контекстных задач. При использовании контекстных задач обеспечивается всестороннее развитие студентов, готовность к самостоятельной деятельности и повышение уровня профессионализма будущих специалистов. Показана необходимость использования контекстных задач на занятиях по математике. Рассмотрены три уровня контекстных задач и приведены примеры.

The article gives the definition of a context problem and provides the requirements to follow when making context problems. Usage of context problems enables the all-round development of students, preparation for independent activity and increasing the level of professionalism of the future specialists. The article also demonstrates the necessity of using context problems on mathematical lessons. Three levels of context problems are described supplied with examples.

Ключевые слова: математика, математическая компетенция, контекстная задача, математическая задача, учебный процесс, студенты.

В настоящее время особо актуальной является проблема подготовки высококвалифицированных специалистов в различных сферах жизнедеятельности человека. Компетентный специалист практически всегда психологически может решать различные профессионально значимые задачи в различных ситуациях своей деятельности. Модернизация системы высшего профессионального образования идет сегодня в направлении поиска методологических основ обучения, эффективных технологий обучения.

Исследователи в области компетентного подхода в образовании отмечают, что отличие компетентного специалиста от квалифицированного в том, что первый не только обладает определенным уровнем знаний, умений, навыков, но способен реализовать и реализует их в работе [1].

Традиционной задачей высшей школы всегда признавалось обогащение студентов знаниями, умениями и навыками. Однако научно-технический прогресс в современных условиях требует от каждого умения учиться, приобретать знания, отыскивать эффективные формы развития творческого мышления, формировать самостоятельность ума, способности в минимально короткое время получать максимальную информацию, т.е. самообучаться. Все это оказывает чрезвычайно важное влияние на формирование отношения студента к учению, к будущей профессиональной деятельности, к другим людям и к самому себе [2].

Новые условия жизни требуют от выпускников компетентности в предметных областях, умения применять знания в новой ситуации, обладания навыками критического мышления для рационального использования информации. Ожидаемый результат обучения студента в вузе сформулирован в виде требований к освоению основных образовательных программ, представленных общекультурными, общепрофессиональными и профессиональными компетенциями.

Под математической компетенцией студентов понимается умение применять на практике полученные математические знания, умения и навыки в решении учебных задач, осуществлять перенос знаний не только в незнакомую ситуацию, но в том числе, и в другую предметную область. Математическая компетенция включает умения логически мыслить, оценивать, отбирать и использовать информацию, самостоятельно принимать решения.

Основным средством формирования математической компетенции у студентов являются математические задачи. Под учебной математической задачей понимается определенная цель математической деятельности, которая поставлена перед студентами в форме учебного задания, выполняя которое студенты овладевают не только необходимыми, на данном этапе образовательного процесса, знаниями и умениями, но и развивают личностные качества.

Решение задач является одной из наиболее эффективных форм, как для развития математической деятельности, так и для успешного усвоения знаний, умений, навыков, методов и различных приложений математики. Решение задач – важнейший вид учебной деятельности, в процессе которой студентами не только усваивается математическая теория, но и развиваются творческие способности, самостоятельность мышления. При помощи задач можно формировать умения, которые составляют основу использования знаний в конкретных ситуациях. В процессе решения задач формируются такие составляющие мышления как логическая, эвристическая, алгоритмическая, а также нравственные качества студентов.

Для формирования математической компетенции и проверки её сформированности необходимо использовать и разрабатывать задачи отличные от традиционных, более приближенные к будущей профессиональной деятельности. В настоящее время в педагогической литературе такие задачи называют контекстными.

К контекстным отнесем те задачи, контекст которых обеспечивает подлинные условия для использования математики при решении, оказывает влияние на решение и его интерпретацию. В традиционной математической задаче «проблема» видна в чистом виде. В контекстной же задаче как некоторая проблема, которая должна быть решена с применением математического аппарата, рассматривается контекст задачи. Контекст представляет реальные условия и ситуации, которые предстоит решать в будущей профессиональной деятельности. При работе над контекстной задачей студент должен самостоятельно выбрать те разделы математики, которые необходимо применить.

К сожалению, в традиционных учебниках и задачниках по математике для вузов, в частности для студентов естественных специальностей, содержатся, в большей степени, стандартные задачи, которые не способствуют формированию умения применять знания по математике вне математики, т.е. в профессиональной деятельности. Предлагаемые задачи, зачастую учат студентов выполнять действия по заранее определенному алгоритму, что в малой степени способствует развитию внимания, восприятия, памяти, воображения, мышления, творчества, достижения целей. Очень мало задач на развитие мировоззрения и интереса к учебному предмету, ещё меньше прикладных и профессионально направленных задач. Таким образом, системы и комплексы задач в современных учебных пособиях по математике для студентов естественных специальностей недостаточны для формирования профессиональной компетенции будущего специалиста в естественнонаучной сфере в процессе обучения математике в вузе.

При успешном решении задач из стандартных задачников студенты, в большей степени, работают по шаблону, поэтому результат решения задачи не является главной целью. В процессе такой работы происходит механическое запоминание алгоритма решения, незначительные отступления от которого могут поставить студента в затруднительное положение.

Жизнь ставит такие задачи, решение которых невозможно подогнать под ответ, напечатанный в конце сборника задач и невозможно решить по заранее известному алгоритму или определенному правилу. Она задает вопросы на темы, которые не изучаются ни в школе, ни в вузе. Решение отдельных профессиональных и производственных задач требует объединения усилий большого числа специалистов зачастую разного профиля. Довольно часто встречаются такие случаи, когда в силу производственной необходимости задача должна быть решена в крайне сжатые сроки, а иногда и в чрезвычайной обстановке [6].

Исходя из этого, можно утверждать, что для принятия решений, которые зависят от поставленных профессиональных и производственных задач нужны не только глубокие и прочные знания, в том числе и по математике, но и умение применять их в нестандартных ситуациях. Поэтому немаловажную роль играют умения работать в коллективе и продуктивно решать поставленные задачи в крайне сжатые сроки.

Все эти качества должны формироваться в процессе учебы. Такая работа должна быть начата уже начиная на первом курсе. Решение задач по математике, в целом, и теории вероятностей и математической статистике, в частности, способствует достижению этой цели. Поэтому необходимо научить студентов решать, как «традиционные», так и профессионально-ориентированные, контекстные задачи.

Применение контекстных задач на занятиях по математике принципиально отличается от традиционной схемы демонстрации преподавателем образца решения «традиционной» задачи того или иного типа с последующим упражнением студентов в решении по предложенному образцу. Использование на занятиях

контекстных задач различных типов и различного уровня сложности позволяет ставить посильные задачи перед каждым студентом, при этом создавать на занятии такую атмосферу, которая позволяет в полной мере реализовать принципы научности, практической направленности, историзма, междисциплинарного подхода.

Применение контекстных заданий на занятиях позволяет моделировать различные образовательные ситуации для освоения и осуществления деятельности с использованием:

– дополнительных возможностей изучаемого материала, в том числе возможности применения математических методов в решении профессионально-ориентированных задач;

– более рациональных приемов изучения программного материала.

Контекстные задачи можно распределить по трем уровням математической подготовки:

– уровень воспроизведения;

– уровень установления связей;

– уровень рассуждения.

Рассмотрим каждый из уровней и приведем примеры соответствующих контекстных задач по различным разделам математики:

Первый уровень (уровень воспроизведения) включает воспроизведение вероятностных и статистических фактов, методов и выполнение вычислений. Студенты применяют базовые знания в стандартных, четко сформулированных ситуациях. Решают одношаговые текстовые задачи, используют стандартную систему обозначений, могут читать и интерпретировать данные, представленные в таблицах, на графиках, диаграммах, различных шкалах.

Задача 1. В одной из теплиц проводился эксперимент с кустами земляники. Суть эксперимента заключалась в том, что кусты земляники помещались в различную среду. При попадании в определенную среду фиксировалось время выживания кустов земляники. В результате исследований было выявлено, что вероятность выживания одного куста земляники в течение 20 дней, в благоприятной среде, оказалась равной $P = 0,7$, в неблагоприятной среде – $P = 0,3$. На грядке находятся два только что высаженных куста земляники. Найти вероятность того, что через 20 дней два куста земляники приживутся, если они находятся в благоприятной среде [3].

В предложенной задаче имеются лишние данные: В теплице проводился эксперимент с кустами земляники. Суть эксперимента заключалась в том, что кусты земляники помещались в различную среду. При попадании в определенную среду фиксировалось время выживания кустов земляники. В результате исследований было выявлено, что вероятность того, что один куст земляники приживется в течение 20 дней в неблагоприятной среде – $P = 0,3$.

Отбросив эти данные, получим стандартную задачу: В результате исследований было выявлено, что вероятность выживания одного куста земляники в течение 20 дней, в благоприятной среде, оказалась равной $P=0,7$. На грядке находятся два только что высаженных куста земляники. Найти вероятность того, что через 20 дней они приживутся, если они находятся в благоприятной среде.

Решение: Пусть событие A – первый куст приживется через 20 дней. Будем считать, что между кустами земляники нет внутривидовой борьбы, т.е. события \hat{A} и \hat{A} независимы. Событие, что оба куста прижились, есть событие $A \cdot B$. По теореме о вероятности произведения двух независимых испытаний:

$$P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B), \quad P(A \cdot B) = 0.7 \cdot 0.7 = 0.49$$

Второй уровень (уровень установления связей) включает установление связей и интеграцию материала из разных разделов математического анализа и геометрии, необходимых для решения поставленной задачи. Студенты применяют полученные ранее знания в разнообразных, зачастую достаточно сложных ситуациях. На данном этапе они умеют упорядочивать, соотносить и производить вычисления, решать многошаговые текстовые задачи. Решают задачи на нахождение максимума функции, используют формулы геометрии и определяют объем фигуры, могут интерпретировать информацию, представленную в таблицах и на графиках.

Задача 2. Из квадратного листа жести со стороной a вырезать по углам равные квадраты и согнуть края, получая при этом прямоугольную открытую коробку. Как получить коробку наибольшей вместимости? [4].

Решение: Необходимое требование в задаче: объем коробки должен быть наибольшим. Если сторону вырезаемого квадрата обозначить через x , то объем коробки будет равен $V = x \cdot (a - 2x)^2$, причем x изменится в промежутке $\left[0, \frac{a}{2}\right]$.

Вопрос свелся к наибольшему значению V в этом промежутке. Так как производная $V' = (a - 2x)(a - 6x)$ на промежутке $\left[0, \frac{a}{2}\right]$ имеет единственную стационарную

точку $x = \frac{a}{6}$, то убедившись в том, функция достигает максимума при $x = \frac{a}{6}$,

одновременно получаем и искомое наибольшее значение. То есть при $x = \frac{a}{6}$ имеем

$V = \frac{2a^3}{27}$, в то время как граничные значения V равны нулю. Следовательно, при

$x = \frac{a}{6}$ действительно получается наибольшее значение для V . Таким образом

коробка из куска жести квадратной формы со стороной a получится наибольшего объема при условии, что сторона вырезаемого квадрата будет равна $\frac{a}{6}$.

Третий уровень (уровень рассуждения) включает размышления, требующие обобщения и интуиции. Студенты должны уметь организовывать информацию, делать обобщения, решать нестандартные проблемы, делать выводы на основе исходных данных и обосновывать их. Они должны вычислять изменения имеющихся данных, связанные с динамикой, применять знания вероятностных и статистических понятий и зависимостей, составлять математическую статистическую модель предложенной ситуации.

Задача 3. Имеются две группы однородных деталей, изготовленных одним станком, по 60 штук в каждой. Результаты измерений длины \bar{O} после группировки данных приведены в таблице.

Длина деталей, Мм	n_i		$F_1^*(x)$	$F_2^*(x)$	$ F_1^* - F_2^* $
	1-ая Группа	2-ая группа			
72	1	-	0.0167	-	0.0167
72.1	2	2	0.050	0.0333	0.0167
72.2	4	8	0.1167	0.1667	0.05

72.3	11	10	0.3	0.3333	0.0333
72.4	12	16	0.5	0.6	0.1
72.5	16	18	0.7667	0.9	0.1333
72.6	8	4	0.9	0.9667	0.0667
72.7	6	2	1.0	1.0	0

Проверить с помощью критерия Колмогорова гипотезу о том, что обе выборки принадлежат одной генеральной совокупности. [5]

Решение

1. Эмпирические функции распределения $F_1^*(x)$ и $F_2^*(x)$ для каждой из групп строятся как нарастающие суммы относительных частот
2. Максимум модуля разности между ними, как видно из таблицы, равен $D_{n_1 n_2} = 0.1333$

3. Определив $\lambda = D_{n_1 n_2} \sqrt{\frac{n_1 n_2}{n_1 + n_2}}$, где $n_1 = n_2 = 60$ и, следовательно, $\lambda = 0.73$, по таблице вероятности $P(\square) = 1 - K(\square)$ распределения Колмогорова для данного значения λ найдем соответствующее значение вероятности $P(\lambda) = 0.66089 > 0.01$. Следовательно, при уровне значимости 0,01 гипотеза о том, что обе выборки принадлежат одной генеральной совокупности, не опровергаются.

В заключение отметим, что проектирование контекстных задач и их использование в учебном процессе позволяет повысить интерес студентов к изучению математике, а также сформировать требуемые ключевые компетенции у студентов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Мединцева И. П. Компетентностный подход в образовании // И. П. Мединцева // Педагогическое мастерство: материалы II междунар. науч. конф. (г. Москва, декабрь 2012 г.). — М.: Буки-Веди, 2012.
2. Нугусова А., Тойбазаров Д.Б., Молдакулова Г.Б. Подготовка будущего учителя математики к работе по контролю знаний, умений и навыков // III международная научно-практическая конференция Актуальные проблемы и перспективы преподавания математики // 15-16 ноября 2012, г. Курск
3. Кремер Н.Ш. Теория вероятностей и математическая статистика: Учебник для вузов.-2-е изд., перераб. и доп.-М.:ЮНИТИ-ДАНА, 2004.-225
4. Туяков Е.А., Кисабекова А.А. Контекстные задачи интегрирующие курсы математического анализа и физики: учебное пособие. – Павлодар: Издательство ПГПИ, 2010. – 6-7 с.
5. Минорский В.П. Сборник задач по высшей математике. Учебное пособие для втузов-14 изд., испр.-М.: Издательство Физико-Математической литературы, 2004. – 336 с.
6. Иванов, Д.А. Компетентности и компетентностный подход в современном образовании. – М. : Чистые пруды, 2007. – 32 с.

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 373.1

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Рыскельдинова А.А. бастауыш сынып мұғалімі

Алматы облысы «Ескелді ауданы әкімдігінің Жетісу орта мектебі»

МКМ Жетісу ауылы jetisu-jetisu@mail.ru

Бастауыш сыныптардың тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысу қажет.

На уроках казахского языка в начальных классах при объяснении нового материала, повторенный, закрепленный можно использовать дидактический материал в игровой форме. Учащиеся начальных классов все еще дети, поэтому учитель должен во время урока заинтересовать детей различными развивающимися играми.

When we explain a new themes of the lessons, in the form of elementary, we use didactic materials and didactic games in the lessons, notwithstanding the form of elementary likes games, so teacher must convey the lessons more interesting.

Кілт сөз: Оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойын технологиясы, адам мәдениеттілігі.

Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен нық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін.

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады.

Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тындап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойын

Ұлттық Дидактикалық Логикалық

«Аксүйек»

«Көкпар»

«Қанталапай»

«Арқан тартым»

«Көксерек - мөксерек» «Мың бір мақал»

«Ғажайып алаң»

«Сергіту сәті»

«Сөз құрау»

«Жұмбақ есеп»

«Әріпті кубиктер»

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай

жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазындар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық

І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық

«Дыбыс таңдау ойыны» ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.

«Адасқан әріптер» ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б – бор

2. а, ш, а, ғ – шаға

Лексика бойынша «жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда... Ұшқанда

2. Көп... Терең...

«Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан – жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?

«Жылдам жауап» ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал - мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек.

Морфология саласы бойынша.

«Ойлан тап» ойыны.

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір анның атын білдіреді? Ақбөкен

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан» ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.

Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім? қоян. "Бата алмас түлкі, Үсті тікен кірпі «жалғасын тап ойыны»

Атанның баласы болма,

/адамның баласы бол/ «Сөз қуаласпақ ойыны»

Ойынның шарты: 1 - қатардағы оқушыларға «бастауыш», 2 - қатарға «баяндауыш»деп ат қойылады. «Бастауыштар» сөйлемде бастауыш болатын сөздерді айтады, «Баяндауыштар» оған қимылды білдіретін сөздерді қосып, сөйлем құрайды.

Әр ойынды ойнар кезде сол ойынға сәйкес өлең оқу арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Сабаққа ынтасын, ықыласын бірден аудару мақсатында өлең есепте қолданудың маңызы зор. Мысалы:

Бізде қызық ойын бар

Ал, ықылас қойындар.

Қане, тәртіп сақтайық,

Баспалдақтан аттайық,

Есептеуден қашпайық,

Жұлделі болып қайтайық - балалар зейіндерін аударып, тақтаға екі жағынан жарыстыра сатылап, мысалдарды шығарту. Балалар төменгі сатыдан жоғарғы сатыға шығып мәредегі ойыншықты алады. Бұл ойынды «қоянға көмектесейік» немесе «балапанды құтқарайық» деп атауға болады.

Әр сабақта ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы бүлдіршіндердің оқуға деген ынта - ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті» Сабақта сергіту сәтін оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Мысалы: « Ұзын құлақ, сұр қоян». Немесе, дене қимылдарына қатысты сергіту ойындары: «Әй, шымыжық, шымыжық»

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы: «Шөжелерім», «Әйгөлөк». «Қаражорға»

Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.

Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады.

Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Арта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

Балалар, бүгін біз үйренетін әріп пен дыбысты таныстыруға Шара деген қыз келді, -деп, шана сүйреткен қыздың суретін тақтаға іліп қоюы керек. Содан кейін Шара, шана сөздерінің бірінші дыбысын тапқызып, онымен таныстыру керек. Осындай ойындар балаларды қызықтырады әрі ойлау қабілеттерін арттырады. Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану және оларды оқу процесінде үздіксіз дамытып отыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны ерекше. Тиімді пайдаланылған ойын элементтері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап,

сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, қатесіз орындай алады.

Ойын оқушылардың грамматиканы меңгеруіне, жазу тілін дамытуына мүмкіндік береді. Ойланғыштық, ізденімпаздық қабілеттерін арттырады, сөздік қорларын молайтуына көмектеседі. Сонымен қатар түсінбегенін түсінуіне әсер етеді. Ойын – балалар үшін күрделі әрекет. Ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ойын түрін әр баланың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастыруды ұмытпаған дұрыс. Кейбір балалар ойын үстінде қуанып, өзін еркін сезініп ойнайды, шаттанып, ерекше түсініп, тапқырлық көрсете білсе, ал біреулері өзіне -өзі сенімсіз, ынтасыз ойнайды. Ондай жағдайда мұғалім сол балаларды жетекшілікке ала отырып, көмектесе білуі керек. Әр ойын баланы сабақта шаттандыратындай, ойын оятатындай, іскерлігін дамытатындай болуы тиіс. Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олар оқу белсенділігін арттыру жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. Ойын түрлерін жіктеп алып пайдалану оқушыларға бір ізді, жүйелі түрде жұмыс жүргізуде маңызы зор. Тақырыптан ауытқымай, біркелкі жұмыс жүргізуде басшылық жасауға негіз болады. Тағы бір айта кететін мәселе – осы бағыттағы тәрбиені оқушыларға беруде оның әдістемелік амалдарында да белгілеудің маңызы зор. Яғни, осы ойын түрлерін қандай жолмен, қалай үйрету мәселелері шешіліп отырылуы қажет. Оны топқа бөліп қарастырдық.

Сабақ барысында (жоғарыда айтылғандай)

Сынып сағаттарында

Сыныптан тыс жұмыстарда

Жалпы мектеп көлеміндегі іс-шараларда

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарда . Міне осындай грамматикалық ойындарды өткізе отырып байқағаным, балалардың табиғатынан жоқ нәрсені іздеп табуды ұнататынан ба, көбіне жоғалған әріп, буын, сөз ойындарын ұнататыны. Бұл ойындарды сыныптан сыныпқа көтерілген сайын күрделендіріп отыруды жөн көрдім. Сонымен қатар қиыншылық тудыратын ойындар да болды. Мысалы: «Керісінше» ойынын ойнағанда, кейбір оқушылар әріптерді шатыстырып жіберді. Д орнына Б жазып қойғандар бар. Қателер сыныптың басқа оқушылары арқылы түзетілді. Ойын – оқытудың әдісі, тәсілі, құралы, әрі сабақты ұйымдастыру формасына айналғанда бала үшін мектеп «қуаныш мектебіне» айналмақ. Бала өмірі ойынмен байланысты. Бала ойынсыз өсе алмайды. Бұл - өмір заңдылығы. Мектеп оқушылары өздеріне тән ерекшеліктерін сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді, білімді ойын арқылы ала алады. Сондықтан сабақта ойын арқылы білімін шыңдап, ой-өрісін кеңейтеді. Ал, ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттарға ерекшеліктері болады. Сол ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақыл-дүниетанымын кеңейтеді. Психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбек үстінде сондай болады дейді. Сондықтан ойын адамның өміртанымының алғашқы қадамы. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» - дегендей жұмыстың ақсап жатқан жақтарын әлі де болса дұрыс жолға қойып, жетілдіруді өз міндетім деп есептеймін. Сыныпқа келген оқушылардың бастапқы кездегі деңгейі мен қазіргі кездегі деңгейін салыстырсам, кішкене де болса еңбегімнің әсері тиген сияқты.

Еліміздің болашағы балаларда болғандықтан, оларға жаңаша білім беру керектігін мақсат қоя отырып, «Ойын арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту» проблемасы бойынша жоспарланған жұмыстарымды толығымен орындау үшін өз тәжірибемді жетілдіру барысында көптеген жұмыстар күтіп тұр деп ойлаймын.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тындап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады.

Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды.

Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыларды оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады. Сабақ барысында ойын әдістері мен жағдайларын өткізу мынадай негізгі бағыттарда жүргізіледі:

Сабақ процесінде пайдаланатын ойындардың бірнеше түрлерін атап көрсетуге болады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі — дидактикалық ойындар.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген екен. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай?

Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда:

Оқы да біл,

Ойын - еңбек.

Ойна да күл,

Ойын - оқу,- деп сөзімді аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А. Ысқақов. «Қазіргі қазақ тілі». «Ана тілі»: 1991ж

2. С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» – Алматы: 1997ж
3. журнал «Педагогика жаршысы»№4 2010,№3 2010ж,
4. журнал 12 жылдық білім №4, 2006ж
5. журнал «Қазақ тілі мен әдебиеті»№2, 2005,№11, 2007,№1, 10 2008, № 4, 9 - 2009ж.

ӘОЖ 376

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБАША БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Т. Азанбекова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы

Бұл мақалада зиятында ауытқуы бар балалардың жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту және оны ұйымдастырудың түрлері, оқушылардың белсенділігін арттырумен саналылықты жүзеге асыру үшін, балаларды өз ойының барысын байқауға, біреудің айтқанын тыңдай білуге, айналадағы өздерін қоршаған табиғаттағы өзгерістерді бақылай отырып, жазбаша жұмыстарды орындауға үйретудің маңызы қарастырылған.

В статье рассматриваются особенности развития письменной связной речи детей с нарушениями интеллекта и виды ее организации. Наблюдая за окружающим миром и изменениями в природе, слушая собеседника, учащиеся учатся излагать свою мысль и выполнять письменные работы, что способствует повышению их учебной активности.

The article studies the peculiarities of developing written connected speech of children with intellectual disabilities and types of its organization. Observing the world and changes in nature, listening to conversations, students learn to express their thoughts and do written work, thereby increasing their learning activity.

Кілт сөздер: зиятында ауытқуы бар балалар, жазбаша байланыстырып сөйлеу

Жазбаша тіл – байланыстырып сөйлеудің бір формасы болып табылады. Жазбаша тіл бұл дайындалған, тексеруге, түзетуге және жетілдіруге болатын тіл. Жазбаша тіл графика, монологтан тыс – тікелей қарым – қатынас жағдайында қолданылуы мүмкін. Жазбаша тілде интонация, мимика, ым – ишара, сияқты қосымша құралдар қолданылмайды.

Зиятында ауытқуы бар балалардың жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту, ауызша сөйлеуді қалыптастыруға қарағанда өте күрделі процесс болып табылады. Арнайы мектеп мұғалімі бұл сұрақтарды шешу барысында көптеген қиындықтармен кездеседі, бір қиыншылық – жазбаша тілдің спецификасымен байланысты болса, басқалары балалардың – даму ерекшеліктеріне байланысты. Жазбаша тіл – ауызша тіл сияқты маңызды қарым – қатынас құралы болып табылады. Оны дамыту ауызша тілге сүйену арқылы жүзеге асады. Л.С.Выготский жазбаша сөйлеу формасының ерекшеліктерін белгілей отырып – бұл формада ауызша тілмен салыстырғанда аса абстрактілі болып табылады деген. Жазбаша сөйлеу сонымен бірге саналығымен және регламенттігімен ерекшеленеді. Бұл сөйлеудің формасы балаларда мектепте оқыту процесінде дамытылады[1,2].

Зиятында ауытқуы бар балалардың логикалық ойлаудың жеткіліксіздігі, жаңаны баяу темппен меңгеруі, тілдің даму ерекшеліктері жазбаша байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруды күрделендіреді. Сонымен бірге ішкі сөйлеудің де бұзылуы әңгімені ойша жоспарлауға, «өзі жайлы» сөйлем құрастыруға кедергі келтіреді. Жазбаша сөйлеу процесінде қажет міндеттердің аспектілігі (мазмұнын ойластыру, керек сөздерді іріктеу, мазмұндаманың бірізділігін іріктеу, сөйлемді дұрыс құрастыру, оларды бір бүтінге біріктіру, сөзді орфографиялық дұрыс жазу) зиятында ауытқуы бар балалармен жұмыста тағы басқа да қиындықтар туғызады. Бұл қиыншылықтар өзін – өзі бақылау дағдыларының, дамуының жеткіліксіздігінен тереңдейді, оқушыларға ойша лексика – грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қателерді тексеруге кедергі келтіреді. Көптеген әдіскерлердің зерттеулері көрсеткендей (М.Ф.Гнездилов, Л.С.Вовин, \Е.А.Гордиенко, З.Н.Смирнов) жазбаша байланыстырып сөйлеумен жұмыс тілдік дамуы жағынан да, ой қызметін жүзеге асыруда да алға жылжытады[3].

Сонымен бірге жазбаша байланыстырып сөйлеу, мөлшері бойынша оны қалыптастыру, ауызша сөйлеуден бай болады. Арнайы мектепте жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған жұмыс 2 сыныптан басталады. Оқушылар құрылған сөйлемдерді суреттің астына қолжазба түрінде жазады, мұғалімнің сұрағына жазбаша беруге үйренеді. Сонымен бірге оның жауаптары және сұрақтар сынып жоғарлаған сайын күрделеніп отырады. Сұрақтарға жауап беру дағдыларын қалыптастыру келесі ретте ұсынылады:

а) заттың қарайып атауын талап ететін сұрақтарға жауап (бұл не?)

б) жеке фактіні толық және қысқаша сипаттауды талап ететін сұрақтарға жауап (не істеу керек? Қандай?)

в) біріктіруді талап ететін сұрақтарға жауап (мына екі зат формасы бойынша қандай?)

г) екі, үш одан да көп сөйлемдерден тұратын байланыстырып сөйлеуді талап ететін сұрақтарға жауап (қайда болдыңдар?)

3-4 сынып оқушылары мұғалім өзі толық құрып алған жоспар бойынша мазмұндама жазады, ұжым мен орындалады.

Бағдарламаға сәйкес жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамытуға арнайы сабаққа уақыт, жалпы сабақтардың санынан бөлінеді. Шығармашылық жұмыс 1 сағат көлемінде өз бетінше жазылатын шығарма мен мазмұндаманың саны әр оқу жылына 8-10 сағатқа дейін барады. Бірақ шығармашылық тапсырманы орындауға жаттығулар саны аз жеткіліксіз болғандықтан мазмұндама мен шығарманы грамматика және дұрыс жазу сабақтарында да жаздыру қажет.

Е.А. Гордиенконың зерттеулері көрсеткендей жоспар көлем бойынша үлкен емес бірақ нақты және эмоционалды құрылған болуы керек. Сөздік фразеологиялық жұмыс уақытында жоспардың әр пунктіне қарсы сөздерді жазып алуға болады. Зиятында ауытқуы бар балалар дайын сөздік материалды нашар қолданады. Е.А. Гордиенко тағы жоспардың барлық пункті бойынша оқушылар толық ауызша әңгіме құрастыра алмайтындығын көрсетті[4].

Біріншіден кез келген әңгіме, тіпті жақсы оқитын оқушының әңгімесі жеткіліксіз болады.

Екіншіден – әңгіменің мазмұнымен ұжыммен талқыланған, ал бір материалды қайталай беруді оқушыларды шаршатады, сабаққа қызығушылығын төмендетеді.

Үшіншіден ауызша әңгімелеу, жазбаша сөйлеудің алдында жүреді. Оқушылардың шығармалары мен мазмұндамаларына бірыңғай сипаттама береді. Сонымен бірге ауызша әңгімелеу кейбір сөздің қателерін ескертуге балалардың сөзінде дайындалған сөздік материалды белгілеуге көмектеседі.

Жазбаша байланыстырып сөйлеудің спецификалық түрі іс қағаздары болып табылады. Іс қағаздарының тілі деп – әр түрлі ресми құжаттардың, қатынас қағаздарының, сенім хат, куәлік хат, ресми немесе ресми емес хаттардың т.б. тілін айтады. Іс қағаздарының тілінде өзіне тән стильдік, лексикалық ерекшеліктер қолдану аясы болады.

Іс қағаздарының екі түрі болады: 1. Арнайы қатынас қағаздары, құжаттарын жазбалар немесе жеке адамдар арасында қолданылады. Өтініш, анықтама, сенім хат, куәлік хат, қол хат, ант, өмірбаян, хаттама, шарт, мінездеме, хабарландыру, телеграмма, жұмыс жоспары, баяндама, анкета т.б.

2. Кітап оқу мен оқу сабағымен өздігімен білім алумен байланысты: конспектілеу, тезис, аннотация (түсініктеме) жасау, рецензия(пікір алу).

Бұлар қазақ тілі сабақтарында тікелей жанаспаса да практикада жиі кездесетіндіктен олардың үргілері қазақ тілі кабинеттерінде жазылып, ілініп қояды. Сабақ үстінде кейде олардың қалай жазылуымен таныстырып, отыру қажет. Мысалы: 1. Хабарландыру зат есімді оқытқанда мекен, мезгіл пысықтауыштарына байланысты мысал ретінде беріледі. 2. Сенім хат – сан есімді оқытқанда. 3. Телеграмма – жай сөйлемді оқытқанда. 4. Өтініш – жай және құрмалас. 5. Хаттама - құрмалас сөйлемді оқытқанда жаздырылады.

Іс – қағаздармен жұмыс жасау оқушылардың жазбаша сөйлеуін кеңейтіп қана қоймай, оларды өмірге дайындаудың өзіндік бір формасы болып табылады. Арнайы мектептің 4 сыныбына бастап іс қағаздарын құруға үйрету қарастырылған. Әдетте бұл жұмыс – керекті іс – қағаздарын толтыру қажеттігімен байланысты. Мысалы, мектепте жаңа жыл мерекесі туралы хабарландыру дайындау, телеграмма жазу т.б.

Психологтардың анықтауынша бастауыш сынып оқушыларының қиял дүниесіне бой ұруы, әр түрлі оқиғаға кездесуге құштарлығы өзін ертегі кейіпкерлерінің орнына қойып, ойға алғанын іске асыруға әрекет жасауы басым болады. олардың бұл ерекшеліктерін шығармашылық жұмысқа пайдаланудың зор маңызы бар. Қиял екі түрлі: белсенді және енжар, ал белсенді қиялдың өзі қайта жасау, шығармашылық болып екіге бөлінеді. Шығарма, мазмұндама жұмыстары белсенді қиялдың екі түрінде дамытады, өйткені кітап оқу, түрлі суреттер, диафильмдер көру арқылы алуан түрлі оқиғаларды көз алдына елестету – қайта жасау қиялының көрініс болса, бала қиялының бетіне шындыққа бұрып іс – әрекетіне өз ойынан шығарғанын өздігінен тапқандарын қосып дамытуға, толықтыруға, үйрету шығармашылық қиялдың дамуына әсер етеді.

Бастауыш мектептерде оқшылардың мазмұндама мен шығарма жазуға үйрету жұмыстарында да басқа пәндердегі сияқты, оның ғылымилығы, теорияның практикамен байланыстылығы, көрнекілік, саналық, түсініктілік, оқушылардың белсенділігін арттыру және жүйелік принципі ескеріледі. Бұл жұмыстарда оқушылардың белсенділігін арттырумен саналылықты жүзеге асыру үшін балаларды өз ойының барысын байқауға біреудің айтқанын тындай білуге айналадағы өздерін қоршаған табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге заттармен құбылыстарды салыстырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды таба білуге үйрету жұмыстары жүргізіледі.

Шығарма, мазмұндама жазу кезінде оқушылар негізде мыналарға әдеттенеді, дұрыс отыру, қаламды дұрыс ұстау, дәптерді парталардың үстіне дұрыс қою, әріптерді дұрыс жазу, лексикалық (сөздерді дұрыс қолдану), морфологиялық және синтаксистік мәтінді алдын – ала синтездеу ойлау операцияларын дұрыс қолдана білу, жазғандарын тексере білу, және қателерін түзете білу т.б. дағдылар. Мазмұндама мен шығарма жұмыстарының мақсатының өз зиятында ауытқуы бар балалардың ойлау қабілетін жан жақты дамыту болғандықтан осы жұмысты іске асыру кейбір процестер тұрақтанып қалыптасады.

Психикалық – педагогикалық және методикалық әдебиеттердегі пікірлерді жинақтап келе оқушылар мынандай педагогикалық машықтарға үйренуге тиіс:

1. Мазмұндама да оқылған мәтінді меңгеріп, сол түсінгендерін өз сөздерімен жазуға дағдыланады.
2. Шығармада ұсынылған материалды түсініп, оның идеялық мазмұнын ұғу.
3. Шығарма жазу үшін материал жинау, яғни материал жинау барысында бақылаудың кейбір тәсілдерін үйрену. Мысалы, «Үй қалай салынды?» тақырыбы бойынша материал жинау барысында балалардың ата – аналарынан сұрауы, кейбіреулері кітап оқу арқылы бақылаулары мүмкін.
4. Жинақтаған материалдарын жүйелеуге бастауыш сынып оқушылары алғашқы кезде мазмұндама жазу арқылы үйренеді. Өйткені материалды жүйелеу, оны бөлімге бөлу, ат қою және керісінше, әр бөлімде әңгімеде айтылатын ой жүйесіне сай салыстыру зиятында ауытқуы бар балаларға оңайға түспейді. Бұл үшін олар алдымен дайын мәтіннің жүйесін меңгереді, яғни қандай да болмасын, мәтіннің белгілі - бір жүйемен құрастырылатынын ұғады. Содан кейін бірте - бірте өздері көрген білгендері жөнінде әңгіме құрастырғанда да, әуелі оны жүйелеп алуға әдеттенеді. Егер оқшы бұған үйренбесе, жинаған материалдарын қалай жазуды білмей, білетін нәрселерін айтып бере алмай, ештеңе жаза алмайды.
5. Оқушылардың өз ойын дұрыс және түсінікті жеткізіп, айту білу мұны шығарма немесе мазмұндама жазғанда тілдік норманы сақтап, әдеби тілдің нормаларын пайдалана білу.
6. Оқушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру, түзету, жетілдіре түсу. Жазған әңгімені белгілі бір тұлғада баяндай білу.

Зиятында ауытқуы бар балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сай көрсетілген педагогикалық талаптарды басшылыққа алып оларды шығарма мен мазмұндама жазуда үйретуде лингвистикалық негіздерге сүйенуге болады.

Шығарма жазуға үйрету, тілді дамыту, мазмұндама, шығарма жазу жұмыстары арқылы іске асады. Мазмұндама мен шығарма балалардың ойлау қабілетін түсінігін, ой – өрісін, жазу мәдениетін дамытуға бағытталған. Оқушылар оқығанын ауызша баяндағанды бір тақырып төңірегінде сөйлеп қоймай, келешекте шығарма жазатындай етіп ойластыру керек. Арнайы мектепте бастауыш сыныптарда, шығарма, мазмұндама жұмыстарының көлемі көбіне шағын болады. Солай болғанымен де бағдарлама бойынша байланыстырып сөйлеуге, шығарма мен мазмұндама жазуға уақыт бөлінген. Балалар оқыған шығармаларын қарапайым талдау жасауымен, оны айтқанда шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру үшін материал іріктеп алу, олардың іс – әрекетіне баға беру, мәтіннен қанатты сөздерді теріп алу сияқты дағдыларды да меңгереді. Оқушылардың айналасындағы өмір туралы ұғымы мен түсінігін дұрыс қалыптастыру – оқу сабақтарының аса маңызды міндеті. Бұл міндет балаларды нақтылы заттармен, адам өміріне және табиғат тіршілігіне байланысты фактілермен әр түрлі құбылыстармен үздіксіз және белгілі бір мақсатпен таныстырып отыру арқылы жүзеге асырылады.

Шығарма дегеніміз – белгілі бір тақырып бойынша өз ойын жоспарлы баяндау. Шығармаларды мынандай топтарға жіктеуге болады:

1. Оқушылардың оқыған, яғни тыңдаған әңгімелеріне байланысты;
2. Экскурсия бойынша;
3. Өнер саласына (сурет, кино т.б.) байланысты;
4. Оқушылардың өз іс – әрекеттеріне байланысты.

Оқушылардың оқыған немесе естіген әңгімелеріне байланысты шығарма жұмысы кезінде сөйлемді дұрыс құру дағдысы үшін оларды үйде немесе сыныпта жазған шығармалары, үлкендерден естіген ертегі, әңгімелері бойынша сөйлетіп, үйретудің пайдасы зор. Мұндағы ұтымды мәселенің бір ұшы бала өзін қоршаған

ортаға, айналаға сын көзбен қарап жақсы мен жаманды, еңбекқорлықпен жалқаулықты, кішіпейілділік пен дерексіздікті байқайды. Балаларды сөйлеткенде олардың сөйлемдері қысқа, әрі түсінікті, жүйелі құрылуына назар аударып, айтып отырған әңгімелеріне үйренген жаңа сөздеріне кірістіре сөйлеуін қадағалап, кейін осы сөздерді шығарма жазғанда да қолдануға болатынын оқушыларға ескертіп отыру қажет. Ол үшін жетекші сұрақтар қоюға болады.

Оқушылардың оқыған немесе естіген әңгімелерінің мазмұны бойынша шығарма жазуды ұйымдастыру.

а) оқушылар оқыған немесе естіген әңгімелерінің мазмұнын сақтай отырып, өз сөздерімен еркін шығарма жазады;

б) оқушылар оқыған немесе естіген әңгімелердің үлгісіне еліктеп өздері ойдан шығарып жазады.

Дұрыс ұйымдастырса екеуінің де пайдасы мол. Бұл оқушының шығармашылық қиялын дамытады, оның тілін ұстартып, ойын жүйелі баяндауға төселдіреді. Жыл маусымдарына байланысты табиғаттағы өзгерістер, табиғатқа және өндіріс орындарына оқушылардың экскурсия жасауына байланысты алған мағлұматтар мен жиналған материалдарын қорытуды – экскурсияға байланысты шығарма деп топтастырылады. Өйткені бала даладағы (егістік, шаруашылық т.б.) еңбекті, табиғаттағы өзгерістерді экскурсияға шығу арқылы немесе айналаға жеті қарап, зер сала отыру арқылы бақылайды. Ақыл – ойы кем 5- сынып оқушылары бақылау арқылы жинаған материалдарын, көрген білгендерін өз беттерімен бірден жазып кете алмайды.

Арнайы мектепте 5 сыныпта шығарма жазуға мұғалім басшылық жасап жоспары мен мақсатын толық құра білуге үйретеді. Бұл сыныпта жүргізілетін шығарма 4-сыныптағы шығармадан күрделірек, яғни өмір тәжірибесіне сай, табиғат сырларына, адам еңбектеріне арналған тақырыптар енеді. Сонымен бірге шығарма тақырыптарына сюжетті, суреттер, диафильмдер, оқу киноларын пайдалануға болады және шығарма жаздырарда сол тақырыптарға байланысты көрнекі құралдарына үзбей пайдалану қажет.

Оқушылардың білімін, сыныптың деңгейін оқушылардың ойлау шеберлігін ескере отырып, мынандай жоспарларды топтастыра отырып құруға болады:

1. Тақырыпты анықтау, жұмыстың мақсатын белгілеу;
2. Мұғалім құрған жоспармен таныстыру немесе барлығы бірге жоспар құру;
3. Жоспардың әр бөлігінің мазмұнын ашуға байланысты оқушы құрған сөйлемдерді тыңдау.

Енді 5 сыныптан алынған шығармалардың кейбіріне тоқталсақ.

Шығарманың тақырыбы «Өзенге саяхат».

Бұл тақырыпқа байланысты сұраулар мен қысқа әңгіме жүргізіп, қиын сөздер тақтаға жазылады.

Сұрақтар:

1. Жексенбі күні қайда бардыңдар?
2. Ауылдан шыға нелерді көрдіңдер?
3. Өзен жағалауында нелер өсіп тұр?

Бұл шығармаға оқушылар өздері жоспар жазады. Мысалы:

1. Сынып болып мектепке жиналу.
2. Өзенге саяхатқа шығу, өсімдік әлеміне назар аудару.
3. Дария жағалауындағы көріністер туралы әңгімелесу.
- создание нормативно-правовой базы инклюзивного образования;
- разработка программно-методического обеспечения процесса включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс;

- подготовка квалифицированных кадров;
- создание необходимых материально-технических и других условий в общеобразовательных школах и детских садах.

2. Местные исполнительные органы:

- создание условий для физического доступа детей с ограниченными возможностями в общеобразовательные школы и детские сады по месту проживания с организацией для них безбарьерной среды;
- кадровое, материально-техническое и учебно-методическое обеспечение общеобразовательных инклюзивных организаций образования;
- осуществление контроля за деятельностью организаций образования, обучающихся детей с ограниченными возможностями;
- проведение мониторинга по индикаторам: доля школ, создавших условия для инклюзивного образования, от их общего количества; доля детей, охваченных инклюзивным образованием, от общего количества детей с ограниченными возможностями в развитии; доля школ, в которых созданы «безбарьерные зоны» для детей-инвалидов путем установления подъемных устройств, пандусов, специальных приспособлений в санитарных комнатах, оснащения поручнями, специальными партами, столами и др. специальными компенсаторными средствами; положительный опыт организации инклюзивного образования [6].

Этапы реализации Концепции инклюзивного образования:

1 этап - 2011-2012 годы - создание нормативной базы, разработка программ подготовки кадров для реализации инклюзивного образования, проведение прикладных научных исследований с целью разработки моделей включения и психолого-педагогического сопровождения детей, включенных в общеобразовательный процесс,

2 этап – 2012- 2015 годы – экспериментальное внедрение моделей включения и психолого-педагогического сопровождения детей, включенных в общеобразовательный процесс, профессионального сопровождения педагогов, консультирования родителей. Создание механизма мониторинга эффективности инклюзивного образования. Реализация программ по подготовке кадров, работе с родителями, общественностью.

3 этап – 2016-2020 годы – увеличение доли школ, создающих условия для инклюзивного образования от их общего количества до 70%.

Создание условий для непрерывности оказания образовательных услуг для лиц с ограниченными возможностями на протяжении всей жизни.

В завершении хотелось сказать, доказано опытом развитых стран, что организованные полноценные инклюзивные группы и классы могут и должны существовать и главным приоритетным направлением здесь должно стать создание оптимальных условий их существования. Вместе с тем мотивировать взрослых людей, для успешного осуществления этой гуманистической идеи.

Перед современным обществом стоит важнейшая задача вовлечь своих сограждан, которые имеют ограниченные возможности и особенности физического развития в социальную жизнь, помочь в адаптации и социализации и развитии в общественной жизни.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Закон РК «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.10.2011г.). [Электронный ресурс [http:// www.edu.gov.kz/](http://www.edu.gov.kz/)].
2. Дэвид Митчелл. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. РООИ «Перспектива», 2011.

3. Е.А. Ямбург, С.Д.Забрамная. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. М.:«Бослен», 2013 г.
4. Выготский Л.С. Психология развития человека. — М.: Изд-во Смысл; Эксмо, 2005. — 1136 с.)
5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 февраля 2011 года № 160 САПП Республики Казахстан, 2011 г., № 20.
6. Шипицына Л.М. «Необучаемый» ребенок в семье и обществе. СПб. «Дидактика Плюс», 2002. - 496 с.

ӘОЖ 372.851

ҮЛГЕРМЕЙТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Таурбекова А.С.,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Жұманбаева Н.С.

№32 орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі Семей қ.
taurbekova71@mail.ru

В данной статье рассматриваются причины появления неуспевающих школьников. И методы работы с ними.

This article discusses reasons for the appearance underachievers pupils. And methods of work with them.

Мақалада үлгермеуші оқушылардың себептері қарастырылған. Және олармен жұмыс істеу әдістері талқыланған.

Кілт сөздер: *оқушы, мұғалім, үлгермеуші, қабілет, дара ерекшеліктер, бағалау.*

ҚР «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын тандауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім беру мекемелері мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсканы қолдануға, оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын тандап алуға мүмкіндік береді. Білім беру саласындағы әрбір мұғалімнің алдында қабілеті әр түрлі деңгейдегі бала отырады. Олардың арасында үлгерімі төмен, қабілеттілігі жоғары да оқушылар анықталады. Олармен жұмыс жүргізуде қандай жолдарды тандау тиімді болар еді деген сауал әрбір мұғалімді толғандырады сөзсіз[1].

Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалармен жұмыс орындау нашар оқытындармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болып табылады. Нашар оқытын оқушылар оқу-тәрбие үрдісінде көбірек біліктілікті қажет етеді. Бірақ балалардың екі түрінде де жұмыстың жалпы бағыты бірдей. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балаларды мектепке дейін қолға алу керек.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу жолдары жаңа оқу жылы басталмай тұрып жұмыс жоспары мен оны жүргізудің әдіс-тәсілдері бірлестік отырысында талқыланып белгіленіп алады үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін алдымен олар арнайы зерттеледі. Оқушыны зерттеуде мына мәселелерге баса назар аударылады. Ұжыммен, ортамен қарым-қатынасы оқу-тәрбие үрдісінде отбасының ықпалы. Қоғамдық және үй жұмыстарына араласуы.

Үйде күн режимінің жоспарлануы және оның орындалу барысы. Денсаулығы туралы медициналық анықтамалар мен ұсыныстар. Сабакқа қатысуы мен бірыңғай талапты орындауы. Дара ерекшеліктері. Ойлау қабілетінің деңгейі. Зейіні мен есте

сақтауы. Ерік жігері. Табандылығы. Қызығушылығы. Жеке пәндер бойынша үлгерімінің көрсеткіштері. Үлгермеу себептері. Осы мәселелер анықталғаннан кейін баланың жеке пәндер бойынша білімі мен дағдыларын есепке ала отырып, ондағы негізгі олқылықтар анықталады.

Ата-анасымен тығыз байланыс жасау.Үйдегі күн режимін белгілеп, оны орындаудың қажеттілігін ата-анаға түсіндіру қажет.

Оқушының ұжыммен байланысын нығайту мақсатында арнайы әңгімелер, тәрбие сағатын өткізу, мінез-құлқының жақсы жақтарын жетілдіру сабақта жұмыстар жүргізу белсенділігін жетілдіру оқуға ынталы, алғыр балалардың жолдастық көмегін ұйымдастыру.

Баланың қабілетін, зейінін, қызығушылығын арттыру мақсатында ойын элементтерін пайдалану, оқушының оған белсенділігін арттыру. Сабақты дидактикалық материалдарды техникалық құралдарды мейлінше молынан пайдаланып жүргізу, жеке жұмыста да көрнекіліктер пайдалану.

Есте сақтауын дамыту мақсатында шағын да тілге жеңіл материалдарды мақал-мәтелдер мен жұмбақ жаңылтпаштарды жаттауға ұсынып отыру. Барлық жеке жұмыстарда “Онайдан қиынға, жеңілден күрделіге” принципін басшылыққа алып қайталауға көбірек мән беру. Оқушының еңбектерінің жақсы жақтарын дер кезінде байқап, тиісінше мақтап, өз күшіне сенімін ояту, т.б.

Жұмыс барысында үлгерімі төмен оқушылардың жеке пәндер бойынша біліміндегі олқылықтар анықталып жүргізілетін жұмыстар соларға орай нақты белгіленеді, олардың нәтижелері жазылып отырады. Үлгерімі төмен оқушыларға өткен материал мен өтілетін материал арасындағы сабақтастықты білдіруге баса назар аударылды. Жеке жұмыстардың мақсаты ең алдымен баланың білімді саналы менгеруі ойлау қабілетін дамыту. Оның алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту.

Сондықтан тәжірибе көрсеткендей зерттеу жұмыстарын үнемі және ғылыми тұрғыда жүргізіп жеке жұмыстарды біртіндеп күрделендіріп отыру қажет. Оқудың белгілі бір кезеңінде үлгерімі төмен болған оқушылардың жоғарыдағыдай жұмыстар барысында едәуір жақсы нәтижеге бастауы осы бағыттың дұрыстығын көрсетеді.

Оқушылардың үйдегі оқу жұмысы, олардың сабағындағы жұмысымен тығыз байланысты. Мұның табысты болуы сабақтың қалай өткенін мұғалімнің үйге тапсырманы қалай бергеніне байланысты. Сондықтан сабақтың сапасы жоғары болса оқушылардың үй жұмысы соғұрлым табысты болады. Үйге берілген тапсырманы үш топқа бөлуге болады. Олар: ауызша (оқушының материалын оқып үйренуі, өлеңдер, ережелер жаттау), жазбаша (жазбаша жаттығуды, есеп шығаруды, шығарма т.б.), оқу-практикалық тапсырмалар, (тәжірибелер, бақылаулар т.б.).

Оқу жұмысын мұғалімнің дұрыс ұйымдастырарда да сыныпта бірнеше артта қалатын және үлгермейтін оқушылар болады. Бұл құбылыс сан алуан себептерден туады. Кейде мұғалім оқушының ерекшелігін ескерумен, онымен өзінің жұмысын онша дұрыс құра алмағандықтан да туады.

Кейбір оқушылар қандай да бір пәннің қиыншылығын үнемі дұрыс бағалай білмейді. Сондықтан да артта қалады.

Ата-аналар тарапынан олардың оқуына, мінез-құлқына бақылау болмағандықтан оқушылардың үлгермеуі мүмкін. Артта қалу үлгермеу оқушыға қатты әсер етеді. Ол өз күшіне сенуден қалады, оқуды жиі тастап кетеді. Артта қалуды жою құралдарының бірі - қосымша сабақ. Оқушылармен бұл жұмысты бастамас бұрын артта қалудың себебі мен сипатын анықтау керек. Егер оқушы ауырып артта қалса, бірақ жақсы үлгеретін болса, мұғалімнің басшылығымен істелетін өзіндік жұмыс, ұштастырылуы керек. Егер оқушы жалқауланса оны тым

қамқорлыққа ала бермей, мұғалімнің жолдастарының ата-аналардың бастауымен оны жұмыс істеуге көндіру керек.

Жеке жұмыс - артта қалу басталысымен мұғалім оқушыға көмек көрсетуі керек.

Істелетін жұмыстар ерікті де міндетті сипатта болуы керек. Әсіресе нашар оқушыларға көмек беру үшін жақсы оқушыны тарту керек.

Мұғалімнің басшылығымен қосымша сабақ беруді көп пайдалануға болмайды. Әсіресе сыныпты түгел қалдыру зиян. Өйткені жұмыс нәтижесі болмайды. Сабақта үлгермеушілікті туғызатын елеулі себептердің бірі - оқу жұмысын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізу шеберлігі мен дағдысының жоқтығынан болады. Мұғалім міндеті - әрбір оқушыны оқи білуге үйрету. Әсіресе оқу жұмысындағы талаптың зейін жинақылығы ойланып оқуға әдеттілік және өз бетімен кітап оқи білу, үйге берілген тапсырмаларды дәйектілікпен орындау т.б. қасиеттерге тәрбиеленген жөн.

Сондықтан да оқу жұмысы барысында оқушылардың жалпы дамуына ықпал жасауына бірігіп күш-жігер жасау, соған қол жеткізу қажет.

Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады және оның алдын алуға, күресуге болады. Нашар бағаға әкеп соқтыратын оқушы үлгермеушінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, мектепшілік бақылаудың мерзімді жүрмеуінде, санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзылуында жатыр. Бұлардың ішіндегі негізгілері мыналар:

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы жаңа материалды тиісінше түсіндіре алмауы, бекіту жұмыстың әлсіз жүруі оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі:

- үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы.

- мұғалімдердің өз оқушыларын дұрыс білмеуі, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмау.

- мектепте үлгермеушіліктің алдын-алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы, мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінің, әлеуметтік ортақ жұмыс жүргізілмеуі;

- тәрбие жұмысындағы оң қылықтар, оқушылардың сабақтағы нашар тәртібі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақтылы және тиісті шара қолданбауы;

- бағалаудағы біржақтылық;

- оқыту мен тәрбие үрдісінде сабақтастық болмауы;

- сабақтан қалдыру, оқушының ауырып қалуы, т.б.[2]

Үлгермеуші оқушыларды түрге бөлгенде кейбір зерттеушілер оқушылардың тұлғалық құрылымына және оқу оқуының сипатына негіздеген. Осындай жолмен П.П.Блонский оқушылардың жалпы типологиясын құрып, үлгермеушілердің түрлерін бөліп көрсеткен. Бұл, біріншіден, олар «*αὐτάρκῃ ἰκτὴρ*» *αὐτάρκῃ ἰκτὴρ* (тип). Ондай оқушыларға келесі қасиеттер тән:

1. Тапсырмаларды зейін қоймай қабылдайды, көбінесе оларды түсінбейді, бірақ мұғалімге сұрақ қоймайды, түсіндіруін сұрамайды;

2. Белсенділікпен жұмыс істемейді (жұмыстың келесі түріне ауысу үшін үнемі ынталандыруды қажет етеді);

3. Өзінің сәтсіздіктері мен қиындықтарын ескермейді;

4. Мақсатын айқындай алмайды, өз жұмысын жоспарлап, ұйымдастыра алмайды;

5. Өте сылбырлық пен жұмыс істейді;

6. Жұмыс нәтижесіне дұрыс қарамауы.

Келесі тип *патологиялық* деп аталған – *эмоционалдық тип*, оқуда сәтсіздіктері жиі болатын оқушылар, олар айналасындағылардың өзіне тән қатынаста болғанын қалайды. Олар жұмыс істеу алдында «істей алмаймын» деп айтып, басқалардың қолдауын қалайды, сәтсіздіктер мен қиындықтарды ауыр көтереді [3].

Көптеген жылдар бойы үлгірмеушіліктік мәселелерін Н.А. Минчинская басқарған ғалымдар тобы зерттеп келген. Олар оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінің негізіне «үйретілу» түсінігін алған, яғни оқу іс-әрекетінің әдістері мен оқуды меңгеруіне байланысты оқушының алғырлығы [4]. Олар үлгерімі төмен оқушыларды үйрете отырып және олардың ойлау деңгейін зерттей отырып, олар дедуктивтік ой қорытындыларын жасай алмайды, оларға көптеген қасиеттері бойынша (әсіресе, ортақ қасиеттері бірнешеу болса) ұғымдарды жалпылау қиындық туғызады деген қорытындыға келген. Ондай оқушылардың абстракциялау және жалпылау деңгейі әдетте өте төмен болатындығын дәлелдеген. Үлгермеуші оқушылардың сөздік-логикалы ойлау қызметі көрнекі іс-әрекеттік түрінен әлде қайда артта қалып қояды, бұл ережелердің тұжырымдамаларын түсінбеуінен немесе ережелерді құр білгенмен тапсырмаларды орындай алмауынан білінеді. Кейбіреулеріне тіпті, көрнекі құралдар бөгет болады, себебі оларды ол көрнекіліктегі басқа да керексіз белгілер аландатады.

Көрсетілген психикалық процестерінің ерекшелігі оқушылардың өздерін ұйымдастыра алмауынан, өз еркімен зейінін басқара алмауынан және зейінін шоғырландырғысы келмейтіндігімен тығыз байланысты. Олар көбінесе ой жұмысынан қаша отыра, оларды белсенді ойлаудан құтқаратын, «айналып өтетін» жол іздейді. Осының себебінен ойлау жүйесіне жүйелі интеллектталдық жүктеме түспеуінен ойлау деңгейі бірте-бірте төмендейді. Осы кезді байқап, дер кезінде көмек көрсетілмесе оқытылуы төмен деңгейдегі бала бірте-бірте сыныптастарынан артта қала бастайды. Оған деген сыныптастарының көзқарастары да өзгереді, мұғалімдерінің таптаурын (стереотиптік) пікірлері қалыптасады, ең бастысы өзіне деген сенімділігі жоғалады да, өзін төмен бағалаушылар қатарына қосылады.

Оқуда жетістікке жетпеуі және сыныппен бірігіп жұмыс істей алмауы олар үшін моральдық конфликттің көзі болып табылмайды, себебі өздерінің артта қалушылықтарын, жекеленген пәндерден басқалармен бір деңгейде игере алмаушылықтарын танымдық мүмкіндіктерінің шектелуі негізінде екендігін дұрыс түсінеді. Моральдық конфликтінің болмауы оқушы позициясының қалыптасуына және моральдық оң бағыттың қалыптасуына жағдай жасайды, себебі сәтсіздіктердің себептерін түсіну кемшіліктерде жою үшін жақсы стимул болып табылады. Осы типтегі оқушылар, сондықтан да ата-аналар мен жолдастарының көмегін жақсы қабылдайды.

Мектеп жасындағы балалардың бәріне тән кемістік - үлгермеушілік. Ал оның басты себебі: бастауыш сыныптарда анық байқалатын психикалық әрекеттердің кейбір түрлерінің тежелуі немесе уақытша қалыптаспауы. Бұл ауытқу көбінесе 5-6 жастан 11-12 жас аралығында кездеседі.

Психикалық дамуы тежелген оқушылардың сөздік қорын дамыту кезіндегі логопедиялық сабақтарда халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қолданса, олардың сөйлеу тілін дамытуда және жеке дамуына ілгері әсерін тигізеді. Стандартты оқыту бағдарламасына сәйкес келетін негізгі лексикалық тақырыптар бойынша халық ауыз әдебиеті үлгілерін сұрыптап орын-орныммен қолдана алсақ, басқа тілден аударып немесе материал жоқ деген себептерге соқтықпай сабағымызды нәтижелі өткізуге болады. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың таным процестерінің, жас ерекшеліктерін, сөйлеу деңгейін ескере отырып, халық ауыз әдебиетінің ішінен:

мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер қолдануға болады.

Білім негізі - бастауыш сыныпта қаланатыны жұртшылыққа белгілі жағдай. Оқушының бұл сыныптарда алған білімінің тиянақты да сапалы болуы - жоғарғы сыныпқа барғанда жақсы оқушының кепілі болатындығын ешкім жасыра алмайды. Оған біздің жыл сайын төрт жыл оқытып, қолымыздан шығарып жүрген жас түлектеріміздің білім жүйесі айғақ болады. Сондықтан да бастауыш сыныптарда сабақ беру жүйесін жетілдіруге халық ағарту органдары көп көңіл бөліп келеді. Жаңа бағдарламаға көшкен оқушылар ізденгіш, өз бетінше жұмыс істеуге икемді, ішкі сезімге бай, ақыл-ойы өткір болып тәрбиеленуде. Әрине, бұл - мұғалімдер жұртшылығының еңбегі. Мектеп жұмысының алға басуы, оқушылардың алған білімнің тиянақты, сапалы болуы, мұғалімдердің күнделікті дайындығы мен оның педагогикалық шеберлігіне, ізденгіштігіне жеке басының білімі мен ерекшелігіне байланысты.

Орыстың тамаша демократы В.Г.Белинский тәрбиешіні, мұғалімді бекерге бағбанмен салыстырмаған[5].

Бастауыш сынып оқушыларын жоғары сыныпқа барғанда сабақты нашар оқитыны және жеке пәндерден үлгере алмайтын себебі келесілерді қамтуы мүмкін:

Біріншісі - бастауыш сыныптарда оқыту жұмыстарының дер кезінде жүйелі, тиянақты, сапалы өтілуінен, екіншісі - мұғалімдердің тәжірибесіздігі мен әдістемені жете меңгермейтіні, шеберлігінің жоқтығы, күнделікті өмірдің жаңалықтарынан бейхабарлығы, өз жұмысына немқұрайды қарайтындығы.

Осындай жағдайлардан барып оқушылар өткен сабақты толық түсіне алмайды. Өйткені сабақ қызықсыз, тартымсыз болғандықтан, бала ынта қойып тыңдамайды. Сондықтан үй жұмысы да орындалмайды. Бала өткен материалға түсінбегендіктен, жаңа сабақты да түсіне алмайды. Себебі бір сабақ екінші сабақпен байланысты. Сабақ үлгермеушілік біртіндеп келіп осындайдан шығады.

Кейде сабақ қызықты, өз дәрежесінде өтіп жатыр делік. Осындай жағдайда да кейбір оқушылар көңілімен тыңдамай, басқа жұмыспен айналысып отырып, сабақты түсінбей қалады. Мұғалім де ол оқушыны аңғармай қалады, бұл да сабақ үлгермеушілікке апарып соғады. Сондықтан мұғалім сабақ өткізгенде де сақ болуы керек. Әр баланың тек сабақ емес, сабақтан тыс уақытта да психологиясына, біліміне, қабылдау қабілетіне, үй жағдайына көңіл бөлінсін. Оның қай сабақтан үлгермейтіні есепке алынып, кезінде көмек берілсін. Бұлар - үлгерудің жолы.

Осындайлардың салдарынан өте жақсы оқушы жақсыға, жақсысы ортаға, орташасы нашар оқитын болады. Олардың қызығушылығы жойылады да, үлгермеушілер көбейе бастайды. Оқушының сабақ үлгермеуінің тағы бір себебі: мұғалім олардан кезінде сұрамайды. Күдер үзіп, көңілі қалған бала сабақ оқуды қояды. Бұл - мұғалімнің қатесі.

Үлгермеушілік ата-аналармен жүйелі қарым-қатынас жасамауданда шығады. Баланың үйінде жағдайы болмаса, сабақты оқуға да ынтасы болмайды. Оқушының сабаққа келмеуі немесе жиі-жиі кешігуі кезінде анықталмаса да залал. IV сыныпқа барғаннан кейін III сыныпта үлгірген оқушының да үлгермеуі мүмкін. Ол - жыл басынан пән мұғалімдерімен сынып жетекшісінің жыл бұрын бекітілуінен. Оның үстіне мұғалімдердің жиі ауысып, сабақ кестесінің тұрақты болмауы да себеп болады.

Әрбір мұғалім өз алдындағы талаптарды жете түсініп, қолынан келетін жұмысты дұрыс ұйымдастырып, қажымай-талмай көп ізденіп, еңбек етсе, сөзсіз, ойдағыдай орындалады. Бұған қазір барлық жағдай бар. Ең бастысы - әрбір жеке пән мұғалімінің сол пәннен терең білімі болуы қажет. Екінші - сол білімді оқушыларға саналы түрде жеткізе білу. Оның жолдары мен әдіс, тәсілдері көп. Мысалы, өз

тәжірибемде ең алдымен оқушылардың сабаққа деген қызығуы мен ынта, назарын арттырамын. Ол үшін талғамнан өткен көрнекіліктер мен техникалық құралдарды, таратылып берілетін үлестірмелерді, тіпті, сұралатын оқушыларымен қалай қорытатынымды да күні бұрын белгілеймін.

Үлгермеушілікті тудыратын факторлардың бірі - мұғалімнің оқушы білімін тексерудің және бағалаудың әр түрлі әдістерін орынды пайдалана білмеуінде. Күнделікті сабақ барысында 3-4 оқушыдан ғана сұрап, сол бағалардың негізінде тоқсандық қорытынды шығару оқушы білімінің дәрежесін толық көрсетпейді. Оқушылардың ауызша жауаптары мен жазбаша жұмыстары үшін күнделікті бағалардың негізінде тоқсандық баға қойылады.

Баға қойғанда оқушылардың жазбаша жұмыстарының сауаттылық дәрежесі еске алынуы тиіс. Оқушылардың ауызша жауаптарын бағалауда мына негіздерге сүйенеміз:

1) Оқушы білімінің толықтығы, яғни оқып жүрген сыныбының бағдарламалық материалын толық меңгеруі.

2) Оқушының білім сапасы:

а) оқушы анықтамалар мен ережелерді жете түсіне ме, оны мысалдар келтіріп, дәлелдеп айтып бере ала ма? Жауаптарында қандай қателер жіберді, олардың сипаты қандай, қателерін оқушы өздігінен түзей ала ма?

ә) оқушының алған білімін практикада дұрыс қолдана білуі, берілген тапсырманы өздігінен толық орындай алуы.

3) Оқушы оқу материалын стильдік жағынан жатық тілмен толық айтып бере алуы қажет. Баланы оқыту, білім беру, бағалау үлкен тәрбиелік міндетті де қамтитыны белгілі. Сабақтың тәрбиелік сапасына жету алуан түрлі жолдармен іске асады. Солардың бірі - сұралған оқушының білім дәрежесін әділ бағалау, қойылған бағаны жариялау.

Біздің ойымызша, әр бағанын сұралған балаға ғана емес, бүкіл сынып оқушыларына қатысы бар.

Бағаны жариялау сапасы белгілі тақырып немесе бөлім материалдарын түгел меңгеруге сынып оқушыларын толық ұмтылдыратындай болсын. Ол үшін оқушыға қойылған баға жай айтыла салмай, жариялана түсіндірілуі қажет. Бұл әдіс бойынша екі түрлі мақсат жүзеге асады. Біріншіден, қойылған бағаның әділдігі дәлелденеді, екіншіден мұғалімнің ескертпесі бойынша оқушы олқы білетін материалдарын келешекте қайталап жете білуіне нақты тапсырма алғандай жауапкершілік сезінеді. Сынып жетекшісінің аса маңызды міндетті оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімін күшейтуге қамқорлық жасау болып табылады.

Осы мақсатпен сынып жетекшісі оқушылардың сабақ үлгеріміне үнемі бақылау жасап отырады. Ол сынып журналдарын үнемі қарап, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен әңгімелеседі, олардың сабағына қатысып қойылатын талаптардың бірегей болуына, үйге берілетін тапсырмаларының біркелкі берілуін қамтамасыз етеді, оқушыларға тапсырмалардың шамадан тыс берілмеуін қадағалайды.

Балалардың үлгерімі туралы ата-аналарды дер кезінде хабардар етіп отыру мақсатымен сынып жетекшісі әдетте оқушының сол аптада алған бағалары оның күнделігіне қойылғаны, қойылмағанын аптасына бір рет сынып журналы бойынша тексереді, егер кейбір баға қойылмаған болса, оны күнделікке сынып жетекшісінің өзі қойып отырады. Сынып жетекшісі оқушының бақылау жұмысынан алған бағасын да күнделікке жазады.

Ойлаймын, айтамын, жазамын, қатыстыра отырып оқу еңбегін ойлы етуге мүмкіндік береді, және сонымен бірге кері бағытын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқушы білім беру жүйесін қадағалап артта қалушылықты дер кезінде байқауына

білім мен іскерлікті меңгеруде ілгері басушылықты былайша айтқанда ойдағыдай оқуды қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Бағдарламалық түрлі тақырып бойынша барлық сабақ тірек карточкалары бір жағдайда қателесуін дер кезінде сақтандыруға енді бір жағдайда жіберілген қателермен жұмыс істеуге, үшінші бір жағдайда алдынала жинақталған қайталау жасауға көмектеседі.

Қорыта келе, бастауыш оқушыларының оқу-тәрбие жұмысын жүргізу сапалы білімге, олардың сезімдеріне бағытталуы тиіс. Осы мақсатпен әртүрлі дидактикалық және рөлдік ойында қолдануға болады. Көп назарды балалардың сөйлеу қабілетін дамытуға, олардың сөздік қорын белсенді байытуға назар аудару керек. Сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта ырықты зейін мен ырықты есте сақтауды дамыту олардың оқу үрдісінде оқу пәнін толық меңгеруге мүмкіндік жасайды. Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстарын көп уақытты, ынта-жігерді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңы. А.1997.
2. Мурачковский Н.И. Психологические причины неуспеваемости. Типы неуспевающих школьников М. 1988г.
3. Блонский П.П. Возрастная и педагогическая психология. Москва, 1994
4. Менчинская Н.А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребенка М.1993.
5. Белинский В.Г. «О воспитаний детей» М.1986.

ӘОК 426.81.1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Турганова М.М., Саттибаева М.С., Нусупбеков Н.Қ.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,
m_turganova@mail.ru*

Бұл мақалада инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасының зерделеу жұмыстары ашылған. Мақсаты-оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Мақалада оқушының ойлау қабілетін арттыру үшін қолайлы деп санайтын инновациялық технологияларды қолдану әдістері туралы айтылады.

В этой статье представлены выгодные формы самопознания- используя новые инновационные технологии. Цель – преобразить процесс обучения. Применение инновационных технологий достигается путем: обучения, изучения, внедрения в жизненный процесс. Инновационное обучение способствует не только углублению знаний но, стимулирует к получению новых знаний, пробуждает интерес ученика. В статье говорится о развитии способности у ученика, мыслить, путем использования новых инновационных технологий.

This article presents using innovation technologies is the best form of organization. The aim- to make better qualities of education. Using of innovation technologies: learning, mastering, using. Innovation technologies make deeper knowledge, help pupil to study better and

wake his interesting to knowledge. The work shows the methods of innovation technologies for developing habits of thinking.

Кілт сөздер: *инновация, ғылым, қызығушылық, жаңа технология, өндіріс.*

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық күзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде жоғары оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі заманауи педагогикалық технологияларды ұтымды қолдана білуге тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу, іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы оқу орындары мамандарының кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Бүгінгі ақпараттық қоғамның материалдық технологиялық қоры компьютерлік техникалар мен компьютерлік желілер, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық байланыстарға негізделген жүйелер болып табылатындығы айқын болып отыр.

Осы орайда, оқу үдерісінде ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану, оны оқыту үдерісінде пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты–оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады.

Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық оқыту білімді терендетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Баяндамада оқушының ойлау қабілетін арттыру үшін қолайлы деп санайтын инновациялық технологияларды қолдану әдістері туралы айтылады [1].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі-мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы

қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті [2]

«Технология» - ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан.

Педагогикалық технологияларға барлық елдер ғалымдары қызығушылық танытуда. Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуалды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырады. Сонымен, педагогикалық технологияны — оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады.[3]

Білім берудің технологиясы педагогикалық пән ретінде дидактикадан кейінгі орынды алады. Оқытудың технологиясын — қолданбалы дидактика десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, оқытудың технологиясы - оқыту іс - әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден - бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады.

Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;
- мұғалім мен білім алушының өзара қарым - қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сөз ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын ділгір мәселелер бүгінгі таңда әлі нақтыланып белгілі бір жүйеге түспеген дүние [4].

Қазіргі оқу орындары мен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі. Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру мекемелерінің, соның ішінде жалпы білім беретін мектеп жұмысының дамуының ең басты факторы болып отыр. Инновацияның өмірге енуі мектептің өзінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты.

Білім беру мекемесінің алға қойған мақсатына жетуі үшін, басқаруға ықпал жасайтын (мұғалімдер, мектеп оқушылары) және өзінің басқарушы ішкі жүйесі (әкімшілік, педагогикалық ұжым) біртұтас жүйе болғандықтан, инновацияға үнемі орын табылады. Ал жаңа өзгеріс нәтижесі білім беру мекемелері үздіксіз өзгертін және дамитын жаңа қайшылықтардың көздері болады. Сонымен қатар басқарудағы маңызды орын үнемі қозғалыс пен дамуда болатын педагогикалық және балалар ұжымының қажеттілігіне беріледі. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Технологияны, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшейіп отыр, тұтынушылардың дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осындай кезеңде өз өмірін сақтап қалу үшін мектеп үздіксіз өз қызметін жақсартуға және қайта құруға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге мәжбүр.[5]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

ӘОҚ 581.1 (075.8)

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аужанова Назгуль Бектурсуновна академиялық профессор

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,
nasqul@mail.ru*

Бұл мақалада қазіргі заман талабына сай этнопедагогикаға элементтерін биология пәнін оқыту үрдісінде пайдалану жолдарын зерделеу жұмыстары ашылған. Осы жұмыстар барысында оқушылардың дүниетанымын дамытудың жолдары көрсетілді және тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі беріледі.

В этой статье представлены результаты исследования о возможности обучения биологии на основе использования элементов этнопедагогики. Кроме того дан рекомендательный список литературы по изучаемому вопросу.

This article presents the results of a study on the possibility of learning biology through the use of elements of pedagogy, given a list of references to literature.

Кілт сөздер: этнопедагогика, оқу үрдісі, тәрбие, өлең, шығармашылық.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол өмір тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз әңгімелері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар, баға жетпес қазына болып табылады.

Оқушыларды биология ғылымының заңдарымен, қоршаған ортада жүріп жатқан биологиялық құбылыстармен таныстыруда, оны көруге, сезінуге, түсінуге халықтық педагогика элементтерін пайдаланудың маңызы зор.


Этнопедагогикалық зерттеулердің Кеңестік дәуірдегі маңызы мен мәні, қажеттілігі мен көкейкестілігі жөнінде және оны ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың керектігі туралы педагог-ғалымдар: И.Т.Огородников, В.М.Коротов, А.Г.Гордина, М.Ф.Шебаевалар да кезінде келелі пікірлер айтқан еді. Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдерінде XVII-XVIII ғасырлардан бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жайы, ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз еткенде оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз [1, 2].

Қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі (XIX ғ. 2-жартысы), оның Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі (1920-1930 жж.) және Қазақ этнопедагогикасының дамуының үшінші кезеңі (1970-1995).

Орыс, батыс саяхатшы-ғалымдары: П.С.Паллас, Э.С.Вульфсон, А.Вамбери, А.Левшин, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд, В.В.Радлов т.б. және қазақтың зиялы ақын-оқымыстылары: С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Б.Адамбаев, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдыев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, И.Бөлеев, З.Ахметова, М.Құрсабаев, М.Смайылова, М.Оразаев, К.Қожахметова т.б. атауға болады [3, 4].

Төменде келтірілген кестеде (1 кесте) биология пәні және этнопедагогиканың байланыстары көрсетілді.

1 Кесте



Тақырып бойынша жүргізілген педагогикалық тәжірибелік зерттеу жұмыстарында мектептерде халық тағылымдары негізінде оқушының дүниетанымын дамытудың жәй-күйі зерттеліп, мына міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар жүргізілді:


а) Оқушылардың эксперимент кезіндегі халық тағылымдарын меңгергенінің бастапқы және соңғы деңгейі көрсетілді.

б) Мектеп тәжірибесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың олқылықтары мен себептері нақты анықталды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында өз тәжірибемізге сай сыныптан тыс шаралар, өткізілген жұмыстар негізінде оқушыларға сауалнамалар қою, пікірлесу, танымдық сын сайыстар өткізу, бағдарламалар, әдістемелік құралдарды талдау, т. б. жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысында байқалғандай бүгінгі қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарда халық тағылымдары негізінде оқушылардың дүниетанымын дамытуға онша көп көңіл бөлінбеген. Тек соңғы жылдары ғана біршама зерттеу жұмыстары жүргізіліп жүргендігі байқалады. Осы бағытта өткізілген сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда жүргізілген шаралар көрініс берді.

Тек эксперимент жүргізілген сыныптарда нәтиже көрсеткіштері төмендегідей: сауалнама жүргізген уақытта оқушылардың 19% пайызы ғана ұлттық дүниетаным туралы білсе, «Атадан қалған асыл сөз», – деп аталатын сыныптан тыс шарада оқушылар бойында өзіне деген сенімділік пен қатар ұтқыр ой-пайымдаулар жасауға дағдыланды. Сынып оқушылары сапа көрсеткіш тұрғысынан алғанда 10-оқушысы толыққа жуық дағдыланды. Яғни бұл көрсеткіш сыныптың 38% пайызына жетті. Сонымен бірге өткізілген «Ас – адамның арқауы», атты шарасында сыныптың 20-оқушысы ұлттық дүниетаным туралы толық меңгеріп шықты оны анықтау қиынға соқпайды, оқушылардың рухани жан-дүниесі молайып, өзін, өзгені құрметтеуге, санаса білуге деген ұмтылыстары байқалды. Осы аталған шарада оқушылардың сапасы 77% пайызға көтерілді. Осындай шаралар сынып оқушылары арасында көрсеткіштердің көтерілгенін көрсетіп отырды. Бұл нәтиже төмендегі 1 диаграммада келтірілді.

1 Диаграмма



Зерттеу барысында үш деңгей есепке алынды.

Олар: жоғары, орта, төмен:

– *жоғары деңгей* – халық тағылымдарын қызығушылықпен қабылдап, оның әлеуметтік түрлерін іс жүзінде пайдалану дағдылары біршама қалыптасқан және оның тәрбиелік мүмкіндіктерін түсініп, бағалай алуы;

– *орта деңгей* – халық тағылымдарының танымдық, тәрбиелік мәнін түсінуге құлшынысы бар, бірақ тұрмыс-тіршілікте пайдалануы әлі де жүйелі қалыптаспаған;

– *төмен деңгей* – халық тағылымдарының танымдық мәніне көңіл бөлмейді, тұрмыс-тіршілікте пайдалану дағдылары қалыптаспаған.

Аталған деңгейлердің нәтижесін шығаруда 8-ші сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілген болатын.


Сауалнама

1. Әр халықтың сәлемдесу мәнерін қалай түсіндірер едің?
2. Отбасы туралы түсінігің?
3. Әке мен анаға байланысты туыстық атауларды ата?
4. Тыйым сөздер не үшін қажет?
5. Ырымдарға сенесің бе, неліктен?
6. Бата түрлерін ата, бата алу неге қажет?
7. Отбасыдағы перзенттің орнын ескерудің мәні неде?
8. Қара шаңырақ, отау шығару ұғымдарын қалай түсінесің?
9. Ұлттық қол өнер түрлерін ата?
10. Санаға байланысты халықтың ұғымдарынан не білесің?
11. Халықтың қарапайымдылық, көмектерін атап бер?
12. Маусымдық мерекелерді ата?
13. Бір мүшел (13 жас) жасқа байланысты рәсім, жоралғыларды білесің бе?
14. Той түрлерін ата?
15. Наурыз мейрамының ерекше белгілерін атап бер?

Сауалнама мақсаты – оқушылардың дүниетанымын анықтау бағытында таратылды. Оған 83 оқушы қатынастырылды. Соның ішінде 8 В сыныпта 26 оқушы тапсырған болатын, нәтижесі 2 диаграммада көрсетілді.

Нәтижесінде оқушылар дүниетанымын халық тағылымдары негізінде қалыптастырудың мынадай олқылықтары байқалды: қоғамда, отбасындағы тіршілікте баладан сұраныс болмауы, әрі тұтынуға деген қажеттіліктің туындамауы.

2 Диаграмма



Халықтың салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпын, ырымдар мен тыйымдарды атап беруде, танымдық тәрбиелік мәндерін ашуда өзіндік пайымдаулары төмен көрінді. 26 оқушының 5 озаты ғана жауап берді. Нәтижесі сапа көрсеткішпен көрсетсек, 26 оқушыдан 19% пайыз болды.

Халық педагогикасы материалдарын пайдалану эксперимент барысында байқалған ерекшелік оқушылардың сабақта да, үй тапсырмасын орындауда да шығармаларды, ауыз әдебиетін, аңыздарды білуге ынталанғаны анықталды. Егер оқушылардың алғашқы қызығушылығы 11 пайыз болса, эксперименттің нәтижесінде ол 52 пайыз болды, сонда өсу көрсеткіші 41 пайызды құрады.

Сөйтіп, халықтық педагогика материалдары оқытудың тиімді түріне айналып, оқушылардың биологияға қызығу деңгейін және білу ынтасын, оның сапасын тиянақтап, сабақ үлгерімін арттырады.

Тәрбие сағаттарының тақырыптары келесі болуы мүмкін: «Жан сұлулығы – төн сұлулығы», «Қызы бардың қызығы бар, ұлы бардың ұлығы бар», «Салт – дәстүрді білесің бе?» т.б.

Мақсат-міндеттері: *Білімділік мәні:* Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың басты құндылығы – дәстүрлерінен үлгі ету. Олардың киген ұлттық киімдері жайлы білімдерін толықтыру. Оқушыларды дастарқан басында сақталатын рәсімдермен, ырым-тыйымдармен таныстыру. Ұлттық тағамдарымыздың қасиетімен және ұлттық ыдыс-аяқтармен таныстыру. Оқушыларды қазақ жігіті мен қызының бойына төн өнерлік, тәлімдік қасиеттермен қалыптастыру.

Тәрбиелік мәні: Оқушыларды ұлтжанды, ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. Қыз бала мен ұл бал тәрбиесі қашанда халық назарында екенін естен шығармауға, мейірімділік, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Оқушыларды дәстүрді сақтауға, нанды, басқа да тағамдарды қастерлеуге, ас ішу тәртібін әркез есте сақтауға тәрбиелеу.

Дамытушылық мәні: Оқушылардың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстырып тілдерін, сөздік қорларын байыту, қазақ жігіттері мен қыздарының дағдыларын дамыту

Көрнекіліктер: 1. Нақыл, қанатты сөздер, мақалдар жазылған плакаттар.

2. Қазақтың ұлттық қолөнерлері.

3. Тұрмысқа қажетті заттар.

4. Буклеттер, альбомдар, сөзжұмбақтар, сөзөрімдер, ыдыс-аяқ суреттері, суреттер көрмесі.

«Тамақты тарта жесең, санаңды ашар, көптен жесең ұйқы басар», «Таспен атқанды, аспен ат», «Дүниедегі байлықтың түрі көп, солардың ішіндегі ең негізгісі де осы нан байлығы».

Тәрбие сағаттарының соңында «Сыр сандық» ойыны ойнауға болады. Оқушылар салт-дәстүр, ұлттық салт, музыкалық фольклор, қол тума т.б. ұлттық таным бойынша сайысқа түседі. Осы сайыстарға қажетті материалдар төменде келтіріледі [9].

Халықтық педагогика элементтерін пайдалану, оқушылардың өзіндік жұмыстарында биологиялық өлеңдер, жұмбақтар жазу арқылы оқушының биология пәніне ізденушілік қабілетін арттыруға әсерін тигізеді. Пәнді түсіну қабілетін өсіріп, түсінуге қиын сабақтарды оңай меңгеруге және есте жақсы сақтауға дағдыландырады.

Ата-бабаларымыз табиғат әсемдігінен бойына қуат, жүрегіне шуақ алып, оның құдіретіне бас иіп, табиғат заңдылығын тамаша сараптай білген. «Жер ананың суын құрғатпасаң сүтін ішесің, балаусасын баспасаң, балын жұтасың, киігін қорғасаң, кемдік көрмейсің, құсын аяласаң, қызығына кенелесің», – деген мақал-мәтелдердің қазақ халқының экологиялық заңдылықтарды терең түсіне білгендігін аңғартады. Осының негізінде биология сабақтарында халықтық педагогиканы пайдалану арқылы оқушыларда ғылыми ұғым қалыптасуын, дүниеге біртұтастық көзқарастың, тіл байлығының дамуын, ойлау қабілеттерінің, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетілуін қамтамасыз ету мүмкіндігі туады.

Қазақстан Республикасының білім туралы заңында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, әлемдік мәдениет пен білім саласындағы құндылықтарды оқыту үрдісінде пайдалану керектігі, ол үшін оқытудың тәсілдері мен әдістерін, білім беру формаларын жетілдіре түсудің қажеттілігін атап көрсетілген.

Осыған орай, биологияны оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін, орта мектепте пәнді оқытып үйретудің тиімді, белсенді әдістерін таңдап алу қажеттілігі көзделіп отыр.

Биология пәнін оқыту барысында оқушылардың белсенділігі мен танымдық әрекеттерін шығармашылық қарымдарын дамыту үшін оқу үрдісіне көркем әдебиетті және поэзияны оқыту ойындарын пайдаланудың мәні зор (2 кесте).

2 Кесте

Кіріктірілген сабақтардың тақырыптары

№	Сабақтың тақырыбы	Поэзия	
		Аты	Авторы
1.	Құстар классы.	Құс келгенде.	Марфуға Айтқожа
2.	Құстарды топқа бөлу.	Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап.	Абай Құнанбаев
		Бұлбұл.	Орақын Асқар
		Аққулар ұйықтағанда.	М.Мақатаев
3.	Сүтқоректілер классы.	Темір мүйіз.	Омарғазы Айтанұлы
		Еңлік.	Орақын Асқар
4.	Қазақстанда мекендейтін сүтқоректілер.	Барысы, жортып жүрген кең даламның.	Марфуға Айтқожа

Халықтық педагогикалық ойларды бүгінгі тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған. Сол мәселелерді қамтитын «Поэзия сағатын» өткізуге болады. Бір мысал ретінде Құрсабаев Мұхамедрахим Қыдырбайұлының толғауларын пайдалануға болады.

Осындай іс-шаралар өткізу арқылы оқушылардың белсенділігі мен танымдық әрекеттерінің қалыптасуын шығармашылығынан да байқауға болады. Мысалы, Дарина Есенқызының өлеңдерін келтіруге болады.

Қазақстан

Қазақстан – туған жерім,
Жайнай бер саяңа ап.
Ертең ер жетіп өсемін мен,
Туыңды ұстап жайраңдап!
Биік-биік тауларың,
Терең-терең көлдерің.
Осы тауға, осы көлге мен қарап,
Қызығыңды еркін көріп келемін.

Туған жер

О, туған жер, менің туған анамсың!
О, туған жер, менің сонау бабамсың!
Адалдықты берген ақ жүректі ағамсың!
Ақындықты берген маған қасиетті даламсың!
О, туған жер, менің өшпес жарығым,
Қадір тұтар қасиетті алыбым.
Арнадым саған осы өлең шұмағын,
Қабыл ал деп өлеңімді арнадым.

Дарқан далам

Табиғаты керемет дарқан далам!
Сенде туып, өсірген ата-анам.
Бұлағыңның суын мен бір ұрттасам,
Бақтағы жемістерді бір татсам,
Жылы леп, самалыңа салқындасам,
Көлдеріңде шомылып, рахаттансам,
Шіркін-ай, сайраңдап, сергіп қалам!
Табиғаты керемет дарқан далам!
Мен де осы өмірдегі сенің балаң.
Туып-өстім өзіңнің құшағыңда,
Құшағыңда туып өскен ата-бабам.
Табиғаты керемет дарқан далам!
Гүлдепті раушан менен адыраспан.
Құстар көк аспанда самғап ұшқан,
Қыран құс бүркітпенен қиқылдасқан.
Лашын, суықторғай, бозторғайлар,
Балапанға жем іздеп шиқылдасқан.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004.
2. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2005.
3. Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1995.
4. Қожахметова К.Ж. Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993.
5. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001.
6. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы, 1995.
7. Оразбекова К. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – Алматы, 2005.
8. Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту. – Алматы, 2007. – 168 б.
9. <http://ustaz.kz/sait-bolimderi/file/348-bayan-salt-dastur>.

ӘОЖ 502/504 (574,51)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Қ.Е. Байеділов, экономика ғылымдарының кандидаты

Алматы облысы бойынша экология департаментінің басшысы, Талдықорған қ.,
a.kenzhebekov@yandex.ru

Алматы облысы бойынша экология Департаменті экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы 48 ауыл әкімдіктеріне 214 тексеріс жүргізіп, тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруда экологиялық талаптардың орындалмағаны үшін 14 млн. теңгеге 275 айыппұл салып, олар өндірілді. Облысымыздағы өз шешімін таппаған келесі мәселелер: Алматы қаласының сарқынды сулары жиналатын «Сорбулақ» су жинағышының жағдайы; Панфилов уран кен орнының радиоактивті үйінділерінің кері әсерін жою; Райымбек ауданындағы «Ойқарағай» кен орнының өнімдерін пайдалану олардың қоршаған ортаға әсерін анықтау; облыс деңгейіндегі мал қорымдарының (скотомозильниктердің) жағдайы.

С целью обеспечения экологической безопасности Алматинской области Департаментом экологии по Алматинской области в 2014 году проведен по 48 сельским округам 214 проверок, и наложен 275 штрафов на сумму 14 млн. тенге. Следует особо обратить внимание на следующие экологические проблемы области: накопитель сточной воды г. Алматы «Сорбулак»; отрицательное влияние радиоактивных отходов Панфиловского месторождения урановых руд; экологическая оценка влияния на окружающую среду «Ойкарагайского» месторождения в Райымбекском районе; инвентаризация скотомозильников на территории области.

In order to ensure the environmental safety of Almaty region Department of Ecology in Almaty region in 2014, held on 48 rural districts of 214 checks, 275 and imposed penalties in the amount of 14 million tenge. It should be particularly aware of the following environmental problems areas: storage of waste water Almaty "Sorbulak"; reduce the negative impact of radioactive waste Panfilov deposits of uranium ores; the environmental impact of devaluation on the environment to "Oykaragay" field in Raiymbek area; inventory of burial grounds in the region.

Кілт сөздер: экологиялық қауіпсіздік, қатты тұрмыстық қалдықтар, сарқынды сулар, радиоактивті қалдықтар, мал қорымдары.

2015 жылдың 28 қазанында облыс әкімдігінің үлкен мәжіліс залында облыс әкімі А.Ф. Баталовтың басшылығымен 260 адам қатысқан және облыстың экологиялық мәселелеріне және оларды шешуге арналған жиналыс өтті. Жиналысқа Алматы облысы аудандарының әкімдері мен орынбасарлары, Алматы облысы бойынша экология департаментінің аудандардағы, қалалардағы мамандары, газет, журнал, теледидар журналисттері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жер жаннаты - Жетісудың таңдай қактыратын тамаша табиғатымен қатар, өттеген-ай дегізетін экологиялық проблемалары да жоқ емес.

Солардың бірі, өте күрделі экологиялық өзекті мәселе - тұрмыстық қатты қалдықтар проблемасы.

Өздеріңізге белгілі облыс аумағына жылына Алматы қаласынан 450 мың тоннадан аса тұрмыстық қатты қалдықтар, ал облысымыздың қала, аудан және елді мекендерінен 350 мың тоннаға жуық, барлығы жылына 800 мың тоннадан

аса коммуналдык қалдықтар орналастырылады. Бүгінгі күнгі статистикалық мәліметтер бойынша Алматы облысында 8,7 млн. тоннадан артық қалдықтар жинақталған. Қауіпті қалдықтар жылдан-жылға өсуде, өйткені Алматы облысы аумағында бірде – бір тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін зауыт жоқ.

Алматы облысы бойынша экология департаменті экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы 48 ауыл әкімдіктеріне 214 тексеріс жүргізіп, тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруда экологиялық талаптардың орындалмағаны үшін 14 млн. теңгеге 275 айыппұл салынып, олар өндірілді, сонымен қатар, ТҚҚ – дың қоршаған ортаға тигізген кері әсері бағаланып, ол 121 млн. теңгені құрады.

Ал, 2015 жылы өндірістік және тұрмыстық қалдықтарға 156 тексеріс жүргізіліп, 190 заңбұзушылық анықталды. Нәтижесінде 12 млн. теңгеге 149 айыппұл салынып, қоршаған ортаға келтірілген залал 225 млн. теңгені құрады және оны өндіруге 47 нұсқама берілді.

2004-2011 жылдар аралығында облыс бойынша аудан орталықтарында барлығы 11 Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары салынып, 10-ы пайдалануға берілген, бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 1,0 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалған. Бүгінгі күнге, осылардың ішінде 8 полигонға ғана толық экологиялық құжаттар берілген.

Ағымдағы жылдың мамыр-маусым, қыркүйек-қазан айларында Алматы облысының қала, аудан, ауыл маңдарында орналасқан барлығы 24 полигондар мен қоймаларға мониторинг жүргізілді,

Нәтижесінде көпшілік аудандарда және елді мекендерде экологиялық талаптардың орындалмауы және заңбұзушылық фактілері анықталды.

Нақтырақ тоқталатын болсақ:

Панфилов ауданы Жаркент қаласының полигоны шектен шығып толып кеткен, қалдықтар жолдың бойына, полигонның сыртына орналастырылуда. Полигон жанында бейіт - мүрде орналасқан және қалдықтар бейіт жанына тақалып төгілуде. Полигонда кірме жол, қоршау, жарықтандыру, сумен жабдықтау мәселелері қарастырылмаған. Қоқыстардың өздігінен бықсып жанып, күні-түні өртенуі орын алуда.

2011 жылы бастау алған жаңа полигонның құрылысы 97 млн. теңге қаражат жұмсалғанымен әлі күнге аяқталмаған. Салынып біткен нысандары тоналған. Қазіргі таңда жаңа полигонға баратын жолдың бойында да қалдықтар үйінділері орналастырылған.

Балқаш ауданындағы Бақанас ауылының полигонында да жоғарыда аталған кемшіліктер орын алған. Қоқыстарды орналастыру, қабылдау кезінде санитарлық – эпидемиологиялық, экологиялық талаптар сақталмайды. Полигонға 30 млн. теңге қаражат жұмсалып, құрылысы аяқталғанымен қоршауы жоқ, өртке қарсы шаралар орындалмаған, полигонға тиесілі алғашқы сұрыптауға арналған қондырғылар тоналған, ұрланған.

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының полигонына 117 млн. теңге қаражат жұмсалғанымен таразы және басқа да өлшеу құралдарымен қамтамасыз етілмеген, тасымалдау көліктеріне зарарсыздандыру мүлдем жүргізілмейді, себебі сумен қамтамасыз етілмеген. Қоқыстарды қабылдауда және оларды реттеп жинауда санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптар орындалмайды.

Қарғалы ауылының қалдықтар қоймасы ешқандай талаптарға сәйкес келмейді, заңсыз қызмет атқаруда, тау бөктерін, әдемі табиғатты, жақын орналасқан елді мекендерді көк түтінмен уландыруда.

Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының полигоны да шектен шығып толып кеткен, қаланың тура ортасында, бейттің жанында орналасқан. Полигон құрылысына

26 млн. теңге жұмсалғанымен қалдықтарды орналастыру технологиясы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай емес және толық қоршалмаған. Қалдықтардың есебі мен мониторингі жүргізілмеген. Электр тоғын беретін подстанция болғанымен, жарық беру ұйымдастырылмаған. Нақты, заң жүзінде, полигон иесі анықталмаған. Полигонның ортасынан кішігірім өзен ағып өтеді, бұл су қорғау аймақтарының талаптарын өрескел бұзған болып есептеледі.

Осы, Еңбекшіқазақ аудандағы Шелек ауылының полигоны да қалдықтармен толып кеткен, иесі жоқ, қараусыз, қалдықтардың есебі мен мониторингі жүргізілмейді. Полигонға баратын жол қалдықпен толып бітелген, қоршауы жоқ. Су, электр жарығы мүлдем қарастырылмаған.

Алакөл ауданы Достық стансасының «Достық» полигоны таудың етегіндегі жырада, Достық ауылы - бекетінен 15 км қашықтықта, айдалада орналасқан. Полигон құрылысына 89 млн. теңге жұмсалып құрылысы аяқталғанымен әлі күнге дейін, қоршауы жоқ, ешқандай өлшеу құралдарымен қамтамасыз етілмеген, су және электр торабы жүргізілмеген, үйінділер полигонды бойлап жыраның шетіне бейберекет орналастырылған.

Осы ауданның Үшарал қаласында орналасқан полигон да қоршаусыз, су электр торабы жүргізілмеген, өлшеу құралдары жоқ, қалдықтардың есебі жүргізілмейді, иесіз, қараусыз.

Қапшағай қаласының полигоны толық қоршалмаған, қоқыстарды көму ережелері дұрыс жолға қойылмаған. Санитарлық қорғау аумағында талаптар орындалмаған. Полигон иелігіне таласу, жан-жалдасу орын алуда.

Іле ауданының орталық полигоны құрылысына 72 млн. теңге жұмсалғанымен қоршалмаған, экологиялық, санитарлық – эпидемиологиялық талаптар, ережелер орындалмаған, сонымен қатар орталық полигон жанында көршілес екі қожа шаруашылығының жер аумақтарына заңсыз түрде қалдықтар қоймалары орналастырылған және олар рұқсатсыз қызмет атқаруда.

2012 жылы сот органдарының арнайы шешімімен жабылған Іле ауданына қарасты «Первомайка» ауылының қоқыс-қалдықтар қоймасы заңсыз жасырын түрде жұмысын жалғастыруда, қоршаған ортаны ластауда.

Ұйғыр ауданының полигоны толып кеткен, полигонның қақпасына 1,5 (бір жарым) километр жетпейтін қашықтықта тұрмыстық қатты қалдықтар үйінділері жолды бітеген, жолдың екі шеті шашыранды түрде қоқыстармен толтырылған, шеті Шонжы ауылының тұрғын үйлеріне дейін жеткен. Қоқыстардың арасында мал терілері, қой сирақтары үйме-үйме болып орналастырылған, және қоқыстардың өздігінен жанып бықсуы, өртенуі орын алған. Жел ұшырған салафан пакеттер мен қапшықтар жер бетін аппақ түрге бояған.

Жоғарыда аталған аудандардың полигондарындағы кемшіліктер негізінен Ақсу, Сарқан, Райымбек ауданындағы және Текелі қалаларының полигондарында да орын алған. Қоқыс, қалдықтар үйінділерін мониторингтеу есепке алу мүлдем жүргізілмейді және оларды қабылдау бойынша тиісті рәсім, бақылау жүйелері талапқа сәйкес жолға қойылмаған.

Қарасай ауданының Жайпақ ауылының жанынан заңсыз түрде ешқандай рұқсаты жоқ – жабайы - тұрмысты қатты қалдықтар қоймасы бой көтерген.

Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінің полигонына 29,1 млн. теңге, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентінің полигонына 29,1 млн. теңге, Көксу ауданы Балпық би кентінің полигонына 89 млн. теңге, Қаратал ауданы Үштөбе қаласының полигонына 107,0 млн. теңге бюджет қаражаты жұмсалып, салынғандарымен атап өтілген кемшіліктер жоғарыда аталған аудандарда да орын алған. Есеп, мониторинг және қалдықтарды жою жұмыстары жүргізілмейді.

Айта кететін жағдай, Қарасай ауданының Әйтей аулындағы, Талғар ауданының, Талдықорған қаласының (полигон құрылысына 489 млн теңге жұмсалған) полигондары мен қоймалары басқа қала және аудандардың полигондарына қарағанда салыстырмалы түрде санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға біршама сай келеді. Меншік иелері анықталған. Сонымен қатар, тұрмыстық қатты қалдықтарды алғашқы сұрыптаудан өткізу қолға алынып, электр қуатымен, сумен және арнайы көліктермен, өлшеуіш құралдарымен қамтамасыз етілген. Талдықорған қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесінде жүріп жатқан жаңғырту жұмыстары, оның ішінде жаңа үлгідегі контейнерлермен қамтамасыз етіу, қоқыстарды жинау және бөлек жинау әдістемелерінің қолға алынуы қуантарлық жағдай.

Жалпы, облыс аумағының елді мекендерінде 370-тен астам заңсыз қоқыс үйінділерін орналастыру орындары анықталған. Олардың алып жатқан алаңы 1 мың гектардан астам жерді құрайды.

Облысымызда қауіпті улы қалдықтарды орналастыратын және көметін полигон жоқ. Іле ауданының Ақши ауылында және Көксу ауданының Мұқры ауылында орналасқан полигондар тек қана улы химикаттар мен пестицидтердің ыдыстарын сақтайды, бірақ, жойып, көмумен айналыспайды.

Сонымен қатар, салық заңнамаларының талаптары да орындалмайды, яғни қалдықтарды орналастыру үшін міндетті төлемдерді төлемеу әсерінен жергілікті бюджетке жыл сайын орта есеппен 140 млн. теңге жуық қаражат түспей отырғанын атап өткен жөн.

Қалдықтарды қабылдаудың бастапқы есептік жүйесінің жоқтығынан және көпшілік жағдайда полигондардың нақты иелерінің болмағандығынан қалдықтардың орналасуы жөнінде Алматы облысы бойынша Мемлекеттік қалдықтар кадастрын даярлау мүмкін болмай отыр.

Облыс бойынша қалдықтарды жинау және бөлек жинау жүйесі, оларды алдын-ала өңдеу және кәдеге жарату мүлде дамымаған. Қолданыстағы полигондар мен қоймаларға геологиялық, гидрогеологиялық және басқа да зерттеу жұмыстары жүргізілмей пайдалануға берілген.

Қалдықтарды сұрыптау, өңдеу үлесінің жоқтығы және филtrat пен үйінді газдарын (метанды қоса алғанда) жинауға арналған жүйенің болмауы, бұл ретте «жасыл» энергия өндіруге мүмкіндік тудырмайды.

Облыс көлеміндегі тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары мен қоймаларында, (жоқ дегенде жылына бір рет), қоқыстарды нығыздау, олардың бетін топырақ балшық кабаттарымен жабу, бөліктерді жоспарлы түрде дұрыс пайдалану технологияларының сақталуын, қоқыстардың бей-берекет шашылып, айналаны ластап, ауаны, жерді, суды бүлдіруін қадағалап отыру қажет. Жалпы алғанда, Алматы облысының климатының өзгеруіне тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары мен қоймалары көптеп әсерін тигізуде, бұл қауіпті жағдай, уақыт өте келе әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа әкеп соғуы ғажап емес.

Облыс әкімінің тұрмыстық қатты қалдықтарға қатысты тапсырмасын орындау мақсатында экология Департаментінің бастамасымен және басшылығымен 3 рет дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып өткізілді, нәтижелері тиісті хаттамалармен расталды және тиісті мекемелерге таратылып, нақты ақпараттар жинақталды, бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрді. Осы аталған іс-шаралардың нәтижелерінің қорытындысы, осы – бүгінгі басқосу.

Облысымыздағы келесі проблема Алматы қаласының сарқынды сулары топталатын «Сорбұлақ» сужинағышының жағдайы.

Елбасының «Сорбұлақ» сужинағышына тиісті 2010 жылдың 9 ақпанындағы тапсырмасына сәйкес, министрлік тарапынан «Пайда болған қолайсыз

экологиялық жағдайды азайту және су жинағыштың қабырғасының бұзылып кету қаупін болдырмау мақсатында «Сорбұлақ» көліндегі сарқынды сулар сужинағышының қазіргі жағдайын кешенді зерттеу» мәтінінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілгені баршаңызға мәлім.

Аталған проблеманы шешудің келесідей жолдары ұсынылған болатын:

1) Алматы қаласының субұру жүйесін қайта қарау, сарқынды сулардың «Сорбұлақ» сужинағышына бұруды толықтай тоқтатып, одан әрі оның бұзып кету қаупін жою.

2) Алматы қаласының акаба суларын нормативтік көрсеткіштерге дейін тазалап, қолданыстағы су бұру жүйесін жанарту жолымен Іле өзеніне бағыттау арқылы, Іле-Балқаш бассейнінде су балансын реттеп отыру көзделген. Алайда, белгіленген іс-шаралар әлі күнге дейін орындалмады, шешімін таппады. Жергілікті атқару органдары бұл мәселені аудан көлемінде қайта қарап, облыс деңгейінде шешілуін талап етулері қажет.

Облысымыздың келесі проблемасы бұл Панфилов уран кен орнының радиоактивті үйінділерінің кері әсерін жою:

Алматы облысының Панфилов ауданы аумағында бұрынғы Кенес одағының заманындағы «Волковгеология» барлау партиясына қарасты болған, гамма-сәулеленуі жоғары деңгейдегі уран кен орнының үйінділері бар.

Кен орындарына геологиялық барлау жұмыстары 1962 жылы аяқталып, анықталған уран нысандарына консервация жасалған, алайда, толық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Сол себепті, Жонғар Алатауы бөктеріндегі қайта қалпына келтірілмей қалған штольнялардың немесе уран ұнғымаларының жоғары радиоактивтілігі қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Тастанды уран ұнғымаларының қоршаған ортаға әсерін қайта бағалау қажет деп санаймыз және уран кен орындарының кері әсерін жою үшін облыстың табиғат қорғау шаралары жоспарына уран кен орындары аймағына арнаулы радиологиялық зерттеулер жүргізуді енгізу қажет деп санаймыз.

Райымбек ауданындағы «Ойқарағай» кен орнының өнімдерін пайдаланудағы олардың қоршаған ортаға әсерін анықтау, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туып отыр.

Өте шұғыл, кешіктіруге болмайтын, Кербұлақ ауданының орталығы «Сарыөзек» аулындағы экологиялық апатты жағдайға аса көңіл бөліп ретке келтіру керек.. Бүкіл ауылдың жуындылары, сарқынды су төгінділері, кәріздің ішкі дүниесі ауыл арқылы өтетін екі өзенге ешқандай бөгетсіз, сүзгісіз тікелей құйылып қосылуда, бұған қоса ауылда орналасқан әскери бөлімдердің, мекемелердің, тұрғындардың, асханалардың, моншалардың сарқын су төгінділері айтылған екі өзен арқылы Быжы өзеніне, одан кейін Көксу өзені арқылы, Балқаш көліне қосылып, жол бойы елді мекендер мен мал жайылымдарын ластауда. Сондықтан, Сарыөзек ауылының кәріз, сарқынды сулар жүйесін күрделі жөндеуден өткізу талап етіледі.

Әсем, көк майса, 3 өзен бастау алатын Текелі қаласында зәулім-зәулім, тау болып кеуіп - құрғап қалған қорғасын – мырыш қалдықтары ұнтақтарының желмен ауаға таралуы қоршаған ортаға және адамзат өміріне кері әсерін тигізуде. Үйінділер маңында ешқандай қауіпсіздік шаралары, оның ішінде арнайы қоршау, ылғалдандыру, сумен жабу, түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілмеген.

Сондықтан, Текелі қаласының экологиялық жадайын жақсарту мақсатында бұрынғы Текелі қорғасын – мырыш комбинатының өндірістен қалған қалдықтар қоймасын (хвостохранилище) рекультивациялау іс-жоспарларын құрып, бекітіп оларды іске асыру қажет.

Алматы облысында 2010 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін 351 (скотомогильниктер) мал қорымдары салынып, (жұмсалған қаражат 535 млн. теңге) қолданысқа берілген. Алайда, олардың көпшілігі санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келмейді, құжаттармен заңдастырылмаған. Қазіргі таңда атмосфералық ауаны ластаушы негізгі көздердің бірі болып табылады. Проблеманы шешу жолы: заңдастыру, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестендіріп, бір жүйеге келтіру, оларды басқаруды жандандырып қолға алу.

Тағы бір өзекті мәселе жердің тозып, құлазып, азғындануына (деградация) бұрынғы кеңес заманында ауыл шаруашылығына арналған улы химикаттар мен пестицидтер қоймалары мен үйінділері, табиғат пайдаланушылармен жер қойнауын, әсіресе карьерлерді пайдаланудағы экологиялық талаптардың сақталмауы, жер қойнауын заңсыз пайдалану фактілерінің көбейуі, егістік жерлердің түрлі, сан-алуан химиялық препараттармен улануы жердің құнарсыздануы, рұқсатсыз (стихиялы түрде) тұрмыстық қатты қоқыс - қалдықтарының бей-берекет кез келген жерге орналастырылуы, ағаштардың шамадан тыс мөлшерде кесіліп жойылуы, кіші өзендердегі сулардың тартылуы, жоғалуы, өзендер арнасының кебуі қатты әсерін тигізуде.

Соңғы кездері трансшекаралық Іле өзеніндегі су қорының азайып кетуі, су сапасының төмендігі, ластануы біршама әлеуметтік-экономикалық зардаптарға итермелеуде, оның ішінде балық және ауыл шаруашылығына, өндірістік кәсіпорындарға экологиялық сипаттағы табиғи тепе-теңдіктің және табиғи су теңгерілімінің бұзылуына әсерін тигізді және тигізуде, нәтижесінде Қапшағай және Балқаш көлдерінің экожүйесінде өзгерістер байқалуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы №577 Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасының [1], сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы «Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014-2050 жылдарға арналған бағдарламасы» [2] негізінде және Алматы облысы әкімі Баталов Амандық Ғаббасұлының тікелей берген тапсырмаларының, өткізілген арнайы жиналыстар, кездесулер мен дөңгелек үстелдердің қорытындыларының аясында талқыланған ұсыныстарды іс жүзіне асыру үшін төмендегідей іс-шараларды орындау қажет деп санаймын:

- облыс аумағында орналасқан елді мекендердегі тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары мен қоймаларына түгендеу (инвентаризация) жүргізу;

- полигондар мен қоймалар орналасқан жерлердің ауасының, суының, топырағының ластану деңгейіне арналған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, экологиялық төлқұжаттарын дайындау [3, 4, 5];

- тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, қопсыту, тасымалдау, кәдеге жарату, өндеу және көму жөнінде көрсетілген қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын жоғарылату;

- тұрмыстық қатты қалдықтарды өндеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету;

- әлемдік стандарттарға сәйкес келетін қауіпті және қауіпсіз тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын және оларды сұрыптайтын, өндейтін зауыттар салу;

- тұрмыстық қатты қалдықтар секторын жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларды қалыптастыру;

- Алматы облысының маслихатының 2013 жылғы 9 тамыздағы №21-136 шешімімен бекітілген Алматы облысы аумағын көркейту Ережесінің орындалуын қамтамасыз ету.

- орын алып отырған Іле, Панфилов, Райымбек, Кербұлақ, Текелі аудандары мен қалаларындағы, жалпы облыстағы скотомогильниктер, жердің тозуы жөніндегі экологиялық проблемалар зерделеніп, анықталуы және осы іс-шараларды жүргізіге қажетті қаржы көздері жоспарлануы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы №577 Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы «Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014-2050 жылдарға арналған бағдарламасы».
3. Грановский Э.И., Неменко Б.А. Современные методы определения тяжелых металлов и их применение для биологического мониторинга. – Алма-ата: КазНИИНТИ, 1990.–97с.
4. Андасбаев Е.С., Кенжебеков А.К., Канагатов Ж.Ж. Экологическое состояние компонентов биосферы Алматинской области: Учебное пособие. – Издательства «Алтын баспа», 2014. – 226 с.
5. Андасбаев Е.С., Кенжебеков А.К., Умирбекова Ж.Т., Джанкулдукова А.Ж. Физико-химические методы анализа компонентов природной среды. Учебно-методическое пособие. – Талдықорған: Издательский отдел «Жетісу университеті» Жетісуского государственноого университета им. И.Жансугурова, 2013.-220с.

УДК 579.26: 615.281:577.1

**АНТАГОНИСТИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА АКТИНОМИЦЕТОВ,
ВЫДЕЛЕННЫХ ИЗ ПОЧВ И РИЗОСФЕРЫ РАСТЕНИЙ ГЛИНИСТЫХ
ПУСТЫНЬ БАЛХАШСКОГО РАЙОНА**

Дауренбекова Шолпан Жумабековна, к.б.н., доцент

ЖГУ им И. Жансугурова, г.Талдықорған, shdaurenbekova@mail.ru.

Хасенова Алмагуль Хамитовна, к.б.н., с.н.с.

Институт микробиологии и вирусологии КН МОН РК, г.Алматы, k.anara@mail.ru

Балхаш ауданы батпақты шөлді жерінің өсімдік ризосферасы мен топырақ үлгісінің таза культураның актиномицеттің 285 штаммы енгізілді. Актиномицеттің антибактериальді құрамы грам оң және грам теріс бактерияларға қатысты агарлы блок әдісімен анықталды.

Актиномицеттің 17 штаммы грам оң және грам теріс бактерияларында да жоғары антагонистік құрам көрсеткішін көрсетті және микроорганизмдердің өсуді тежеу аймағының диаметрі 30 мм – ден асты. Бұл штамм болашақта микроорганизмдердің полирезистентті клиникалық штаммының биологиялық құрамын анықтауда әсер ету спектрі кең антибиотик продуценттері ретінде қызығушылық танытады.

Из образцов почв и ризосферы растений глинистых пустынь Балхашского района в чистую культуру выделено 285 штаммов актиномицетов. Антибактериальные свойства актиномицетов изучали методом агаровых блоков в отношении грамположительных и грамотрицательных бактерий.

17 штаммов актиномицетов, показали высокие антагонистические свойства как в отношении грамположительных, так и грамотрицательных

бактерий и диаметр зоны подавления роста микроорганизмов составил более 30 мм. Эти штаммы представляют интерес как продуценты антибиотиков широкого спектра действия для дальнейшего изучения их биологических свойств в отношении полирезистентных клинических штаммов микроорганизмов.

From samples of soil and plant rhizosphere clay deserts of Balkhash district in pure culture isolated 285 strains of actinomycetes. Antibacterial properties of actinomycetes studied by agar blocks related to Gram-positive and Gram-negative bacteria.

17 actinomycete strains, revealed high antagonistic properties as related to Gram-positive and so to Gram-negative bacteria and the diameter zones of inhibition of microbial growth is more than 30 mm. These strains provide interest as producers of broad-spectrum antibiotics for further study of their biological properties against multidrug-resistant clinical strains of microorganisms.

Ключевые слова: актиномицеты, антагонистические свойства, грамположительные и грамотрицательные бактерии, почва, ризосфера растений

Резистентность возбудителей инфекционных заболеваний к антибиотикам является серьезной проблемой в клинической медицине. Развитие резистентности к антимикробным препаратам у многих бактериальных патогенов делает традиционную терапию неэффективной, а это, в свою очередь, приводит к тому, что лечение инфекций становится более сложным и зачастую более дорогим [1-3]. Резистентные микроорганизмы с множественной лекарственной устойчивостью, обладая высокой вирулентностью, являются частыми возбудителями наиболее тяжелых форм госпитальных инфекций, особенно в отделениях реанимации, интенсивной терапии, кардиохирургии. Резистентность возбудителей нозокомиальных инфекций к антибиотикам является важной причиной, оказывающей влияние на летальность и потребление ресурсов. Так, установлено, что летальность при различных нозологических формах внутрибольничных инфекций колеблется от 3,5 до 60%, а при генерализованных формах достигает такого же уровня, как и в доантибиотическую эру. Быстрый рост и распространение резистентности к антибиотикам госпитальной флоры наблюдается во всем мире, но этот процесс происходит неравномерно. Грамотрицательные и грамположительные микроорганизмы являются основными возбудителями нозокомиальных инфекций и поочередно занимают лидирующее положение в этиологии инфекционных заболеваний. Наиболее проблемными микроорганизмами являются резистентные к метициллину *S.aureus* (MRSA) и грамотрицательные бактерии — продуценты β -лактамаз расширенного спектра (ESBLs), так как именно они обладают резистентностью ко многим антибиотическим веществам [4-5].

В настоящее время труднее, чем когда-либо раньше, элиминировать инфекцию, вызванную «супермикроорганизмами», резистентными к антибиотикам. Эта проблема усугубляется скудными разработками новых антимикробных препаратов с антибактериальной активностью против мультирезистентных грамположительных и грамотрицательных микроорганизмов. Именно поэтому необходимы согласованные усилия научных исследований, медицинских организаций и правительств на то, чтобы преодолеть глобальные последствия антибиотикорезистентности в будущем. В условиях растущей актуальности множественной резистентности к лекарствам и отсутствия антибиотиков с новыми механизмами действия необходимы разработки новых лекарственных средств. В последние годы во всем мире регистрируется значительный рост устойчивости возбудителей внебольничных и нозокомиальных инфекций к антимикробным

препаратам. Наблюдается неуклонный рост заболеваний бактериальной природы, которые еще недавно успешно лечились. Так, резко возросла летальность при сепсисе (до 70%), при туберкулезе и пневмониях, поскольку их возбудители приобрели резистентность к применяемым для их лечения антибиотическим препаратам [1-3].

Появление антибиотикоустойчивых штаммов бактерий снижает терапевтическую эффективность антибиотиков. Согласно данным французских исследователей за 2007 г., почти 70% инфекций в отделении интенсивной терапии (ОИТ) вызывают микроорганизмы, резистентные к одному или более антибиотикам [4]. Более половины возбудителей ангиогенных инфекций является грамположительными бактериями, среди них 26,4% штаммов резистентны ко всем стандартным антибиотикам [5]. Уже встречаются штаммы *S. aureus* и *S. epidermidis*, имеющие сниженную чувствительность к гликопептидам, и описаны штаммы MRSA, резистентные к ванкомицину [6, 7].

Увеличение числа инфекций, вызванных грамотрицательными бактериями, сопровождается повышением темпов резистентности. По данным американских исследователей приблизительно 20% инфекций, вызванных *K. pneumoniae*, и 31%, обусловленных *Enterobacter sp.*, в отделениях интенсивной терапии США развиваются с участием штаммов, не чувствительных к цефалоспорином 3-го поколения [8].

В связи с этим поиск новых препаратов является одной из главных задач молекулярной биотехнологии. Такой поиск проводится на основе высокопроизводительного скрининга синтетических химических веществ или продуктов метаболизма микроорганизмов.

Целью работы является изучение антагонистических свойств актиномицетов из аридных зон Казахстана и отбор перспективных штаммов с высоким уровнем антагонизма против грамположительных и грамотрицательных бактерий.

Материалы и методы

Объектами исследований являлись 285 штаммов актиномицетов, выделенных в чистую культуру из образцов природных субстратов глинистых пустынь Балхашского района. Антагонистические свойства штаммов актиномицетов изучали при культивировании на двух агаровых средах: минеральном агаре 1 Гаузе и овсяном агаре при температуре 28° в течение 10 суток. Антибактериальные свойства актиномицетов изучали методом агаровых блоков в отношении грамположительных *Bacillus subtilis* ATCC 6633 (*B. subtilis* ATCC 6633) и грамотрицательных *Comamonas terrigena* ATCC 8461 (*C. terrigena* ATCC 8461) бактерий [9]. Об уровне антимикробной активности судили по диаметрам зон задержки роста тест-культур вокруг агаровых блоков. Диаметр зоны ингибирования роста измеряли после инкубирования бактериальных тест-микроорганизмов при температуре 37°С в течение 24 часов.

Для математической обработки результатов использовали стандартные методы нахождения средних значений и их средних ошибок [10].

Результаты и их обсуждение

Из образцов почв и ризосферы растений глинистых пустынь Балхашского района в чистую культуру выделено 285 штаммов актиномицетов. Данные по изучению антагонистических свойств актиномицетов против *B. subtilis* ATCC 6633 и *C. terrigena* ATCC 846 приведены в таблице 1. Активность штаммов актиномицетов в диапазоне от 10-20 мм не включена в таблицу.

Таблица 1 – Антагонистические свойства актиномицетов, выделенных из почв и ризосферы растений глинистых пустынь Балхашского района

Номер штамма	Диаметр зоны подавления роста тест-микробов, мм	
	<i>Bacillus subtilis</i> ATCC 6633	<i>Comamonas terrigena</i> ATCC 8461
1	2	3
Такыры		
T2/7	23±0,2	28±0,2
T7/2	25±0,1	20±0,1
T1/4	29±0,1	20±0,3
T6/11	46±0,1	40±0,3
T5/2	33±0,3	29±0,1
T 2/5	26±0,1	35±0,4
T 6/7	45±0,2	45±0,1
T3/4	36±0,3	32±0,2
T8/4	25±0,1	20±0,1
T2/8	29±0,2	22±0,3
T2/2	37±0,2	35±0,2
T5/2	33±0,1	29±0,1
T6/1	49±0,2	48±0,4
T1/7	29±0,3	24±0,2
T2/9	28±0,1	20±0,1
T3/1	21±0,2	18±0,2
Такыровидная почва		
Tв1/1	24±0,2	21±0,3
Tв3/7	22±0,1	20±0,1
Tв7/1	23±0,2	20±0,3
Tв2/6	39±0,3	26±0,2
Tв1/5	28±0,1	21±0,1
Tв2/2	38±0,2	36±0,4
Tв1/9	26±0,1	20±0,2
Tв5/2	28±0,2	28±0,1
Tв7/4	43±0,1	32±0,3
Tв5/4	20±0,3	22±0,2
Tв7/2	35±0,3	33±0,1
Tв1/110	27±0,1	20±0,1
Tв7/7	39±0,2	21±0,2
Tв7/11	25±0,1	18±0,2
Tв8/3	26±0,3	25±0,1
Tв4/2	23±0,1	28±0,3
Tв3/5	23±0,2	27±0,2
Tв3/1	33±0,2	37±0,1
Tв2/7	45±0,4	29±0,2
Tв8/5	33±0,1	32±0,1
Ризосфера растений такыровидных почв		
Tв2P1	39±0,2	35±0,1

Тв1Р3	20±0,1	20±0,2
Тв7Р5	25±0,1	25±0,1
Тв5Р8	45±0,3	40±0,2
Тв3Р7	22±0,1	21±0,2
Тв3Р9	29±0,2	38±0,3
Тв2Р3	22±0,1	20±0,1

Из такыров в чистую культуру было выделено 85 штаммов, из такыровидных почв Балхашского района - 90 штаммов, из ризосферы растений такыровидных почв - 110 штаммов актиномицетов. Из них 81 штамм (24,8%) проявил антагонистические свойства в отношении *B. subtilis* ATCC 6633 и 62 штамма (21,7%) - в отношении *S. terrigena* ATCC 8461.

Диаметр зоны подавления роста тест-микроорганизмов более 20 мм имели 43 штамма актиномицетов. Наибольшей активностью в отношении *B. subtilis* ATCC 6633 (49 мм) и *S. terrigena* ATCC 8461 (48 мм) обладал штамм Т6/1, выделенный из такыров. Штаммы Т6/7, Т6/11, Тв5Р8 имели высокую активность как в отношении *B. subtilis* ATCC 6633, так и в отношении *S. terrigena* ATCC 8461 (диаметр зоны подавления роста тест-микроорганизмов более 40 мм). Диаметр зоны подавления роста тест-микроорганизмов более 30 мм имели штаммы Т5/2, Т3/4, Т2/2, Т5/2, выделенные из такыров; штаммы Тв2/6, Тв2/2, Тв7/2, Тв7/7, Тв3/1, Тв8/5, выделенные из такыровидных почв и штаммы Тв2Р1, Тв3Р9, выделенные из ризосферы растений такыровидных почв.

Установлено, что наибольшее количество активных актиномицетов выделено из образцов такыровидных почв. Наиболее высокой активностью обладали актиномицеты, выделенные из такыров. 17 штаммов актиномицетов, показавшие высокие антагонистические свойства, как в отношении грамположительных, так и грамотрицательных бактерий, отобраны для изучения биосинтеза антибиотиков и их биологических свойств в отношении клинических полирезистентных штаммов микроорганизмов. Исследование антибиотиков широкого спектра действия, образуемых выделенными актиномицетами, является перспективным для обнаружения лекарственных соединений, принадлежащих к новым химическим классам и обладающих новыми механизмами действия на возбудителей инфекций.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Gómez J., García-Vázquez E., Baños R. Predictors of mortality in patients with methicillin-resistant *Staphylococcus aureus* (MRSA) bacteraemia: the role of empiric antibiotic therapy // *Eur. J. Clin. Microbiol. Infect. Dis.* - 2007. - Vol. 26, № 4. - P. 239—245.
- 2 Sakoulas G., Moellering R. C. Increasing antibiotic resistance among methicillin-resistant *Staphylococcus aureus* strains // *Clin. Infect Dis.* - 2008. - Vol. 1, № 46. - P. 360-367.
- 3 Колбин А.С., Сидоренко С.В., Балыкина Е.Ю. Социально-экономические аспекты приобретенной бактериальной резистентности // *Клиническая фармакология и терапия.* -2010. - № 5. – С. 16-22.
- 4 Evren E., Azap O. K., Çolakoğlu Ş., Arslan H. In vitro activity of fosfomycin in combination with imipenem, meropenem, colistin and tigecycline against OXA 48-positive *Klebsiella pneumoniae* strains // *Diagn. Microbiol. Infect. Dis.* - 2013. - Vol. 76, № 3. - P. 335-338.

5 Hu Y., Shamaei-Tousi A., Liu Y., Coates A. A new approach for the discovery of antibiotics by targeting non-multiplying bacteria: a novel topical antibiotic for staphylococcal infections // PLoS One. - 2010. Vol.5, № 7. - P. 1818-1825.

6 Peterson L. R. Squeezing the antibiotic balloon: the impact of antimicrobial classes on emerging resistance // Clin. Microbiol. Infect. - 2005. - Vol. 11, № 5. - P. 4-16.

7 Abdelhady W., Bayer A. S., Seidl K. Reduced vancomycin susceptibility in an in vitro catheter-related biofilm model correlates with poor therapeutic outcomes in experimental endocarditis due to methicillin-resistant Staphylococcus aureus // Antimicrob. Agents. Chemother. - 2013. - Vol. 57, № 3. - P. 1447-1454.

8 Werth B. J., Vidailac C., Murray K. P. Novel combinations of vancomycin plus ceftaroline or oxacillin against methicillin-resistant vancomycin intermediate Staphylococcus aureus (VISA) and heterogeneous VISA // Antimicrob. Agents Chemother. - 2013. - Vol. 57, № 5. - P. 2376-2379.

9 Егоров Н.С. Основы учения об антибиотиках. - М.: Наука, 2004. - 528 с.

10 Урбах В.Ю. Статистический анализ в биологических и медицинских исследованиях. - М., 1975. - 295с.

ӘОЖ 504.06

**ТЕКЕЛІ ТАУ КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫНЫҢ САҚТАУ
ҚОЙМАЛАРЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТА
КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІН ЗЕРТТЕУ**

Шолпан Жұмабековна Дауренбекова, б.ғ.к., доцент

Жемісжан Саттибековна Имангазинова, магистр, аға оқытушы

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Gema.232@mail.ru*

Мақалада Текелі қаласының ААҚ «Казцинк» тау кен байыту комбинатының қалдық сақтау орындарындағы ауыр металдар мөлшерінің қоршаған орта компоненттеріне зияны әсерін зерттеу мәліметтері келтірілген.

В статье представлены данные по исследованию содержания тяжелых металлов хвостохранилища ОАО «Казцинк» горно-обогатительного комбината города Текели и их влияние на компоненты окружающей среды.

The article presents research data of a hard metal content of the tailing JSC «Kazzink» mining processing plant of Tekeli city and their influence on environment components are presented in article.

Кілтті сөздер: ауыр металдар, антропогенді жол, биомасса, ассимиляция, метаболизм, ШРК-шектеу рұқсат етілген концентрация, морфологиялық деформация.

XXI ғылым мен техникасының дамуы өндіріс орындарының жедел өсуіне жағдай жасады. Осыған байланысты қоршаған ортаға химиялық элементтердің түсуі мен таралуы және олардың тірі ағзаларға зиянды әсерін зерттеу өзекті мәселелер қатарына жатады. Қазіргі кездегі басты мәселелердің бірі – ауыр металдардың тірі ағзаларға әсерін әлсірету. Ауыр металдардың қоршаған орта компоненттеріне таралуы тек табиғи жағдайда ғана емес, сонымен қатар, антропогенді жолмен де қарқынды түрде жүзеге асуда.

Ауыр металдармен ауаның, судың және топырақтың ластануы Қазақстанның ірі өндірістік орталықтарында да өзекті мәселе. Осыған орай қоршаған ортаны қорғау мамандарының алдына қойылып отырған бірінші мәселе – ауыр металдардың қоршаған ортадағы жалпы және белсенді мөлшерін анықтау. Екінші мәселе – табиғи нысандардың ластану деңгейін болжау мақсатында ластаушы заттардың таралуына қарапайым модельдерін жасау. Үшінші кезекте – ластанудың әсерлеріне жол бермеу мақсатында ауыр металдарды ғылыми түрде залалсыздандыру және нормалау. Сондықтан қоршаған ортаны ауыр металл иондарынан тазарту және оны сақтау өзекті мәселе болып саналады.

Ластанған қоршаған ортаны қайта қалпына келтірудің физикалық, химиялық және биологиялық жолдары белгілі. Олардың ішінде физикалық немесе химиялық әдістермен топырақты тазарту қымбатқа түседі. Қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру, әсіресе, топырақты ауыр металдардан мұндай жолмен тазарту тиімсіз. Осы келтірілген әдістердің ішіндегі тиімдісі – биологиялық әдіс. Әсіресе, ластанған ортаны өсімдіктер көмегімен қайта қалпына келтіру жолдарын жасау соңғы жылдары дамуда.

Ауыр металдар арасында «улы» сөзінің түсінігі тек ауыр металдардың жеке түріне ғана қатысты емес, олардың ортадағы концентрациясына байланысты. Сонымен қатар, ауыр металдардың қоректік ортадағы өсімдіктерге улы әсер ету концентрациясына байланысты төмендегідей қатарға жіктеледі:

1. Өте улы 1 мг/л-ден төмен концентрациясында Ag, Be, Hg, Sn, Cd, Ni, Pb;
2. Орташа улы 1 мг/л-ден 100 мг/л аралықтағы концентрация As, Se, Al, Ba, Co, Cu, Cr, Fe, Mn, Zn;
3. Улы әсері төмен 100 мг/л Ca, Mg, Sr, Li.

Ауыр металдарда «өзін-өзі» тазарту ұғымы қолданылмайды, олар қоршаған ортада ыдырамайды. Олардың жартылай тазартуының алғашқы кезеңі әр элемент үшін әртүрлі және ұзақ уақытты қажет етеді, мысалы, мырыш 70-310 жылға дейін, мыс 310-1500 жыл, кадмий 13-110 жыл, қорғасын 740-5900 жылды қажет етеді. Бұл көрсеткіштер топырақ түріне, олардың рН-қа және тағы басқа қасиеттерге байланысты өзгеріп отырады.

Атмосфераға таралған ауыр металдарды өсімдіктер жапырағы арқылы ауадан қабылдаса, тамыр арқылы топырақтан сіңіреді. Ауыр металдардың өсімдіктерге сіңірілуін тамыр мен жапырақ арасындағы қатынасын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған. Өсімдіктер ауыр металдарды ассимиляциялаушы ұлпаларымен көп сіңірмейтіндігі, олардың өсімдікке негізгі түсу жолы тамыр екендігін білдіреді. Ауыр металдардың өсімдік тамырымен сіңірілуінің бір-біріне тәуелсіз екі жолы активті (метаболиттік) және пассивті (метаболиттік емес) болады.

Ауыр металдардың топырақта көп мөлшерде болуы оларға сезімтал өсімдік түрлерінің жойылуына және белгілі бір аймақтағы өсімдіктердің азайып кетуіне әкеледі. Ауыр өндірістік орындардың дамуына байланысты табиғатта «техногенді аймақтар» пайда болады. Табиғатта ауыр металдардың көп мөлшерде болуынан өсімдік түрлерінің осы жағдайда тек төзімділері ғана қалады. Қоршаған ортадағы химиялық төтенше жағдайларға өсімдіктердің бейімделуі мен табиғи сұрыпталуын популяциялар ішіндегі организмдердің биохимиялық және физиологиялық өзгергіштігін анықтайды. Ауыр металдармен ластанған аймақтарда өсімдіктердің төзімділігі арта түседі де, төзімсіз және сезімтал түрлері толығымен құрып кетеді.

Ауыр металдардың өсімдіктерге әсерінің алғашқы және жалпы белгілері – өсімдіктің өсуі және биомасса жинақталуының төмендеуі, хлороз, некроз пайда болуы және осының салдарынан өсімдіктің өнімі мен сапасы төмендейді. Ауыр металдар өсімдіктің тамыры мен жер үсті мүшелерінің өсуін тежейді. Көптеген

зертеушілірдің мәліметтеріне қарағанда тамырдың өсуі көбірек тежеледі, тамыр түктерінің саны және биомассасы азаяды.

Ауыр металл әсерінен алдымен тамырдың меристема аймағы, содан кейін созылу және тамыр түктерінің түзілуі жүретін аймағының жасушалары бұзылады. Ауыр металдар әсері күшті және ұзақ болса өсімдіктің тіршілік қабілеті жойылады. Тамырдың қоректік заттарды сіңіру қабілетінің төмендеуі, өсімдіктің өсуін, дамуын тежеп тіршілігін тоқтауға әкеледі. Ауыр металдар өсімдіктің жер үсті мүшелерінің өсуін де тежейді, мұның салдарынан ассимиляциялаушы мүшелерінің дамуы бұзылып, өсімдіктің құрғақ биомассасы төмендейді. Атмосфераның металдармен ластауында және металға бай биогеохимиялық аймақтарда өскен өсімдіктерде жапырақ тақтасының ұзақтығы, қыртыстануы және деформациялануы сияқты морфологиялық өзгерістер байқалады. Мұндай морфологиялық өзгерістер өсімдіктегі метаболизм процесінің бұзылуына байланысты. Ауыр металдар барлық физиологиялық процестерге әсер етеді, бірақ жеке процестердің металдарға сезімталдығы әр түрлі. Қазіргі олардың бір процеске әсері тікелей немесе жанама екендігі анық емес. Жасуша метаболизмінің металл әсерінен туған өзгерісінің маңызды бір белгісі – бірқатар ферменттердің белсенділігінің өзгеруі.

Текелі кен байыту комбинаты Талдықорған қаласынан 50 км қашықтықта Текелі қаласында орналасқан. Текелі кен байыту комбинаты нысандары 8 өндірістік аудандардан тұрады, оның ішінде 5-і Текелі қаласында орналасқан. Текелі кен байыту комбинаты ОАО «Казцинк» құрамына келесідей «Текелінің руднигінің карьері, байыту фабрикасы, қалдық сақтау орны, рельсті қойма, орталық жөндеу орны, әк шығаратын өндіріс орталығы, автотранспорттық цех» кіреді. Комбинат 1936 жылы құрылып, 1944 жылы жұмысқа қосылған. 1967 жылы 50-жылдық қазан көтерілісі атындағы Текелі мырыш-қорғасын комбинаты деп аталды. 2010 жылдан бастап Текелі кен байыту комбинаты деп өзгертілді. 1990 жылдары комбинат «Казцинк» құрамына кіреді. 2004 жылдан бастап темір жол арқылы тасымалдайтын шикізаттарын тасымалдауын тоқтатты. 2008 жылы дағдарысқа байланысты комбинат жұмысын тоқтатқан. 2009 жылдың соңында комбинат қайтадан жұмыс жасай бастады. 2010 жылдың соңында комбинат қайтадан жабылды.

1990-жылдардың басында фабрикада жылына 1 млн.тонна кен өндірілген. 1990-жылдардың соңында оның қарқындылығы жылына 1200 мың тоннаға төмендеген. 2001 жылы 450 мың т/жыл өндіру жоспарланып, бұл жылдық көлемінің 37,5% құрады. Байыту фабрикасы Текелі қойнауының қорғасын-мырыш кенін өңдейді. Текелі қойнауындағы кенді минерализацияның сипатына қарай полиметалды және пиритті кендерге бөлінеді. Бұл кендердің формациясы – қорғасын-кенді.

Фабрикада қорғасын-мырыш кендері флотация әдісі арқылы байытылады. Текелі қойнауын өңдеудің технологиялық сызбасы: ыдырату – бөлшектеу – флотация – қоюландыру – сүзу. 2001 жылы комбинаттың кендерін байыту технологиясы бұрынғы принциппен жұмыс жасай берді.

Текелі кен байыту комбинатының ААҚ «Казцинк» жер аймағында 191,4 гектар аумаққа Текелі қаласының №443 13.04.1988 жылғы жарлығы бойынша қалдық сақтау орны орналасқан. Текелі кен байыту комбинатының қалдық сақтау орны байыту фабрикасының өндіріс алаңынан солтүстік-батысқа қарай 5 км қашықтықта орналасқан. Жақын жердегі үйлер солтүстік батысқа қарай 1200 м жерде орналасқан. Оңтүстік-батыс жағында саяжайлар бар. Санаторийлер, демалыс үйлері, мектеп және бала-бақшалар жақын маңайда орналаспаған.

Қалдық сақтау орнының дамбалары бастаушы тәрізді. Байыту қорлары байыту фабрикаларынан магистралды құбырлары арқылы құбырлы №1 станцияға зумпорға түседі. Ары қарай құбыр насостары арқылы №2 насосты станциядан өтіп,

құрау дамбалары арқылы қалдық сақтау орнына жетеді. Текелі байыту фабрика құрамына қалдық сақтау орнынан 150-200 м жерде орналасқан сұйық фазалы ауыр металдардан, цианидтерден, радонидтерден тазалайтын алты секциялы биологиялық су қоймасы орналасқан.

Биологиялық су қоймаларындағы суды тазарту жүйесі судың өздігінен тазартуында, яғни, аралас микрофлораның қасиеттеріне негізделген. Су қоймаларында тазартылған сулар ұзындығы 1600 м болатын каналдар арқылы жинағыш құдыққа түседі.

Сақтау қоймаларының аймағында топырақ сұр және кара-қоңыр түсті. Осы аймақта кешенді жұмыс істегендіктен, ауыр металдардың топырақтың беткі қабатында жинақталуына әкеліп соқтырады. Ауыр металдармен басты лаस्ताушылардың Текелі және Талдықорған топырағындағы таралуы басты мәселесі болып тұр. Қаратал өзенінің аймағында қорғасынмен басты лаस्ताушы байыту комбинатының сақтау қоймалары. Қорғасынның негізгі массасы кенді алғаннан кейінгі қалған заттар күл ретінде шығады. Қорғасын мен мырыштың күлге дейінгі топырақ құрамын зерттегенде 1 кг-нан 5 мг қорғасын және 15 мг мырыш қоршаған ортаға шығатыны айқындалған. Талдықорған және Текелі аймақтарындағы топырақтың жартысы қорғасынның аз мөлшерінен бастап көп мөлшеріне дейін ластанған. Аз ластанған топырақтар – 32,6%, орташа ластанған – 10,8%, қатты ластанған – 2,7%, өте қатты ластанған – 1,4% аумақты алып жатыр (1 Кесте).

Текелі және Талдықорған аймақтарының Қаратал өзенін қорғасынмен ластануы

1 Кесте

№	Техногенді территориялар және топырақ	Аудан, га	Ластанған жер көлемі %
1	Сақтау қоймалары	70,0	0,1
2	Қарабұлақ қант зауытының қоймалары	120,0	0,2
3	Ластанбаған топырақ	226235,0	52,2
4	Аз ластанған топырақ	16400,0	32,6
5	Орташа ластанған топырақ	5437,5	10,8
6	Қатты ластанған топырақ	1300,0	2,7
7	Өте қатты ластанағн топырақ	687,5	1,4
8	Барлығы	50250,0	100,0

Текелі аймағынан тас жерлерде әлсізден (қорғасын мөлшері 1-ден 2 ШРК), орташаға (2-4 ШРК) дейін ластанған. Өте көп ластанған жерлер комбинаттың сақтау қоймалары және одан оңтүстік-батыс аймақтарға келеді. Талдықорған қаласының оңтүстік шекарасында қатты ластанған топырақтар ауытқулары (қорғасын 6 ШРК-дан аса) кездеседі.

Ауыр металдардың өзен тұнбаларында кездесуі (геологтардың мәліметтері бойынша)

2 Кесте

Өзен алқаптары	мыс	қорғасын	мырыш	никель	кадмий
Қаратал өзенінен биіктеп Балқаш өзеніне дейін	4,0-14,7 мг/кг	9,2-55,58 мг/кг	13-145 мг/кг	19,7-84,2 мг/кг	0,25-0,75 мг/кг

Текелі-Көксу аралығы	30,3-38,4 мг/кг	19,7-21,9 мг/кг	90,5-98,7 мг/кг	-	-
----------------------	-----------------	-----------------	-----------------	---	---

Бұл көлік торабы және қорғасын аккумулятор зауытының орналасуына байланысты. Оңтүстік-батыс жағында аз ластанған топырақ 12-15 км (2 кесте).

Қаратал өзені алқабының ауыр металмен ластануы және олардың пайдалану мәселесі әлі толық зерттеулерді талап етеді. Қорғасынның қозғалмалы түрінің топырақтан өсімдіктерге ауысуы жүреді.

Текелі кен байыту комбинатының сақтау қоймалары аймағындағы қоршаған ортаның өзгеруін зерттеу барысында осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеу материалын қарастырдық. 1998 жылға дейін зерттеулер бойынша комбинат бойынша қоршаған ортаны бақылау жайында мәліметтер жоқ. Текелі кен байыту өндіріс фабрикасы ААҚ «Казцинк» бірінші рет қоршаған ортаны ластану деңгейін 1998 жылы жүргізген. 1999 жылы қолданбалы экология Қазақ Агенттігі зерттеулер жүргізген. Жер асты сулар анализін Талдықорған гидрогеология жүргізген. Онда жер асты және жер үсті суларының талдауы берілген (3 кесте). Сандық белгілері ретінде шаруашылық суларының сапасы көрсетілген. Ондағы судың сапасына екі ластану дейгейі қойылған:

1. Шекке дейін – табиғатта концентрациясы ластаушы заттардың артық болуы;
2. Шектен тыс – ПДК концентрациясы бойынша ластаушы заттардың артық болуы.

Текелі кен байыту комбинатының ААҚ «Казцинк» қалдық сақтау орны ағын суларының талдау нәтижесі

3 Кесте

№	Аты	Биологиялық су қоймасынан өзенге лақтыру, мг/л	ПДС, мг/л
1	Өлшенген заттар	28,35	47,6
2	Сульфаттар	177,37	283,9
3	Хлоридтер	2,87	300
4	Цианид	0,015	0,1
5	Радонид	0,066	0,77
6	Мыс	0,0102	0,014
7	Мырыш	0,016	0,039
8	Қорғасын	0,04	0,1
9	Жалпы темір	0,026	0,25
10	Құрғақ тұнба	379,15	1000
11	Аммоний	0,371	-

Қорыта айтқанда, Текелі кен байыту комбинатының сақтау қоймалары аймағында ауыр металдардың топырақ, ауа, су қоймаларында зиянды концентрациясы табылды. Ол өз бетімен жойылмайды. Алдағы уақытта ауыр металдардың өсімдіктерге қандай әсер тигізіп жатқаны зерттеуді талап ететін нысан болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Овчаренко М.М. Тяжелые металлы в системе почва-растение-удобрение. // Химия в сельском хозяйстве. – 1995. – с. 4.
2. Ильин В.Б., Гармаш Г.А., Гармаш Н.Ю. Влияние тяжелых металлов на рост, развитие и урожайность. //Агрохимия, №6. – с. 90-100.

Высокогорные темноцветные торфянистые почвы располагаются на горных склонах различных экспозиций и выровненных поверхностях в субальпийском поясе, занимая от 10 до 50 % поверхности, развиваются из горно-луговых субальпийских или высокогорных лугово-степных почв в результате поселения и векового произрастания на них арчи. В зависимости от того, среди каких и из каких почв формируются высокогорные темноцветные почвы, они сохраняют в известной мере, особенно в нижних горизонтах, признаки исходных почв. В целом они являются высокогорными аналогами горно-лесных темноцветных почв хвойных лесов. Почвообразование протекает на фоне короткого вегетационного периода, низких температур, большого количества наземного растительного опада, который накапливается в виде органогенного поверхностного горизонта, состоящего сверху из неразложившегося опада арчовой хвои, глубже гумифицированного и образующего торфянистый, а еще ниже перегнойно-торфянистый горизонт. Опад арчи богат щелочно-земельными основаниями.

Горно-лесные темноцветные почвы почти повсеместно распространены в пределах общего северного склона Жетысуского Алатау. Они развиваются в верхнем поясе лесо-лугово-степной зоны на крутых склонах северных, северо-восточных и северо-западных экспозиций. В условиях сильно расчленённого рельефа образуют сплошной пояс. При развитии сглаженного рельефа исчезают, приурочиваясь в этом случае к крутым склонам речных долин, по которым проникают далеко вглубь слаборасчлененных горных массивов. Наибольшее распространение получили горно-лесные темноцветные кислые почвы, вскипающие от HCl за пределами гумусового горизонта. Глубокооподзоленные почвы тяготеют к более увлажненным районам.

Горно-лесные темно-серые почвы.

Горно-лесные темно-серые почвы формируются в нижнем ярусе среднегорного рельефа на крутых северных склонах в средней части лесо-лугово-степной зоны на абсолютных высотах 1350 (1400) - 1700 (1750) м. Они редко образуют сплошной пояс, чаще всего залегают в комбинациях, в том числе и экспозиционных сопряжениях с горными черноземами выщелоченными, горно-лесными черноземовидными, горными лугово-степными почвами. Лишь в районах аулов Лепси, Тополевки мелколиственные леса образуют сплошные массивы.

Почвообразующие породы представлены лессовидными и элювиально-делювиальными щебнистыми суглинками.

Почвы содержат в поверхностном горизонте значительное количество гумуса (7-17 %), резко снижающееся вглубь и имеют широкое отношение углерода к азоту в верхнем горизонте (11-12), суживающееся вниз по профилю до 7-8.

Горно-лесные черноземовидные почвы.

Горно-лесные черноземовидные почвы распространены в нижней части лесолугово-степной зоны в пределах основного хребта Жетысуского Алатау на абсолютных высотах 1200 (1250)-1350 (1400) м в условиях низкогорного, реже среднегорного рельефа. Они формируются как на однородных лессовидных суглинках, так и на элювиально-делювиальных щебнистых, подстилаемых рухляком плотных пород.

Среди горно-лесных черноземовидных почв в основном распространены выщелоченные разности. Профиль имеет черноземовидный облик. Общая мощность гумусового горизонта (A+B) составляет 70-100 см.


Горные лесолуговые почвы.

Горные лесолуговые почвы - это "луговые почвы пояса хвойных лесов" (Соколов и др., 1962). Они формируются на крутых, реже покатых склонах северных и близких к ним экспозиций в верхней части лесолугово-степной зоны там, где нет условий для произрастания леса или где он был сведен, и залегают в комбинациях с горно-лесными темноцветными, горными лугово-степными и горно-степными термоксероморфными выщелоченными почвами. Общая мощность гумусового горизонта составляет 50-75 см. Гумусовый горизонт переходит в выщелоченную почвообразующую породу желто-бурого или бурого цвета или непосредственно подстилается коренной породой. Профиль горных лесолуговых почв обычно выщелочен от карбонатов.

В данной научно-исследовательской работе для анализа почвы на содержания тяжелых металлов использовался метод атомно-абсорбционной спектроскопии на приборе марки МГА-915 МД.

Атомно-абсорбционный анализ (атомно-абсорбционная спектрометрия), метод количественного элементного анализа по атомным спектрам поглощения (абсорбции). Принцип работы прибора следующий:

Через слой атомных паров пробы, получаемых с помощью атомизатора (см. ниже), пропускают излучение в диапазоне 190-850 нм. В результате поглощения квантов света атомы переходят в возбужденные энергетические состояния. Этим переходам в атомных спектрах соответствуют т. наз. резонансные линии, характерные для данного элемента. Согласно закону Бугера –Ламберта -Бера, мерой концентрации элемента служит оптическая плотность $A = \lg(I_0/I)$, где I_0 и I - интенсивности излучения от источника соответственно до и после прохождения через поглощающий слой.



Принципиальная схема пламенного атомно-абсорбционного спектрометра: 1-источник излучения; 2-пламя; 3-монохроматор; 4-фотоумножитель; 5-регистрирующий или показывающий прибор.

Приборы для атомно-абсорбционного анализа - атомно-абсорбционные спектрометры -прецизионные высокоавтоматизированные устройства, обеспечивающие воспроизводимость условий измерений, автоматическое введение проб и регистрацию результатов измерения. Атомно-абсорбционный спектрометр марки МГА-915 МД с электротермической атомизацией и Зеемановской коррекцией фона предназначен для измерения концентраций тяжелых металлов (показан на рисунке 1).



Рисунок 1. Прибор МГА-915 МД

Высокая селективность связана с использованием высокоэффективного варианта селективного атомно-абсорбционного анализа - Зеемановской модуляционной поляризационной спектроскопии. Анализатор МГА-915 МД, благодаря своей высокой селективности, позволяет определять содержание широкого круга элементов в пробах самого разного состава - без или с минимальной пробой подготовкой.

Полученные экспериментальные результаты представлены в таблице 1.

Таблица-1. Концентрации тяжелых металлов в почвах кардонов ГНПП Жонгар-Алатау за 2012-2013 годах.

№ п/п	Название кардонов	Тяжелые металлы	Концентрации тяжелых металлов в мг/кг по годам		ПДК, мг/кг
			2012	2013	
1	Кардон Никонова	Pb	28,062	21,200	32,000
		Cd	0,411	0,420	0,500
		Cu	5,205	2,000	3,000
		Zn	18,917	18,500	23,00
2	Река Саркан	Pb	7,540	23,100	32,000
		Cd	0,128	0,440	0,500
		Cu	0,418	2,800	3,000
		Zn	12,090	18,800	23,00
3	Улкен	Pb	15,080	21,400	32,000
		Cd	0,240	0,460	0,500
		Cu	1,203	2,400	3,000
		Zn	8,670	20,500	23,00
4	Зона отдыха	Pb	6,380	21,820	32,000

	Cd	0,112	0,410	0,500
	Cu	0,144	2,240	3,000
	Zn	4,250	19,900	23,00

Анализ данной таблицы показывает, что в кардоне Никонова концентрация меди превышает значение ПДК в 1,73 раза. По остальным тяжелым металлам в пробах почвы из разных кардонов превышений ПДК не наблюдается.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Ивашенко А.А. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. – Алматы: «Алматыкітап», 2006.- 284 б.
2. Грановский Э.И., Неменко Б.А. Современные методы определения тяжелых металлов и их применение для биологического мониторинга (аналитический обзор). Алма-Ата: КазНИИНТИ, 1990.- 97 с.
3. ГОСТ 17.4.402-84 Охрана природы. Почвы. Методы отбора и подготовки проб для химического, бактериологического, гельминтологического анализа.
4. Кенжебеков А.К., Андасбаев Е.С., Есенгабылов И.Ж., Умирбекова Ж.Т., Джанкулдукова А.Ж. Химия окружающей среды: Учебное пособие.- Талдықорған: ЖГУ им. И.Жансугурова, 2013
5. Андасбаев Е.С., Кенжебеков А.К., Умирбекова Ж.Т., Джанкулдукова А.Ж. Физико-химические методы анализа компонентов природной среды: учебно-методическое пособие – Талдықорған: ЖГУ имени Жансугурова, 2013.

□О□ 612.825.8

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АУРУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛИСТІК-ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ АРАҚАТЫНАСЫ ТУРАСЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАС

Н.Н. Смайл, медицина ғылымдарының докторы, профессор

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

Мақала денсаулық пен ауру құбылыстарының материалистік-диалектикалық арақатынасы турасындағы көзқарасты сипаттайды, аурудың сыртқы және ішкі себептерінен, даму механизмдерінен, клиникалық белгілері мен салдарларынан мағлұмат береді.

Статья посвящена диалектико-материалистическому представлению соотношения здоровья и болезни, внешних и внутренних причин, процессов развития, клинических проявлений и исходов болезни.

The article is sanctified to presentation of correlation of health and illness, external and internal reasons, processes of development, clinical displays and ends of illness.

Кілт сөздер: денсаулық, ауру, сырқат, себеп-салдар, бейімделгіштік, тітіркендіргіш, морфологиялық-функциялық деңгейлер, реактивтілік, конституция, дерттік реакция, дерттік процес, дерттік күй, аурудың ағымы, аурудың акыры.

Дене тәрбиесімен, әсіресе спортпен шұғылдану барысында пайда болатын аурулардан сақтандыруды онтайлы жүргізудің бірден-бір маңызды шарттарының бірі, ауру деп аталатын ерекше құбылыстың себеп-салдарын, туу жағдайларын, табиғатын, мазмұнын түсіну. Ауруды түсіну үшін денсаулық деп аталатын екінші бір ерекше құбылыстың мазмұнын түсіну керек. Денсаулық та, ауру да табиғи және өте күрделі құбылыс екеніне күмән жоқ. Медицина ғылымында осы екеуінің түрлі анықтамалары белгілі. Олардың көбісі денсаулықтың да, аурудың да бір жағын сипаттайды. Мысалы, денсаулықты организм мүшелері мен жүйелері функцияларының немесе қызметінің сыртқы орта факторларымен теңгерімде болуы дейді. Басқа сөзбен айтқанда, денсаулық дегеніміз организмнің ішкі ортасымен, сыртқы орта факторлары арасындағы теңгерімділік немесе гомеостаз. Кенноның ілімі бойынша бұл организм ішкі ортасының тұрақтылығы.

Жалпы биологиялық тұрғыдан денсаулық организмнің сыртқы орта факторларына жоғары бейімделгіштігін көрсетеді де, денсаулықтың басты белгісі болып саналады. Мысалы, денсаулығы жақсы спортшы организмі ауыр да, қарқынды да жүктемелерді, зор жүйкелік-жансезімдік ширығуларды немесе зорлануды физиологиялық қалыптан шықпай-ақ атқара береді. Бұл денсаулықтың физиологиялық процес екенін көрсетеді. Әрбір жеке адамның денсаулығы, екінші бір адам денсаулығына ұқсамайды, демек денсаулықтың нұсқасы әр адамда әртүрлі болады. Олардың сыртқы орта факторларына реакциясы да жеке келеді.

Организм саулығының сыртқы орта факторлары әсерлеріне бейімделгіштігі, оның өзін-өзі реттей алатын қасиеті бар, күрделі тірі жүйе екеніне байланысты. Биология ғылымы организмнің «өзін-өзі реттей алатын күрделі жүйе» екенін ежелден дәлелдеген. Жүйелілік қасиет жасуша деңгейінен басталып, тін, мүше, организм деңгейіне дейін көтеріледі. Айтылған морфологиялық-функционалдық деңгейлердің өзіндік бейімделу механизмдері бар. Мысалы, жасушалар, тіндер, мүшелер, жүйелер өз деңгейлерінде тынымсыз өзгеріп тұратын сыртқы ортаның факторларына онтайлы жұмыс тәртібімен бейімделеді.

Денсаулықтың да, аурудың да көрсеткіштері шартты. Организмнің көптеген физиологиялық функциясының тербелістері ауқымды болып келеді. Физиологиялық функциялар тербелістерінің ауқымы жеке организмнің ерекшеліктеріне, адамның конституциясына, машықтық дәрежесіне, жасына, жынысына, организмнің реактивтілігіне және басқа да табиғи қасиеттеріне байланысты. Сондықтан дәл осы немесе басқа бір функционалдық өзгеріс бір адамға дерттік, ал екінші бір адамға физиологиялық болып келеді. Мысалы, артериялық қан қысымының 100 мм дейін төмен болуы бір адам жүрек-қан тамырларының жүйкелік-эндокриндік реттеуші механизмі бұзылыстарына байланысты болса, төзімділік жаттығуларына жақсы жаттыққан спортшы үшін артериялық қан қысымының осындай мөлшері физиологиялық немесе қалыпты. Бұл жағдай спортшының жүйкелік-эндокриндік механизмінде бұзылыстары жоқ екенін көрсетеді.

Ауру - организмнің ерекше жаңа сапалық күйі болып саналады. Аурудың сапалық ерекшелігі едәуір дәрежеде организмдегі дертті процестің жүріп жатқан немесе шоғырланған жеріне байланысты. Мысалы, артерия қан тамырларындағы атеросклероздық процестен туатын өзгерістер қай мүше қан тамырлары дертке ұшырағанына байланысты, ауру алуан түрлі болып келеді. Мысалы, атеросклероздық түйін жүректің коронарлық қан тамырларына орналасса, стенокардия ауруы немесе миокард инфаркты, ал ми қан тамырларына орналасса, ми инсульті пайда болады.

Адам ауруды елемей жүруінен қазаға ұрынады. Мұндай жағдай спортшылар арасында жиі кездеседі, себебі организмдерінің қорғаушы-бейімделтуші және өтеуші механизмдері жетік болады. Сырқаты бар болуына қарамастан, спортшы өзін-өзі жақсы

сезінеді, сондықтан спорттық жаттығуларын тоқтатпайды. Ал мұндай жағдай өмірге қауіпті келеді.

Организм сау күйден сырқаттық немесе ауру күйге өтпелі немесе сырқат алды күй арқылы ауысады. Егерде организмге өте күшті тітіргендіргіш әсер етсе, әдеттегі тітіргендіргіштерге бейімделе алатын қасиетінен айырылса, физиологиялық емес немесе дерттік өзгерістер туады. Бұл аурудың басталғанынан хабар береді. Аурудың көп анықтамаларының қатарындағы бірден-бір түсініктісі мынадай: ауру зақымдаушы факторлар әсерлерінен организмнің қалыпты тіршілігінің бұзылғаны, қоршаған орта өзгерістеріне бейімделуінің шектелгені, еңбек ету қабілеттілігінің төмендегені.

Сырқат организмде арнайы да, арнайы емес те өзгерістер пайда болады. Арнайы өзгерістер сырқатты қоздырушы фактор табиғатына сәйкес келеді. Мысалы, микробтар негізінен арнайы өзгерістерді туғызады. Иондағыш радиация, химиялық канцерогендер жасушалар мен тіндерде гендік және хромосомдық өзгерістер туғызады да, тұқымқуалаушылық ауруларға әкеледі. Ал ми қыртысы мен қыртыс астының морфологиялық-функциялық бұзылыстары жансезімдік ауруларды туғызады, алгипофиздің алдыңғы бөлімі мен бүйрек үсті безінің қоршаған орта стресс-факторларына беретін стандартты реакциялары арнайы емес өзгерістерді туғызады. Бір аурудың құрамында арнайы да, арнайы емес те өзгерістер өзара қабаттасып жатады, тек аурудың дамуы барысында механизмдерінде арнайы да, арнайы емес те өзгерістерінің меншікті үлесі мен мазмұны әрқалай болып келеді.

Ауру жасушалар, ұлпалар мен мүшелердегі сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге айналуы деп түсіндіріледі. Дертті процесті туғызатын залалды тітіркендіргіштер организм жасушаларын зақымдап қана қоймай, жүйке жүйесінің қабылдағыштарына әсер етуі арқылы арнайы да, арнайы емес те қорғаныс реакцияларымен білінеді. Дегенмен бір ауру құрамында жүріп жатқан дерттік те, бейімділік-қорғаныстық реакцияларды ажыратып алу оңай емес.

Ауру - диалектикалық құбылыс. Дәлірек айтқанда, ауырған немесе сырқат организмде, бір жағынан, талқандалу, бұзылу процестері жүріп жатса, екінші жағынан, жанару, бұрынғы қалыпқа келтіру механизмдері іске қосылып, қайта құрылу процестері жүріп жатады. Олардың біріншісі пайдалы болса, ал екіншісі зиянды болып саналады. Пайдалы, жағымды процестер қолдауды, күшейтуді талап етсе, жағымсыз процестер басуды, жоюды талап етеді.

Ауру клиникалық белгілермен немесе симптомдармен білінеді. Мүше тініндегі пайда болған бүлінулер немесе зақымдар аурудың басталуына және дамуына себеп болып келеді. Дегенмен зақымдардың клиникалық симптомдары білінбейінше, ауру бар деп диагноз қойып, атауға негіз жоқ. Зақымдардың қандай болмасын тіндер мен мүшелерде шоғырланғанына қарамастан, ауру тұтас организмнің азаптануы деп саналады.

Ауру дерттік реакциялардан, дерттік процестерден және дерттік күйлерден тұрады. Бұларды ажырата білудің маңызы зор. Дерттік реакцияларға кез-келген тітіркендіргішке организмнің беретін қысқа мерзімді әрекеттері жатады. Дерттік реакциялар салдарынан сырқат адамның еңбекке жарамдылығы кемімейді. Мысалы, жағымсыз күйзелістен артериялық қысым қысқа мерзімге көтеріледі. Қысқа мерзім өткен соң көтерілген қысым төмен түсіп, қалпына келеді. Осындай қысқа мерзімді реакция адамның еңбек қабілеттілігін төмендетпейді.

Дерттік процестер деп бірнеше дерттік реакциялардан тұратын кешенді айтады. Кешен құрамындағы жеке реакциялар ара қатынастарының салдарынан құрылымдық-функционалдық өзгерістер туады да, толыққанды аурудың дерттік бірлігі қалыптасады. Дерттік процестер де адамның еңбекке қабілеттілігін елеулі төмендетпейді. Мысалы, тері астына жиналған май шоғырлары, тері бетіндегі сүйелдер дертті процестерге жатады.

Қандай болмасын аурудың негізінде жататын организмде типтік дерттік процестер де дамиды. Олар қабыну, қызба, стаз, тромбоз, эмболия, инфаркт. Типтік дерттік процестердің табиғаты дерттік және қорғаныстық-бейімділік реакциялар кешені, түрлі аурулар құрамына кіреді.

Дерттік күй деп баяу дамиды дерттік процестерді және олардың салдарын айтады. Мысалы, аяқ-қолдар отасынан кейін қалған тұқыл, жарақаттан соң қалған соқырлық, маймақтық және басқа кемістіктер – дерттік күйлер.

Аурулардың ағымы төрт кезеңнен тұрады: жасырын, продромальды, толық даму, аурудың ақыры. Себепші фактор әсері тиген кезден бастап, аурудың алғашқы симптомдары білінгенге дейінгі уақытты жасырын кезеңі дейді. Бұл кезең бірнеше секундқа, минутқа, аптаға, айға созылуы мүмкін. Мысалы, жұқпалы аурулардың жасырын кезеңін инкубациялық деп атайды.

Продромальды кезең ауру адам көңіл-күйінің төмендеуімен, денесінің дел-сал болуымен, қызуының көтерілуімен, қалтыраумен, басының ауыруымен және тағы басқа жағымсыз белгілермен анықталады. Осы кезеңде дәл осы ауруға тән белгі байқалмайды. Дәл осы ауруға тән белгілер ауру толық дамыған кезде білінеді. Симптомдар кешенін синдром деп атайды.

Ауру шапшаң немесе баяу дамуы және аяқталуы мүмкін. Аурудың шапшаң дамуын және аяқталуын кризис, ал баяу дамуын және аяқталуын лизис деп атайды. Симптомдары жоғалған кезеңді аурудың ақыры дейді. Аурудың ақыры салдармен аяқталады, салдары үш түрлі болуы мүмкін: құлан-таза немесе түбегейлі жазылу, түбегейлі жазылмау, өлім. Түбегейлі жазылған аурудың симптомдары болмайды. Кейбір жағдайда ауру симптомдарының жоғалуы түбегейлі жазылғанның көрсеткіші болмауы мүмкін, сондықтан дәрігерлер мұндай жағдайды есінен шығармауы керек. Мысалы, ауырып тұрғаннан кейін спортшы организмнің функционалдық жағдайын қалыпқа келтіру үшін машықтандырушы жүктемелер қарқынын бара-бара көтеру қажет. Кері жағдайда ауру қайталануы мүмкін.

Түбегейлі жазылмаған аурулардан салдар қалады. Мысалы, өкпесінің қабынуынан кейін толық жазылмаған адамда дерттік салдар немесе плеврит қалады. Плеврит сияқты салдарлар біршама уақыт сақталып барып жойылады, ал кейбір жағдайда асқынады. Плеврит, буын жарақатының салдары, эндокардтың қабыну салдары жүрек қақпақшаларының кемістігіне әкеледі де, тұрақты дертті күйді қалыптастырады.

Аурудың ең жағымсыз салдары өлім. Кенеттен немесе созылған өлімді айырады. Созылған өлімнің кезеңдеріне жанталас, клиникалық және биологиялық өлім жатады. Жанталас адам организмді тіршілігін қамтамасыз етуші қызметтерінің бұзылуы себебінен туады. Жанталасқан адамның алдымен есі мұнарланады, сандырақтайды, жүрегі әлсірейді, тынысы ырғақсызданады, денесі салқындайды, рефлекстері жоғалады. Клиникалық өлім қанайналым мен тыныстың тоқтауымен, рефлексдердің жоғалуымен сипатталады. Дегенмен кейбір ұлпалардың әрекетке қабілеттілігі 5-6 минутқа дейін сақталады. Тірілту әрекетін жасап, жүрек пен тынысты қалыпқа келтірсе, адам тіріледі. Ал оттегі тапшылығына шыдамайтын ми қыртысының нейрондары шапшаң өледі. Қайта тірілген адамның өзі мұндай жағдайда мүгедек болып қалуы мүмкін. Биологиялық өлім тіндер мен мүшелердің қайтымсыз өзгерістерімен сипатталады.

Аурудың әдетті ағымы асқынудан немесе қайталанудан өзгереді. Дәл осы ауруға тән бұзылыстарға тосын себептер қосылса, ауру асқынады. Түбегейлі жазылмаған аурудың біршама уақыттан соң қайталанғанын рецидив дейді (мысалы, дизентерия). Ал түбегейлі жазылып кеткен ауру қайталанса өршісе, оны екінші рет ауыру дейді. Мысалы, өкпесі қабынып барып жазылған адам қайта ауырса, оның екінші рет ауырғаны болады.

Аурудың ағымы шапшаң, шапшаңрақ және баяу болуы мүмкін. Шапшаң ағымды немесе жіті аурулар бірнеше күнде дамиды. Шапшаңырақ аурулар деп апта бойы дамиды ауруларды айтады. Созылмалы немесе баяу дамушы ауруларға жылдар, тіпті

өмір бойына созылған аурулар жатады. Мұндай аурулардың сауығып кеткен кезеңдерін аурудың ремиссиясы дейді де, ал аурудың қайтадан козып кеткен кезеңдерін аурудың қайталануы дейді.

Айтылғандарды тұжырымдай келе, организм деп аталатын биологиялық күрделі жүйе тіршілік процесі барысында басынан екі түрлі елеулі құбылыстарды кешіреді: бірі саулық аталса, екіншісі сырқаттық деп аталады. Саулық - қалыптылық, ал сырқаттық - қалыпсыздық бейнесі болып келеді. Саулық физиологиялық, сырқат немесе ауру дерттік процестер. Денсаулық организмнің қоршаған ортаға бейімділігін, адамның қызметтік қабілеттігін қамтамасыз етсе, ауру, сырқат организмнің бейімділік қасиетін, еңбекке қабілеттілігін төмендетеді. Саулықты қалыптастырушы механизмдер, дерттік механизмдермен диалектикалық арақатынастар орнатып, динамикалық болып білінеді. Адам организмнің тұтас болуы - саулық пен дерттік күйлерді басынан кешіруі, жоғары жүйке жүйесі әрекетіне тәуелді және жануарлардың осы сыяқты күйелерінен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мустафина Т.К. Спорттық медицина.- Алматы, 1997
2. Дубровский В.И. Спортивная медицина. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2002
3. Патологическая физиология п/р А.Д.Адо, М.А.Адо, В.И.Пыцкого, Г.В.Порядина, Ю.А.Владимирова. – М.: Триада-Х, 2002
4. Патологическая физиология в схемах и таблицах: Курс лекций: Учебное пособие. Под ред. А.Н.Нурмухамбетова. – Алматы: Кітап, 2004.
5. Нұрмухамбетулы Ә. Патологическая физиология. – Алматы; РПО «Кітап», 2007
6. Патологическая физиология: Учебник п/р Н.Н.Зайко и Ю.В.Быца. – 2-е изд. – М.: МЕДпресс-информ, 2004
7. Давыдовский И.В. Проблемы причинности в медицине (этиология). М.: Медгиз. - 1962
8. Царегородцев Г.И., Ерохин В.Г. Диалектический материализм и теоретические основы медицины. М.: Медицина, 1986
9. Саркисов Д.С., Пальцев М.А., Хитров Н.К. Общая патология человека. М.: Медицина, 1995
10. Нурмухамбетов А.Н. Спорные вопросы этиологии//Вестник КазГМУ, 1999. - № 5, с.114 - 117.

ӘОЖ:811.512.122' 373.22:58

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТІҢ КҮРДЕЛІ АТАУЛАРЫН МАҒЫНАСЫНА ҚАРАЙ ТОПТАУ

Сүлейменова Г.С., магистр, аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада күрделі сөздер барлық сөз табынан орын алатыны, аналитикалық тәсіл көне замандардан келе жатқаны айтылады. Соның ішінде біріккен сөздерді қарастырып, Қазақстан аумағындағы күрделі өсімдік атауларын мағынасына қарай топтастырылды.

В данной статье рассматриваются сложные слова встречающиеся во всех частях речи и возникновения аналитических форм с древних времен. Сложные

слова, в частности составные названия растений Казахстана сгруппированы по семантическому признаку.

The article states that the compound words found in all parts of speech and of the origin of analytical forms since ancient times. This article explains complex words, mainly compound names of plants of Kazakhstan, aggregated by semantic sign.

Кілт сөздер: күрделі сөздер, синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл, белсенді сыңарлар, лексикалық бірлік

Аналитикалық тәсіл арқылы екі я онан да көп сөзден құралып, бір лексикалық мағына беретін сөздер күрделі сөздер деп аталады. Мысалы, бойжеткен, елтаңба, әнұран, әнтаспа, өуежай, жазбапікір (отзыв), жылыжай (теплица), қонақүй (гостиница), ауыз ашар, шағын кәсіп, аш-жалаңаш, бау-бакша, бизнес-жоспар, бизнес-орталық, ғалым-хатшы, Қазақтелеком, АҚ (акционерлік қоғам) т.б. Күрделі сөздер қанша сөзден құралса да, бір сөз болып саналады, бір сөздің қызметін атқарады. Көпшілік жағдайда олар екі сөзден трады, яғни күрделі сөздің құрамында екі сыңар болады. Алайда екіден көп сөзден де құрала береді. Мысалы, Екібастұз, Кемпірөлген, Ащысай сияқты мысалдар-оның құрамы үш, төрт сөзден құралуы да бар екеніне дәлел.

Қазақ тілінде күрделі сөздер кең орын алады. Күрделі сөздер барлық сөз таптарында бар. Мысалы, Ас үй, әуе серігі (стюардесса), жол сілтеуші (регулировщик), құрбан айт, нағашы жұрт деген күрделі сөздер - зат есім. Түлкі тымақты, қыр мұрынды, қара мұртты, ащы судай, ессіз адамдай - күрделі сын есімдер; жеті-сегіз, жүз алпыс жеті, мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз - күрделі сан есімдер; кейбір, бірнеше, әлдебір, әлдеқалай - күрделі есімдіктер; алып кел, барып көр, алып бер, Кіріп шық, келіп кет - күрделі етістіктер; танертең, жаздыгүні, биыл, бүгін, зорға-зорға - күрделі үстеулер; жалт-жұлт, адыраң-адыраң - еліктеуіш сөздер; әйткенмен, сол себепті, не болмаса, сүйтсе де - күрделі шылаулар; бәрекедді (барака аллаһу) - одағай.

Күрделі сөздердің барлық сөз табынан орын алуы оның тілге кең таралғанының көрсеткіші ретінде қаралу керек, яғни тіліміз күрделі сөздерге өте бай. Бұл-жалғыз қазақ тілінің ерекшелігі емес, дүние жүзі тілдеріне тән жалпы құбылыс. Рас, күрделі сөздің қолданылуы әр тілде бірдей деп қарауға болмайды. Ол туралы ғалым А.А.Пашковский былай дейді: «Күрделі сөздер түрлі тілдердің лексикалық системасынан орын алады. Кейбір тілдерде сөздерді біріктіру қосымша тәсіл болып, оның нәтижесі елеусіз болады да, сөздіктің периферия бөлімінен орын алады. Келесі бір тілдерде ол өте кең тараған, негізгі тақырыпқа жатады. Соңғы топтағы тілдерге жапон тілі жатады. Лексикадан алатын сөздің типіне қарап, оны күрделі сөздің тілі деуге болады» Ф.А.Ганиев күрделі сөз неміс, ағылшын, жапон және хинди, славян тілдерінде көп қолданылады деп санайды. Түркі тілдерінің ғалымдары, оның ішінде қазақ тілінің ғалымдары да, түркі тілдерін де күрделі сөзге бай тілдер деп таниды. Бұл - осы тілдерде сөзжасамның аналитикалық тәсілінің көне замандардан бастап, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқанының нәтижесі. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштері саналатын орхон жазбаларында кісі аттары мен жер-су атауларында күрделі сөздер жиі кездеседі, ол дәстүр қазір де сақталған. Мысалы, Өубәкір, Бөкейхан, Жантөре, Жанмырза, Қызылорда, Таддықорған, Ақмола, Ақгөбе, Ащысай т.б.

Бұл дәстүр басқа сөздерге де кең тарап, аналитикалық тәсіл арқылы басқа атаулар да жасалған, сондықтан ол қазір барлық сөз таптарының сөздерінен мол орын алып отыр.

Қазақ тілінде күрделі сөздердің сыңарларын байланыстыратын басқа тілдердегідей (орыс тілі) арнайы қосымша жоқ. Күрделі сөздердің ішкі сыңарлары

бір-бірімен орын, мағына арқылы байланысады. Мысалы, алпыс бес, жүз елу екі, қызыл ала, Алатау, Қаратау деген күрделі сөздердің құрамындағы сыңарларды байланыстырған қосымша жоқ.

Тілдердің көбінде күрделі сөздер мәселесінде түрлі көзқарас, даулы мәселелер өте көп. Олардың көбі күрделі сөздердің тілдерде танылу-танылмауына байланысты. Бұл мәселенің түп негізі күрделі сөздердің емлесінен туып жатады. Бірсыпыра тілдерде күрделі сөздердің сыңарларын бірге жазылу дәстүрі бар. Ондай тілдерде дау-шар аз, бірақ күрделі сөздер тілге үнемі қосылып отырады. Міне, мұндай күрделі сөздердің танылуы, жазылуы қалыптасқанша, алалық туып отырады. Ағылшын тілі - жазу мәселесінде де өте консервативті тіл екені белгілі, соның өзінде ғалым О.Д.Мешков: «Ағылшын тіліндегі мерзімді баспасөзбен таныс адам онда күрделі сөздердің бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүргенін біледі» деп жазады.

Ал жазуы бір ғасырда бірнеше рет өзгерген тіл білімі кеш дамыған түркі тілдерінде күрделі сөз мәселесі шешілді деп айту мүмкін емес, күрделі сөз мәселесінде пікір алалығы өте күшті, оның ішінде қазақ тілі де бар. Бұл жағдай күрделі сөз мәселесіне ерекше назар аударуды керек етеді. Сондықтан күрделі сөздердің белгілерін білу қажет.

Күрделі сөздердің сыңарлары қалай болса солай, кез келген сөзден жасала бермейді, оның өзіндік заңдылықтары бар. Біріншіден, күрделі сөздің құрамындағы сыңарлар мағыналық қатысы бар сөздерден құралады. Екіншіден, күрделі сөздердің сыңарлары толық мағыналы сөздерден болады. Күрделі сөздің мағынасын жасайтын оның сыңары толық мағыналы дербес сөздер болуы керек. Бұл мәселе дүние жүзі тілдерінің басым көпшілігінде танылған, тек түркі тілдерінің кейбірінде ғана бірлі-жарым жеке пікірлер кездеседі. Бірақ жалпы тіл білімі көлемінде күрделі сөздер толық лексикалық дербес сөзден жасалады деп саналады.

Тіл білімінде күрделі сөздердің түп төркіні сөз тіркесі саналады. Тілде кейбір сөз тіркестері бірте-бірте мағыналық дамуға ұшырап, құрамындағы сыңарларының мағынасы жымдасып, кірігіп бір мағынаға көшкен. Олардың сыңарлары өзінің алғашқы мағынасынан алыстап, өзінің дербестігінен айрылған, сыңарлардың, мағынасының бір-бірімен кірігуінің нәтижесінде олар біртұтас сөзге айналып, белгілі бір ұғымды білдіретін күрделі сөз болып қалыптасқан. Сондықтан күрделі сөздің мағынасы берілу үшін, күрделі сөздің құрамы, құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі ол қалыптасқан кездегі қалып сақталуы қажет.

Күрделі сөз өзінің сыңарларының мағынасының біртұтас мағынаға кірігіп, бір сөзге көшуінен бастап, бір сөз болып танылатындықтан, ол тілдегі басқа сөздер сияқты дайын тұрған лексемалар болып саналады да, сөйлемге сол дайын тұрған қалпында кіреді. Демек, күрделі сөздер сөйлемге дайын тұрған қалпында алынатын лексикалық бірліктер болғандықтан, ол сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, сөйлемнің бір мүшесі болады, бір сұраққа жауап береді.

Біріккен сөздердің бір тобы сыңарларының өте ықшамдалуы арқылы жасалған. Мысалы, биыл (бұл жыл), бүгін (бұл күн), сексен (сегіз он), сөйтіп (солай етіп) т.б. Мұндай сөздер ғылымда кіріккен сөздер деп аталады.

Кіріккен сөздер - құрамындағы сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамай, немесе түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы бір-бірімен мағына жағынан ғана емес, дыбыстық құрамы жағынан да кірігіп, ықшамдалып, біртұтас сөзге айналған сөздер. Мысалы, әкел (алып+кел), өпер (алып+бер), әкет (алып+кет), биыл (бұл+жыл), бүгін (бұл+күн), сәресі (сахар+асы), ағайын (аға+іні), кдрлығаш (қара ала құс), білезік (білек+жүзік), сексен (сегіз+он), тоқсан (тоғыз+он), белбеу (бел+бау), қайтіп (қалай+етіп), түрегел (тұра кел), белуардан (бел+буардан), ендігәрі (ендігіден+әрі), ашудас (ашу+тас), сөйтіп (срлай+етіп), өйтіп (олай+етіп), бірдеме (бір+неме), біресе (бір+ерсе), қолғанат (қол+қднат) т.б.

Келтірілген кіріккен сөздердің сынарлары үлкен өзгеріске ұшыраған, бұлардың ішінде бір сынардан бір ғана дыбыс қана сақталып, сөздің құрамындағы дыбыстары өте ықшамдалғандары

Қазақ жері де табиғаттың осы ұшан теңіз байлығына мол.

Тілде пайда болып жатқан күрделі сөздердің қазақ тіл білімінде алатын орны ерекше. Күрделі сөздердің қалыптасу ерекшелігіне қарай бірнеше түрлері бар. Тіліміздегі сөзжасам жүйесінде синтетикалық тәсілдерден кейін, негізінен, аналитикалық тәсілімен жасалатын сөздер кең орын алады. Біз сол аналитикалық тәсілмен жасалған өсімдік атауларына арнайы тоқталмақпыз. Ғасырлар бойы қолданып келген, халық тілінде әбден қалыптасқан өсімдік атауларын былай топтастыруға болады.

I.a) Төрт мал атауларының және олардың қосалқы атауларының күрделі өсімдік атауларын жасауға қатысы

Ат: атқонақ, айқұлақ, атқұтыртқан, т.б.

Айғыр: айғырқияқ

Бие: биебау, биеемшек, биеқарын т.б.

Жылқы: жылқышөп т.б.

2. Қой: қой бүлдірген, қойжелек, қойкемірген, қой қарақат, қойоты, т.б.

3. Ешкі: ешкі бұршақ, ешкі қоңырау, ешкімия, ешкісабақ, ешкі сасыр, ешкішөп, ешкітал, ешкіқұйрық т.б.

Теке: текесақал, т.б.

4. Түйе: түйе жапырақ, түйеқарын, түйетабан, түйетікен, түйеқарын, түйеқұйрық

Нар: Нарқайсар

5. Сиыр: сиыр бұршақ, сиыр бүлдірген, сиыр қарақат, сиырқұйрық, сиырсілекей т.б.

ә) Сонымен бірге төрт түлік төлдеріне байланысты күрделі өсімдік атаулары бар

1. Бота: ботакөз, ботакұлақ, ботатабан т.б.

2. Бұзау: бұзаубас.

Өгіз: өгізкөз, өгізтіл, өгізөлең, т.б.

Тана: танакөз

3. Қозы: қозыгүл, қозықұлақ, қозықұйрық, т.б.

Тоқты: тоқты шайыр, т.б.

Лак: лағоты

3. тайтұяқ т.б.

Құлын: құлынембес

Құлан: құланқұйрық

II. Күрделі өсімдік атауларының жасалуында жабайы аңдар атауларының да атқарар қызметі өте күшті, мысалы:

1. Аю: аю бадам, аю балдырған, аю бүлдірген, аю жүн, аю құлақ, аюоты, аютабан т.б.

2. Арыстан: арыстанауыз, арыстан табаны, т.б.

3. Борсық: борсықжүн

4. Бөрі: бөріаяқ, бөрі бұршақ, бөріжидек, бөрі жеке, бөрікөз, бөріқарақат, бөріқұлақ, т.б.

Қасқыр: қасқыржем, қасқыржидек, қасқырмасақ, қасқыртабан т.б.

Тарлан: тарланқияқ

5. Бұғы: бұғы қынасы, бұғы мүгі т.б.

6. Бұлан: бұланмүйіз

- 7.Елік: елікшөп, елікбалдырған т.б.
 - 8.Киік: киікоты, киікшөп т.б.
 - 9.Бөкен: бөкен
 - 10.Құлан: құланқұйрық
 - 11.Құндыз: құндызгүл, құндызшөп
 - 12.Құралай: құралайгүл
 - 13.Марал: маралоты, маралтамыр, маралқурай т.б.
 - 14.Қоян: қоян беде, қоянжын, қоянқұйрық, қоянжүн, қояноты, қоянсүйек, қоянтамақ, қоянтобық, қоян жоңышқа, қоян жүзген
 - 15.Доңыз; доңызоты, доңызсырт, доңыз қоға, доңыз түк
 - 16.Түлкі: түлкіжем, түлкіқұйрық, түлкімасақ
 - 17.Суыр: суыроты
- ІІІ. а) Күрделі өсімдік атауларының жабайы құс атауларымен келуі.
- 1.Аққу: аққугүл, аққуоты
 - 2.Бөдене: бөденешөп
 - 3.Бұлдырақ: бұлдырықот, бұлдырықшөп.
 - 4.Құс: құсаяқ
 - 5.Көккөк: көкөкоты, көкөкшөп
 - 6.Ләйлек: л әйлекшөп
 - 7.Торғай: торғайжем, торғайбас, торғайоты
 - 8.Тырна: тырнашөп
 - 9.Үкі: үкікөз
- ә) Сонымен бірге үй құстарының аттарымен келетін күрделі өсімдік атауларына мысал келтірейік.
- 1.Қаз: қазтабан, қазтамақ, қазоты т.б.
 - 3.Тауық: тауықбас, тауықкөз т.б.
 - 4.Үйрек: үйректұмсық
- ІV. Күрделі өсімдік атауларының үй жануарларының аттарымен келуі:
- 1.Есек: есекмия, есекжем, есекшөп т.б.
 - 2.Ит: итбүлдірген, итемген, итжидек, иттікен, итмия, иткәсік, итшу, ит бадам, т.б.
- Құмай: құмайшөп
- 3.Мысық: мысықоты, мысыққұйрық, мысықтабан
- Ү. Тілімізде күрделі өсімдік атауларын жасауда бақа-шаян, құрт-құмырсқалардың аттары да үлкен қызмет атқарады.
- Бақа: бақажапырақ, бақаоты, бақаауыз т.б.
- Балық: балықкөз, балықоты, т.б.
- Бүрге: бүргедән, бүргешөп, т.б.
- Жылан: жылантамыр, жылантіл, жыланшөп, жыланбас, жыланкөз,
- Кене: кенедәрі, кенедән.
- Көбелек: көбелекгүл
- Кірпі: кірпібас.
- Қандала: қандалашөп.
- Құрт: құртшөп.
- Тышқан: тышқанқұйрық.
- Шаян: шаянмойын, шаянмойнақ, шаянот.
- Шыбын: шыбынбас, шыбынжұрт, шыбынқырғыш, шыбынот, шыбынжек
- Шіркей: шіркейот.
- 1.а) Сондай-ақ күрделі өсімдік атауларының жасалуына адамға қатысты сөздер, жынысы, жасы да ұйытқы болады.
- Адам: адамтамыр, адамшөп.

Баба: бабажапырақ.
Бала: балажапырақ.
Өгей: өгейшөп, өгейшек.

Ер адамға байланысты аталатын күрделі өсімдік атауларына біра мысал келтірейік:

Ер:ербасы, ерқұны.
Еркек: еркекбуын, еркекшөп, еркекқамыс, т.б.
Мырза: мырза сораң.
Құл: құлқайыр.
Балуан: балуаншөп.

б) Әйел адамға байланысты аталатын күрделі өсімдік атаулары да жоқ емес.
Қыз: қызбалтыр, қызжүзім, қызқарағай, қызтаңдай, қызшөп.
Келіншек: келіншекшөп.
Кемпір: кемпіршөп.

1. Адамның дене мүшелері, анатомиялық атаулар да күрделі өсімдік атауларының жасалуына үлкен әсер етеді.

Бармақ: бармақтамыр.

Саусақ: саусақгүл.
Тырнақ: тырнақгүл
Ерін: ерінгүл.

Тіс: тісдәрі, тісжеміс, тісшөп.

Тіл: тілқияр, тілқияқ
Қолтық: қолтықгүл, қолтықсабақ.
Бауыр: бауыршөп, бауырмүк, бауыркұрт.
Бүйрек: бүйрекшай, бүйрекбет.
Бүйір: бүйіргүл.
Жүрек: жүрекжапырақ, жүрекшөп.

Өт: өткұлақ.

VIII. Әр түрлі діни ұғымдарға сөздермен байланысты күрделі өсімдік атаулары бірен – саран болса да кездеседі. Мысалы: әулиеғаш, перітіс, жындышөп, иманжапырақ, шайтанкелмес, шайтанқұлақ, шайтантемекі, молдаяқ, тәуіпдәрі. IX. Күрделі өсімдік атауларының мезгілге қатысты сөздер арқылы, сол мезгілде өсетін, гүлдейтін кезіне байланысты жасалуы: мысалға

Аяз: аязоты, аязшөп
Қыс: қысшөп
Көктем: көктемшөп
Мамыр: мамыргүл
Наурыз: наурызгүл, наурызшешек
Күндіз: күндізгүл т.б.
Түн: түнсұлу, түнсұлугүл
Ымырт: ымыртгүл

X. Күрделі өсімдік атауларының әр түрлі мекендік атауларға өсетін жеріне байланысты аталуы: Балшық: балшықшөп

Батпақ: батпақ аққанаты, батпақ балдырған, батпақгүл, батпақшөп т.б.

Бұлақ: бұлақшөп
Беткей: беткейшөп.
Дөң: дөңбет
Жайлау: жайлаутүл
Жартас: жартасшөп
Жер: жержастық, жерқосақ, жерсабақ, жерсабын, жерсағыз, жер тары, жертүйнек

Құм: құм ебелек, құмот, құмшөп, құмберіш т.б.

Қыр: қыржапырақ,

Орман: орманот.

Өзен: өзенқұлақ т.б.

Сай: сайсабақ сайсағыз т.б.

Сор: сортікен, сортаңшөп, соран, т.б.

Су: сужапырақ, сужұлдыз, сукөрік, су сорғалдақ, суқабак, сусімір, т.б.

Тау: таутүл, таусағыз, таушешек, тауқурай, т.б.

Тас: тастағаш, тасбүлдірген, тасжарған, тастөбе, тас қабақ, тас қоңырбас, тас бұйырғын, тасжапырақ, тасқараң, таспажапырақ, т.б.

Шөл: шөлмасак, шөлкияқ, т.б.

XI. Күрделі өсімдік атауларының бірінші сыңарлары әр түрлі түске байланысты болып айтылуы тілде өнімді қызмет атқарады.

Ақ: ақжелек, ақбас, ақгүл, ақжапырақ, ақжелкен, ақжелкек, аққанат, аққой, аққурай, ақмамық, аққылтан, ақтамақ, ақ таспа, ақтікен, ақшуақ, ақшұнақ, ақшонақ, ақ айрауық, ақ баттауық, ақ жүзген, ақ қонақ, ақ сора.

Ақбас беде, ақбас жоңышқа, ақбас шырмауық, ақбасқурай, ақнабат, ақсырттан, ақшытай, т.б.

Ала: ала бота, ала қоғыр, алатікен, т.б.

Боз: бозбұға, бозкілем, боз қонақ, бозтікен, бозшағыл, бозшалғын, боз арша, боз бедеге, боз изен, боз көде, бозкылтық, бозғыл көде, т.б.

Жирен: жиренқұлақ

Көк: көкбиік, көк тал, көк мысыққұйрық, көк терек, көкбас беде, көкбасшөп, көкгүл, т.б. (Біздің қазақ халқы “көк” түсін жасыл түс мағынасында да тілімізде қолданған. Осы қолданыста “жасыл” түс мағынасында айтылаған.)

Күлгін: күлгінбас, күдгінгүл, т.б.

Күрең: күреңот, күреңшөп, күрең тал, т.б.

Қара: қарабарак, қарабүлдірген, қаражеміс, қаражидек, қаракенен, қара құмық, қараматау, қара от, қаратамыр, қара ажырақ, қара алма, қара андыз, қара арша, қара бұрыш, қара бидай, қара қоғыр, қара жусан, қара мендуана, қара өрік, қара самырсын, қара сексеуіл, қарашора, қаратұяқ, қарасаған, қара сұлы, қара тал, қара терек, қара ырғай, т.б.

Қоңыр: қоңырбас, қоңыр балдыр, т.б.

Қуаң: қуаңдәрі

Қызыл: қызылбояу, қызылкат, қызылтаңдай, қызылқұйрық, қызыл қоянжын, қызыл мия, қызыл соран, қызыл тал, қызыл тұзшөп, қызыл арша, қызыл бұрыш, қызыл жоңышқа, қызыл жүзген, қызыл жыңғыл, қызыл қайың, т.б.

Қырмызы: қырмызыгүл.

Сары: сарыгүл, сарысадақ, сарысазан, сарысоюу, сарытiкeн, сарытұнғыық.

Шұбар: шұбаршөп.

Бөрте: бөрте жусан, бөртегүл (Бөрте-көкшіл сұр деген мағынаны білдіреді.)

Адамзат тіршілігінде өсімдіктер дүниесінің маңызы зор. Ерте кезден бастап ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, ат қойып олардың жемісін,дәндерін азық етіп, ал жапырақ сабақ ,гүл,тамырын дәрі –дәрмекке түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған. Келе-келе адам өсімдіктердің ішіндегі бастыларын қолдан өсіретін болды. Бүгінде олардан көптеген азық-түліктік қорлар, әр түрлі өндірістік шикізаттар аламыз. Өсімдіксіз өмір жоқ.

Зерттеудің барысында тілімізде өсімдіктің күрделі атаулары көп екендігі байқалады. Өсімдіктің атауларын жасауда белсенді сыңарлардың барлығы көрінді. Өсімдіктің күрделі атаулары – күрделі сөзге жататын лексикалық бірлік. Өсімдік атауларын жасауда сол өсімдіктің пішіні, түсі, белгісі, қызметі, қасиеті, т.б. сол сияқты ерекшеліктері өсімдік атауларының қалыптасуына негіз болған.

Қорыта келгенде, жұмыста күрделі өсімдік атауларын мағынасына қарай топтастырдық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қалиев, Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі=Русско-казахский словарь названий растений - Алматы: Ана тілі, 1993. - 104 б.
2. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары - Алматы : Ғылым, 1988. - 159 б.
3. «Ана тілі» газеті №44 (1302) 4 -11 қараша 2015
4. [Құралұлы А.](#) Өсімдіктерге, жануарларға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі - Алматы : Өнер, 2006. - 76 б. - (Ұлттық дүниетаным)

УДК 512.228

ВЛИЯНИЕ ХИМИЧЕСКОГО СКЛАДА НА ЗАГРЯЗНЕНИЕ АТМОСФЕРЫ БАКТЫБАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

Чувасов М.С.

С. Бактыбай, учитель химии,

КГУ сш им. Бактыбая Жолбарысулы с ДМЦ, chuvasov.m@mail.ru

Чувасова С.М.

Город Талдыкорган, учитель биологии, СШ. №4

Дақылдарын өңдеуге арналған пестицидтер мен тыңайтқыштардың ұзақ мерзімді пайдалануға әсерін зерттеуге. Келтірген зиян анықтау «Ауыл шаруашылығы химикаттарды қойма». Ауыл шаруашылығы, химиялық қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату әдістерін әзірлеу.

Оң жолмен өзгерді жылда қоршаған ортаны Baktybayskogo ауылдық округінің химиялық қоймасының әсері, пестицидтерді агрессияшылдық топырақ және ирригациялық суларда концентрациясын төмендету, салдарынан олардың құрылымын қырып дейін төмендейді.

Исследование последствий многолетнего применения ядохимикатов для обработки и удобрения сельскохозяйственных культур. Выявления вреда нанесенного «Складом сельскохозяйственной химии». Разработка методик безопасной утилизации сельскохозяйственных химических отходов.

Влияние химического склада на экологию Бактыбайского сельского округа с годами изменяется в положительную сторону, агрессивность ядохимикатов снижается по причине разрушения их структуры, снижения концентрации в почве и оросительных водах.

Study the effects of long-term use of pesticides and fertilizers for processing crops. Identifying the harm inflicted "Warehouse of agricultural chemicals." Development of methods for safe disposal of agricultural chemical wastes.

Influence of chemical warehouse on the environment Baktybayskogo rural district over the years changed in a positive way, the aggressiveness of pesticides is reduced due to the destruction of their structure, reducing the concentration in the soil and irrigation waters.

Ключевые слова: водоем, суспензий, тяжелые металлы, полихлорированные бифенилы, пероксодисульфаты.

По разнообразию биологической активности гетероциклические соединения занимают одно из первых мест среди других классов органических соединений. Среди гетероциклических соединений с одним гетероатомом в цикле найдены инсектициды, акарициды, фунгициды, бактерициды, гербициды и регуляторы роста растений. В качестве пестицидов в сельском хозяйстве используются некоторые алкалоиды гетероциклического ряда, в частности, никотин и анабазин, обладающие инсектицидными свойствами [1].

С хозяйственно-бытовыми и производственными сточными водами, в том числе со стоками с промплощадок, в водоемы попадают белки, жиры, масла, нефть и нефтепродукты, красители, смолы, дубильные вещества, моющие средства и многие другие загрязнения. С полей вымываются удобрения и пестициды — средства борьбы с вредителями сельскохозяйственных культур. Поэтому в водах открытых источников водоснабжения в разных концентрациях содержатся фактически любые химические элементы, в том числе такие вредные для здоровья, как свинец, цинк, олово, хром, медь. Не имея целью дать полный обзор состава загрязнений, попадающих со сточными водами, являются широкая распространенность, особенно в последние годы токсические свойства трудное отделение при очистке сточных вод медленное окисление и разложение в открытых водоемах мешающее действие, оказываемое на процессы очистки воды, в том числе на коагуляцию способность быть индикаторами глубины очистки воды от отдельных элементов [2].

При обработке листья пестицидами применяются смачивающие вещества, вводимые вместе с суспензией или раствором пестицида. При этом на стебле и листьях образуется пленка, что обеспечивает равномерное распределение пестицида и соответствующую обработку всех очагов заражения. В ходе экспериментов, посвященных отбору инсектицидов, биологи обратили внимание на значительное повреждение листьев всякий раз, когда в качестве смачивателей брали некоторые соли четвертичного аммониевого основания. Это наблюдение побудило ученых заняться изучением свойств соединений родственной химической структуры [3].

Природный осадок и поверхностная пленка являются зонами концентрирования загрязняющих воду веществ. На дно оседают нерастворимые в воде соединения, а сам осадок является хорошим сорбентом для многих веществ. Например, нерастворимые в воде хлорорганические соединения оседают на дне и сохраняются там длительное время. Вода является хранилищем устойчивых

пестицидов. Донные осадки могут обладать окислительно-восстановительными свойствами и биологической активностью, могут катализировать некоторые реакции [4].

Приведенные данные о свойствах некоторых пестицидов подтверждают, что фосфорорганические и карбаматные (например, севин) соединения значительно менее стойки, чем хлорорганические. Уже в организме животных фосфорорганические вещества разрушаются до нетоксичных метаболитов [4].

Пероксодисерная кислота и ее соли — пероксодисульфаты обладают сильными окислительными свойствами. Практически вся пероксодисерная кислота и большая часть пероксодисульфатов, получаемых электрохимическим методом, используются для получения пероксида водорода. Пероксодисульфаты применяются в аналитической химии, при отбеливании жиров и мыла, в фотографии, в качестве инициаторов процессов полимеризации. Пероксодисульфат калия используют при получении смесевых взрывчатых веществ и некоторых пестицидов [5].

Протекторная функция ГВ в почве защищают или сохраняют почвенную биоту, растительный покров в случае возникновения различного рода неблагоприятных экстремальных ситуаций Гумусированные почвы лучше противостоят засухе, переувлажнению, меньше подвержены эрозии и дольше сохраняют удовлетворительные свойства при орошении вообще, в том числе — повышенными дозами воды или минерализованными водами Почвы, богатые ГВ, выдерживают более высокие техногенные нагрузки, сглаживают токсическое действие тяжелых металлов на растения [5] ГВ довольно прочно связывают многие радионуклиды, детергенты, пестициды, предупреждая тем самым их поступление в растения, Инкорпорируя некоторые пестициды, ГВ надолго выводят их из сферы прямых контактов с живыми клетками, причем с течением времени трансформация самих ГВ может сопровождаться разрушением некоторых токсичных органических соединений или превращением их в неактивные соединения [6].

Говоря о конкретных источниках загрязнения окружающей среды суперэкоксикантами, нельзя не обратить внимания на неблагоприятные последствия применения ядохимикатов, поскольку не существует нетоксичных для человека пестицидов. По данным американских ученых, 60% всех гербицидов, 90% фунгицидов и 30% инсектицидов вызывают опухоли у животных [6]. Многие из этих веществ помимо высокой токсичности обладают ярко выраженными кумулятивными свойствами, последствия которых проявляются в изменении иммунологического статуса организма, мутагенном и тератогенном действии. Свободный или слабо связанный хлор никогда не встречался в природе. Поэтому некоторые его соединения вызывают у живых организмов недомогания.

Многие соединения меркаптанов являются физиологически активными веществами и обладают антидотными свойствами. В качестве лечебных средств при отравлении пестицидами испытаны тиоловые соединения унитиол и меркапид, а также некоторые синтезированные соединения. Исследования показали, что указанные соединения с успехом можно применить в качестве антидотов. Препараты, не содержащие сульфгидрильной группы, положительного эффекта не проявляли, что указывает на возможность обезвреживания яда путем непосредственного его связывания с образованием новых связей углерод—сера наряду с более сложными процессами. Токсические свойства некоторых производных меркаптанов обусловили их применение в сельском хозяйстве в качестве инсектицидов. Так, метилмеркаптофос является эталоном средств борьбы с вредителями хлопчатника (например, паутинным клещиком).

Отличительной особенностью большинства хлорорганических инсектицидов является их стойкость к воздействию различных факторов внешней среды

(температуре, солнечной инсоляции, влаге и др.). Это определяет их продолжительное защитное действие, но в то же время представляет опасность загрязнения сельскохозяйственной продукции и окружающей среды. К отрицательным свойствам некоторых хлорорганических пестицидов относятся и их способность к накоплению (кумуляции) в органах и тканях животных при многократном поступлении, что может способствовать развитию хронического отравления. Поэтому применение ряда хлорорганических препаратов, представляющих опасность в этом отношении, таких, как ДДТ, альдрин, дильдрин и других, не разрешается.

Устойчивость вредителей к ядам зависит и от анатомоморфологических особенностей строения их тела. Кожные покровы с их различной проницаемостью, обусловленной строением, толщиной, наличием на них особых образований в виде восковых налетов, щитков и т. п., представляют собой барьеры на пути проникновения контактных инсектицидов в тело насекомых. Барьером является и прилегающее к кожным покровам и гиподерме жировое тело, в котором инсектицид может локализоваться и подвергнуться разложению еще до того, как он достигнет жизненно важных центров насекомых. Отсутствие овицидных свойств у некоторых пестицидов обусловлено, в частности, затруднениями при проникновении их через оболочку яйца (хорион).

Репеллентными свойствами по отношению к птицам обладают некоторые пестициды — ТМТД, фосфид цинка, хлорированный камфен и др.

В последние годы установлено, что некоторые пестициды обладают аллергенными свойствами. Они вызывают изменение реактивности организмов на повторные обработки. При первичном воздействии таких веществ в организме в результате защитной реакции образуются белковые антитела. Измененная реакция организма выражается в понижении или, чаще, в повышении чувствительности организма к данному аллергену, причем аллергический эффект может сказываться при очень малых дозах.

Как показали исследования, для изменения физико-химических свойств раствора пестицида необходима определенная, критическая концентрация ПАВ. Наибольшее снижение поверхностного натяжения водных растворов отмечают при концентрациях ПАВ в пределах 0,01—0,1%. При более высоких концентрациях ПАВ, превышающих критическую концентрацию мицеллообразования, поверхностное натяжение раствора остается неизменным, но мицеллы могут способствовать растворению кутина и частичному удалению из него воска. Как показал Вортман, добавление ПАВ к водному раствору натриевой соли 2М-4Х способствовало изменению строения кутикулярного воска и усилению смачиваемости листьев брюквы и пшеницы при добавлении к растворам производных феноксиуксусной кислоты усиление гербицидного действия отмечено при концентрациях ПАВ от 0,1—0,25 до 5%. В целом катионные ПАВ наиболее фитотоксичны, неионогенные занимают промежуточное положение, а анионные характеризуются минимальным фитотоксическим действием. Фитотоксическое действие высоких концентраций ПАВ, по мнению Дженсена, заключается в растворении некоторых компонентов кутикулы и повреждении расположенных непосредственно под ними клеток мезофилла. Из-за частичного растворения клеточных оболочек под действием ПАВ содержание клеток может перетекать в межклетники.

Некоторые пестициды во время хранения при очень низких или высоких температурах могут изменять свои свойства в худшую сторону. Поэтому для хранения таких препаратов в складах надо создать соответствующий температурный режим.

Необходимо, однако, отметить, что такое деление в известной степени носит условный характер, так как ядовитость пестицидов для человека и животных зависит не только от абсолютного значения смертельных доз препарата, но и от ряда других условий. При определении степени ядовитости препарата необходимо принимать во внимание его хроническую токсичность, возможность накопления в организме человека и животных, обратимость и необратимость токсических воздействий, пути поступления в организм и ряд других факторов, а также токсичность продуктов его метаболизма в растительных и животных клетках. Последнее свойство важно еще и потому, что продукты метаболизма некоторых пестицидов более токсичны, чем исходные соединения. В связи с этим для правильного определения возможной опасности пестицида необходимо не только определение ЛД₅₀, но и изучение его метаболизма.

Обычно не исследуют природу химических соединений или мешающих органических примесей, которые могут быть отделены от интересующего органического материала. Мешающие примеси могут меняться при переходе от одного водного экстракта к другому в любой проточной водной системе или в любой микробиологически активной системе. Поэтому методы очистки не являются универсальными и могут быть модифицированы в частных случаях. Степень очистки отчасти может зависеть от метода количественного или качественного анализа. Однако знание природы мешающих веществ иногда необходимо, так как свойства некоторых из них могут быть близки к свойствам анализируемых веществ. Имен - но так обстояло дело в случае анализа полихлорированных бифенилов (ПХБ), которые не отделялись от пестицидов и методом ГХ были ошибочно идентифицированы как хлоруглеводородные пестициды. Точная идентификация соответствующих пиков осуществлена методом спектроскопии.

Характеристика решения поставленных задач: для увеличения экологической безопасности региона в целом, граждане Республики Казахстан должны получать информацию со всех источников вещания населению и знания о ядохимикатах должно быть полными и обязательными. Защитой населения от пагубного воздействия ядохимикатов должно быть ужесточение контроля по отношению к обороту, хранению и применению ядохимикатов в сельском хозяйстве. Законодательство четко регламентирует все процессы, связанные с ядохимикатами. Основной проблемой остается нерациональное, бездумное, халатное применение непосредственно на полях. Каждый человек в Казахстане и мире в целом обязан осознавать свою причастность к экологии, эта обязанность должна прививаться со школьной скамьи! Данная работа выполнялась с целью пробуждения чувств любви к Родной Земле, ответственности перед будущими поколениями.

ЛИТЕРАТУРА

1. «Справочник по пестицидам» Н. Н. Мельников, К. В. Новожилов, С. Р. Белан, Т. Н. Пылова. М.: Химия . 2003.
2. <http://urozhayna-gryadka.narod.ru/biologizacia.htm>
3. http://liceum1535.ru/about/conference/papers/2_Maslovskiy.pdf
4. Константинов В. М. Охрана природы. – М.: Издательский центр «Академия», 2011.
5. Боков В. А. и др. Геоэкология. – Симферополь: Таврия, 2006.
6. Акимова Т. А., Хаскин В. В. Экология. Человек – Экономика – Биота – Среда. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2013

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОК 347.78

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ, ОНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ АСПЕКТІЛЕРІ

Амирова Бота Кыдырханқызы, з.ғ.м., аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, bota_1981@mail.ru

В данной статье рассматриваются проблемы гражданско-правовой защиты авторских прав в Республике Казахстан а также зарубежом. Сделан анализ авторского законодательства в Республики Казахстан на основе зарубежных практик и предлагается некоторые предложения по усовершенствованию законодательства РК в сфере авторского права.

This article discusses the problem of civil protection of copyright in the Republic of Kazakhstan and abroad. Made analysis of copyright legislation of the Republic of Kazakhstan

Мақалада Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттердегі авторлық құқықты азаматтық-құқықтық қорғау мәселелері қарастырылған. Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі авторлық құқық заңнамаларына сараптама жасалып, Қазақстан Республикасы авторлық құқық саласына арналған заңнаманы жетілдіруге бірқатар ұсыныстары жасалған.

Кілт сөздер: Автор, авторлық құқық, меншік, туынды, Конвенция, санаткерлік,

Қазақстан Республикасының Құқықтық Саясат Тұжырымдамасында «...құқықтық мемлекеттің конституциялық идеялары заңнаманың құқық, әділеттілік, гуманизм идеяларын арқау ете түзілуінде, құқықтық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының материалды, ұйымдық-құқықтық, саяси кепілдіктерін нығайтудың пәрменді құралдарының жасалуынан көрініс табуға тиіс...» деп көрсетілген [1]. Ол ең алдымен құқықтық қатынастардың, оның ішінде авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласының дамуына және өркендеуіне жол ашады.

Сондай-ақ, авторлық құқықты қорғау Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларымен де анықталады. Қазақстан Республикасы Конституциясы 20-бап, 1-тармағында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі» [2].

Авторлық құқық – санаткерлік меншік саласында ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (сабақтас құқық) жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Осы Заңның мақсаты үшін төменде көрсетілген терминдердің мынадай мәні бар. Автор – шығармашылық еңбегімен туынды жасаған жеке тұлға. Авторлық құқық - автордың мүлктік және мүлктік емес жеке құқықтары. «Авторлық және сабақтас құқықты қорғаудың» түсінігі азаматтық құқықтың негізгі бір түрі болғандықтан өз тарапынан нені ұсынатындығын анықтауға болады.

Сонымен авторлық және сабақтас құқықтар азаматтық құқықтың бір бөлігі болып танылады, яғни бұл анықтама оларға таратылады. Осындай жағдайлармен, авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау - бұл заң жүйесімен қарастырылған, құқыққа қол сұғушылықты қанағаттандыруға бағытталған, оны іске асыру, бұзылған жағдайда қалпына келтіру және бұзушылықтың залалын тарату шарасы. Мұндай

авторлық және сабақтас құқықтарды қорғаудың түсініктемесі 1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңның сұраныстарына жауап береді және заң әдебиеттеріндегі әр түрлі авторлардың көзқарастары мен айтқандарымен келістіріледі.

Өз деңгейінде аяғында тұрған жүйені тек қана мына жағдайларда ғана айтуға болады, яғни өз бетімен өзін-өзі басқара алатындығы, азаматтық айналымдағы тұлғалардың өз іс әрекеттерімен өз заңды құқықтарын мұқият білуі арқылы авторлық және сабақтас құқықтарды нарыққа байланысты тәртіптен талап етіп, тиісті жағдайларда қорғана білуі, тіпті қиын жағдайларда мемлекет тарапынан оны күштеу шарасы арқылы қорғау құқығына ие болуы.

Авторлық құқық – цивилистік категория болғандықтан, ғылым, әдебиет және өнер салаларындағы тұлғаның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын туындыларды пайдалануды реттеуге және қорғауға бағытталған нормалар жиынтығы болып табылады.

Халықаралық деңгейде авторлық құқық туралы идея көптеген зерттеушілердің айтуынша кітап басу ісімен және техниканың пайда болуымен тікелей байланысты XVI ғасырда пайда болды. XVI ғасырда Иоганн Гутенберг жылжымалы литерді ойлап тауып, кітап басатын станок дүниеге келісімен кітап шығару күрт өсіп, шығарма иесіне пайда түсіре бастады. Шығармашылық еңбек саудаға айналды. Жақсы кітапты ұрлап шығаратындар, кітап басу арқылы пайда табатындар арасында бәсекелестік алғашқы «әдебиет қарақшыларын» тудырды. Баспа өнімдерінің экономикалық пайдасымен қоса, саяси және әлеуметтік күшқуатын тани білген билік иелері XV ғасырдың соңында ыңғайлы жеке баспагерлерге ғана ерекше мүмкіндік тудырып, қалғандарды король жарлығымен тежеп, реттеп басқарып отырды, яғни Англия мен Францияда корольмен, германдық князьдықтарда князьдармен берілетін құзыреттер пайда болды.

Англо-американдық құқық жүйесі елдерінде авторлық қарым-қатынастарды реттеудің сот прецедентімен қатар маңызды рольге заңнама ие болды. Еуропада осы саладағы алғашқы заң XVII ғасырда қалыптасты. Ағылшын баспагерлері мен кітап саудагерлері компаниясының автор құқығын қорғауға байланысты талаптарына сәйкес әзірленген заң жобасы 1709 жылы талқыланып, 1710 жылы сәуірде «Королева Аннаның Сатуты» деген атпен күшіне енді. Бұл заң алғашында тек баспагерлердің ғана мүддесін қорғады кейін басқа да буржуазиялық мемлекеттермен қабылданғандықтан туындыға айрықша құқықтарды қорғаудың фундаментальды қағидалары бекітілді. Қазіргі кезде Англияда 1956 жылғы заңның орнына келген 1988 жылғы Авторлық құқық туралы заң қолданыста. Ал суретшілердің авторлық құқығы туралы заң Англияда 1735 жылы қабылданған [3,213].

Әдеби меншік туралы ұғым Францияда пайда болғанымен, 1777 жыл XVI Людовиктің күш салуымен бір жүйеге келтіріліп, автордың шығармасын басып шығару мен сатуға құқық заңдастырылды. Ал 1791 және 1793 жылғы декреттерде автор өз шығармасын қалай пайдаланып, қанша рет басып шығарамын десе де еркі бары айрықша құқық деп көрсетілген.

Германияның әр түрлі аймақтарында автордың құқығын мойындайтын құжаттар 1686 жылдан бастап қабылданғанымен, Бүкілгерманиялық алғашқы заң 1837 жылы жарық көрді [4,121].

Ал Дания мен Норвегияда 1741 жылы қабылданып, 1814 жылға дейін күшін сақтаған декретте автор мен оның мұрагерлерінің құқығы өмір бойы сақталады деп көрсетілген. 1762 жылы Үшінші Карл патшалығы кезінде Испанияда қабылданған заң кітап шығару тек автордың айрықша құқығы деп бекіткен.

Интеллектуалдық меншікті қорғауда өз жүйесін қалыптастырған Америкада авторлық құқық туралы заң тұңғыш рет 1790 жылы қабылданған. Авторлық құқықты қорғаудың американдық жүйесі қазір әлемнің қай еліне болса да өз ықпалын тигізіп отырғаны ақиқат [5,17].

Ресейде авторлық құқықтың негізгі ерекшелігі цензуралық заңнамамен байланыста болғандығы. 1771 жылға дейін кітап шығарушылық қызмет Ресейде монополия қатарына жатты. 1771 жылы Петербургте шет тілдерінде кітап басып шығаруға құзыреттілік берілгендіктен, ол кезде шетелде цензура енгізілген болатын. Орыс тілінде кітап басып шығаруға рұқсат тек 1783 жылғы 15 қаңтардағы Жарлықпен ғана пайда болды, бірақ ол 13 жылдан соң либералды нормативтік акт ретінде күшін жойды. Ең бірініші авторлардың өз әдеби туындыларына құқықтарын бекіткен заң 1828 жылы Цензуралық жарлықтың арнайы бір тарауы ретінде пайда болды және оның шығуына А.Н. Островский, А.К. Толстой, И.С. Тургенев, Н.С. Лесков сияқты ірі тұлғалар күш салған [6,136].

Қазіргі кезде Францияда жүзеге асып отырған авторлық құқық туралы негізі заң 1957 жылы 11-наурызда қабылданған. Әдебиет және көркемөнер меншігі туралы заң (соңғы өзгеріс 1985 жылы болған), ал ГФР-дағы авторлық құқық туралы заң 1965 жылы 9-қыркүйекте (соңғы өзгеріс 1972-1973 жылдары болған) қабылданған [7,166].

АҚШ-та 1976 жылы Авторлық құқық туралы жаңа заң қабылданып, ол 1978 жылы 1-қаңтарда күшіне енген. 1988 жылы АҚШ Берн конвенциясына қосылуымен оған өзгерістер енгізілген. Авторлық қатынастар АҚШ конституциясына сәйкес жекелеген штаттардың заңнамаларымен емес федеральдық заңнамамен реттеледі, сондықтан федеральдық заң деп аталады [8,320].

Бүгінгі таңда Қазақстанда авторлық құқықтар жөніндегі мынандай халықаралық және аймақтық келісімдер мен конвенция талаптарын орындауға міндетті:

1. 1886 жылғы 9-қыркүйектегі Берн Конвенциясы; Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындаларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылу туралы» Заңына 1998 жылы қарашада қол қойды.

2. Берн Конвенциясындағы авторлар құқықтарын қорғаудағы қатаң талаптар мен тәртіптердің орындалуын, материалдық-құқықтық нормалар аздығын, ұлттық заңнамаларға сілтемелердің көптігін негізге ала отырып, дамушы елдердің мүдделерін ескеру мақсатында 1952 жылы 6-қыркүйекте Женевада Дүниежүзілік авторлық құқық жөніндегі конвенциясының қабылданған. Осы конвенцияның кіріспе бөлімінде интеллектуалдық меншік саласындағы тұлғалардың құқықтарын сақтау, оларды сыйлау, әдебиет, ғылым және өнердің дамуына ықпал жасау – халықаралық өзара түсіністікке игі әсерін тигізетіндігі нық айтылған. Аталған екі Конвенциялардың соңғы мәтіні 1971 жылы Парижде қабылданған.

3. Қазақстан Республикасы 1996 жылы 20-желтоқсанда Женевада қабылданған Туындылардың кейбір түрлеріне жекелеген құқықтарды қорғауға байланысты авторлық құқық туралы ДСМҰ келісім шартына 2004 жылы 16-сәуірдегі Заңымен қосылды.

4. 1936 жылы Австрияда 1941 жылы Италияда құрылған жиналыс қатысушылары авторлық құқық идеясы жаңадан пайда болған құқықтар арасындағы компромисс пайда болған объектілерге (орындау, фонограмма, хабар таратушы) алғашқы құқық авторлық құқық болып табылмайтындығын ескере келе, санаткерлік меншік аясындағы қатынас деп қарастырды. Сонымен 1961 жылы 26-қазанда Римде қол қойылған орындаушы-артистер, фонограмма жасаушылар және хабар таратушылар мүддесін қорғау туралы Халықаралық Конвенция (Рим Конвенциясы) қабылданды [9,31]. Жаңа құқықтар категориясын авторлық құқықтармен

байланысын ескере отырып, оларды «жақын», «байланысты», «көршілес» немесе «сабақтас» құқықтар ретінде белгіледі.

5. Жыл өткен сайын фонограмманы заңсыз қайта өңдеу мен көшіріп көбейту кең етек жаюда, ол авторлардың, артист-орындаушылардың және фонограмма өңдеушілердің мүдделеріне үлкен зиян келтіруде. Сол себептен бірқатар мемлекеттер халықаралық ұйымдардың көмегімен «Фонограмма жасаушылардың мүдделерін фонограммаларын заңсыз қайта шығарудан қорғау туралы» Конвенцияға (Женева 1971ж) қосылуды мақсат етті.

2000 жылы маусымда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі Женева Конвенциясына қосылу туралы» Заңға қол қойды. Сонымен қатар, сабақтас құқықтарға тікелей қатынасы бар конвенциялар қатарында 1974 жылы 21-мамырда қабылданған Спутник арқылы берілетін сигналдар бағдарламаларын тарату туралы Брюссель конвенциясын атауға болады [3,132].

6. Қазақстан Республикасы ДСМҰ-ның авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы Берн конвенциясын дамытудың жалғасы болып табылатын 1957 жылы Женевада қабылдаған Фонограмма өндірушілердің мүдделерін қорғау туралы Конвенцияға 2000 жылдың 7-маусымындағы заңымен қосылды. Бұл конвенция туындыларды орындаушылардың, фонограмма өндірушілердің және хабар тарату ұйымдарының мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

7. Сабақтас құқықтар субъектілерінің мүдделерін қорғау аясындағы қайнар көздер қатарына Қазақстан Республикасы 16 сәуір 2004 жылы № 547 –II Заңымен қосылған 1996 жылы 20-желтоқсанда Женевада қабылданған Орындаулар мен фонограмма бойынша ДСМҰ келісімін жатқызуға болады.

8. Қазақстан ТМД деңгейіндегі көпжақты және екіжақты келісімдерге де белсене қатысады. Солардың ішінде ерекше атап өтетіндер, ТМД-ның 9 мемлекет басшылары 1993 жылы 24-қыркүйекте Мәскеуде қол қойған «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы» Келісімді және 1998 жылы 6-наурызда Мәскеу қаласында қабылданып, Қазақстанмен 2001 жылы 11-мамырда № 20-II Заңымен ратификацияланған «Санаткерлік меншік аясындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу аясындағы ынтымақтастық туралы» Келісімін атауға болады. Сондай-ақ, ТМД Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен 2000 жылы 20-маусымда бекітілген және Қазақстан Республикасы Премьер-министр қол қойған «Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің бірлескен жұмыс комиссиясы туралы» Ережені де қосуға болады.

Авторлық құқықтар жөніндегі ресми құжаттар Қазақстанда тұңғыш рет XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ғылыми-қоғамдық еңбектерде жарық көрді, кейін заң нормаларына енгізілді. Әсіресе 1928 жылғы Заңда айқындалған. Дегенмен, бұл заң жүйесі 1917 жылғы 29 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік баспа туралы» Декреттен басталады. Қазіргі мемлекеттік кешенді заң жүйесіндегі емес, ол кездегі заң ережелері әлемдік һәм аймақтық дәрежедегі көкейкесті мәселелерді шешуге, авторлық құқық саласының көптеген мәселелерін реттеуге дәрменсіз еді [10,26].

Қазақстандағы авторлық құқықты қорғаудың мемлекеттік негізі 1973 жылы Бүкілодақтық Авторлық құқық жөніндегі агенттік (ВАПП) Қазақстандағы бөлімшесі жұмыс істей бастаған күннен басталады.

Авторлық құқықты қорғаудың жаңа кезеңі Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. 1992 жылы Бүкілодақтық Агенттіктің қазақ бөлімшесінің

негізінде Қазақстанның авторлық құқық және сабақтас құқықтар жөніндегі Мемлекеттік агенттік құрылды.

Қазіргі кезде қолданыстағы 10-маусым 1996 жылы қабылданған «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының заңы – авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады деп бекітеді [11].

Бірақ бұл заң авторлық құқық объектісі болатын туындыларды ашып көрсетпейді, дегенмен туындыны сипаттайтын белгілерді анық көрсетеді (6-бап 1-тармаққа сай, авторлық құқық шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады) және туындының жүзеге аса алатын белгілі бір объективтік нысанын (6-бап, 2-тармақ) және авторлық құқық объектісі болып табылатын да (7-бап) табылмайтын да (8-бап) туындылар түрлерін анықтайды.

Конвенцияларға қосылу, келісімдерге және шарттарға қол қою мемлекетке біраз міндеттер жүктейді, өйткені, осы Келісімдер мен шарттар арқылы белгілі міндеттемелер қабылданады. Қазіргі кезде халықаралық ұйымдар, экономикасы дамыған өркениетті мемлекеттер Қазақстандағы санаткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелеріне түпкілікті назар аударып отыр. Олай дейтініміз, Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы сауда қатынастары туралы 1992 жылдың 19-маусымында екі елдің Президенттері қол қойған Келісімдегі маңызды баптардың бірі – тараптардың санаткерлік меншікті қорғау жөніндегі 7-бабы саналады. Онда, тараптар әр елдің өз заңдарының ережелеріне сәйкес санаткерлік меншік құқығын қорғайды, соның ішінде әдеби, ғылыми және көркем туындылармен қоса ЭЕМ-ға арналған мәліметтер жиынтығы да бар.

Кез-келген елдегі заңның тәжірибелік құндылығы оның неғұрлым тиімді түрде жүзеге асуымен тікелей байланысты. Авторларға кейде өз құқықтарын өздері жүзеге асырулары қиынға түсуі мүмкін, осындай кезде олардың кейбір құқықтарын жүзеге асырушы арнайы ұйымдар құру тиімді тәсіл болатындығы сөзсіз. Осыған сай Қазақстан Республикасындағы авторлық және сабақтас құқықтарды реттеу үшін заңға сәйкес 1997 жылы «Қазақстан Авторлар Қоғамы» (ҚазАҚ) құрылды. Бұл ұйымның басты міндеті әдебиет және өнер туындылары авторларының мүліктік құқығын қорғауды Қазақстан аумағында және шетелдерде қамтамасыз ету [10,77].

Біздің авторлық құқық туралы заңда тағы бір ескерілмей кеткен мәселе, қазір шоу-бизнес клубтары немесе өз бетінше заңсыз концерт беруші пысықай әншілер көбейіп кетті. Оларды бақылап жатқан ешкім жоқ. Осы мәселе авторлық құқық заңында да салық кодексінде де ескерілмеген. Егер бизнес-шоу клубтары мен жеке концерт берушілерден авторларға сыйақы төлейтін болса, олардан мемлекеттік бюджетке 15 пайыз табыс салығын, ал сондай концертті ұйымдастырушылар өздерінің тапқан табысынан 20 пайыз әлеуметтік төлем төлеп тұрар еді. Бірақ ешбір мемлекеттік ведомствалық органдар оған аса мән беріп отырған жоқ.

Авторлардың қаламақыларына байланысты кейбір көрсеткіштерге жүгінсек, 1998 жылы авторлардың қаламақысы есебінен 7 миллион теңге өндірілсе, 2004 жылы 38 миллион теңге жиналған екен [12].

Дегенмен заңда санаткерлік шығармалардың сыйақы мөлшерін белгілейтін норма жоқ, ол заңда кеткен тағы бір ақаулық деп түсінеміз. 1963 жылғы ҚазССР Азаматтық кодексінің 477-бабы сақталғанда дұрыс болар еді. Өйткені, ол бапта «мемлекет авторларға берілетін сыйақылардың мөлшерін белгілеуге құқылы» деген сөз бар. Жаңа кодекс қабылданғанда аталған норма Әділет министрлігінің қарсылығымен түсіп қалған екен. Және қазіргі қолданыстағы заңнамада қаламақының мөлшерін авторлардың өздері белгілейді немесе ҚазАҚ авторлармен

келісім жасағанда көрсетіледі делінген. Берн Конвенциясында авторлар мен қоғам арасындағы келісімде сыйақы мөлшері көрсетілмеген болса, мемлекеттің белгіленген сыйақы мөлшерін өндіріп алуға болады делінген.

Конвенцияларға, келісімдерге қосылу мемлекетіміздің экономикалық ынтымақтастық барысында өзге елдермен сауда қатынастарын дамыту үшін де өте қажет. Бұл орайда Көпжақты сауда келіссөздерінің нәтижесінде 1994 жылдық сәуірінде құрылған Дүниежүзілік Сауда Ұйымының ролін атап кеткен жөн. Осы келісімдердің басты нысаны 1995 жылы 1-қаңтарда күшіне енген «Санаткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілеріне байланысты келісімі» (ТРИПС) саналады. ТРИПС келісімінің авторлық құқық және сабақтас құқықтарға, сондай-ақ, өзге де санаткерлік меншік объектілеріне қатысты ережелері ДСМҰ-ның аясында жасалған халықаралық келісімдер мен шарттарды конвенцияларды толықтыра түседі.

Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымы мен Дүниежүзілік Сауда Ұйымы арасындағы ТРИПС келісімдерін орындаудағы ынтымақтастықты қарастыратын Келісімнің 1991 жылдың 1-қаңтарынан бастап күшіне енуі де аса маңызды. Бұл дамушы елдердің мүддесі үшін техникалық ынтымақтастық саласында қабылданған шешімдер мен ережелер туралы бір-біріне дер кезінде хабар беру, өзара көмек көрсету сияқты ынтымақтастықтың бір түрі [8,37].

СМҚСА (ТРИПС) келісімі – санаткерлік меншік құқығының сауда-саттық аспектілерін қарастырады. Ол негізінен авторлық құқықты және осыған қатысты құқықтарды, кәсіптік үлгілерді, патенттерді қорғауды жүзеге асырады. Сол сияқты жабық ақпараттарды қорғауды, лицензиялық шарттар арқылы бәсекелестікке қарсы дауларға бақылау жасайды [9,53].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылы 19-ақпанындағы «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда Ұйымына кіруі туралы» № 211 Қаулысына сай аталған міндетті іске асыруға қажетті бірқатар шаралар жүргізілуде. Бір қарағанда санаткерлік меншік құқықтарын сақтау Дүниежүзілік Сауда Ұйымының алға қойған мақсаттарына тікелей қатысы жоқ. Дегенмен бұл осы ұйымға кірудегі ең басты талаптардың бірі болып саналады.

Авторлық құқықтың ерекшелігі болып оның аумақтық сипаты табылады. Авторлық құқық жеке мемлекет заңдары негізінде туындайды және сол мемлекет шегінде ғана қолданылады. Бір мемлекеттің аумағында алынған авторлық құқықтар басқа мемлекет аумағында автоматты түрде танылмайды. Әрбір мемлекет қорғалатын туындылар аясын, көлемін, пайда болу жағдайларын, авторлық құқықтарды жүзеге асыру, тоқтату және қорғау нормаларын дербес жүргізеді.

Туындыларды пайдаланудың зани шектеріне қарағанда, іс жүзіндегі шектер ештеңемен шектелмеген. Ақпарат берудің техникалық құралдарының дамуы, мемлекет арасындағы мәдени және ғылыми ынтымақтастықтың кеңеюі туындылардың бүкіл дүние жүзі бойынша таралуына алып келді.

Авторлық құқықтарды қорғау контрафактілік даналар ұғымымен ұштасады, ал ол өз кезегінде – туындыны немесе фонограмманың дайындалған немесе таратылған жағдайда авторлық құқықтардың бұзылуына әкеп соғады, сондай-ақ сол туынды мен фонограмма ешқашан қорғалмаған немесе қорғауы тоқтатылған мемлекеттерден авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің келісімінсіз импортталған туындылар мен фонограммалардың қорғалатын даналары дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңының 15-бабы 1-тармағы 1-бөлімшесі өзгертулер енгізуді қажет етіп тұр. Авторлық құқық абсолюттік құқық ретінде танылады. Авторлық туынды үлгілерінде өз атын жазу арқылы талап етуді салыстырмалы құқықтық қатынас шегінде тек

пайдаланушыдан автор ала алады. Алайда мұндай талапты анықталмаған адамдар тобына қатысты жүргізу мүмкін емес. Сондықтан да «соның ішінде, туынды үлгілеріне автор атын ереже бойынша көрсету жолы арқылы және егер де мүмкін болса, оның кез-келген жария пайдаланылуында» сөздерін аталған заңның 15-бабы 1-тармағы 1-бөлімшесінен алып тастау қажет.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болуы қазақстандық және шетелдік құқық иелерінің санаткерлік меншік құқықтарының әлемдік стандарттарға сай келетін деңгейде сақталуын қамтамасыз етуге міндеттеп отыр. Республикамызда санаткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі нақтылы шаралардың қабылдануы еліміздің әлемдік қауымдастықтағы санаткерлік меншік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге қабілетті мемлекет ретіндегі оң имиджін қалыптастыруға ықпал етпек. Азаматтардың интеллектуалдық меншігін қорғау арқылы мемлекет олардың шығармашылық қабілетінің дамуына, сол арқылы ел экономикасының дамуына қолайлы жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы// <http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // <http://online.zakon.kz>
3. Максимова Л.Г. Авторское право: Учебное пособие. – М.: «Гардарики», 2005.- 383 с.
4. Бовин А.А., Чередникова Л.Е. Интеллектуальная собственность: экономический аспект: Учебное пособие. – М.: «ИНФРА-М», 2001. – 216 с.
5. Гордон М.В. Советское авторское право. – М., 1955. – 378 с.
6. Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации. – М.: «Проспект». – 1996. – 289 с.
7. Грингольц И.А. Права авторов сценического произведения в СССР: Автореф. Дисс.Канд. Юр. Наук. – М., 1953. – 200 с.
8. Савельева И.В. Гражданское и торговое право капиталистических государств. – М.: «Международное отношения». – 1993. – 571 с.
9. Вольтер М.М. Связь и сопоставление Римской Конвенции, договора ВОИС по исполнению и фонограммам и Соглашения по аспектам прав интеллектуальной собственности, связанным с торговлей // Бюллетень по авторскому праву. ЮНЕСКО. Т. XXXIV – 2000. – С. 28-40
10. Оразалинов С.Ш. Право на права. – А.: «Жеті Жарғы», 2004. – 196 с.
11. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы 1996 ж. 10 маусымдағы № 6-І Қазақстан Республикасының Заңы (2015.07.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz>
12. Имашев Б. Авторлық құқықты қорғаудың жаңа қырлары // Заң. – 2013. – № 7. – Б. 10-14

УДК 341.1

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ОБЛАСТИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА ОСНОВЕ ПРИНЯТЫХ КОНВЕНЦИЙ

Дига́й Дамир Анатольевич, м.ю.н., ст.преподаватель

Жетысуский государственный университет им.И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
Di7damir@mail.ru

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының және басқа да елдердің экологиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық мәселесі қарастырылған. Мемлекет қызметінен туындаған экологиялық зиянның салдарынан экологиялық зиянның қолайсыз әсерлер үшін өтемақы және жауапкершілік қарастырылған.

В данной статье рассматриваются вопросы международно-правового сотрудничества в области экологической безопасности Республики Казахстан с другими странами. В целях дальнейшей разработки международного права, касающегося ответственности и компенсации за негативные последствия экологического ущерба, причиняемого деятельностью государства.

This article discusses international legal cooperation in the field of environmental safety of the Republic of Kazakhstan and other countries. In order to develop further international law regarding liability and compensation for adverse effects of environmental damage caused by activities of the State.

Ключевые слова: международно-экологическое право, экологическая безопасность, экосистема.

В годы независимости в Казахстане стали годами образования и становления совершенно новой государственной системы обеспечения экологической безопасности, управления охраной окружающей среды и природопользованием - хорошо организованной и территориально разветвленной системы исполнительных органов в области охраны окружающей среды Республики Казахстан. Это обеспечило формирование и последовательную реализацию государственной политики в области охраны окружающей среды и рационального использования природных ресурсов. Как отмечает Еркинбаева Л.К. возмещение ущерба, причиненного окружающей среде представляет собой один из важных и неотъемлемых форм и средств обеспечения охраны окружающей среды, прав и интересов граждан на благоприятную окружающую среду [1]. Однако на протяжении многих десятилетий в Казахстане складывалась преимущественно сырьевая система природопользования с экстремально высокими техногенными нагрузками на окружающую среду. Поэтому кардинального улучшения экологической ситуации пока не произошло, и она по-прежнему характеризуется деградацией природных систем, что ведет к дестабилизации биосферы, утрате ее способности поддерживать качество окружающей среды, необходимое для жизнедеятельности общества.

Плодотворной формой международного сотрудничества являются двусторонние связи, которые существуют в рамках принятых межправительственных соглашений в области экологической безопасности. Как правило, двусторонние договоренности предусматривают реализацию конкретных целей или проектов, привязанных к конкретным регионам, с выделением соответствующего финансирования с обеих сторон или оказанием помощи [2, 256].

Проекты, реализуемые совместно, многообразны. В качестве примеров в данном плане можно привести реконструкцию.

Важнейшим условием обеспечения безопасного существования и дальнейшего прогресса человечества является спасение природы, сохранение основ человеческого бытия. Под влиянием социального и научно-технического прогресса в современном международном праве формируется специальный принцип международного экологического права - принцип экологической безопасности. Этот принцип служит конкретным проявлением одного из основных принципов современного международного права — принципа охраны окружающей среды [3]. Принцип экологической безопасности охватывает все сферы взаимодействия государств в обще-планетарном масштабе, ибо проблемы взаимоотношений человека и природы могут быть успешно решены только в комплексе, в единой связи с проблемами мира и безопасности, экономического и социального развития. Принцип экологической безопасности из всего комплекса вопросов охраны окружающей среды выделяет главное — одним из условий выживания человечества является недопущение экоспазма. Он указывает на прямую связь между охраной окружающей среды и международной безопасностью.

Экологическая безопасность — один из главных компонентов международной безопасности, что признано международным сообществом в соответствующих резолюциях Генеральной Ассамблеи ООН от 5 декабря 1986 г. и 7 декабря 1987 г. Причем защита и улучшение окружающей среды, рациональное использование природных ресурсов тесно связаны с обеспечением международной безопасности во всех ее аспектах, прекращением гонки вооружений и разоружением, в первую очередь ядерным. Правовое регулирование в этой области будет всемерно расширяться, оно составляет важное направление международно-правового регулирования [4, 378].

Становление этого принципа в качестве одного из принципов международного экологического права — не только результат непреложных требований современного общественного развития, взаимозависимости охраны окружающей среды и других глобальных проблем современности, но и итог выработки государствами значительного числа конкретных норм в данной сфере межгосударственных отношений. Государства заинтересованы в эффективных международных процедурах и механизмах, которые обеспечивали бы рациональное использование ресурсов планеты как общечеловеческого достояния.

Юридическое содержание принципа экологической безопасности состоит в обязанности государств осуществлять свою деятельность таким образом, чтобы исключить в интересах обеспечения международной безопасности усиливающееся воздействие экологических стрессов на локальном, национальном, региональном и глобальном уровнях. Международная экологическая безопасность предполагает такое состояние международных отношений, при котором обеспечиваются сохранение, рациональное использование, воспроизводство и повышение качества окружающей среды.

Так, в 1997 году приняты Законы "Об охране окружающей среды", "Об особо охраняемых природных территориях", "Об экологической экспертизе", в 1998 году - "О радиационной безопасности", в 2002 году Закон "Об охране атмосферного воздуха". В области рационального природопользования - Указы Президента, имеющие силу закона, "О недрах и недропользовании" (1996 г.) и "О нефти" (1995 г.), в 2003 году Лесной, Водный и Земельный кодексы. Разработано и утверждено большинство необходимых подзаконных нормативных правовых актов.

В целях совершенствования законодательства в республике взят курс на сближение с законодательством развитых стран и внедрение международных

стандартов. Республикой Казахстан подписано большое количество международных конвенций, и разработаны национальные планы действий по их реализации. налажены система экологической экспертизы, разрешительная и контрольно-инспекционная работа [5, 272].

В результате выполнения задач Концепции значительно снижены темпы загрязнения окружающей среды по сравнению с началом 90-х годов за счет усиления государственного контроля в области охраны окружающей среды и внедрения обязательной экологической экспертизы. Однако статус государства с экологически уязвимой территорией и нерешенными экологическими проблемами до сих пор остается.

Для сохранения биоразнообразия Республики Казахстан в 1994 г. ратифицирована Конвенция по биоразнообразию, созданы Национальная стратегия и план действий по сохранению сбалансированному использованию биологического разнообразия [6, 124].

В зоне экологического бедствия Приаралья. В начале 2003 года Казахстан присоединился к Базельской конвенции о контроле за трансграничной перевозкой опасных отходов и их удалением, что позволило установить новые таможенные правила по декларированию опасных отходов и предотвращать их поступление на территорию республики под видом вторичного сырья и продукции [7].

Казахстан присоединился к Хельсинской конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер, позволяющей сформировать единые правовые подходы к решению проблем рационального использования и охраны трансграничных рек. Однако остальные страны Центрально-Азиатского региона не присоединились к данной конвенции и поэтому не принимают мер по обеспечению использования стока трансграничных водотоков разумным и справедливым образом, по предупреждению возможного трансграничного воздействия утечки опасных веществ, выполнению принципа "загрязнитель платит". Таким образом мы имеем преимущества, что позволяет проводить оперативные мероприятия по обеспечению трансграничных водотоков.

Существуют также ряд различных конвенций в области экологической безопасности. Например, Конвенция Организации Объединенных Наций об охране всемирного культурного и природного наследия, согласно этой Конвенции об охране всемирного культурного и природного наследия «Государства - стороны настоящей Конвенции обязаны обеспечить, возможно, более эффективную охрану и сохранение, и возможно более активную популяризацию культурного и природного наследия, расположенного на их территории».

Существует также Конвенция Организации Объединенных Наций по борьбе с опустыниванием. В настоящее время экономическое и социальное воздействие опустынивания продолжает оставаться серьезной проблемой для Республики Казахстан. Опустынивание и засухи сопровождаются такими экономическими проблемами, как деградация почвенного и растительного покрова, нерациональное использование водных ресурсов, накопление бытовых и промышленных отходов, продолжающиеся выбросы вредных веществ в атмосферу и т.д., а также социальными проблемами, такими как бедность, благосостояние населения, миграция. В рамках принятых Казахстаном обязательств по Конвенции Организации Объединенных Наций по борьбе с опустыниванием, ратифицированной Республикой Казахстан, постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 февраля 2008 года № 162 утверждена Программа «Охрана окружающей среды Республики Казахстан».

В рамках этой Программы в Шетском районе Карагандинской области продолжается реализация проекта «Управление засушливыми землями», основной

целью которого является демонстрация в регионах с засушливой экосистемой устойчивых систем землепользования, позволяющих осуществить переход к пастбищной системе животноводства. Глобальной экологической целью проекта является повышение уровня поглощения углекислого газа для приостановления процессов изменения климата и деградации земель, а также улучшение биоразнообразия в засушливых регионах.

В достижении указанных целей проектом оказывается помощь в освоении устойчивых систем земледелия, обеспечении первичной сервисной поддержки в сбыте сельскохозяйственной продукции, мониторинге уровня поглощения углекислого газа для определения возможностей Казахстана в формировании «углеродных кредитов» в различных агроэкосистемах и т.д.

Свою работу Gavrilescu, Maria посвятили улучшению знания и увеличению базы данных и, чтобы это все уже вступило в силу на национальном и международном уровнях, с тем, чтобы получить более комплексную оценку рисков и последствий. Исследования и сведения о судьбе некоторых загрязнений, транспорта и поведения в окружающей среде предоставляются, а также способы оценки рисков, связанных с воздействием индуцированного в окружающей среде. Цель исследования и увеличить понимание о судьбе и последствия экологического стойкие загрязнения путем проведения экспериментов разработана, чтобы помочь развитию количественных отношений и моделей [8].

В целях развития устойчивых систем землепользования проводятся работы по восстановлению заброшенных зерновых угодий путем посева многолетних трав с использованием методов прямого посева, щадящей технологии и ускорения процессов естественного восстановления в высокопродуктивные кормовые угодья, мероприятия по восстановлению почвенного покрова, мониторингу биоразнообразия, восстановлению водопойных пунктов для скота, мониторингу животноводческих хозяйств.

На самом деле создание зон устойчивого развития позволит обеспечить эффективное природопользование и сохранение природных ресурсов на основе единого подхода к управлению территориями, относящимися к целостным экологическим системам, преодолеть неэффективность существующей системы менеджмента природных ресурсов, ведомственную разобщенность и дублирование функций, создать условия для развития экосистемного подхода в международных отношениях, углубление сотрудничества со странами-соседями в рамках совместной деятельности по сохранению транснациональных экологических систем.

Подводя итоги можно сказать, что на основе принятых конвенций наша страна, с легкостью сотрудничает с многими мировыми державами, что позволяет вести двустороннее партнерство в сфере экологической безопасности. И ускоряет процесс эффективного сотрудничества между странами.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Еркинбаева Л.К. Экономические инструменты охраны окружающей среды и проблемы их реализации в экологическом законодательстве Республики Казахстан: проблемы и теории и практики // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, серия юридическая №2 (58), 201.- С. 97.
2. Сарсембаев М.А., К.М. Сарсембаев Международное право. Общая и особенная части: Учебник. - Алматы: Жеті жарғы, 2009.- 408 с.
3. Принципы международного сотрудничества // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30085593
4. Дубовик О.Л., Кремер Л., Люббе-Вольфф Г. Экологическое право. Учебник / Отв. ред О.Л. Дубовик.-М: изд-во Эксмо, 2005. – 768 с.

5. Алишева К.А. Экология: Учебник. - Алматы: Издательство NURPRESS, 2011.- 342 с.

6. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б., Внешняя политика Республики Казахстан. – Алматы, 2001- 511 с.

7. Республика Казахстан на пути к устойчивому развитию //Казахстанский журнал международного права №4 (12) 2003. - С. 254-255.

8. Behaviour Of Persistent Pollutants And Risks Associated With Their Presence In The Environment - Integrated Studies, Author(s): Gavrilesco, M (Gavrilesco, Maria) Source: environmental engineering and management journal volume: 8 issue: 6 pages: 1517-1531 published: nov-dec 2009

ӘОЖ 94 (514) 084. 5

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тинистановна С.С. т.ғ.к., доцент

Талдықорған қаласы, Жетісу мемлекеттік университеті. Tin_019@mail.ru

Мақалада Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасының қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, сот сараптамалық қызметті ұйымдастырудың негізгі бағыттары туралы отандық ғалымдардың көзқарастары берілген.

В статье рассматриваются актуальные проблемы деятельности судебной экспертизы Республики Казахстан на современном этапе. А также даны научные взгляды отечественных ученых об организации основных направлений деятельности судебной экспертизы.

The article deals with topical issues of the judicial examination of the Republic of Kazakhstan at the present stage.

Кілт сөздер: сот сараптамасы, мақсаты, міндеттері, сараптама тағайындау, қызметі.

Сот сараптамасы – сот өндірісіндегі арнайы сараптамалық білімдерді заңды және ғылыми негізделген түрде қолдану мақсатымен сот сараптамасының әдіснамалық, құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін қалыптастыру және дамытудың заңдылықтарын анықтауға бағытталған білімнің саласы.

Сот-сараптамалық қызметтің жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу Кодексімен, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс-жүргізу Кодексімен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативті құқықтық актілерімен реттеледі [1].

Қазақстан Республикасының «Сот-сараптамалық қызмет туралы» Заңының 3 бабына сәйкес, сот-сараптамалық қызмет өз құрамына келесі жағдайларды кіргізеді:

- қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізу;

- сот сараптама саласындағы ғылыми зерттеулер;

- сот сараптамасының ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі;

- сот сарапшыларды іріктеу, кәсіптік даярлығын және кәсіби біліктілігін арттыру [2].

Сот сараптамасының мақсаты істі дұрыс және мәні бойынша шешу үшін сот өндірісіндегі мән-жайларды анықтау болып табылады.

Мақсатына сай міндеттері туындайтыны белгілі. К.Н. Шакиров, Р.Б. Тапалова, Н.Б. Мергембаева осы салада зерттеу жүргізген белгілі ғалым А.Р.Шляховтың пікіріне сүйене отырып, міндеттерін диагностикалық, классификациялық, идентификациялық және жағдайлық (ситуациялық) деңгейдегі міндеттерді айқындайды.

Деңгейлік бағыт сот сарапшының зерттелетін құбылысты тереңірек танып және анықталған фактіні жалпылауын ескереді.

Диагностикалық зерттеудің процесі классификациялық, идентификациялық, жағдайлық зерттеулерден ерекшеленеді. Аталған әр бір зерттеу өзінің жалпылау деңгейін мақсат етеді. Олардың ерекшелігі таным кезіндегі мазмұнына, объектілердің және қоршаған ортаның құбылыстары арасындағы өзара байланыстарын зерттеулерінде жатыр.

Диагностикалық зерттеулерсіз бірде-бір зерттеу жүргізуге болмайды, өйткені диагностикалық зерттеу арқылы материалды объектілердің пайда болу табиғаты, олардың зерттеу кезіндегі күйі анықталады.

Диагноз қою процесі зерттеліп отырған объектілердің белгілерін бір-бірімен салыстыру негізінде жүзеге асады. Мысалы, объектілердің белгілерін салыстырмалы түрде талдау із аяқ киіммен қалдырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тұжырымды сарапшы іздер туралы криминалистикалық ілімнің білімін пайдалана отырып жасайды. Объектілердің белгілерін талдау арқылы диагностикалық міндеті объектінің қай класқа жатқандығын анықтай алады. Осыған қатысты диагностикалық міндет классификациялық міндетпен біршама ұқсайды. Классификациялық міндет зерттеліп отырған объектінің табиғаты мен күйін танумен шектелмейді, сол сияқты салыстырмалы зерттеудің нәтижесінде ол объектінің қай класқа, қай текке, объектілердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтауға көмектеседі.

Криминалистік идентификация – дегеніміз қоршаған ортаның белгілі-бір көріністеріндегі объектінің өз-өзіне тепе-теңдігінің бар немесе жоқ болуын анықтайтын таным процесі. Яғни, зерттеліп отырған оқиғаға қатысы бар объектінің жекелігін анықтау.

Жағдайлық (ситуациялық) міндеттерді шешу ықпалдылық (интегралды) мазмұнға ие, сондықтан әр түрлі ғылым мен техника саласындағы арнайы білімдерді қажет етеді, сол арқылы сараптама кешенді мазмұнға ие болады. Жеке жағдайлық (ситуациялық) міндеттердің мақсаты көлемі жағынан тар, сондықтан олардың нәтижесі белгілі-бір ғана арнайы ғылыми саласының қолданылуымен алынады.

Жағдайлық (ситуациялық) деңгейдің міндеттерін бағалай отырып, олардың тиімді түрде шешілуі диагностикалық, классификациялық, идентификациялық зерттеулердің нәтижелерімен белгіленеді. Сонымен қатар, аталған диагностикалық, классификациялық, идентификациялық деңгейдегі міндеттер жағдайлық сараптаманың міндеті де болып табылады. Бірақ, тәжірбиелік жоспарда, жағдайлық (ситуациялық) деңгейдің міндеттері жеке мәртебеге ие бола тұрып, басқа міндеттерді шешуді қажет етпейтін жағдайлар да кездеседі [3].

Е.Ж. Бөкейқанова атап көрсеткендей, заңға сәйкес сараптаманы анықтаушы, анықтау органы, тергеуші, прокурор, сот тағайындауы мүмкін. Тергеуші

сараптаманы қылмыстық істі қозғау сатысында және алдын ала тергеу жүргізу кезінде тағайындайды. Анықтау органы, анықтаушы сараптаманы қылмыстық істі қозғау сатысында және алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес сол істер бойынша анықтау жүргізу кезінде, қылмыстық істі қозғау туралы мәселені шешу үшін оның нәтижелері қажет болған жағдайда прокурор тағайындауға құқылы. Сараптама тағайындаудың негізі нақты және заңды деп бөлінеді.

Сараптама тағайындаудың нақты негізі іс бойынша іс жүргізу барысында, бір жағынан, қылмыстық процесті жүргізуші органның қарамағындағы бар іс бойынша ақпаратты, екінші жағынан, оның істің мән-жайларын арнаулы ғылыми білім негізінде анықтау қажеттілігін сипаттайтын проблемалық танымдық ситуациялардың туындауы болып табылады [4].

Қазақстан Республикасында сот сараптамасын сот сараптама органдары немесе сот сараптама органдарының қызметкерлері болып табылмайтын адамдар жүргізе алады. Олардың толық тізбесі «Қазақстан Республикасындағы Сот-сараптама қызметі туралы» заңның 4-бабында көрсетілген:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы және оның аймақтық бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы және оның аймақтық бөлімшелері;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қылмыстық қудалау функциясы жүктелген мемлекеттік органдар бөлімшелерінен басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функцияларына сот сараптамасын жүргізу жатқызылған мемлекеттік органдардың мамандандырылған бөлімшелері жатады [2].

Қазіргі таңда сот сараптама қызметін жетілдіру мен сараптама қызметінің жұмысын жетілдіру мақсатында 2010 жылы 20 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының «Сот сараптамалық қызмет туралы» Заңды жетілдіріп, жаңа заң жобасын талқылауда.

Заң жобасын қабылдаудың мақсаттары тәуелсіз және объективті сот сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру, Заңдағы ішкі қайшылықтарды жою, бұдан басқа нормативтік құқықтық актілермен келісу қажеттілігі, сот-сараптама қызметіндегі құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толықтыру.

И.Ш. Борчашвили атап көрсеткендей, сот сараптама қызметін жетілдірудің негізі 2014-2020 жж. арналған Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру бағдарламасында жатыр. Бағдарламаның негізгі бағытында сот сараптама қызметінің әдістемелік базасын жетілдіру, жаңа сараптамалық зерттеу жасауды енгізу, сараптаманы халықаралық стандарт талаптарына сай жасау көзделген. Сондай-ақ халықаралық сараптамалық қызметті жолға қою, жекелеген қызмет түрлерінен халықаралық аккредитациядан өту, осы қызметтің сот және басқа арнайы органдармен байланысын жетілдіру, жеке сот сараптама институтын дамыту мен оның материалдық-техникалық базасын жасау мақсаты қойылған.

Болашақта сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психатриялық сараптамалар орталықтарының қызметі 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің құзырынан Әділет министрлігіне көшіріледі [5].

Қазақстан Республикасы «Қазақстан заңгерлер одағы» төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Р. Мұқашев атап көрсеткендей, қазір күннен күнге сот сараптамасы қызметінің рөлі өсіп, сот өндірісіне ғылыми-техникалық құралдарды, зерттеу әдістерін енгізудің негізгі каналына айналып барады.

Сараптама қызметінің негізгі бағыттары сот сарапшысы біліктілігі берілетін сот-сараптама түрлері мен мамандықтарының кеңеюі, сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтиханын қабылдау тәртібін күшейту; сот сараптамасы қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту; сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізудің қатаң тәртібі талап етілуде.

Бұдан бөлек, сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын сарапшының жеке жауапкершілігін нығайту мақсатында, лицензияны тек жеке тұлғаларға беруге қатысты тұжырымдамалық мәселелер реттелуде.

Р. Мұқашевтың пікірінше, сот сараптама қызметінің дамуы сот-сараптамасы қызметінің құқықтық негізін реттеуге;

Қазақстан Республикасында сот сараптамасын ұйымдастырудың негізгі ұғымдарының, функциялары мен қағидаларының заңнамалық айқындылығы мен нақтылығына;

сот сараптамасының құқықтық реттелуін жетілдіруге;

сот төрелігі процесіне қатысатын ұйымдар мен азаматтардың құқықтық қорғалуын арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді [6].

Бүгінгі таңда барлық сарапшылар Астана, Алматы қалаларында, облыс орталықтарында орналастырылған және олардың сараптаманың автотехникалық, құрылыс, бухгалтерлік, тауартанушылық түрлері бойынша, яғни негізінен күрделі техникалық жарактандыруды талап етпейтін, негізінен азаматтық сот өндірісінде қажеттілігі бар сараптама түрлері бойынша сарапшылық біліктіліктері бар.

А.Смағұлов атап өткендей, Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдардың қызметін ұйымдастыруға қатысты мәселелер былай бекітілген. Біріншіден, сот-сараптама қызметімен айналысатын лицензия түсінігіне Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның сот сараптамасы қызметімен айналысуға рұқсат беруі деген түсінік беріледі. Екіншіден, сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдар сот сараптамасын жүргізу жүктелуі мүмкін субъектілер қатарына жатқызылған

Үшіншіден, сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатында бес жылда бір рет аттестаттаудан өту көзделген. Төртіншіден, лицензия беру, лицензия беруден бас тарту, лицензияны тоқтата тұру, оның күшін жою және лицензиядан айыру тәртібі мен шарттары бекітілген. Бесіншіден, сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензиясы бар адамдар туралы мәлімет Қазақстан Республикасының Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Осылайша, сот сараптамасының мемлекеттік емес секторы Қазақстанда 1997 жылдан бастап енгізілгеніне қарамастан, бүгінгі күнге дейін заң шығарушылық деңгейде оның қызметін ұйымдастыру жеткілікті түрде реттелмеген [7].

Сондықтан да қазіргі таңда осы саладағы болып жатқан өзгерістер мен жаңа заң жобасы болашақтағы сот сараптама қызметінің қызметін жетілдіруді жүзеге асыруы тиіс. Әсіресе, сот сараптамасының мемлекеттік емес секторын заңды тұлғалармен кеңейту, өзін-өзі қаржыландыратын мемлекеттік емес сарапшылардың тиісті ұйымын құру қажет. Сонымен қатар сот сараптамасының мемлекеттік органдарының қызмет көрсетулерімен қамтылмаған елдің шалғай аудандарында сот сараптамаларын жүргізу саласындағы жеке бастамашылықты ынталандыру үшін жеңілдік жағдайларын жасау керек. Сот сараптамасының мемлекеттік емес секторын дамытуға жәрдемдесетін тиісті жағдайлардың болуы елдің шалғай аудандарында орналасқан құқық қорғау органдары мен сотта үшін сот сараптамаларына деген қол жетімділік пен олардың сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Шакиров К.Н., Тапалова Р.Б. Мергембаева Н.Б. Қазақстан Республикасындағы Сот сараптамасы: ұйымдастырылуы және өндірісі. Оқу-әдістемелік құрал: Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012 ж. – 269 б.
- 2 «Қазақстан Республикасындағы Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңы // Параграф ақпараттар жүйесі, 2015.
- 3 Е.Ж. Бөкейқанова ҚР Сот сараптамасы.- Өскемен, 2007.- 47 б.
- 4 Сот экспертологиясы. Лексиялар курсы / Бычкова С. Ф., Бычкова, Е. С., Қалимова А. С. - Алматы : Жеті жарғы, 2006. - 368 б.
- 5 И.Ш. Борчашвили Развивая потенциал судебной экспертизы / Zakon.kz.
- 6 Р. Мұқашев Роль судебной экспертизы возрастает / Zakon.kz.
- 7 А. Смағұлов Сот сараптамасының қазіргі кезеңдегі кейбір мәселелері.- Шығыс-батыс: сот сараптамасындағы серіктестік. халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.- 2012 жылғы 7 қыркүйек.- 100-10 бб.

ӨӘК 343.23.01

**БАНДИТИЗМНІҢ ӨЗГЕ ДЕ АРАЛАС ҚЫЛМЫСТАРДАН
АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ**

Жангушукова Алия Заманбековна з.ғ.м, аға оқытушысы

*Талдықорған қаласы, И. Жансүгіров атындағы ЖМУ
aliyazhangushukova@mail.ru*

Бандитизм – аса қауіпті қылмыстардың бірі. Бұл қылмыстар жылма-жыл өріс алып, көбеюде, оның қоғамға аса қауіптілігі сол, банды құрылымы жөнінен тұрақты, қаруланға топ болып, аса ауыр қылмыстар жасайды.

Бандитизм – это преступление известно с незапамятных времен и во всех государствах оно рассматривалось как одно из самых опасных. Количество преступлений, совершенных вооруженными бандитскими формированиями, всегда напрямую зависело от экономического благополучия и политической стабильности государственной власти.

Banditry is a crime known since time immemorial and in all countries, it was seen as one of the most dangerous. The number of crimes committed by armed gangs, has always depended on the economic prosperity and political stability of the government.

Негізгі сөздер: бандитизм, қарақшылық, жәбірленуші, кінә, қылмыс.

Кез келген қылмысты іс-әрекеттің мәнін ашу үшін қылмыстың объектісін анықтаудың маңызы ерекше. Әрбір істелген қылмыс белгілі бір объектіге қол сұғумен қатар оған белгілі бір зиян келтіру қауіпін туғызады. Қылмыстық заң нормасымен қорғалатын объектіге қылмыстық қол сұқпауы мүмкін емес. Сондықтан да қылмысты қол сұғушылықтың объектісін дұрыс анықтаудың теориялық, тәжірибелік маңызы зор. Қылмыстың объектісін дұрыс анықтау ұқсас қылмыстарды бір-бірінен, қылмысты қылмыс емес әрекеттерден ажыратуға жәрдемдеседі. Өйткені, қылмыстық-құқылық қорғау объектісіне әрқашанда өзінің мәні мен дәрежесіне қарай ерекшеленген маңызды қоғамдық қатынастар жатады. Объекті маңызды болса соған сәйкес істелген қылмыста қауіпті болып саналады.

Бізге белгілі қылмыстық құқық бойынша қылмыстың объектісі деп қылмысты қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынастарды айтамыз. Қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастардың маңыздылық дәрежесіде қылмыстық заңдарды ретімен орналастыру үшін аса қажет. Әрбір істелген қылмыс белгілі бір жағдайларда қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіру қауіпін туғызады. Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымы қорғалатын қоғамдық қатынастардың жалпы объектісі деп таниды [2, 45 б.].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 2-бабының екінші бөлігінде “осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады” деп көрсетілген. Яғни, мұның өзі қолданып жүрген қылмыстық заңдар бойынша белгілі бір қорғауға алынған қоғамдық қатынастар ғана қылмыстың жалпы объектісі болып табылатынын көрсетеді.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объектісін жете білу үшін қылмыстың объектісін жалпы, топтық және тікелей деп бөлу қағидасы қалыптасқан.

Осыған орай, біздің мақсатымыз қарақшылықтың объектісін білу үшін оның маңызын және атқаратын рөлін, қызметін түгел ашу мақсатымен тонаудың жалпы, топтық және тікелей объектісін анықтауымыз қажеттілі туындауда. Ұрлыққа, алаяқтыққа, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап етуге қарағанда қарақшылық талан-таражға жататын қылмыс нысандарының ең қауіпті түрі болып табылады [3, 55 б.].

Қарақшылықтың қауіптілігі бөтеннің меншігіне қол сұғумен бірге, осы қол сұғудың өте қауіпті тәсілі – шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқанында болып табылады. Қылмыстың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің көтеріңкі жағдайы оның екі бірдей объектісі – меншікке және адамның өмірі мен денсаулығына бір мезетте қылмысты қол сұғуы арқылы сипатталады.

Қарақшылық қылмыс болып табылғандықтан, өз кезегінде екі түрлі объектіге қол сұғады. Бір жағынан, қарақшылықтың тікелей объектісі – мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке меншік болып табылса, яғни бөтеннің мүлкіне қол сұғу болып табылады. Бұл көзқарасты көптеген кеңестік криминалистер қолдаған. Келесі мәселе – ол қарақшылықтың екінші объектісінде болып отыр. Ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар бар. Н.Д. Дурмановтың ойынша, күш қолдану арқылы қарақшылықты жасау кезінде қылмыстың объектісі меншікпен қоса, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы да (жеке адамның бас бостандығы, денеге қол сұқпаушылығы) құрайды [3, 256 б.].

Өйткені, қарақшылықтағы күш қолдану жәбірленушінің (қарсылық көрсеткенде) оның денсаулығына немесе жеке басына зиян келтірілуі мүмкін. Мысалы, П.П. Михайленко және Р.И. Тевлиннің көзқарасы бойынша, қарақшылық кезінде қолданылған күш маңызды және қоғамға қауіпті болып табылады [4, 6 б.].

Қарақшылық кезіндегі күш қолдану мемлекеттік мүлікті немесе азаматтардың жеке мүлкін иелену құралы болып табылады. Мысалы, қылмыскерлердің ұйымдасқан тобы пышақпен қаруланған, яғни тапаншаны иелену мақсатында М. деген азаматтың үйіне кірген. Қылмыскерлер М. байлап және өлтіреміз деп қорқыта отырып тапаншаны беруін талап етті. М. онда тапаншаның жоқтығын айтады, қылмыскерлер үйді тінтіген және тапаншаны таппаған. Қылмыскерлер жәбірленушінің өзге де мүліктерін иеленбестен, қылмыс болған жерден жасырынып қалған.

Сонымен, қарақшылықтың тікелей объектісі – мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік, ал күш қолдану арқылы тонауды жасау кезіндегі осы қосымша тікелей

объектісі меншікпен қоса жәбірленушінің өмірі мен денсаулығын (жеке бас бостандығы, денеге қол сұқпаушылық) құрайды.

Ал, қарақшылықтың заты – объективтік белгілі бір экономикалық, шаруашылық, материалдық құндылығы бар әртүрлі заттар, сонымен қатар, материалдық құндылықтың балама ретінде қызмет ететін заттар, мысалы, ақшалар, облигация, сондай-ақ тауарлық айналымнан алынған заттар (қару, бағалы металдар) жатады [5, б 59.].

Сонымен, қорыта келгенде, қарақшылықтың топтық объектісі – меншік иесінің иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қарақшылықтың тікелей объектісі болып бөтеннің мүлкіне қол сұғу болып танылады. Сонымен бірге қарақшылық жоғарыда айтып кеткендей, көп объектілі қылмысқа жатады.

Сондықтан да оның қосымша объектісі - жеке адамның өмірі, денсаулығы, бостандығы.

Ал, қарақшылықтың заты болып – азаматтық құқық бойынша меншік объектісі деп танылған кез келген бұйымдар мен мүліктер танылады, яғни ақша, бағалы қағаздар, азаматтық айналымдағы қозғалмайтын және қозғалатын мүліктер, адам еңбегі арқылы жасалған кез келген материалдық дүниелер, заттар жатады.

Қылмыстың объективтік жағы қылмысты істеген адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісін білдіреді. Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес (ҚК-тің 9-бабы) ондай мінез-құлық біріншіден қоғамға қауіпті, екіншіден қылмыстық заңға қайшы болуы керек [1].

Қылмыстың объективтік жағының мазмұны көптеген белгілерінің жиынтығынан тұрады. Ең бастысы қылмыстық заң құрайтын қоғамдық қатынастарға қиянатпен қол сұғатын және оған қол сұғу қауіпін тудыратын қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет пен әрекетсіздік). Сонымен, қоғамға қауіпті іс-әрекет, қылмыстық зардап, себепті байланыс кез келген қылмыстың объективтік жағын құрайды. Қоғамға қауіпті іс-әрекет бұл адамның құқыққа қайшы, саналы, белсенді түрде қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін мінез-құлқының сыртқы көрінісі.

Іс-әрекет – адам мінез-құлқының сыртқа шыққан шынайы көрінісі болып табылады. Біздің міндетіміз қарақшылықтың объективтік жағын құрайтын белгілерді айқындай отырып, қарақшылықтың қандай әрекеттермен жасалатындығын анықтау болып отыр.

Қарақшылықтың объективтік жағы адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы белгіленеді. Осыған орай, қарақшылықтың объективтік жағы негізінен екі әрекет арқылы: шабуыл жасау және күш көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Қарақшылықтың құрамының объективтік жағының ерекшелігі оның жасалу тәсілі болып табылады. Қылмыстық кодекстің 192-бабында “қарақшылық, яғни бөтеннің мүлкін талан-таражға салу мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау”, - деп көрсетілген [1].

Қылмыстық кодекстің 192-бабының диспозициясының мазмұнын төмендегідей конструктивтік элементтерге бөліп көрсетуге болады: шабуыл жасау; бөтен мүлікті талан-таражға салу мақсаты; адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау.

Шабуыл жасау деп кінәлі адамның жәбірленушіге кенеттен, оның қарсылығын тойтару мақсатында өте үрдіс түрде күш қолдануы болып табылады. Шабуылға

ашық түрде жасалған зорлық әрекеттерінен бөтен жәбірленушіні ту сыртынан ұру, тасада тұрып оған оқ ату, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қауіп келтіретін жағдайда оған қатты әсер ететін, уландыратын немесе жындандыратын нәрселер беру арқылы оны есенгірететін жағдайға келтіру сияқты әрекеттер жатады.

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету, жәбірленушінің денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру (106-бап), орташа ауырлықтағы зиян келтіру (107-бап) немесе денсаулықтың қысқа уақытқа бұзылуының немесе еңбек қабілетін айтарылықтай емес тұрақты жоғалтуға әкеліп соққан зиян келтіру (108-бап), сондай-ақ жәбірленушінің өміріне тікелей қауіп тудырған басқадай күш қолданулар жатады.

Өмірге, денсаулыққа қауіпті күш қолдануға адамның тыныс жолдарын бекіту, биіктен жерге тастау, жүріп бара жатқан немесе тұрған көліктен итеріп жіберу немесе жәбірленушіні уландыратын немесе оның нерв жүйесіне әсер ететін нәрселер қолдану жатады. Күш қолданудың осы түрлерін қолданудың өзі жәбірленушінің денсаулығына ешқандай зиян келтірілмегеніне қарамастан қарақшылық әрекеті ретінде сараланады [6, б б.].

Қарақшылықтың құрамын күш қолданумен бірге адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқытумен де ұштасқан әрекеттер жатады. Мұндай ретте қорқыту шын мәнінде адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті болуы және қарсыласқан жағдайда ол қорқытудың нақты іс жүзінде асатынына жәбірленушінің ешбір күмәні болмауы керек.

Қарақшылықтағы күш қолдану бөтеннің мүлкіне иелік етудің құралы болып табылады. Сондықтан да күш қолдану иелік етуден бұрын жүзеге асырылады. Егер кінәлі адам бөтеннің мүлкін жасырын түрде ұрлауды жүзеге асыру барысында меншік иесінің немесе өзге де адамдардың қарсылығына тап болып күш қолданса, онда оның әрекеті қарақшылық ретінде сараланады. Егер кінәлі адам бөтеннің мүлкін жасырын ұрлап, бірақ қылмыс істеген жерде көзге түсіп қалып, қашып құтылу мақсатымен жәбірленушіге күш қолданса, онда оның әрекеті қарақшылық емес, ұрлық және жеке адамға қарсы қылмыс ретінде сараланады.

Бөтеннің мүлкін қасақаналықпен немесе бұзақылық ниетпен бүлдіру, я болмаса осы мүлікке өзінің нақты немесе болжамалы құқығын өз бетінше жүзеге асыру мақсатымен, сондай-ақ оған уақытша пайдалану ниетімен иелік ету қарақшылық деп қарастырылмайды, мұндай реттерде кінәлінің әрекеті істің нақты жағдайларына қарай Қылмыстық кодекстің 192-бабы (бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру), 293-бабы (бұзақылық), 389-бабы өз бетінше билік ету бойынша саралануы мүмкін [1].

Қарақшылық шабуыл жасаған уақыттан бастап, оның бөтеннің мүлкін иелік жасағанына немесе жасамағанына қарамастан аяқталған деп есептеледі. Сондықтан қарақшылық формальдық қылмыс құрамын құрайды, олардың объективтік жағы заңда көрсетілген мына элементтен тұрады: құқыққа қайшы әрекеттен, ал қылмыстық құқықтық қалып диспозициясында көрсетілген мүліктік зиян ретіндегі зардаптан, сондай-ақ құқыққа қайшы әрекет пен орын алған зардаптың арасындағы себепті байланыстың рөлі шамалы.

Қылмыстың субъективтік жағы бұл негізінен адамның психикалық іс-әрекетінің қылмыс істеуге тікелей байланысты жағының көрінісі болып табылады. Қылмыстың сыртқы жағын бейнелейтін объективтік жаққа қарағанда субъективтік жақ қылмыстың ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді. Бұл жерден шығатын қорытынды қылмыстың объективтік және субъективтік жағының белгілері өзара тығыз байланысты, белгілі бір бірлікте болады. Сондықтан да қылмыстың субъективтік жағына барынша тығыз талдау жасау қажет. Қылмыстың субъективтік жағының мазмұны мынадай заңдылық белгілері: кінә, қылмыстық ниет, мақсат құрайды. Осы

белгілердің жиынтығы қылмыс істеген, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның жан-дүниесінде орын алған ішкі өзгерістерді, оның санасы мен еркінің өзара байланысты бейнелеп береді.

Аталып өткен қылмыстың субъективтік жағының осы белгілерінің заңдылық маңызы біркелкі емес, керісінше әр түрлі. Кінә кез келген қылмыс құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылады. Кінәсіз қылмыстың құрамы болмайды. Мұның өзі кінәсіз жағдайда қылмыстық жауаптылық туралы сөз болуы мүмкін емес дегенді білдіреді. Қылмыстық ниет және мақсат, кінәға қарағанда, кейбір құрамдар үшін заңда көрсетілген реттерде қажетті белгі болады. Ал олай болмаған жағдайларда, ниет пен мақсат қылмыс құрамының факультативті белгісі ғана болып саналады.

Істелмекші болған қылмыс жөніндегі абыржу, өкініш білдіру немесе жазадан қорқу психологиялық әрекеттің элементтері болып табылмайды, сондықтан ол қылмыстың субъективтік белгісіне жатпайды.

Қылмыстың субъективтік жағының белгілері – кінәні, ниет пен мақсатты дұрыс анықтаудың маңызы мынада:

Біріншіден, қылмыстық жауаптылық негізінің құрамдас бөлігі ретінде ол қылмысты қылмыс болып табылмайтын іс-әрекеттен ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, қылмыстың субъективтік жағы объективтік жағынан өзара ұқсас құрамдарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, қылмыстың субъективтік жағының мазмұны істелген қылмыстың, сондай-ақ оны істеген адамның қоғамға қауіптілік дәрежесінің деңгейін анықтауға себеп болады. Мұның өзі жауаптылықтың негізділігін және мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қылмыстың субъективтік жағының қылмыстық жауаптылықтың бар-жоғын анықтау үшін, істелген қылмысты дұрыс саралау және әділ жаза тағайындау үшін маңызы ерекше. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының пленумы көптеген қаулыларында қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын, кінәнің нысандарын, қылмыстық қаскүнемдік пен арам ниеттің және оның мақсатының мазмұны мен бағытын терең зерттеуді талап етеді. Осыған орай, қарақшылық қылмыс болып табылғандықтан осы қылмыстың субъективтік жағының белгілерін анықтау қажеттілігі туындайды.

Қарақшылықты жасау кезінде қылмыскердің кінәсі тікелей қасақаналық нысанымен бейнеленеді. Қарақшылықты жасағанда қылмыскер жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану арқылы шабуыл жасау әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын және зардабын сезеді, және осы шабуыл жасау өзінің пайдасына бөтен мүлікті иемдену құралы ретінде қызмет етеді, және мемлекеттік және жеке меншік үшін зиянның келуін тілейді.

Қарақшылық кезінде кінәлінің қасақаналығының ерікті элементі бөтен мүлікті иеленумен бейнеленеді. Бөтеннің мүлкін иемдену үшін шабуылды жасаған тұлға пайдақорлық ниетті көздейді. Қылмыстың ниеті – мүліктік, материалдық пайда алу. Пайда, материалдық пайда алу ретінде кез келген талан-тараждың, қарақшылықтың міндетті белгісі болып табылады. Сонымен, қарақшылықтың субъективтік жағының міндетті белгілеріне – пайдакүнемдік ниет пен мақсат жатады.

Қылмыстың субъектісі болып қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және заңға сәйкес сол үшін қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілетті адам танылады. Қылмыстық кодекстің 4,6, 7-баптарының талаптарына сай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің күші Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдіктерге қолданылады [1].

Бұдан туатын қорытынды, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылыққа тек қана тірі адам – азамат тартылады. Заттар, жануарлар дүниесі, табиғат күштері келтірген зиян үшін олар қылмыстық жауапқа тартылмайды, яғни бұл аталғандар қылмыс субъектісі болып танылмайды.

Сонымен қатар, адам өзі жасаған қылмысқа тек ғана өзі жауап беруі тиіс. Ол үшін оның туған –туыстарымен бауырлары жауап бере алмайды.

Егер адам жануарларды немесе табиғи күштерді пайдалану арқылы қасақана немесе абайсыздықпен басқаға зиян келтірсе, онда қылмыстық жауаптылыққа сол адамның өзі тартылады. Мысалы, қабаған итке адамды қасақана әдейілеп қаптырса, онда сол адам жөнінде қасақана дене жарақатын келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі қарастырылады, ал мұндай жағдайда ит қылмыс субъектісі емес, қылмысты істеудің құралы болып табылады.

Сондай-ақ заңды тұлғалар – мекеме, ұйым, кәсіпорын және басқа да заңды ұйымдар қылмыстың субъектісі болып табылмайды. Қайсыбір кәсіпорын, мекеме, ұйымда еңбек қорғау ережелерінің елеулі бұзылуы үшін қылмыстық жауаптылыққа мекеме, ұйым, кәсіпорын емес, сол еңбек қорғау ережелерін кінәлі түрде бұзған лауазымды адам, егер соның салдарынан адамдар қайғылы жағдайға ұшыраса жауаптылыққа тартылады.

Жаңа Қылмыстық кодекстің 14-бабында (1-бөлігі) “есі дұрыс, осы Кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс” деп тура айтылған. Осыған орай, яғни қылмыс субъектісі болып тек қана жеке тұлға – адам саналады. Бұл субъектінің бірінші белгісі болып табылады.

Қылмыстық заң қылмыстық жауаптылыққа өзінің істеген іс-әрекетіне есеп бере алатын және өзін-өзі басқаруға қабілеті бар адамды, яғни есі дұрыс адамды ғана тарта алады. Адам қоғамға қауіпті іс-әрекет істеген кезде өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмаса, яғни қылмысты есі дұрыс емес күйде істесе, онда ол адамның іс-әрекетінде кінәнің екі нысаны: қасақаналық пен абайсыздық жоқ деп есептеледі. Қоғамға қауіпті іс-әрекетін ұғынып, оның мағынасына жетіп, ақылмен, естілікпен істеген есі дұрыс адам ғана қылмыс үшін кінәлі деп танылады.

Өзінің іс-әрекетін сезу, және оны басқара алу дені сау адамға туған кезден бастап қалыптасады, пайда болады. Адам белгілі бір жасқа толған кезде қалыптасқан өмірлік тәжірбиесі арқылы өзін қоршаған ортадағы құбылысқа дұрыс баға беру, сол ортаға өзінің іс-әрекетінің пайда не зиян келтіретінін ұғыну, нақты жағдайларға байланысты іс-қимыл жасап құқық, мораль нормалары арқылы тыйым салынғандарды істеу-істемеу немесе ондай қимылдан бас тарту мәселелерін шешуге толық қабілетті болады. Психолог, психиатр, педиатр, педагог және зангер мамандардың тұжырымына сәйкес мұнда жас мөлшері 16 жасқа толған уақыт деп белгіленген. Осы жасқа толған жасөспірімдер өздерінің қылмыстық заңға қайшы кез келген іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Бандитизм мен қарақшылықтың ұқсастығы осы екі қылмыста шабуыл жасау арқылы жасалынады және жәбірленушіге шабуыл жасау кезінде өміріне, денсаулығына қауіп төнуі мүмкін. Осы аталған екі қылмыс ұқсас болғанмен бір-бірінен ажырататын критерийлері бар.

Бандитизмнің мақсаты, яғни конструктивтік белгісі – адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау болса (бұл бандитизм құрамының міндетті элементі), ал, топтық қарақшылық шабуылдың мақсаты ҚР ҚК-нің 192-бабының диспозициясында тікелей айтылған: “бөтен мүлікті тонау мақсатында шабуыл жасау”.

Бесіншіден, бандитизмнің субъектісі – 16 жас, ал топтық қарақшылықтың субъектісінің төменгі жас шегі – 14 жас.

Алтыншыдан, қылмыстың аяқталу кезеңі бойынша ажыратылады: бандитизм келте қылмыс құрамына жатады, бандитизм - банданы құрған уақыттан бастап, бандалық шабуыл жасауға қатысқаннан бастап аяқталған болып есептеледі, қарақшылықта құрамы жағынан формальды құрамға жатады, сондықтанда қарақшылықта шабуыл жасаған уақыттан бастап аяқталған деп есептеледі [7, 55 б].

Қарақшылық жеке орындаушылар немесе адамдар тобы арқылы жасалуы мүмкін, банда құрамының міндетті белгісі ұйымдасқан топ болады. Қарақшылық құрамындағы адамдар тобы қылмыстың ауырлататын түрі болып саналады, ал бандитизмде ұйымдасқан және тұрақты топ қылмыс құрамының негізгі белгісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 03 шілде 2014ж Алматы, Юрист, 2014. – 142 б.

2 Курляндский В.И., Карпушин М.П. Ответственность за государственные преступления. Часть вторая. –М., 1965. – 320 с.

3 Хан-Магомедов Д.О. Государственные преступления. –М., 1961.- 320 с.

4 Бюллетень Верховного суда Республики Казахстан - Қазақстан Республикасы жоғары сотының бюллетені: официальное изд. / Верховный суд РК.- Астана, 2015.- Ежемес.

5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне. Түсінік. – Алматы ЖШС “Издательство “Норма-К”, 2004. – 648 б.

6 ҚР-нің Жоғарғы Соты Пленумының 1997 жылғы 17 қаңтардағы “Бандитизм үшін жауаптылық туралы заңды соттардың қолдану тәжірбиесі туралы” №1 қаулысы

7 Уголовное право: Общая часть: Учеб. / КазНУ им. аль-Фараби; Под ред. А. Н. Агыбаева, И. И. Рогова, Г. И. Баймурзина.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2005.- 240

ӘОК 343.2/.7

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН – АЛУ

Д.Т. Нұрбек, з.ғ.м., аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ, rufat.dana@mail.ru

Бұл мақалада кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтар жайлы айтылған. Қазіргі кездегі кәмелетке толмағандардың қылмыс табалдарығын алғаш атауына әлеуметтік – экономикалық, әлеуметтік – материалдық жағдай, қоршаған орта, интернеттегі күнделікті кинофильмдер мен бейнекөріністер, кей-кезде ата-ананың өзі де себепші екеніндігі жайлы айтылған.

В данной статье рассмотрены вопросы правонарушений среди несовершеннолетних. В настоящее время на преступность среди не совершеннолетних влияют социально-экономические, экономико-материальные факторы, окружающая среда, ежедневные фильмы, видеоролики распространяемые через сети интернет, в некоторых случаях, причиной преступности несовершеннолетних могут являться и сами родители.

In this article the questions of law violations are considered among minor. Presently on criminality social and economical, economical and materials factors,

environment, daily films, influence among not adult, video movies is expandable through networks the internet, on occasion, by causation of crime minor there can be parents.

Негізгі сөздер: жасөспірім, кәмелетке толмағандар, құқық бұзушылық, алдын алу, заңнамалар.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу қоғамдағы құқық бұзушылықтың алдын-алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке қатыстырып және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастар қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларда тәрбиелеуге болады. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықты алдын-алуды құқықтық реттеу тетігінде көтеген маңызды элементтер мен сатылар көзделген. Осы тетіктегі басты элементтердің бірі – бұл салада қоғам өмірінің әртүрлі салаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер кешені түрінде заңнама жасау және оны жетілдіру. Өз кезегінде, заңнаманы жасау және жетілдіру кезінде кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алудың экономикалық, саяси, ұйымдық, техникалық және тағы басқа шараларын құру керек.

Осы арада «Жасөспірімдер көбіне қандай қылмыстар жасайды?»-деген сұрақ туындайды. Қазіргі таңда жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыстар өзінің алуан түрлілігімен, қатыгездігі мен алаңдатып отыр. Жасаған қылмысына қарай қылмыстық жауапқа тартылған жасөспірімдердің жас ерекшеліктері төмендегідей болып келеді: 14 жастағылар-11 пайыз, 15 жастағылар- 7 пайыз, 15-16 жас аралығындағылар – 42 пайыз, 14 жасар балалар қылмысты көбіне топтасып жасайды. Жалпы, екі – үш баладан құралған топтар қалаларда 33 пайызды құраса 4 баладан құралған топта 12 пайыз, басқа топта 6 немесе одан да көп балалардан топтасқан. Есепте тұрған қылмыс жасаушылардың ең төменгі жасы 14 – 15 жас. Топтасып жасалған қылмыстырдың басым көпшілігі ер балаларға тиесілі, ал қыз балалар тарапынан жасалған бұзақылық қылықтар жалпы қылмыстың бес пайызын құрайды.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықты алдын-алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын-алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Бұл «Неке және отбасы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлқуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы» заңдары, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөнінде ішкі істер органдарының қызметін нормативтік құқықтық актілер және тағы басқа.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын-алу тікелей не жанама кездейтін құқықтың қайнар көздерінің осылайша көп болуы қоғамдық қатынастардың кез-келген саласында кәмелетке толмағандар тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесі көзделгендігінің салдары. Әсіресе бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасау себептеріне отбасында дұрыс тәрбие берілмеуі, жұмыссыздық, теріс ықпал, арандату, азғын кітаптар мен фильмдердің әсері, білім беру органдары, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия мен инспекцияның, полиция, сот - тергеу органдары жұмысындағы кемшіліктерді жатқызу керектігін ескерсек, қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы заңнаманы жетілдіру қажет [1,1616].

Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор. Осыған орай мемлекетіміз отбасының, соның ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға күш-жігер жұмсағаны жөн. Отбасында тұрақтылық пен береке болмаса, осыған байланысты қоғам тарапынан көмек көрсету әрекеттері сәтсіз болған жағдайда тіршілік етудің балама орындарын пайдалану мүмкіндігін

қарастыру қажет. Соның ішінде балаларды тұрақтылығы бар әрі берекелі отбасы жағдайына мейлінше жақындатылған мекемелерге тәрбиеге беруге болады. Сонымен қатар заңнамаға баланы дамыту және оған күтім жасау жөніндегі ата-ананың рөлі мен міндеттері жайында құзырлы органдардың ақпарат беру міндетін көздейтін нормалар енгізген жөн. Мұның өзі ата-ана мен балалар арасында оң қарым – қатынастың қалыптасуына септігін тигізеді.

Баланың келешегіне кері әсер ететін жағдайларды айтпағанда, оларды ата-анасынан айыруға жол бермейтін ұлттық бағдарлама жасаудың және оны іс жүзіне асырудың қажеттігінің мәні зор. Бұл бағдарламада баланы қоғамда өмір сүруге дайындау жөнінде мемлекет пен қоғам тарапынан жасалуы тиіс барлық шаралар көзделуі керек және бұл орайда қазіргі қоғамдық және құқықтық мекемелерді ескеріп қана қоймай, егер дәстүрлі мерекелер мен ұстанымдардың пәрменін жоғалтқан жағдайда дәстүрлі емес шара қолдануы да көздеген дұрыс. Дегенмен, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын-алудың ең маңызды алғы шарты болып табылатын отбасындағы берекені сақтаудың негізгі субъективті себептерден басқа, өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық жағымсыз құбылыстары жатыр. Олардың қатарына бірінші кезекте жұмыссыздықты жатқызу керек, ол балалар мен жасөспірімдердің қараусыз, қадағалаусыз қалуының және құқық бұзушылық жасауының себебі болады.

Біліктілігі жоғары педагогтар жалақының төмендігінен саудамен айналысуға мәжбүр. Ата-анасының материалдық жағдайының нашар болуынан балабақша мен мектептерге бара алмау да, нәтижесінде соңғы жылдары қараусыз, тастанды, үй-жайы жоқ, сөйтіп құқық бұзушылық жасауға баратын балалар саны көбейіп отыр. Сол себептен мемлекеттің әлеуметтік саясаты ең алдымен жұмыс орындарын көбейтуге, қамқоршылары баланы оқытуға жағдайы келмеген кезде кәмелетке толмағандарға мемлекеттің есебінен жоғары және арнайы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-ананың қарауынсыз қалуының алдын – алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың келесі бір бағыты білім беру саласындағы заңнаманы жетілдіру, оның дәл және біркелкі қолданылуына тиісті бақылау және қадағалау жасауды қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілер кешенінде қазіргі қолданыстағы заңнамада толық көлемде ескерілмеген көптеген проблемаға назар аударылуы тиіс [2,216].

Біріншіден, заңнамада баланың өзіндік мәдени ерекшеліктеріне, оның көзқарасына мемлекетіміздің қоғамдық құндылықтарына, адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарына сыйлаушылықпен қарауға баулитын шаралар қамтылуы керек.

Екіншіден, оқу орындары кәмелетке толмағандарға медициналық, кеңестемелік және басқа да көмек көрсететін, атап айтқанда осындай жәрдемге мұқтаж немесе қатыгездік құрбаны болған, ата-анасының мейірімін көрмеген және қудалаумен қанауға душар болған жасөспірімдерге қол ұшын беретін базалық және анықтама орталықтарына айналуы тиіс.

Үшіншіден, білім саласына қатысы бар нормативтік құқықтық актілерді қолайсыз, жағымсыз жағдайдағы, табысыз топтарға жататын кәмелетке толмағандардың проблемаларын анықтауға және шешуге ықпалдасатын оқу және тәрбие бағдарламаларын әзірлеу мен өндіру қажеттігі жеткілікті дәрежеде қамтылмаған.

Төртіншіден, оқу орындарының кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын-алу жөніндегі жұмыс нәтижесін тұрақты бақылаумен оған баға беру міндеті еліміздің заңнамасында толық көлемде көрсетілмеген.

Бұдан басқа нормативтік құжаттарда мектепке бару ережесін сақтау қиынға соғатын, сондай-ақ мектепті тастап кететін кәмелетке толмағандарға арнайы көмек көрсетілетіні көзделуі керек. Және ақырында, білім беру заңнамасында жастар арасындағы қылмыстың және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын-алудың тиімді жолдарын табуға қатысты ғылыми – зерттеу жүргізуде білім беру жүйесінің барлық буындарының арасында ынтымақтастық болуын ынталандыруға, сондай-ақ осындай зерттеулердің кең таралуын және бағасын алуын көздеуге тиіс. Осындай зерттеу нәтижелерінің негізінде білім басқармалары кәмелетке толмағандарда заңға сәйкес мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелік құралдар әзірлеп, білім беру мекемелерінің жұмыс тәрбиесіне енгізуі керек.

Жасөспірім арасында заңға қайшы мінез-құлықтың алдын-алудың неғұрлым тиімді шарасы девиянтты мінез-құлықпен ерекшеленетін кәмелетке толмағандарды, әсіресе қоғамға қарсы бағдарланған жасөспірімдер топтарының лидерлерін дер кезінде анықтауға және олардың айналадағы адамдарға теріс ықпал жасауына жол бермеу болып табылады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осындай жасөспірімдерді арнайы оқу тәрбие мекемелеріне орналастыру мүмкіндігі болғанда бұл жұмыстың пәрменділігі артады. Осының өзі құқық бұзушылықтың қайталануын болдырмауға сондай-ақ оларды ересек адамдардың тарапынан болатын теріс әсерден оқшаулауға мүмкіндік береді. Соңғы үш жылда білім жүйесінде облысәкімдері жүйелі түрде қоғамға қарсы әрекет жасайтын кәмелетке толмағандарға арналған жеті арнайы білім беру ұйымын ашқан және олар кәзірде жұмысын әрі қарай жалғастыруда. Алайда, аталмыш оқу-тәрбие мекемелердің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық акт әліге дейін қабылданған жоқ.

Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, қараусыз қалуын алдын-алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың тағы бір бағыты әртүрлі қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, клубтардың және тағы басқа қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру болып табылады, себебі кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын-алу көбіне жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыратын әртүрлі қызметтердің жұмыс сапасына байланысты. Осы орайда заңнамада жастарға әртүрлі ойын-сауық және сауықтыру қызметін көсететін ерікті ұйымдарға қаржылай және басқа да көмек берудің экономикалық және ұйымдық шаралары көзделуі тиіс. Бұдан басқа жастар ұйымдарын құру және нығайту жөніндегі экономикалық және ұйымдық шаралар қолдану қажет, бұлар қоғам істерін басқаруға, әсіресе көмекке мұқтаж жастарға қол ұшын беруге бағытталған істерді басқаруға қатыса алатындай болу керек.

Заңнамада мәдениет, ойын-сауық, спорт және туризм мекемелерінің әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған кәмелетке толмағандарды көркемөнер, техникалық, спорт және тағы басқа клуб, үйірме, секцияларында үйренуге тарту, Отандық және дүниежүзілік мәдениет құндылықтарына баулу жөніндегі міндеттер нақты көрсетілген жөн.

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары зор рөл атқарады. Бірақ бұл істе айтарлықтай кемшілік бар. Теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, арсыз қатынастар жиі көрсетіледі. Мұның өзі өскелең ұрпаққа зиян келтіреді. Осы жағдайға байланысты бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда жастарға арналған тиісті қызметтер мен мүмкіндіктерді БАҚ-тар арқылы тарату қажеттілігі туралы норма императивті түрде баяндалу керек.

Заңда бұқаралық ақпарат есірткімен зорлықпен байланысты материалдар көрсетуді мейлінше азайтуға, сондай-ақ зорлық пен қанауды жағымсыз жағынан

көрсетуге мүдделі ететін, осыған ынталандыратын нормалар көзделуі тиіс. БАҚ-тар өз бағдарламаларын дер кезінде түзетуі аса қажет, олардағы ақпарат балалар мен жасөспірімдердің ақылын кемітпей, қатыгез етпей, дұрыс бағдар беруі тиіс. Сонымен қатар есірткі мен алкогольді пайдаланудағы алдын-алудағы, бұл заттардың зияны туралы ақпаратты барлық деңгейде таратудағы рөлі мен жауапкершілігін заң жүзінде анықтаған жөн.

Жоғарыда айтылғандай кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасауының себептеріне кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияны, прокурорлық қадағалау, полиция, сот тергеу органдарының жұмысындағы кемшіліктерді жатқызған дұрыс. Сондықтан заңнамада осы органдардың қызметін жетілдіру шаралары көзделі керек.

Біріншіден, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын –алудың тиімділігін арттыру үшін барлық құқық қорғау, мемлекеттік басқару органдарының, балалар мен жасөспірімдер мәселелерімен айналысатын жастар және қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің өзара ықпалдасуын, қызметін үйлестіру жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу қажет. Осы мақсатта үйлестіруші орган баалалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылығының алдын-алумен байланысты шараларды жүзеге асыру кезінде жинақталатын ақпарат, тәжірибе, білім мен мемлекеттік және мемлекет аралық деңгейде алмасуды белсенділендіруге тиіс.

Екіншіден, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар, білім басқару органдары, қамқоршылық және қорғаншылық органдары, жастар істері, денсаулық басқару, ішкі істер органдары бірінші кезекте мына жағдайды ескеруі тиіс: балалар мен жасөспірімдердің жалпы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарға сай келмейтін мінез-құлқы көп жағдайда есею процесімен байланысты болады және есейген сайын олардың мінез-құлқы өзгереді. Ал, жасөспірімдерді тәртіп, құқық бұзушы немесе бастап келе жатқан құқық бұзушы деп анықтау көп жағдайда жастардың бойында тұрақты жағымсыз мінез-құлық қалыптасуының дамуына әсер етеді.

Ювеналдық юстициясы іс жүзінде бар елдерде кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот, сот төрелігінен басқа кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын-алу өкілеттігі бар органдардың (құқық қорғау, әлеуметтік органдар) қызметіне бақылау (қадағалау) міндетін атқарады. ТМД елдерінде соттың осындай функциясы негізінен көзделмеген, ол прокуратура органдарына бекітілген және прокурорлық қадағалау шеңберінде іс жүзіне асырылады. Осындай қадағалаудың қажеттігі мен тиімділігін жоққа шығармай, жақын келешекте сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының алдын-алу өкілеттігі бар барлық органдардың қызметіне сот бақылауын ювеналдық юстиция шеңберіндегі заңнама жүзінде көздеген жөн [3,236].

Сонымен, қорыта айтқанда, балалардың қылмыс табалдарығын алғаш атауына әлеуметтік – экономикалық, әлеуметтік – материалдық жағдай, қоршаған орта, интернеттегі күнделікті кинофильмдер мен бейнекөріністер, кей-кезде ата-ананың өзі де себепші екеніне көзіміз жете түскендей. Ал, оған терең байлап, басқа да әсер ететін жағдайдың сыр-сипатын ашып, сол арқылы қылмысты болдырмай, алдын-алу болашақтың ісі [4,126].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Қылмыстық кодексі // Алматы 2014жыл 3 шілде 158 бет
2. Сағымбаев А. «Жастардың қылмысқа деген көзқарасы» // «Егемен Қазақстан» 2009 жыл 19 тамыз №63-65(25911) 12бет
3. Айнұр Сембаева «Балалар қылмысының көбеюі салғырт тәрбиенің салқынынан» // «Заңгер» 12/2008жыл 88бет

4. Айтолқын Досжанова «Кәмелетке толмағндарға қатысты сот төрелігін жүзеге асыру немесе «ювеналды әділет»» // «ТураБи» 6-2008 65 бет
5. Ермек Абдрасулов «Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» // «ЗАҢ» 6/2005жыл 40бет
6. Әбдіқадыр Кәрім «Жасөспірім жазатайым баспасын» // «Заң және заман» №67, 13 мамыр 80 бет

УДК 32:34

ПОЛИТИКА И ПРАВО ВЗАИМНОЙ И ВНЕШНЕЙ ТОРГОВЛИ АГРОПРОДУКЦИЕЙ КАЗАХСТАНА В РАМКАХ ЕАЭС И ВТО

М.А.Сарсембаев

доктор юридических наук, профессор

Бұл мақалада Еуразиялық экономикалық одақтың кеңістігіндегі Қазақстан Республикасының өзара сауда құқығы мен ДСҰ аясында Қазақстан Республикасының сыртқы сауда құқығының өзара қатынастарының мәселері, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтары талданды. Сондай-ақ аймақтық және әмбебап халықаралық құқық аясында Қазақстанның ауыл шаруашылық құқығы және сауда құқығының арасындағы қарым-қатынас қаралды.

В этой статье анализируются проблемы соотношения права взаимной торговли Республики Казахстан на пространстве ЕАЭС и права внешней торговли Республики Казахстан в рамках ВТО: их сходства и различия. В ней также рассмотрены вопросы взаимосвязи казахстанского аграрного и торгового права в свете регионального и универсального международного права.

This article analyzes the problem of correlation between the law of mutual trade of the Republic Kazakhstan in the space of the EAEC and the law of foreign trade of the Republic of Kazakhstan within the WTO: their similarities and differences. It also considers the relationship of the Kazakh agricultural law and commercial law in the light of regional and universal international law.

Ключевые слова: агропродукция, внешняя торговля, взаимная торговля, продовольственные товары, экспорт, импорт.

Право внешней торговли в Республике Казахстан регулируется в первую очередь Законом Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» от 12 апреля 2004 года, где вопросам внешней торговли посвящены некоторые нормы, которые раскрыты в статьях данного Закона. Эти статьи касаются вопросов экспорта всех товаров, в том числе и агропромышленной продукции Казахстана в зарубежные страны и импорта агропродукции из зарубежных государств в нашу страну. В соответствии с данным законом развитие внешнеторговой деятельности в Казахстане должно происходить посредством надлежащего функционирования систем страхования экспортных кредитов, создания всеобъемлющей системы торговой и внешнеторговой информации и служб по их сбору и распространению, организации и проведения международных выставок, ярмарок внутри страны и за рубежом, других мероприятий, которые были бы направлены на ускоренное развитие внешнеторговой деятельности. Было бы целесообразно в перспективе разработать и принять отдельный казахстанский закон «О внешнеторговой деятельности», в котором вопросам экспорта и импорта сельскохозяйственных и продовольственных товаров было бы уделено достаточное внимание в виде

детализированного раздела с совокупностью статей. В этом законе могли бы разместиться основные идеи положений документов, решений и договорных актов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) и Всемирной торговой организации (ВТО) уже в виде казахстанских правовых норм. Кроме того, в нем же можно расположить статьи, снимающие противоречия, возникающие в процессе одновременного использования аналогичных правовых норм ЕАЭС и ВТО. Здесь нужно подчеркнуть, что в рамках ЕАЭС между его государствами-участниками не действуют термины «внешняя торговля», «экспорт товаров», «импорт товаров». В рамках интеграции действуют термины «взаимная торговля», «ввоз и вывоз товаров». Нужно обосновать смысловую разницу в терминах. Именно это и нужно отразить во внешнеторговом законодательстве Республики Казахстан. Поскольку в рамках ЕАЭС действует право взаимной торговли между государствами-участниками интеграции, в предлагаемом законе нужно сформулировать положения о соотношении норм этого казахстанского закона и норм ЕАЭС о его полномочиях во внешнеторговой сфере.

В процессе реализации норм данного законодательного акта казахстанские товаропроизводители должны уповать не столько на выгодную коммерческую конъюнктуру, а на умение конкурировать с предпринимателями других стран: в этой связи они должны научиться и стать конкурентоспособными. В этом случае они могут чувствовать себя комфортно в рамках ЕАЭС и ВТО. Кроме того, благодаря высокой конкуренции Казахстан мог бы достаточно быстро сориентироваться в вопросах повышения качества производимой продукции и стать более конкурентоспособным. Тем самым это стало бы существенным вкладом наших бизнесменов, в том числе фермеров, в решение глобальной задачи о необходимости вхождения республики в первую тридцатку конкурентоспособных государств, поставленной Президентом страны.

Как известно, в ЕАЭС находятся Республика Армения, Республика Беларусь, Республика Казахстан, Кыргызская Республика и Российская Федерация. Членами ВТО являются более 160 государств, в том числе члены ЕАЭС Казахстан, Кыргызстан и Россия. Из 5 государств Центральной Азии только 2 государства являются как членами ЕАЭС, так и членами ВТО. К ним относятся Казахстан и Кыргызстан. Страны Центральной Азии для нас, казахстанцев, являются одними из основных стран-партнеров по торговле продовольственными товарами. Отраднее то, что торговля принимает объемный и взаимный характер. Так, в 2014 году Казахстан поставил в Кыргызстан, Узбекистан, Таджикистан и Туркмению более 100 наименований сельскохозяйственной продукции в общем весе немногим более 4 миллиона тонн на общую сумму в 1 миллиард долларов США. В свою очередь Кыргызстан, Узбекистан, Таджикистан и Туркменистан в том же 2014 году поставили в нашу страну около 850 тысяч тонн сельскохозяйственных продуктов на сумму более 500 миллионов долларов, что меньше на 3 миллиона тонн, чем наш экспорт в центрально-азиатские страны. Надо изучить рынок этих государств с тем, чтобы узнать, что еще мы могли бы из агропродуктов экспортировать в эти страны и какие наименования агропродукции этих стран могут вызвать интерес у потребителей нашей страны. Убежден, что внешнеторговый потенциал нашего региона еще огромен. И чтобы его использовать в дальнейшем, есть смысл вернуться к созданным свое время структурам центрально-азиатской экономической интеграции. Кроме того, думается, есть смысл оказывать центрально-азиатским государствам содействие в их вступлении в ВТО, если они сами того пожелают.

В рамках ЕАЭС в порядке взаимной торговли поставки из России в Казахстан составили 1 миллиард 500 долларов. Ассортимент агропродуктов дошел до отметки 188 единиц. Поставки из Казахстана в Россию в 2014 году выросли в более чем 2

раза. Если в 2010 году в суммарном выражении казахстанский ввоз товаров и продукции составил более 92 миллионов долларов, то в 2014 году этот объем вырос более чем на 300 миллионов долларов. Ассортимент товаров вырос более чем в 2 раза – с 58 наименований до 127.

Судьялардың тәуелсіздігі. Судья сот әділдігін атқару кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Соттың сот әділдігін атқару жөніндегі қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапқа тартылады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Судьялар – тәуелсіздігіне кепілдігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен заңмен белгіленген.

Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру. Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі ең құқықтылығы принципін негізінде жүзеге асырылады. Қылмыстық ізге түсу, қорғау және істі соттың шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады. Сотталушыға тағылған айыпты дәлелдеу міндетті айыптаушыға жүктеледі. Қорғаушы сотталушының қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен әдістерін пайдалануға міндетті. Сот қылмыстық ізге түсу органы болып табылмайды, айыптау немесе қорғау жағында болмайды және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз іс жүргізу міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай туғызады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы тараптар тең құқықты, яғни оларға Конституциямен және Қылмыстық іс жүргізу кодекспен өз айқындамаларын қорғауға бірдей мүмкіндік берілген.

Сот, іс жүргізу шешімін, зерртеуге қатысу тараптардың әрқайсысына бірдей негізде қамтамасыз етілген дәлелдерге ғана негіздейді. Тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында өзінің айқындамасын, оны дербес және сотқа, басқа да органдар мен адамдарға тәуелсіз қорғаудың әдістері мен құралдарын тандайды [5]. Мемлекеттік айыптаушы мен жеке айыптаушы белгілі бір адамның қылмыстық ісіне түсуді жүзеге асыра алады немесе заңда көзделген жағдайларда қылмыстық ісіне түсуден бас тарта алады. Сөзікті мен айыпталушы өзінің кінәсін еркін жоққа шығара алады немесе өзін кінәлімін деп мойындай алады.

Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті. Қылмыстық ізге түсу органдары нақты деректерді анықтайды, солардың негізінде іс үшін мәні бар мән-жайлар белгіленеді. Қылмыстық істі қараушы сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптау және қорғау тараптарына олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеу құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай туғызады. Сот тараптардың пікірімен байланысты емес және өз басамшылығымен қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықту үшін қажетті шаралар қолдануға құқылы. Айыпталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар іс бойынша анықтауға жатады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган кінәсіздігі немесе кінәсінің аздығы туралы, сондай-ақ сезіктіні, айыпталушыны ақтайтын не олардың жауаптылығын жеңілдететін дәлелдердің бар екендігі туралы барлық мәлімдемелерді тексеруі тиіс.

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өздерінің ішкі сенім бойынша бағалайды, бұл орайда заң мен ар-ожданлы басшылыққа алады. Ешқандай дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету. Күдіктінің, айыпталушының қорғануға құқығы бар. Олар бұл құқығын ҚП кодексінде белгіленген тәртіптен жеке өзі де, қорғаушының, заңды өкілінің көмегімен де жүзеге

асыра алады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган күдіктіге, айыпталушыға, олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану шаралар қолдануға міндетті. Қылмыстық процестік кодексінде көзделген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізуші орган сезікті, айыпталушы қорғаушысының іске қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Күдікті, айыпталушы қорғаушысының және заңды өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы сезіктіге, айыпталушыға тиесілі құқықтарды кемітпейді. Күдікті, айыпталушы қылмыстық ізге түсу органдарына айғақтар беруге, қандай да болсын материалдар беруге, оларға қандай да бір жәрдем көрсетуге мәжбүр етілмеуге тиіс. Күдіктінің, айыпталушының онымен бірлесіп қылмыс жасады деп айыпталған адамға қатысты қылмыстық істі қарау кезінде де тиесілі қорғану құқығының барлық көпшіліктері сақталады.

Жариялылық. Қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Сонымен бірге іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда кәмілетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер және басқа да істер бойынша соттың дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол беріледі. Сонымен бірге іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда кәмілетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер және басқа да істер бойынша соттың дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол беріледі. Соттың үкімі мен іс бойынша қабылданған қаулылар барлық жағдайларда ашық жарияланады.

Жариялылық - мемлекеттік және басқа да институттардың іс-әрекеттерінің ашықтығы, ақпараттың кең таралуы, ұйымдар, мекемелер мен лауазымды тұлғалардың азаматтарға ашықтығы, қоғамдық пікірді анықтау және есептеу, қабылданған шешімдерді жариялау [3].

Кінәсіздік презумпциясы әділдік негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Ол, әдетте, принципі қабылданды, өз кінәсін дейін оған сәйкес айыпталушы кінәсіз саналады заңда белгіленген тәртіппен дәлелдеді. Бұл принциптің жүрегінде әрбір адам оған сәйкес, мораль жалпы және кең қабылданған стандарттарға болып табылады әйтпесе сұраған жағдайларды қоспағанда, (болжам) орнықтылығын көзделіп керек дәлелдеді. Кінәсіздік презумпциясы - шын мәнінде қылмыстық іс жүргізу санаты, жаны қылмыскер іс. Әлеуметтік-саяси идея ретінде ол көп ұзамай бұрын дүниеге келген XVIII ғасырдағы Француз революциясы және қылмыстық сот ісін келді саясаты. Ол талаптарымен бірге, саяси ұраны ретінде алға еркіндік, теңдік және бауырластық революциялық үшінші мүлік шыңы ескірген inquisitorial іс азаптау, корольдік тирания мен сот жоқ түрмеде белгісіз бас бостандығынан айыру. Оның бастапқы түрінде кінәсіздік презумпциясы мынадай талаптарға түрінде тұжырымдалған. Адам мен Франция 1789 азаматының құқықтары декларациясының 9-бабында бекітілген: әрбір адам, ол (сот арқылы) жарияланады анықтағанға дейін, кінәсіз болуы тиіс болғандықтан емес, оның қамауға кінәлі, егер қажет болса, кез келген Rigo, оның жеке (сот) қамтамасыз ету қажет болуы тиіс [7].

Еліміз әлемдегі дамыған 50 мемлекеттің қатарына ену мақсатын алға қойып отыр. Осыған байланысты қылмыстық заңды жетілдіру, халықаралық норма-лар-дың

тиімді жақтарын пайдалану, қоғамға қауіптілігі шамалы іс-әрекеттерді қылмыс қатарынан шығару, қылмыстық жазаны ізгілендіру, қылмыстық құқықтың жұрт таныған халықаралық тиімді қағидаларын заңдарды жетілдіруге пайдалану, оны зерттеу – өзекті мәселе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Конституциясы – Юрист, 1995 30 тамыз.
2. ҚР қылмыстық Процестік кодексі –Алматы: Юрист, 2014.
3. ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім. – Алматы : «Жеті жарғы», 2000.
4. Оспанов С.Д. Уголовный процесс РК (общая часть). — Алматы, 2000.
5. Уголовный процесс : учебник для вузов /под ред. П. А. Лупинской. – М.: Юрист,1995.
6. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
7. <http://tezister.net/>
8. ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексі –Алматы: Юрист,2005.-208 б.
9. Макарова З.В., Янин М.Г. – Обжалование процессуальных действий и решений в системе принципов уголовного судопроизводство. – Уфа, 2003.

ЭКОНОМИКА

ӘӨЖ 341.1

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Кангуреев М.Т. э.ғ.д., Абдиманап Н., магистр

Мақалада Кеңес өкіметінен кейінгі кеңістіктегі білім берудің теориялық мәселелері мен жаңа интеграциялық бірлестіктің қызметі және халықаралық ұйымдардың құқықтық табиғатын құру принципінiң арақатынасы қараастырылған.

Рассматриваются теоретические вопросы образования и функционирования нового интеграционного объединения на постсоветском пространстве – ЕврАзЭС, и соотношение принципов построения с правовой природой международных организаций.

Theoretical education and the functioning of the new integration association in the former Soviet Union - EurAsEC, and the ratio of principles of construction of the legal nature of the international organizatsiy.nap

Кілт сөздер: *Еуразиялық экономикалық одақ, геосаяси тұрақтылық, интеграция, консенсус*

Еуразия атауы қазіргі ақпараттық кеңістікте ең көп кездесетін сөздердің біріне айналып отыр. Мұның себебін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылуымен түсіндіруге болады. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы аймағымызда маңызды геостратегиялық, геосаяси, экономикалық және геомәдени бетбұрыстардың болып жатқанын көрсетеді. Әрине, Еуразияны әрбір мемлекет өз мүддесі тұрғысынан түрліше түсінеді.

Еуразияның геосаяси маңыздылығын түсіну үшін батыстықтардың аймақ туралы кең танылған теориясын қарастырайық. Еуразия құрлығы туралы сөз болғанда геосаясат теоретиктерінің бірі ағылшын Халфорд Ж.Макиндердің heartland, яғни «жердің жүрегі» («Жерұйық») теориясына назар аудару қажет. Ол теория бойынша, кез келген географиялық кеңістіктің немесе мемлекеттің ең стратегиялық маңызды аймағы оның ортасы, орталығы болып табылады. Макиндердің пікірінше, дүниежүзінде ықпал жүргізу үшін Еуразия құрлығында, ал Еуразияда ықпалды болу үшін сол құрлықтың ортасында, яғни ішкі аймағында басымдыққа ие болу шарт. Расында, бұл теория Ресейге де, біздің аймағымызға да қатысты. Орталық Азия жоғарыда аталған heartland, яғни кіндік аймаққа кіретін географиялық кеңістікте орналасқандықтан, тек теория ғана емес, сондай-ақ, геосаясаттың нысанасына айналып отыр. Бұл атлантистік теорияның мәні Батыстың Еуразияға қалай қарайтындығын білдіріп қана қоймай, оның аймағымызға қатысты геостратегиялық ниетінен де жақсы хабар береді [1].

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) - Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылған экономикалық одақ. Мүше елдердің парламенттері бекітіп, Одақ 2015 жылдың 1 қаңтарына бастап күшіне енді.

Мүшелері:

- Беларусь - (1.01.2015 жылдан), (9 481 000 адам. 01.01.2015 жыл).
- Қазақстан (1.01.2015 жылдан), (17 417 447 адам. 01.01.2015 жыл).
- Ресей (1.01.2015 жылдан), (146 270 033 адам. 1.01.2015 жылдан)).

- Армения (2.02.2015 жылдан), (3 010 600 адам. 31.12.2014 жыл).
- Қырғызстан (8.05.2015 жылдан), (5 874 100 адам. 1.11.2014 жыл).

Еуропалық Одақ интеграциясына сүйенген идея Ресейдің сол кездегі премьер-министрі Владимир Путин тарапынан 2011 жылдың қазан айында көпшіліктің назарына ұсынылған, бірақ тұжырымдама ретінде Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан 1994 жылы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде тұңғыш таныстырылған болатын.

2011 жылдың 18 қарашасында Беларусь, Қазақстан, Ресей президенттері Еуразиялық Экономикалық Одақ 2015 жылға қарай құрылады деген келісімге қол қойған. Бұл келісім болашақ интеграцияның жол картасын қамти отырып, Еуразиялық Экономикалық Комиссияның және 2012 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастаған Еуразиялық Экономикалық Кеңістік негізін қалады.

ЕЭО саяси блок емес, тек экономикалық одақ ретінде құрылады деп жоспарланған.

Еуразиялық Одақ мүшелері үшін макроэкономикалық әсерлері:

- Қажетті шикізатты тасымалдауға кететін қаржының азаюы тауарлар құнының төмендеуі алып келеді

- Бәсекелестіктің артуы тауарлар мен қызметтердің сапасын арттырады

- Үлкен халқы бар нарықтың құрылуы [2].

Осыған орай, Еуразиялық интеграцияның тарихи кезеңіне қатысты бірқатар мәселелерге назар аударсақ.

Еуразиялық экономикалық одақ теңқұқылық, мақсатқа сәйкестілік, кезеңділік, прагматизм және ортақ тиімділік қағидаттары негізінде құрылады. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт Қазақстан, Ресей және Беларусь азаматтарының әлауқаты мен тұрмыс сапасын арттыру мәселелерін шешуге бағытталған. Оның аясында тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын, үйлестірілген экономикалық саясат жүргізу көзделеді.

Сарапшылар болашақтағы интеграциялық тиімділік шеңберінде 2030 жылға қарай Ішкі жалпы өнімнің жиынтық өсімін 900 млрд. доллар көлемінде бағалап отыр. Ал Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімшартқа қол қою қажетті құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталады. Шарт құрылтайшылардан (институционалды) және салалық (функционалды) бөлімдерден тұратын бірегей құжат болып табылады. Оны даярлау барысында барлық тараптардың ұстанымдары келісіліп, сарапшылар қауымдастығының, іскерлер ортасының пікірлері барынша ескерілген.

Еуразиялық экономикалық одақтың базалық негіздері

Еуразиялық экономикалық одақтың басты мақсаты - бірыңғай рынок қалыптастыру, тауарлар, қызметтер, инвестиция мен жұмыс күші үшін кедергілерді жою, кәсіпкерлікті барынша тиімді жүзеге асыруға бағытталған келісілген экономикалық саясатты жүзеге асыру болып табылады. Ал Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт мемлекеттердің егемендік теңдігі, территориялық тұтастық, сонымен бірге, Одаққа қатысушы-мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін құрметтеу қағидаттарына негізделеді. Бұдан бөлек, Еуразиялық экономикалық интеграция теңқұқылық, мақсатқа сәйкестілік, кезеңділік, прагматизм мен өзара тиімділік қағидаттары негізінде дамиды. Ең бастысы, Еуразиялық экономикалық одақ - саяси бірлестік емес. Ол өз алдына саяси міндеттерді қоймайды және саяси егемендікті шектемейді. Сондықтан да одақ туралы шарт тек қана экономикалық ынтымақтастық мәселелерін қамтып отыр.

Одақ аясында шешімдер қабылдау консенсусқа негізделеді

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта барлық деңгейдегі стратегиялық мәнге ие шешімдер қабылдау барысында консенсустың нақты

тетіктері қамтамасыз етіліп отыр. Бұның өзі басқа да шаралармен қатар, қатысушы мемлекеттер арасындағы қандай да бір елдің басымдыққа ие болу мүмкіндігін түгелдей жоққа шығарады. Бұл ретте Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекетүсті органдары «бір ел - бір дауыс» қағидатымен жұмыс істейтін болады. Еуразиялық экономикалық комиссияның жоғары органдары - Кеңес пен Алқадағы - басшылық етуші позициялары барлық қатысушы-мемлекеттердің теңдей өкілдер санымен тағайындалады.

Токтала кететін жайт, Еуразиялық экономикалық одақ - бұл ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған ашық мегажоба. Одақтың басқа мемлекеттермен, түрлі интеграциялық бірлестіктерімен қатынасына келсек, Астанадағы Тәуелсіздік сарайында мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы барысындағы келіссөздерде Еуразиялық интеграциялық үдеріс аясын кеңейту мәселесі де қаралды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшыларының қатысуымен Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті дамытудың негізгі мәселелері жөніндегі бірқатар өзекті тақырыптар талқыланды. Мәселен, сарапшылар бүгінгі таңда Вьетнам, Израиль, Үндістан мен Египет секілді бірқатар мемлекеттермен еркін сауда туралы келісім жасау жөніндегі мәселенің талқыланып жатқанын алға тартады. Сондықтан да, Еуразиялық интеграциялық үдерістер тек қатысушы мемлекеттермен арада ғана емес, әлемнің басқа да барлық елдерімен ынтымақтастықты тереңдету бағытында жаңа мүмкіндіктер ашатыны күтіледі.

Еуразиялық экономикалық интеграцияның басымдықтары

Интеграцияның жаңа кезеңіне - Еуразиялық экономикалық одаққа өту еліміздің сұранысын тез арада емес, керісінше ұзақмерзімді іргелі бағытта қамтамасыз етуді көздейді. Атап айтқанда, еуразиялық интеграция қатысушы-мемлекеттердің орнықты экономикасын нығайтуға, олардың нарықтық әлеуетін арттыруға бағытталады. Әлбетте, бірлестік ел кәсіпкерлері үшін барлық проблемаларды бірден жойып тастай алмайтыны айқын, алайда, одақ аясында кәсіпкерлікті дамытудың жаңа деңгейі үшін жағдайлар құрылады, іскерлік айналымның барлық циклдары үшін жаңа мүмкіндіктер ашылатын болады.

Бұл ретте капиталдың, тауарлар мен қызметтердің, жұмыс күшінің еркін айналымы Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы бизнесті жүргізуді барынша оңайлатады. Ішкі шекараларда кедендік, фитосанитарлық, ветеринарлық және басқа да бақылаулардың жойылуы бизнес айналымын шапшандатып, кедергілерді кертте түседі. Мұның аясында көліктік инфрақұрылымдарға теңдей қолжетімділік үлкен маңызға ие. Интеграциялық бірлестіктің тұтастай аумағында көліктік инфрақұрылымды бірыңғай пайдалану шарттары да осыны дәлелдей түспек. Бұл қазақстандық кәсіпкерлер үшін көліктік шығындарды төмендетуге, оның ішінде Ресей арқылы арзан тасымалдардың қолжетімділігіне жағдай жасайды. Шикізаттар, материалдар мен қондырғылар жеткізуге қолжетімділік оңайлатылады.

Тұтастай алғанда, Еуразиялық экономикалық одақ оған қатысушы үш ел экономикаларының сапалық параметрлерін арттыруға мүмкіндік туғызып қана қоймай, мемлекеттердің жаңа сапалы деңгейге көтерілуіне айтарлықтай рөл атқарады. Бүгінгі әлемде экономикалық интеграциялық бірлестіктердің жұмысы жаңа дәуірге қадам басып қана қоймай, олар барынша белсенді болып, ықпалдастықтың қажеттілігі күн санап артып отырғаны айқын. Ендеше, құрылған Еуразиялық экономикалық одақты оған қатысушы-мемлекеттердің жаһандық бәсекелестіктегі ұстанымдарын нығайтуға арналған бірлестік деуге келеді [3].

«Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметінше, жаһандық бәсекелестіктің индексі қазақстандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігі 50-орында. Ресей 64, Белорусь елі 94-орында екен. ХХІ ғасырда қай елдің болмасын ұлылығы

мен қарымын инновациялық, ақпараттылық және кәсіпкерлік қабілетінен пайымдауға болады. Сондықтан ЕурАзЭО бәсекеге қабілеттілікті арттырып, экономикалық кеңістікке жол ашады деп сенеммен айтуға болады.

Кез келген интеграциялық одақ белгілі саяси-экономикалық құндылықтарға сүйенеді. Теориялық тұрғыда, еуразиялық экономикалық интеграция посткеңестік елдердің нарық, теңдік және өзара тиімділік сияқты жаңа экономикалық құндылықтары негізінде қалыптасады. Сонда ғана ықшамды, жаңашыл және динамикалық одақ құрылуы мүмкін. Әрине, интеграцияға қатысты қалыптасқан қасаң стереотиптер мен скептизмнің жойылуы үшін одақтың қағидаттары, ережелері мен идеологиясы ашық және әділ негіздерге сүйенуі тиіс. Еуразиялық одақ, сондықтан Еуропалық одақтың үлгісін негізге алып отыр. Интеграцияның сәттілігі мен баяндылығы, бірінші кезекте, Мәскеудің стратегиялық ниетіне, бұрынғы қателерді қайталамауына, одақты саясиландырмай, экономикаға мейлінше көңіл бөлуіне, мүше елдердің ұлттық мүдделерін сақтауына, теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуіне байланысты болмақ.

Біздіңше, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының келесі тиімді жақтары мен себептерін атауға болады. Олар: Қазақстанның Ресей экономикасымен күрделі байланыстылығы, Қазақстанда ішкі саяси тұрақтылық пен геосаяси қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жанама әсері, ортақ әуе қорғанысы жүйесінің орнығуы, Ресейдің ірі нарқына кіріп, экономикалық бәсекелестікке бейімделудің мүмкіндіктері, геопсихологиялық жағынан Ресеймен бірге болу арқылы әлемдегі ықпалы мен атағын арттырудың мүмкіндігі, т.б. Сондай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың да келеңсіз әсері интеграциялық үдерістерді жеделдетті.

Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстан үшін барлық тиімді және ықтимал зиянды жақтарын салыстыратын болсақ, Астана үшін артықшылықтарының басым екенін айта аламыз. Өйткені, қазір қазақтың саяси элитасы және елдің ішкі тұрақтылығы үшін интеграция өте тиімді. Қазақстанның геосаяси тұрақтылық жағдайында күшейіп алуы үшін Ресейді Батыспен немесе Қытаймен салыстыруға болмайды. Елдің болашағы тұрғысынан Ресеймен жақын ынтымақтаса отырып, оның экономикасымен бәсекелесіп, ысылып барып, дүниежүзілік бәсекелестікке дайын, қуатты Қазақ мемлекетін қалыптастыру мүмкіндігі зор және алдымызда нақ осы міндет тұр. Ал бұл мақсатты, яғни «Қазақстан - 2050» Стратегиялық жоспарын орындау үшін Ресеймен жақсы болу бірінші шарт. Осы тұрғыдан Қазақстан өзінің төңірігіне дұрыс баға беріп отыр. Ресеймен түсінісе алудың өзі үлкен геосаяси жетістік. Әрине, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа енуі – үлкен саясатпен шектесетін үлкен экономика [4].

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер бір-бірінің ішкі ісіне араласпай, егемендік пен мемлекеттік шекараларға қол сұқпайды. Сонысымен-ақ Еуразиялық одақ тұрақты әрі қуатты, тиімді тұстарымен көпшілік қолдауына ие болды. Бұл саяси-экономикалық байланысы берік, өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты сақтап келе жатқан мемлекеттердің дамуының жаңа белесі болмақ. Сондықтан Еуразиялық одақтағы Қазақстанның алатын орны еліміздің интеллектуалдық-экономикалық секіріс жасауына да тікелей байланысты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ. Мәметқазыұлы Еуразиялық экономикалық одақ қатысушы мемлекеттердің жаһандық бәсекедегі ұстанымын нығайта түседі, Халықаралық ақпараттық агенттігі
2. <https://kk.wikipedia.org>

3. Ж. Байжомартұлы, Ә. Есбаева Еуразиялық экономикалық одақ: оның Қазақстан үшін маңызы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.: 4 б.С., 2014. - 12 маусым

4. Б. Жолдыбай Еуразиялық экономикалық одақ елімізді дамудың даңғыл жолына бастайды: Егемен Қазақстан газеті 05.06.2014

ӘОЖ 65.052.21

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢУ

Магистрант Мүсірәлі Мирас

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы.
musiralinov@inbox.ru

Негізгі құралдарды бағалау және тану. Кез келген өндіріс өз қызметіне құрал-жабдықтарын тартса ғана жүреді. Бұл арада еңбек құралдарының құрамы сыртқы белгісімен емес, олардың өндіріс процесінде атқаратын роліне қарап анықталады.

Оценка и признание основных средств. Любая производственная деятельность существует только в том случае, когда привлекает средства труда. Между тем, состав средства труда определяется не внешним признаком, а их роль в процессе производства.

Estimation and confession of the fixed assets. Any productive activity exists only in that case, when attracts facilities of labour. Meantime, composition of means of labour is determined by a not external sign, and their role in the process of production.

Кілт сөздер: Негізгі құралдар, материалдық активтер өткізу құнымен, жойылу құны, амортизациялық құнмен.

Кез келген өндіріс өз қызметіне құрал-жабдықтарын тартса ғана жүреді, ал ол еңбек заттары (шикізат, материалдар, сатып алынған жартылай фабрикалар) және еңбек құралдары (машина, станок) болып бөлінеді. Бұл арада еңбек құралдарының құрамы сыртқы белгісімен емес, олардың өндіріс процесінде атқаратын роліне қарап анықталады. Негізгі құралдар - материалдық активтер олар:

а) компания немесе тауарлы-материалдық қорларды жабдықтау және қызмет атқару үшін, басқа компанияларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін қолданылатын;

ә) әрбір кезеңнен астам уақыт ішінде қолданылуды болжайды.

Негізгі қаражаттың объектілері үшін пайдалы қолдану мерзімі белгіленеді, бұл:

а) компания активтік пайдалану болжанып, күтілетін (есептік) кезең;

ә) компания активті пайдаланып, жасауды көздейтін бұйымның саны. Басқаша айтсақ, негізгі құралдарды пайдаланудың экономикалық пайдасын алу болжанатын кезең.

Негізгі құралдардың объектісі актив ретінде мынандай жағдайларда пайда алады деп сендіруге болатын болса:

а) компания активке байланысты болашақ экономикалық пайда алады деп сендіруге болатын болса;

ә) активтің өзіндік құны сенімді бағаланса.

Қолда бар негізгі құралдар алынған сәтінен бастап үнемі қолданылмайды, өйткені олар:

- тоқтатылып қойылады (жұмыс жасамайды) - уақытша қолданылмайды;
- қоймада тұрады (қорда) - жөнделген, тоқтатылған, апат жағдайында қолданыстағы негізгі құралдарды ауыстыру үшін қор құрайды;
- жалға берілген немесе алынған - басқа ұйым тапсырған немесе басқа ұйымнан алынған жал мерзімі шартпен белгіленген негізгі құралдар.

Материалдық активтерді негізгі құралдар деп танитын тұста бағалауға бірыңғай қарау қажетті шарт болып табылады. «Негізгі құралдар» ХҚЕС 16 (IAS 16) - на сәйкес негізгі құралдар мыналар бойынша бағаланады:

- бастапқы күн немесе өзіндік күнмен - активті немесе ғимаратты алуға сол сәтінде берілген, басқа өтелген әділ бағаның немесе төленген ақшалай қаражаттың немесе оның баламасының сомасы;
- ағымдағы күнмен белгілі бір күнде қолданыста жүрген нарықтық баға бойынша негізгі қаражаттық құны;
- өткізу құнымен (әділ бағаның) – мәмілеге дайын және жақсы хабардар тәуелсіз тараптар арасында жасалған операциялар кезінде активті ауыстыруға болатын сома;
- жойылу құны - шыққан шығынды тастап пайдаланылған мерзім соңында субъект актив алатын деп үміттенетін таза сома немесе сынған қалдықтардың қосалқы бөлшектерінің көзделетін бағасы;
- амортизациялық күнмен - жойылу құнын алып тастағандағы өзіндік қрщщ орнына есеп беруде көрсетілген басқа сома мен активтің өзіндік құны;
- баланстық күнмен - жинақталған тозу және баға түсуден жинақталған залал сомасын алыт тастағанда бухгалтер баланста актив мойындалатын сома.

Баға түсуден болатын залал - активтің баланстық құны оның орнын толтыратын құннан артқан сома.

Қосалқы бөлшектер мен қызмет көрсетуші жабдық, әдетте, қорлар ретінде ескеріледі және пайдада және залалда оларды тұтыну шамасына қарай танылады. Алайда, ірі қосалқы бөлшектер мен резервтік жабдық, егер субъект оларды бір кезеңнен астам пайдалануға болжаса, негізгі құралдар ретінде сыныпталады. Ұқсас тәсілмен, егер қосалқы бөлшектер мен қызмет көрсетуші жабдық негізгі құралдар объектісіне байланысты ғана пайдаланыла алатын болса, онда олар негізгі құралдар деп саналады.

Негізгі құралдардың кейбір объектілерінің бөліктері тең аралық уақыттан кейін алмастыруды талап ете алады. Егер субъект негізгі құралдар объектісінің бөлшектерін алмастыру болашақ экономикалық пайданың ағынын ұлғайтады деп күтсе, онда мұндай алмастырудың құны бөлшекті алмастыруға жұмсалатын шығындарды тану сәтінде объектінің баланстық құнына қосылуға тиіс. Алмастырылатын бөлшектердің баланстық құны мұндай жағдайда осы ХҚЕС -н тармақтарына сәйкес танылуды тоқтатады.

ХҚЕС сәйкес негізгі құралдар объектісін (мысалы, автобус) пайдалануды жалғастырудың шарты осы объектінің бір бөлігін алмастыру болғандығына қарамастан, ақауларды анықтау мәніне үнемі күрделі техникалық қараулар жүргізу болуы мүмкін. Әрбір күрделі техникалық қарау жүргізілген кезде оны құны негізгі құралдардың тиісті объектісінің баланстық құнында, егер тану өлшеуі сақталса алмастыру ретінде танылады. Алдағы техникалық қарауға жұмсалатын шығындардың баланстық құнының қалған бөлігін (табиғи бөлімдерден ерекше) тану тоқтатылады. Бұл объектіні сатып алу немесе салу жөніндегі операциялардың нәтижесінде сәйкестендірілген алдыңғы техникалық қарауға жұмсалған шығындардың болуына қарамастан жүргізіледі. Қажет болған кезде болашақ ұқсас техникалық қарауды жүргізуге жұмсалатын шығындарды есептік бағалау объектіні сатып алған немесе салған кезде техникалық қарауға жұмсалатын шығындардың

қолда бар құрамдас бөлігінің құны қандай болғандығының индикаторы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Негізгі құралдар объектісін бастапқы тану кезінде субъект бұл объектіні оның іс жүзіндегі өзіндік құны бойынша өлшеуге тиіс.

Негізгі құралдар объектісінің өзіндік құны мыналарды қамтиды:

1) импорттық баждарды қоса алғанда, оны сатып алу бағасы мен сауда жеңілдіктері мен дисконттарды шегергендегі сатып алуға арналған орны толмайтын салықтарды.

2) активті орналасқан жеріне дейін жеткізуге және оны ағымдағы күйге келтіруге тікелей жататын кез келген шығындар. Мұндай шығындар объектіні орнату орнын дайындауға жұмсалатын шығындар, оны жеткізуге және тиеуге/түсіруге, қондыруға және жинау мен іске қосу-баптау жұмыстарына жұмсалатын шығындарды.

3) объектіні демонтаждауға және шығаруға және ол орналасқан учаскені қалпына келтіруге жұмсалатын шығындарды бастапқы есептік бағалауды, субъектіде не объектіні сатып алу сәтінде не осы объектіні көрсетілген кезең ішінде қорлар өндіруден ерекше мақсаттар үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде пайдалану нәтижесінде туындайтын міндеттемені.

Төмендегі шығындар негізгі құралдар объектісінің өзіндік құнына қосылатын шығындар болып табылмайды және субъект олар пайда болған сәтте шығыс ретінде тануға тиіс:

1) жаңа өндірістік қуаттарды ашуға байланысты шығындар;

2) нарыққа жаңа тауарды немесе қызметті шығаруға жұмсалатын шығындар (жарнамалауға және жылжытуға байланысты қызметке жұмсалатын шығындарды қоса алғанда);

3) жаңа орында немесе клиенттің жаңа түрімен бизнесті жүзеге асыруға жұмсалатын шығындар (персоналды оқытуға жұмсалатын шығындарды қоса алғанда);

4) әкімшілік және басқа да жалпы жүкқұжат шығыстары.

Негізгі құралдар объектісін дайындау немесе әзірлеу барысында болған кездейсоқ операциялар бойынша кірістер мен оларға байланысты шығыстар, егер мұндай операциялар негізгі құралдар объектісін орналасқан жеріне жеткізу және объектісіні жұмыс жағдайына келтіру үшін қажетті болып табылмаса пайданың немесе залалдың құрамына кіруге тиіс.

Негізгі құралдар объектісінің құнын тану күнгі төлемнің мерзімін ұзартпайтын бағасын білдіреді. Егер төлем кредит берудің қарапайым шарттарынан асып түсетін кезеңге қалдырылса, онда объект құны бүкіл болашақ төлемдердің келтірілген құны болады. Егер негізгі құралдар объектісі ақшасыз актив немесе активтер тобына айырбасталып сатып алынатын болған жағдайда немесе егер негізгі құралдар объектісіне төлем аралас болып табылатын болса және өзіне ақшалай қаражатқа төлемді, сол сияқты қандай да болмасын монетарлық емес активтерді беруді қамтыса, онда сатып алынатын активтердің құны мынадай жағдайларды қоспағанда, әділ құнмен өлшенеді:

1) айырбастау жөніндегі операция жеткілікті түрдегі көлемде коммерциялық мәнде емес; немесе

2) не сатып алынатын активтің әділ құны, не айырбасталатын активтің әділ құны дұрыс өлшенуі мүмкін емес. Мұндай жағдайларда сатып алынатын активтің құны айырбасқа берілетін активтің баланстық құнымен өлшенеді.

Субъект негізгі құралдар объектісінің құнын жинақталған амортизацияның және құнсызданудан жинақталған залалдың бүкіл сомасын шегергендегі оның өзіндік құнымен ескеруге тиіс [2,1836].

Негізгі құралдардың амортизациясы. Субъект негізгі құралдар объектісінің қатысты бастапқы танылған соманы оның едәуір бөліктеріне бөлуге және осындай әрбір бөлікті жеке амортизациялауға тиіс. Солай бола тұрса да, егер негізгі құралдар объектісінің едәуір бөлігінде, сол негізгі құралдар объектісінің басқа едәуір бөлігіне ұқсас пайдалы пайдалану мерзімі болса және объектінің екі бөлігіне де қатысты амортизацияның ұқсас әдісі пайдаланылса, онда мұндай бөліктер амортизацияланған аударымдардың сомасын айқындау кезінде топтастырылуы мүмкін.

Әрбір кезеңдегі амортизациялық аударымдар басқа активтің баланстық құнына енгізілген мұндай аударымдарды қоспағанда, пайдада немесе залалда танылуға тиіс. Мысалы, өндірістік ғимараттар мен жабдықтардың амортизациясы қорларды қайта өңдеуге жұмсалатын шығындарға қосылады.

Амортизацияланатын құн мен амортизациялау кезеңі. Активтің амортизацияланатын құны оның пайдалы пайдалану мерзімі бойында жүйелі негізде бөлінуге тиіс.

Субъект ең болмағанда әрбір жылдық есепті кезеңге тарату құнын және пайдалы пайдалану мерзімін талдауға тиіс; егер талдау нәтижелері алдыңғы бағалаулардың нәтижелерінен ерекшеленсе, субъект тарату құнын немесе пайдалы пайдалану мерзімін тиісті тәсілмен түзетуге тиіс. Субъект тарату құнындағы немесе пайдалы пайдалану мерзіміндегі өзгерістерді осы ХҚЕС сәйкес есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде ескеруге тиіс.

Бухгалтерлік есепте қайта бағалау сомасы негізгі құралдардың 2410 «Негізгі құралдар» бөлімшесінің тиісті баланстық шоты бойынша тікелей бастапқы құнын арттырады және қатар бір мезгілде 5420 «Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резервтер» шоты бойынша көрсетілді [2,1876].

Негізгі құрал-жабдықтардың бастапқы, ағымды, баланстық, сату, жою, тозу және қалдық құндары болады.

Бастапқы (тарихи) құны — негізгі құралды сатып алуға немесе салуға кеткен нақты өндіріс шығындарынан, соған қоса өтелмеген салық пен алымдардан (мысалға, ҚҚС, жеңіл автомобильдерді сатып алу кезінде төленген, баж салығы т.б.), сондай-ақ орнату, жеткізіп беру, монтаждау, пайдалануға қосу шығындары, несие үшін пайыздар, және т.б. шығындарынан тұрады.

Негізгі құралдардың бастапқы құны мынадай жолмен анықталады:

Жер учаскелері бойынша меншік немесе тұрақты пайдалану құқығы — актіде көрсетілген сатып алу құны, қозғалмайтын мүліктер бойынша агенттерге берілетін сыйақы, сатып алу-сату келісімін рәсімдеу бойынша көрсетілген қызметтердің төлемі, жерді мақсатты пайдалануға дайындау бойынша (ескі үйлерді бұзу, тазалау, тегістеу, т.б. кезінде алынған материалдарды сатудан түсетін табыстың шегерілімінен басқа) жұмсалатын шығыстар;

- құрастыруды және орналастыруды қажет ететін немесе қажет етпейтін сатып алынған машиналар мен құрал-жабдықтар бойынша — сатып алу құны, тасымалдау, соның ішінде тасымалдау кезіндегі құрастыру, машиналар мен құрал-жабдықтардың пайдалануға жарамдылығын, т.б. тексеру мақсатымен өткізілетін сынақтарға жұмсалатын шығындар. Машиналар мен құрал-жабдықтарды құрастыру кезінде олардың бұзылғандарына кеткен ағымдағы шығастарын қоса есептегендегі жеңдеу құны. Егер негізгі құралдар несие арқылы сатып алынған болса, онда төленген проценттер ағымдағы шығыстар болып табылады да объектінің бастапқы құнына қосылады;

- үйлер мен ғимараттарды шаруашылық әдіспен салу кезінде: құрылыс материалдары, құрал-жабдықтар, құрылыс машиналары мен механизмдерінің жұмысы, жұмысшылардың еңбек ақысы, үстеме шығысының тиесілі үлесі, сәулетшілер, заңгерлер көрсеткен қызметінің төлемі, құрылысты салу кезеңіндегі

сақтандыруға жұмсалатын шығыстар, құрылыс салу кезеңінде берілген кредиттер бойынша проценттер, құрылыс салу үшін рұқсат алуға жұмсалатын шығыстар, жобалық-сметалық құжаттардың құны, т.б. — құрылыс бойынша жұмсалған шығыстардың барлығы да бастапқы құнға қосылады;

- жерді, үйлерді немесе ғимараттарды біртұтас мүлік ретінде иеленген кезде өз орнымен пайдалану мақсатымен кіріске енгізу барысында бұл объектілердің бастапқы құнын шектеу қажет, өйткені үйлер мен ғимараттардың пайдалану мерзімі шектеулі әрі олар тозады. Ал жерді пайдаланудың мерзімі шектелмеген, сондықтан олар амортизацияланбайды. Егер пайдалануға тек жер ғана арналған болса, үйлер мен ғимараттар, жеміс ағаштары т.б. бұзуға (түбірімен жұлып алуға) жатады, демек құнға шектеулер қолданылмайды, ал жер сатып алынған объектіге жатады. Тозығы жеткен үйлерді бұзуға байланысты жұмсалған шығыстан, объектіні бөлшектеу барысында алынған құндылықтарды сатқаннан түскен табысты шегергеннен соң, жердің бастапқы құны есептеледі;

- мердігерлік әдіспен тұрғызылған үйлер мен ғимараттар бойынша — объектіні тұрғызу бойынша жүргізілген жұмыстардың келісілген құнына құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығыстар қосылады, егер де оның құны тапсырыс беруші тарапынан төленген болса;

- құрылтайшылардың жарғылық капиталына салынған негізгі құралдар—өздерінің келісілген бағасы бойынша;

- субъектінің өзі дайындаған немесе төлем арқылы сатып алынған негізгі құралдар бойынша — сатып алуға жұмсалған шығындардың нақты сомасы бойынша, жеткізу және сатып алынған объектілердің (алушының құрал-жабдықтарды орналастыруға кеткен шығындарын қоса есептегенде) тозу сомасын қоса есептелген басқа да сатып алуға байланысты жұмсалған шығыстар;

- айырбас операциясы нәтижесінде алынған объектілердің - бастапқы құны негізгі құралдардың алынған ағымдағы құны бойынша анықталады, ал ол негізгі құралдардың берілген ағымдағы құнына түзетулердің көмегімен алынған (берілген) ақша қаражаттарының сомасына тең болады. Айырбастауға бір мақсатқа пайдаланылатын объектілер де әртүрлі мақсатқа арналған объектілер де жатады. Мысалы, бір-біріне ұқсас негізгі құралдар: тракторды жүк автомобиліне айырбастау кезінде алынған объект сатылған объектінің құны бойынша бағаланады, бірақ ол кезде тауардай немесе ақшалай салынған (түскен) сомасы ескеріледі;

- жас малдарды негізгі табынға аударған кезде — малдарды өсірудің нақты өзіндік құны;

- негізгі табынды қалыптастыру үшін алынған ересек малдар бойынша — жеткізуге кеткен шығындарды қоса есептегенде сатып алуға шыққан шығындар және сатып алуға байланысты басқа да шыққан шығындар;

- жас өсімдіктер бойынша — өсімдіктерді еккен сәттен пайдалануға бергенге дейінгі егу, күтіп-баптау, көбейту, тазартуға кеткен (алынған өнімнің пайдалану немесе сату құнын алып тастағаннан кейінгі) нақты шығындар;

- толық төленген және ұзақ мерзімге жалға алынған негізгі құралдар бойынша — олардың ұзақ мерзімге жалға алу шартында көрсетілген құны;

- жерді жақсартуға жұмсалған күрделі шығындар бойынша — жүргізілген жұмыс бойынша шыққан нақты шығындар.

Негізгі құралдардың бастапқы құны өзгертілуі мүмкін; қосымша салынған күрделі салымдар немесе негізгі құралдардың жарым-жартылай жойылуы, объектіні демонстрацияда негізгі құралдардың жағдайына әсер ететін болса, онда, бірінші кезекте, пайдалы қызмет ету мерзімі қысқартылуы немесе ұзартылуы мүмкін [1, 256].

Қолда бар негізгі құралдар алынған сәтінен бастап үнемі қолданылмайды, өйткені олар:

- тоқтатылып қойылады (жұмыс жасамайды) - уақытша қолданылмайды;
- қоймада тұрады (қорда) - жөнделген, жоқтатылған, апат жағдайында қолданыстағы негізгі құралдарды ауыстыру үшін қор құрайды;
- жалға берілген немесе алынған - басқа ұйым тапсырған немесе басқа ұйымнан алынған жал мерзімі шартпен белгіленген негізгі құралдар.

Негізгі құралдардың бухгалтерлік есебі: негізгі құралдардың келіп түсуін, кәсіпорын ішінде орын ауыстыруын және шығуын, дұрыс құжаттық рәсімделуін және бухгалтерлік есепте уақытылы көрсетілуін; олардың материалдық жауапты адамдарға бекітілуін және сақталуы мен ұтымды пайдаланылуын бақылайды; негізгі құралдардың есептелген амортизациясы мен тозу сомасының есепте дұрыс көрсетілуін, сондай-ақ есептелген амортизация сомасының есепте дұрыс көрсетілуін, негізгі құралдардың қор қайтарымын анықтауды, жаңа техниканың және оны қолданудың жаңа әдістерінің тиімділігін; негізгі құралдарды жөндеу бойынша шығындардың сенімді есебін; негізгі құралдарды түгелдеуді және қайта бағалауды мезгілінде жасауын және олардың нәтижесін есепте көрсетілуін; негізгі құралдарды сату және олардың басқаша шығу нәтижелерін есепте нақты көрсетілуін қамтамасыз етуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ержанов М.С. Қаржылық есепкерліктің халықаралық стандарттары. Алматы, 2006
2. Нұрсейітов Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп. Алматы, 2009-LEM

ӘОЖ 657 (075.8)

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН РЕЙТИНГТІК БАҒАЛАУ

Оразбекұлы Бахыт, э.ғ.к. доцент

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
bahito47@bk.ru*

Бағалы қағаздардың инвестициялық қасиеттерін рейтингтік бағалау. Акциялар мен облигациялардың инвестициялық қасиеттерін және оларды шығарған эмитенттердің рейтингтік бағалауын тәуелсіздік рейтингтік компаниялар анықтайды.

Рейтинговая оценка свойств инвестиционных ценных бумаг. Рейтинговыми оценками инвестиционных свойств акций и облигаций, а вместе с ними эмитентов, их выпускающих, занимаются независимые рейтинговые компании.

Rating estimation of properties of investment securities. By the rating estimations of investment properties of actions and bonds, and together with them issuers their producing, independent rating companies occupy.

Кілт сөздер: Тәуелсіздік рейтингтік, бағалы қағаздар, акция, облигация

Акциялар мен облигациялардың инвестициялық қасиеттерін және оларды шығарған эмитенттердің рейтингтік бағалауын тәуелсіздік рейтингтік компаниялар анықтайды. Аналитикалық мәліметтер негізінде олар барлық бағалы қағаздарды потенциалды сатып алушы үшін сенімділік дәрежесіне баланысты топтайды. Бағалы

бірақ оларды шығаратын компанияның бәсекелестік қабілеттілігі мен сенімділігі әлсіз болғандықтан мұндай бағалы қағаздарға инвестиция салудың тәуекелділігі өте жоғары.

«СС» бөлімшесі – ашық түрдегі алыпсатарлық бағалы қағаздар. Оларға инвестиция салудың нәтижесін алдын ала білу, болжау мүмкін емес.

«С» бөлімшесінде қаржылық рейтингі ең төмен құндылықтар біріккен. Олардың сапасы тек қана алыпсатарлық қызығушылықтарды ғана қанағаттандырады. Бұлар бойынша табыс төленбейді десе де болады. Компания – эмитент банкрот болу алдын да.

«Д»тобы жағдайында тұрған корпорациялардың бағалы қағаздарын көрсетеді. Бұл акцияларға немесе облигацияларға өз қаражаттарын салған инвесторлар еш уақытта ақшаларын қайтара алмай қалу ықтималдылығы жоғары. Қаржылық активтердің бұл тобына алынып тасталынады деген белгі қойылады.

Рейтингтік бағалаудың қор операцияларының барлық қатысушылары үшін үлкен маңызы бар. Рейтинг бойынша бағалы қағаздардың сапасы мен сенімділік дәрежесін анықтайды, фирманың мәртебесі т.б. бағалайды. Бірақ ең негізгісі – рейтингтік бағалаудан өтпеген акциялар мен облигациялар саудаға жіберілмейді. Жеке инвесторлар оларды алданып қалудан сақтанып сатып алмайды, ал институцияланған инвесторларға сатып алуға заң жүзінде тиым салынған.

Инвесторлардың бағалы қағаздарды сатып алғанда шешетін негізгі мәселесі – бұл олардың табыстылығы. Табыстың шамасы қор құндылықтарының нақты құнын анықтайды. Табыстың шамасы пайыздық мөлшерлеме немесе дивиденд арқылы көрінеді. Пайыз облигация, вексельдер, сертификаттар және басқа қарыздық міндеттемелер бойынша, ал дивиденд акциялар бойынша төленеді. Әрбір акция бойынша дивиденд мөлшері тек қана алынған пайданың сомасына ғана емес, сонымен бірге акцияның түріне байланысты (жәй және немесе артықшылығы бар) болады.

Акцияның нағыз құнын бағалау табыстың шамасының осы табыс көзінің бағасына, яғни шығындалған капитал шамасына қатынасы ретінде анықталған инвестицияның орташа нәтижелік шамасына негізделеді. Орташа нәтижелік инвестициялаудың әр түрлі әдістерінің пайдасын өлшеудің бірлігі ретінде қарастырылады. Салымдардың табыстылығын немесе нәтижелігін есептеудің негізі ретінде, жоғарыда айтылып кеткендей, пайданың қауіпсіз деңгейін (ҚД) қамтамасыз ететін ақша қаражаттарын инвестициялаудыңанағұрлым сенімдірек әдістері бойынша пайыздық мөлшерлемесін алу қабылданған – бұл банктің депозиттік шотына салынған салымдар және мемлекеттік ішкі заемның үкіметтік облигацияларын сатып алу. Бұл жағдайда пайыздық мөлшерлеме мәні төленген дивиденд болады, ал акция тек несиелік құрал көзі сипатында қарастырылады.

Әлемдік тәжірибеде акцияның нағыз құны (АНК) шамаланып отырған дивиденд мөлшерінің (Д) пайыздылықтың талап етілетін деңгейіне (ТПД) қатынасы ретінде келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{АНК} = \frac{A}{\text{ТПД}} \times 100\%$$

Сондықтан, акцияның нағыз құнын анықтамас бұрын пайдалылықтың талап етілетін деңгейін ТПД есептеп алған жөн. Мысал: «Азат» корпорациясының акциясының нарықтық бағасы 1200 тг. инвестордың бағалауы бойынша пайыздылықтың талап етілетін жылдық деңгейі 15%. өткен жылғы акцияның номиналдық құны 1000 тг., төленген дивидендтер мөлшері 200 тг. болды. Осы

бағалы қағазға ақшаны инвестициялау тиімді ме? Шешуі: $АНҚ = \frac{\dot{A}}{\dot{I}\ddot{A}} \times 100\% = \frac{200}{15} \times 100\% = 1333$ теңге.

«Азат» корпорациясының акциясының нағыз құны оның нарықтық бағасынан біршама жоғары екенін білу үшін алынған нәтижені ағымдағы бағаммен салыстыру жеткілікті. Сондықтан бұл акцияға ақшаны инвестициялау инвесторға тиімді және оны қазір сатып алған жөн. Егер акцияның нағыз құнын есептегенде оның биржалық бағамнан төмен болса, онда инвесторға бұл акцияны сатып алғаннан гөрі, оларды сатып құтылған жөн болады.

Бірақ бұл келтірілген формула акцияның нағыз құнын толық көрсетпейді. Ол дивидендтің бір маңызды қасиетін, атап айтқанда, перспективалы компаниялардағы оның өсу тенденциясын ескермейді. Бұл формула бойынша АНҚ –ны дивидендтің тұрақтылығы өзгеріссіздігі кезіндегі ағымдағы уақытқа ғана есептеуге болады және бұл негізінен преференциалды акциялардың нағыз құнын есептеуде қолданылады. Жай акциялардың нағыз құнын есептеу үшін басқа формула қолданылады:

$$АНҚ = \frac{\dot{A}i \times (1 + \dot{I})}{\dot{O}\ddot{A} - \dot{I}}$$

Мұндағы: До – акционерлердің өткен жылы алған дивиденд сомасы;
ТПД – пайдалылықтың талап етілетін деңгейі;
О- дивидендтің барлық үлесіндегі болжанған жылдық өсуі;

Бұл формула акцияның нағыз құнын есептеуге анағұрлым жиі қолданылады. Инвестордың қаржылық активтердің тиімділігін есептеу кезінде шығаратын есебіне мысал келтірейік.

Берілгені: «Алматыэнерго» компаниясының бір акциясының ағымдағы нарықтық бағасы 3550 тг. өткен жылы төленген дивиденд мөлшері 336 тг. мемлекеттік облигациялардың пайыздық мөлшерлемесіне негізделген пайдалылықтың қауіпсіз жылдық деңгейі – 8%. Эксперттің бағалауы бойынша болашақтағы дивидендтердің өсуі жылына 5% деп күтілуде. «В» көрсеткіші мамандардың бағалауы бойынша 0,8 –ге тең. Жалпы нарықтық пайдалылықтың орташа деңгейі 20% деп анықталады. «Алматыэнерго» компаниясының акцияларына ақшаны инвестициялауға бола ма, соны анықтау керек.

Шешуі: ТПД=КД – «В» x (НД – КД)= 8 + 0,8 x (20 – 8) = 17,6%

$$АНҚ = \frac{\dot{A}\ddot{o} (1 + \dot{I})}{\dot{O}\ddot{A} - \dot{I}} = \frac{336\ddot{o}(1 + 0,05)}{0,176 - 0,05} = \frac{352,8}{0,126} = 2800\ddot{o}\ddot{a}.$$

Жауабы: бұл акцияның нағыз құны оның нарықтық құнынан төмен. Сондықтан оны сатып алғаннан гөрі, ағымдағы бағам бойынша сатып жіберген жөн, өйткені болашақтағы болжанып отырған дивидендтен ағымдағы бағамнан табыс көп.

Бірақ бағалы қағаздардың табыстылығын бағалау процесінде АНҚ – ны есептеу ешқашан инвестицияның табысты болуының 100 –дық кепілі бола алмайтындығын есте ұстаған жөн. Нақты экономикалық қатынастар математикалық формулаларға ешқашан тура келмейді. Адамдардың әрекетімен болып жатқан барлық оқиғалар мен түрлі жағдайлары толық цифр тілімен жеткізу мүмкін емес, тек қана бұл оқиғаларды белгілі бір ықтималдықпен болжауға ғана болады.

Қор құндылықтары - өте сезімтал қаржылық құрал. Акцияның бағамына көптеген әр түрлі факторлар әсер етеді және бұлар өз кезегінде олардың нағыз құнына әсер етеді. Нарықтық құбылмалылығы әрқашан да инвестициялық

тәуекелділіктің дәрежесін көбейтеді, сондықтан өз капиталын салудың тиімділігін бағалау кезінде қор операцияларының кез келген нақты қатысушысының жеке тәжірбиесі, білімі, сезімталдығы және жолы болғыштығы үлкен роль атқарады. Акцияның пайдалылық деңгейін және құнын есептеу әр инвестор үшін міндетті түрде дербес болуы керек. Ол негізінен ұйым – эмитент пен оның бағалы қағаздары туралы ақпараттың толықтығы мен шынайылығына, осы мәлімет көздерін талап, сонымен қатар оларды дұрыс болжай білу қабілетіне байланысты. Осылайша бағалы қағаздардың нақтылы нағыз құны баолық жеке бағалаулардың жиынтығынан құралады. Келтірілген есептеулерге сүйене отырып, бір инвесторлар бір бағалы қағаздарынан құтылуға тырысады, ал екіншілері керісінше, сатып алуға ұмтылады. Сатушылар мен сатып алушылардың, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, жасалған мәмілелердің саны – мұның бәрі биржалық индекстердегі бағалы қағаздардың бағамының өзгеруіне әсер етеді, осының нәтижесінде қаржылық активтердің нағыз құнын анағұрлым шынайы көрсететін баға белгіленеді.

Жоғарыда айтылғандарды келесі мысалмен көрсетейік. «Биржалық банк» корпорациясының акцияларының үш иеленушісі әр басқа ақпарат көздерін пайдалана отырып және инвестициялық тәуекелділікті әр түрлі дәрежеге шамалап, болашақ дивидендтердің өсу қарқынын түрліше болжап пайдалылықтың талап етілетін деңгейін әр түрлі бағалады. Бірінші инвестор пайдалылықтың талап етілетін деңгейі (ТПД) 12%, ал дивидендтердің өсімі 8% деп санайды. Екіншісі ТПД жылына 13%, ал дивидендтердің өсімі жылына 7% деп болжайды. Үшінші инвестор ТПД жылына 13,5%, ал дивидендтердің өсімі жылына 9% деп есептейді. Өткен жылы акциялардың номиналдық бағасы 1000 тг. болғанда бір акция бойынша дивидендтер 130 тг. болды. Ағымдағы уақытта акциялардың нарықтық бағамы 2500 теңгені құрайды. Бұл акциялар бойынша сұранс пен ұсыныстың арақатынасы қалай өзгереді.

Шешуі: қойылған сұраққа жауап беру үшін акциялардың нағыз құнын есептеудің формуласын пайдаланамыз:

$$АНҚ = \frac{A\dot{i} \times (1 + \dot{I})}{\dot{O}\dot{I}\dot{A} - \dot{I}}$$

$$\text{Бірінші инвестор: } \frac{130 \times (1 + 0,08)}{0,12 - 0,08} = \frac{140,4}{0,04} = 3510$$

$$\text{Екінші инвестор: } \frac{130 \times (1 + 0,07)}{0,13 - 0,07} = \frac{139,1}{0,06} = 2318$$

$$\text{Үшінші инвестор: } \frac{130 \times (1 + 0,09)}{0,135 - 0,09} = \frac{141,7}{0,045} = 3149$$

Жауабы: келтірілген есептеулер негізінде « Биржалық банк » корпорациясының акцияларын бірінші және үшінші инвестор сатып алады, ал екінші инвестор сатып жіберуге тырысады деген қортынды жасауға болады. Осылайша, біздің мысалымыздағы сұраныс ұсыныстан 2 есе артып отырады.

Инвестицияның табыстылығын бағалау үшін корпорацияның қаржылық жағдайын талдау кезінде АҚ –ның пайда көрсеткіштеріне, бір акцияның дивиденд шамасына сонымен қатар ағымдағы әрбір акцияның бағамдық жылдық пайда шамасына қатынасына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл көрсеткіштер акцияның нағыз құнын дұрыс бағалаудың бағалық ақпараты болып табылады және олар арнайы басылымдарға күн сайын жарияланып тұрады.

Жоғарыда қарастырылған формуладан басқа әлемдік тәжірбиеде қаржылық активтердің нақтылы құндылықтарын бағалаудан басқа, болашақта күтілген пайда туындысы мен бағалы қағаздардың бағамының ағымдағы уақыт кезеңіндегі пайдаға қатысы ретінде есептелінетін тәсіл кең түрде пайдаланылады.

Оны есептеуге арналған формула келесідей:

$$АНҚ = БП \times \frac{К}{П}$$

Мұндағы: БП – АҚ –ның болашақтағы пайдасы;

К – акцияның ағымдағы нарықтық бағамы;

П – әрбір акциядан алынатын жылдық пайданың шамасы;

Акция бағамының жылдық пайда шамасына қатынасын келесі формуламен есептеуге болады:

$$\frac{К}{П} = \frac{Д_i \times (1 + \hat{I})}{\hat{D}\hat{I} - \hat{I}}$$

Мұндағы: К – акцияның ағымдағы нарықтық бағамы;

П – әрбір акциядан алынатын жылдық пайданың шамасы;

ТПД – пайдалылықтың талап етілетін деңгейі;

До – өткен жылы төленген дивиденд сомасы;

О – дивидендтің әр жылдағы болжанған өсуі;

Мысалы: акционерлер мен директорлар кеңесінің жалпы жиналысының жалпы шешімі бойынша «Болат банк» корпорациясының қаржылық есепті жылдағы жалпы пайдадағы акциялар бойынша дивидендтердің үлесі 0,3 –ті құрады. Номиналдық құны 1000 теңгелік акцияға аналитиктердің есебі бойынша әрбір акцияға жылдың аяғында 345 теңгеден пайда әкеледі. Егер пайдалылықтың талап етілетін жылдық деңгейі ТПД -13%, болашақтағы болжанған дивидендтердің өсуі 7%, ал акцияның ағымдағы нарықтық бағамы 1700 тг. болса, бұл қор құндылықтарына ақшаны инвестициялаған дұрыс па.

Формуланы пайдалана отырып есептеу жүргіземіз:

$$\frac{К}{П} = \frac{0,3}{0,13 - 0,07} = 5,0$$

$$АНҚ = 345 \times 5,0 = 1725 \text{ теңге.}$$

Жауабы: бұл жағдайда есептеу көрсеткендей, акциялар бағамымен олардың нағыз құны бір – біріне жақын сай келетіндігін көрсетеді. Бұл нақтылы жағдайда нарықтық баға осы акцияның нақты құндылығын анағұрлым дәлірек көрсетеді. Бағам сәл-сәл төмен болғандықтан инвесторға «Болат банк» корпорациясының қаржылық активтерін сатып алып, болашақта өзінің табысының алған жөн.

Осылайша, осы айтылғандардан бір қортынды жасауға болады: инвестициялық тәуекелділік дәрежесі мен табыстылықты бағалы қағаздардың элементі туралы ақпарат негізінде болжауға болады. Бағалаудың дұрыстығы ақпарат көзі мен инвестордың ол ақпаратты пайдалана білуіне байланысты. Қор құндылықтарының нағыз құнының барлық жекелеген есептеулерінің жиынтығынан бағалы қағаздардың сұранысы мен ұсынысын теңестіретін баға ретінде көрінетін нақтылы құны қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Инвестиционный рейтинг Казахстана // Официальный сайт ЗАО «Казинвест», 2006г.

2. Финансовая отчетность в финансовых организациях в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности [Текст]: Учебно-практическое пособие.- Алматы, 2007.- 360с.

3. Нұрсейітов Е. О. Ұйымдағы бухгалтерлік есеп-Алматы, LEM. 2009

ӘОЖ 657 (075.8)

ЛИСТИНГ ПРОЦЕДУРАСЫ ЖӘНЕ ҚОР БИРЖАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТӘУЕКЕЛДІЛІГІ

Оразбекова Гульвира, магистрант

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Листинг процедурасы және қор биржасындағы операциялардың бағыттары мен тәуекелділігі. Қор биржасында сенімділікпен қарау жеткіліксіз, сондықтан қаржылық активтерді сатып алудан инвесторларды қорғау мақсатымен листинг процедурасы көзделген.

Процедура листинга и направления риски операции на фондовой бирже. В целях защиты инвесторов от приобретения недостаточно надежных финансовых актов предусмотрена процедура листинга.

Procedure of listing and direction of risk of operation on an exchange stock. For protecting of investors from acquisition of reliable not enough financial acts procedure of listing is envisaged.

Кілт сөздер: Листинг, биржалық тізім, листинг процедурасы

Қазақстан Республикасының қаржы нарығының бөлінбейтін бөлімдес құрылымының бірі бағалы қағаздар нарығы болып табылады. Осы күні Республикада көптеген акционерлік қоғамдар, шаруашылық серіктестіктер, инвестициялық және сақтандыру компаниялары, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары құрылуда. Бұл аталған субъектілердің барлығы потенциалды бағалы қағаздардың нарығының қатысушылары болып табылады. Сондықтан олар өз қызметтерін эмитент және инвестор ретінде жүзеге асырады. Бағалы қағаздар нарығын түсіну үшін алдымен мына төменгі қағаздардың биржалық операцияларының ерекшеліктеріне тоқтала кетелік.

Қаржылық активтердің қайталама нарығындағы бағалы қағаздар операциялары әр түрлілігімен көзге түседі. Бұл процестің өзіндік көптеген ерекшеліктері мен қыр-сыры бар. Сондықтан биржалық сауданы нақтылы тәжірбиесіз жете түсіну қиынға соғады. Сенімділігі жеткіліксіз қаржылық активтерді сатып алудан инвесторларды қорғау мақсатымен листинг процедурасы көзделген.

Листинг – бұл қандай да бір нақты эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының котировкалық бетін биржалық тізіміне жіберу және қосу процесі.

Биржалық тізім – бұл қор биржасында мәміле жасауға жіберілген акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат. Котировкалық бет - әрбір жұмыс күні жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.

Листинг процедурасы бірқатар талаптарды қажет етеді, ол компания-эмитенттің қор құндылықтары бойынша операцияларын ешқандай бөгетсіз жүргізу талаптарын қанағаттандырулары керек. Биржалық тізімге тек қана қаржылық жағдайы тұрақты корпорациялардың акциялары мен облигациялары, ал муниципалды органдардың облигациялары тек қана биржалық Кеңестің рұқсатымен

және үкіметтің бағалы қағаздарын – шығару жөніндегі ресми шарттары негізінде қосылуы мүмкін.

Листинг процедурасы, потенциалды инвесторларды, олардың күрделі қаржы салымдарының бағыттары туралы шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету сияқты маңызды ақпараттарды көздейді. Ол үшін қаржылық активтерді котировкаға жіберілген барлық мәмілеге қатысушылардың қаржылық жағдайын тексеру мен талдаудың нәтижелік мәліметтерді қолданылады.

Листинг – шығарушы компанияның банкрот болуы есебінен бағалы қағаздың жақын арада құнсызданып кетпейтіндігіне кепілдік беру үшін жүргізіледі. Былайша айтқанда, бұл шара биржада котировкаға жіберілген қор құндылықтарының сапасын, сенімділігін, өтімділігін көтеруге бағытталған.

Эмитент өз бағалы қағаздарын котировкаға ұсынбас бұрын қор биржасының листингтік комиссиясына өз қызметі туралы барлық іскерлік ақпараттарын беруге міндетті. Мына құжаттар міндетті түрде талап етіледі:

- * акционерлік қоғам-эмитенттің жарғысы;
- * заңға сәйкес хатталған эмиссия проспектісі;
- * соңғы үш жылдағы бухгалтерлік баланс және басқа да есеп беру құжаттары;
- * тәуелсіз аудитордың визасы бар табыстары мен шығыстары туралы есебі;
- * соңғы есеп беру күніндегі корпорацияның қызметі туралы оперативті (жедел) мәліметтер;
- * барлық типтегі және номиналдағы бағалы қағаздардың үлгілері.

Бұл ақпарат елдегі жалпы экономикалық жағдайды және осы эмитенттің болашақ уақыттағы қызметі жөніндегі болжамды ескере отырып, листингтік комиссияның қызметкерлері егжей-тегжейлі тексереді.

Тексеруден кейін бұл эмитенттің қаржылық активтерінің биржалық тізімге ену-енбеу мәселесі шешіледі. Егер бағалы қағаздар котировкалануға жіберілсе, онда осы уақыттан бастап акционерлік қоғамдармен (немесе басқа да эмитенттермен) биржаның арасында тығыз өзара байланыс орнайды. Қор биржаларының қызметкерлерінен құралған арнайы бақылаушылар листинг процедурасына өткен барлық ұйым-эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайын үздіксіз қадағалап отырады. Олар өз қарауындағылардың қаржылық экономикалық және шаруашылық қызметі туралы керекті мәліметтерді жинайды, оперативті мәліметтерді талдайды және берілген нақтылы ұйым-эмитенттің бағалы қағаздарының курстық құнына әр түрлі факторлардың мүмкін болатын әсері туралы болжам жасайды. Егер қандай да бір корпорацияның қаржылық жағдайы тұрақсызданып, көрсеткіштері бірден төмендеп, фирмаға банкрот болу қаупі туса, онда қор биржасының листингтік комиссиясы делистинг процедурасын жүргізуге міндетті. Яғни, бұл корпорацияның қаржылық активтерін котировкалаудан алып тастап, биржалық тізімнен шығару жолымен биржадағы айналымнан алып тастауы керек. Бұл тек қана инвесторлардың мүддесі үшін жасайды, және компания-эмитенттің банкрот болу нәтижесінде мүмкін болатын қаржылық зияндардан максималды түрде қорғау.

Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып, кәсіби делдалдар арқылы іс-әрекет ететін жеке және институтталынған инвесторлар болып табылады.

Жеке инвесторлар – қосымша пайда табу немесе қандай да бір фирманы басқаруға қатысу мақсатында өздерінің уақытша бос ақшаларын қор құндылықтарына салатын жеке тұлғалар.

Институцияланған инвесторлар немесе ведомстволық салымшылар олар анағұрлым кең масштабта бағалы қағаздарға қаржы сала отырып жеке тұлғалар тәріздес мүдделерді көздейді. Қор құндылықтарымен операциялар жүргізе отырып институцияланған инвесторлар қосымша табыстар алып, өздерінің әлеуметтік экономикалық бағдарламаларын қаржыландырып, корпорацияның ортақтас

иелерінің қатарына қосылады. оларға мемлекеттік мекемелер, муниципалды әкімшілік, инвестициялық банктер, қорлар, сақтандыру компаниялары және тағы басқалары жатады.

Кәсіпқойлар қор нарығында ұйым ретінде, тек қана бағалы қағаздар операцияларына маманданған жеке тұлғалардан тұрады, олар брокерлік фирмалар мен дилерлік кеңселер. Бағалы қағаздармен жасалатын мәміленің бәрі екі үлкен топқа бөлінеді:

- 1) қолма-қол мәмілесі (кассалық);
- 2) белгілі бір мерзім мәмілесі (мерзімдік).

Жасалынған қолма-қол ақша мәмілесі үш күн мерзім ішінде іске асырылуы керек. әдетте олар сатушы мен сатып алушылардың арасында брокердің көмегімен ауызша түрде іске асырылады. Ол қор биржасындағы операцияларды есепке алу кітабына тіркеу арқылы көрінеді. Кассалық мәміле көбінесе облигацияларға, ол акцияларға сирек жасалады және кез келген мөлшерде сатылады немесе сатып алынады. Бұл тәсіл негізінен биржалық емес айналымда қолданылады.

Қор биржасында мерзімдік операциялардың үлесі басым. Олар келісім-шартпен хатталады. Бұл келісім-шартқа сәйкес бір инвестор екінші инвесторға бағалы қағаздардың белгілі бір мөлшерін белгіленген бағамен көрсетілген мерзімге дейін сатады, ал сатып алуы бұл бағалы қағаздарды нарықтық конъюктураға қарамастан алдын ала келісілген бағамен сатып алуға міндеттенеді. Мерзімдік мәмілелер көптеген түрлерге бөлінеді, олардың негізгілері төменде қаралады.

Мәмілені іске асырмас бұрын бірқатар қажетті формалдылықты орындау керек. Қор биржасының кез келген клиентті бірінші кезекте, оның тапсырысын биржаның ресми қызметкерге жеткізетін биржалық брокерге немесе басқа келістірушіге жолығуы керек. Ол тапсырысты қабылдағаны үшін алдын ала ақы төленгеннен соң телефон арқылы, жеке кездесу арқылы немесе тапсырыс жолдау арқылы істеуге болады.

Тапсырыс – мәтінінде инвестор биржалық операцияның негізгі сипаттамасын дәл атап көрсетуі керек. Сонымен бірге, бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату, қаржылық активтердің мөлшері мен түрі, ұйым эмитенттің аты, тапсырысты орындау мерзімі болуы керек. Егер тапсырыс іске асырылуға қабылданған болса, ол тапсырманың шарттарына байланысты орындалады.

Инвесторлар белгілі бір мақсаттарды көздей отырып, өз брокерлеріне мәміле жасаудағы еркіндігін шектейтін тапсырмалар береді. бұл клиенттердің көпшілігі нарықтық конъюктура туралы жақсы хабарландырылғанымен және белгілі бір мақсат бойынша жіберілген қаражаттарын ақтауы үшін биржалық операцияларды өздері есептейтіндігімен түсіндіріледі.

Тапсырыс-өтінімі іске асырылу мерзімі мен бағалы қағаздардың нарықтық бағам құнына байланысты жіктеледі. Бірінші топ биржалық күн немесе мерзімі атап көрсетілмеген уақыт ішінде орындалуы керек тапсырмамен беріледі, яғни бұл өтінімді клиент өзі қайтарып алғанға дейін күшінде болады. Мұны кейде ашық тапсырмалар деп те айтады.

Биржалық күн тапсырмасы – бұл клиент-инвестордың қор биржасында сауда жасалатын уақыт ішінде күшінде болатын бағалы қағаздардың нақты типтер мен кластарын сату мен сатып алу өтінімі. Тапсырманың орындалатын орындалмайтындығына қарамастан биржалық жиынның аяғында клиенттің арнайы нұсқауынсыз ол күшін жояды.

Ашық өтінім – оған қанша уақыт қажет болатындығына қарамастан тапсырыста келісілген шарттарына сәйкес мәмілені жасауды білдіреді. Мұндай өтінім клиенттің арнайы өкіміне шейін күшінде болады, яғни тапсырманы өзгерту

және қайта рәсімдеу тек қор операциялары бойынша биржада баланс жасау кезеңінде ғана болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бороздин П.Ю. Ценные бумаги и фондовый рынок-М.:1994
2. Оразбеқұлы Б. Бухгалтерлік есеп: Инвестициялық қор, Зейнетақы қоры, Сақтандыру компаниялары, Талдықорған, 2015.
3. Электрондық дерек көзі: <http://uchebnik.kz/te-oriya-buhqalterskoqo-ucheta/>

ӘОЖ 330.322

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ**

Сыздықбаева Н.Б.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
nurgul.010174@mail.ru*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының коммерциялық банктердегі инвестицияның мақсатын, мазмұнын, міндетін инвестициялық қызметің және бағыт – бағдары зеттелген. Сонымен қатар банктің инвестициялық қызметінің индикатор ретінде көрсеткіштер әсер ететін банк инвестицияларының көлемі, инвестициялық салымдардың жалпы банк активтеріндегі үлесі, объектілер бойынша банктік инвестициялардың құрылымдық көрсеткіштерінің мәні толықтай қарастырылған.

В этой статье обсуждается цели, содержания и направления инвестиционной деятельности коммерческих банков Республики Казахстан. А также рассматривалась инвестиционная деятельность в банке под влиянием индикатора который воздействует на инвестиционный банковский объем, инвестиционных вложениях в доле банковских активов и структурные показатели инвестиционного банковского объекта.

This article discusses the purpose, content and direction of investment activity of commercial banks in the Republic of Kazakhstan. Also consider investment activity in the bank under the influence of an indicator that affects the amount of investment banking, investments in the share of bank assets and structural indicators of investment banking facility.

Кілт сөздер: инвестиция, инвестициялық саясат, инвестициялық қызмет, банктік инвестиция.

Банк жүйесі мен жалпы экономиканың сәтті дамуы банктердің инвестициялық процесте беделді қызмет атқаруына себеп болады. Коммерциялық банктердің қызметінің міндетті шарты ретінде экономикалық аяның тұрақты болуы және басқа жағынан алып қарасақ, экономикалық дамудың тұрақтылығы көбіне банктік жүйенің икемді және тұрақты болуынан, яғни оның нәтижелі қызмет көрсетуінен көрінеді. Жеке банктердің қызығушылығы тәуекелдің төмен дәрежесінде неғұрлым көбірек пайда табу екені бәрімізге мәлім. Экономиканың инвестициялануына банктер тек қана жағымды, тиімді шарттар болғанда ғана қатысуды көздейді. Сонымен, коммерциялық банктердің инвестициялық қызметінің мақсаты қаражаттардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, оның ішінде, диверсификацияны, табысты және өтімділікті қамтамасыз ету болып отыр [1].

Инвестициялық процесте банктердің жалпы алғанда негізгі бағыттары мынадай:

- инвестициялық мақсаттағы банк өнімдерінің шоғырлануы;
- инвестициялық мазмұндағы несиелердің берілуі;
- салымдарды бағалы қағаздарға, пайға, үлестік қатысуларға салынуы.

Бұл бағыттар бір-бірімен өте тығыз байланысты. Капиталдарды, халықтың жинақтарын, және тағы басқа да бос ақша құралдарын шоғырландыра отырып, банктер олардан пайда табу мақсатында өз ресурстарын құрастырады. Ақша құралдарын жинастыру операцияларының көлемі мен құрлымы банктің несиелік және инвестициялық портфельдеріне әсер ететін негізгі факторлар және олардың инвестициялық қызметке жарамдылығының негізі.

Банктің инвестициялық қызметі бизнес ретінде екі түрлі қызмет көрсететеді және оны былайша қарастырамыз: бағалы қағаздарды бірінші нарыққа шығару және орналастыру; екінші ретте нарықта сатушы мен сатып алушыларды жолықтыру брокерлік және дилерлік қызметтер арқылы жүзеге асады.

Сонымен қатар, банктің инвестициялық қызметі қаржылық делдар ретінде макроэкономикалық қызметті де атқарады. Макроэкономикалық тұрғыда инвестициялық қызмет қоғам капиталының өсуіне бағытталған. Бұл қасиетте банк шаруашылық субъекттердің инвестициялық сұранысын қанағаттандыру қызметін, нарықтық экономика жағдайында ақша-несиелік түрде жинақтар мен қорларды инвестицияға айналдырады. Сондықтан, банктің инвестициялық қызметі макроэкономикалық тұрғыда экономиканың инвестицияға деген сұранысын қанағаттандыру қызметі деп есептеледі [2].

Жалпы банктерді экономикалық субъект ретінде қарастырсақ, онда инвестициялық қызмет банк табысын көбейтуге негізделген. Біздің ойымызша, экономиканың дамуы позициясынан банктің инвестициялық қызметі тек қана банктің пайда табуы емес, сонымен қатар, қоғам деңгейінде де басқа табыстарға қол жеткізу болып табылады. Сонымен макроэкономикалық тұрғыдан банктің инвестициялық қызметі өндірістік негізде жүргізілгенде көрініс табады.

Банктің инвестициялық қызметінің индикаторлары ретінде келесі көрсеткіштер қолданылуы мүмкін:

- коммерциялық банктердің инвестициялық ресурстарының көлемі;
- инвестициялық ресурстардың нақты индекстік бағасы;
- инвестициялық салымдардың жалпы банк активтеріндегі үлесі;
- объектілер бойынша банктік инвестициялардың құрылымдық көрсеткіштері;
- банктің инвестициялық қызметінің тиімділік көрсеткіштері, соның ішінде, инвестиция көлеміне есептелген активтердің өсуі, инвестиция көлеміне есептелген пайданың өсуі;
- табысты қаржылық активтерге салымдармен салыстырғандағы инвестициялардың өндірістік секторға альтернативті табыстылығының көрсеткіштері [3].

Банктік инвестициялар салыну мақсаты бойынша тікелей және портфельді болуы мүмкін. Тікелей инвестициялар инвестициялау объектісін басқаруға бағытталады. Ал портфельді инвестициялар инвестициялық объектіні тікелей басқару емес, пайыздар мен дивиденттер арқылы немесе активтердің нарықтық бағасының көтерілуіне негізделген табыс табу мақсатында жүргізіледі.

Инвестицияның салыну бағыты, құралу көздері, салыну мерзімі, тәуекел түрлері бойынша бөлінулерін қарастырып көрсек:

- инвестициялардың салыну бағыты бойынша өндіріс пен ұйымның банк тарапынан шаруашылық қызметіне қатыспай, тек қана құрылуы мен дамуына бағытталуы мүмкін;

- инвестициялардың құралу көздері бойынша банктің өз инвестициялары және банк есебінен жүргізу, клиент тапсырмасы бойынша және клиент есебінен банк жүргізуі мүмкін;
- инвестициялардың салыну мерзімі бойынша қысқа мерзімді (бір жылға дейін), орташа (үш жылға дейін) және ұзақ мерзімді (үш жылдан артық) болуы мүмкін;
- коммерциялық банктердің инвестициялары тәуекел түрлері бойынша, салыну аймағы бойынша, салыну саласы және тағы басқа түлері бойынша бөлінуі мүмкін.

Банктің қаржылық инвестицияларына бағалы қағаздарға, басқа банктердегі қысқа мерзімді депозиттерге, несиелік инвестицияларға, пайлар мен үлестік қатысуларға салым салу жатады. Елімізде қор нарығының дамуына ат салыса отырып, бағалы қағаздарға: борыштық міндеттемелерге, оның ішінде, вексельдерге, депозиттік сертификаттарға, мемлекеттік және муниципалды бағалы қағаздарға, үлестік бағалы қағаздарға, туында бағалы қағаздарға салым салу тиімді саналуда. Бағалы қағаздарға салымдарды банк өз есебінен, яғни банктің инвестициялық операциялары және клиент тапсырмасы мен соның есебінен клиенттің инвестициялық операциялары жүргізіледі және банк басқа банктердегі қысқа мерзімді депозиттерге салым салуы мүмкін.

Банктердің инвестициялық қызметі жаңа бағалы қағаздарға қаражат орналастыруға кепілдік беру андеррайтинг , сондай-ақ клиенттерге қандай бағалы қағаз түрін , қай уақытта шығаруға және ұсынысты қалай жасауға болатыны жайлы кеңес беруді сипаттайды.

Бағалы қағаздар бизнесіндегі андеррайтинг бұл бағалы қағаздарды сатудан ешқандай да төменгі ақшалай қаржаттың келіп түспейтіндігі туралы эмитентке кепілдік беруді білдіреді. Мұндай жағдайда эмитент қор құндылықтарын орналастыру жоспарын құрады.

Банк несиелік инвестицияларды төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық, ол дегеніміз банк міндетті түрде қарыз сомасын және ол бойынша пайыздарды қайтарып алады, бірақ бірлескен шаруашылық қызметке араласпау негізінде ұзақ мерзімді несие түрінде береді. Сонымен қатар, бұл несиелеудің өзге несиелерден айырмашылығы бар, несиенің түпкілікті пайдалану мақсаты, басқаларға қарағанда ұзақ мерзімге және тәуекел дәрежесі жоғары. Тәуекел дәрежесін төмендету мақсатында инвестициялық несиелеуді жүзеге асыратын банктер қарыз алушыларға қосымша міндеттемелер жүктейді. Ең көп таралған міндеттемелер келесідей болады:

- ұйымның басқару құқығын беретін акция бөлігін иемдену;
- үкімет немесе сенімді банктердің қаржылық кепілдік көрсетуі;
- жоғары өтімді кепілдің болуы;
- үлестік қатысу.

Инвестициялық несиенің ұзақ мерзімге берілуіне байланысты, несиелік арызды немесе инвестициялық жобаны қарастыру барысында инвестициялық тәуекелді анықтау кезінде, қарыз алушының несие қабілеттілігі және несие тарихы ғана емес, және ұйымның қаржылық жағдайының динамикасы талданады [4].

Үлестік қатысуға, пайларға, акцияларға салым салу, олардың инвестициялық несиеден ерекшелігі, ұйымның шаруашылық қызметіне банктің араласуы болып табылады. Банк ұйымның жарғылық капиталының қаржылық және қаржылық емес мазмұнында қатысушысы және құрылтайшысы негізінде көрінеді.

Өндірістер мен ұйымдардың құрылуы мен дамуына банк инвестициялары екі негізгі түрден тұрады: басқа ұйымдардың шаруашылық қызметіне салымдар және банктің өз қызметіне салымдар. Банктің өндіріс немесе ұйымның шаруашылық қызметіне инвестициялар салуы арқылы, олардың капиталдық шығындарына, жарғылық капиталдарын құру немесе ұлғайту арқылы араласады. Ұйымның

акцияларын, пайларын, үлестерін сатып алу арқылы жарғылық капиталға араласуы, банктер заң бойынша жарғылық капиталдың құрылтайшысы ретінде берілетін барлық құқықтарға ие болады. Еншілес ұйымды құру мен оны дамытуға салым салу банктің құрылтайшылық қызметіне араласуына негіз болады, өйткені банк оның қаржылық және қаржылық емес құрылтайшысы болып табылады.

Коммерциялық банктердің құрылтайшылық ұйымдары болып, көбінесе қаржылық саладағы инвестициялық қорлар және компаниялар, брокерлік фирмалар, инвестициялық кеңестер, лизингтік және факторингтік фирмалар, депозиттік және клирингтік институттар, сақтандыру фирмалары, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары, холдингтер, қаржылық топтар немесе қызмет көрсету саласында қаржылық кеңестер беру, ақпараттар және тағы басқалары.

Банктердің ұйымның немесе өндірістің шаруашылық қызметіне қатысуы бірнеше жағдайларға байланысты:

- инвестицияларға қаржылық бақылау орнату;
- тәуекелдің диверсификациясы және банктік бизнестің табыстылығы;
- қызмет көрсету аймақтары мен клиенттерге көрсететін қызмет түрлерін кеңейту арқылы банк беделін әр түрлі нарықтарда арттыру;
- еншілес қаржылық институттар құру арқылы ресурстік және клиенттік базаны ұлғайту;
- еншілес ұйымдар арқылы банкке келетін ақша құралдарының ағымын ұлғайту;
- банкке заңды айнала жұмыс істейтін, рұқсат етілмейтін операцияларды ұлғайту өндіріс саласында, материалдық құндылықтармен сауда-саттық және сақтандыру.

Еншілес ұйымдарды инвестиция арқылы, оларды құру мен дамыту өндірістік және өндірістік емес сипатты иеленуі мүмкін. Банк қызметіндегі инвестициялаудың өзіндік ережелері бар. Кең мағынада, банктік инвестиция пайда табуында банктің ресурстарын орналастыруға бағытталған активтік операциялардың жиынтығы. Ал тар мағынада, банктік инвестиция табыс немесе пайда алу мақсатында ақшалай қаражаттарды бағалы қағаздарға жұмсауы. Сонымен қатар, банктік инвестициялау деп негізгі капиталға жұмсаған қаражаттарды да түсінуге болады.

Банктегі инвестициялық саясатты қарастыру барысында, банктің инвестициялық қызметі инвестициялық саясат көмегімен жүзеге асырады. Инвестициялық саясаттың негізгі мазмұны қаражат жасау үшін біршама тиімді бағалы қағаздың түрлерін анықтау, әр уақыт кезеңіне инвестициялық портфельдің құрылымын оңтайландырудан тұрады.

Банктердің инвестициялық саясаты банк қызметінің тұрақты жұмыс жасауын, нәтижелігін немесе пайдалығын, сондай-ақ өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар портфелін басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға бағытталған шаралар жиынтығы.

Банктің инвестициялық саясатының басты бағыттары мынадай бөлімдерді қамтиды:

- инвестициялық саясаттың басты мақсаты;
- баланс активі мен пассивіндегі квазиинвестициялық операциялардың шегін үлесін анықтау;
- инвестициялық операциялардың сапасы үшін жетекшілер мен атқарушылардың жауаптылығын;
- инвестициялардың құрамы мен құрылымы;
- бағалы қағаздардың сапасының деңгейінің және өтеу мерзімінің тиімділігі;
- инвестициялар портфелінің диверсификациялануына қойылатын негізгі талаптар;

- потрфельдің құрамына түзетулер енгізу механизмі;
- сақтау тәртібі және сақтандыру механизмі;
- пайдалар мен зияндардың есебі;
- компьютерлік қамсызданлыру бағдарламалары.

Өндірістік инвестициялар, банктің шаруашылық субъектілердің капиталдық шығындарына қатысуы, инвестициялық несиелерді беру және инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Коммерциялық банктер несиені беру, акционерлеу, жарғылық капиталды құру немесе ұлғайту, лизинг беру арқылы инвестициялық жобаларды қаржыландыра алады.

Инвестициялық жобаға инвестициялау арқылы банк тек қана пайда таппайды, сонымен қатар құрылған немесе қайта құрылған ұйымды басқару құқығына ие болады. Инвестициялық жобаға тікелей қатысуы арқылы банктің жалпы басқару стратегиясын құруына себепші болады. Бұл жобаны қаржыландыру мен оны тиімді басқаруға деген қарым-қатынасты жақсартады [5].

Банктердің өндіріс орындарына инвестицияларды жұмсауы күтпеген жағымсыз жағдайлар туғызуы мүмкін. Банктердің қаржылық емес ұйымдарға көп көңіл бөлуі банктік тәуекелдің жоғарлауына және банктік жүйенің тұрақтылығы мен сенімділігінің төмендеуіне әкеліп соғады. Соған байланысты банктердің шаруашылық қызметке араласуын шектейтін заңдар мен нормативтік актілер бар.

Қорытындылай келе, банктің өз қызметіне инвестициялар салуы өзінің материалды-техникалық базасы мен ұйдастырушылық қызметін жақсартуға жұмсалады. Бұл салымдардың бағыты, банктің осы салымдар арқылы қандай мәселелерді жүзеге асыратынына байланысты анықталады. Сонымен қатар, инвестицияның бағыты бойынша қарастыратын болсақ, онда мынандай тұжырымдарға келеміз:

- банк қызметінің тиімділігін арттыру мақсатындағы инвестициялар. Олар банктік шығындарды төмендетуге бағытталған техникалық жабдықтарды жақсартуға, банктік қызметтерді ұйымдастырудың жаңа сатысына шығуға, еңбек ету жағдайын жақсартуға, қызметкерлерді үйретуге, сапалы талдау жүргізуге бағытталған;
- банктік қызметтерді диверсификациялау мен кеңейтуге бағытталған инвестициялар. Бұл инвестициялар банктің ресурстық және клиенттік базасын ұлғайтуға, банктік операцияларды көбейтуге, жаңа банктік қызметтерді жүзеге асыра алатын жаңа бөлімшелер құруға бағытталады;
- мемлекеттік қадағалау органдарының қойған талаптарына сай болуға бағытталған инвестициялар. Бұл инвестициялар банктік қызметті белгіленген жағдайлар бойынша жүргізу үшін қадағалау органдарының қойған талаптарын қанағаттандыруға жұмсалады.

Инвестициялық жобаға тікелей қатысуы арқылы банктің жалпы басқару стратегиясын құруына себепші болады. Бұл жобаны қаржыландыру мен оны тиімді басқаруға деген қарым-қатынасты жақсартады. Банктің өзінің дамуына салынған инвестициялардың тиімділігі, жасалған қаржылық шығындардың арқасында банктің қаржылық жағдайының жақсаруы немесе банктің жоғары деңгейге көтерілуі салдарынан көрінеді. Өз қызметіне инвестициялау көлемі мен құрылымы, нақты техника-экономикалық есептеулер нәтижесіне сүйеніп іске асуы қажет. Қажет болған көлемнен артық мөлшерде инвестициялау өтімділіктің өзгеруіне, банк табысының азаюына және банк қызметіндегі тиімділіктің төмендеуіне алып келеді. Қазақстандық банктер өндіріс орындары мен ұйымдардың құрылуы мен дамуына инвестициялауы пайыздар мен дивидендтерге ғана қызығушылықпен емес, экономикалық нәтижелерге: нарықта өз беделін күшейтуді, қосымша клиенттерді

тарту және тағы басқа қызметтер көрсетуге бағытталады және инвестициялаудың бірден-бір тұжырымы ретінде ұйымды басқаруға қол жеткізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Банковское дело: учебник / под ред. Заслуженного деятеля РК, д.э.н. профессора У.М.Искакова.-Алматы: Экономика, 2011.
2. Банковское дело: справочное пособие / под ред. к.э.н. Бабицовой Ю.А – М.: Экономика, 2010.
3. Мақыш С.Б., Ильяс А.А., Банковское дело учебное пособие.- Алматы: «Қазақ университеті», 2009.
4. Омарова А.К. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу: оқулық /А. К. Омарова.-Алматы:Тауғуль-Принт, 2009.
5. Кадрова Н.Н. Финансирование и кредитование инвестиций: учеб. пособие/ Н. Н. Кадрова.-Алматы:Экономика, 2008.

ӘОЖ 330.322

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ

Сыздықбаева Н.Б., Сейсенбаева Г.Д.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
murgul.010174@mail.ru

Мақалада экономикалық әріптестікті дамытудың жаңа бағдары мен оның Қазақстан Республикасында қажеттілігі және даму жолдары жайлы қарастырылады. Экономикалық әріптестік ел экономикасын дамытуға тікелей әсер ететіндіктен ол жан-жақты қарастырылатын мәселе.

В данной статье рассматриваются, пути развития новых направлений экономического сотрудничества и их потребности в Республике Казахстан. Так как экономическое партнерство непосредственно влияет на развитие экономики, является обширным вопросом.

This article examines the development of new areas of economic cooperation and their needs in the Republic of Kazakhstan. Since the Economic Partnership directly affects develop the economy, it is a broad question.

Кілт сөздер: экономикалық серіктестік, экспорт, стратегия, инвестиция.

Еліміз керегесі кеңейіп, ата-бабаларымыз білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен алып берген тәуелсіздік алғанына да жиырма төрт жылдың жүзі болды. Тәуелсіз ел ретінде танылған мемлекетіміздің әлемдік аренада ойып алған орны да ерекше. Бізді төрткіл әлем танитындай беделге де қол жеткіздік [1].

Мемлекетіміз экономикалық әріптестікті барынша дамыту үшін көптеген іс-қимылдар жасауда. Экономикалық әріптестіктің жаңа бағдарын құру экономикалық дамудың белсенділігін арттырады, шетел экономикасының саяси бағыттарымен тәжірибе алмасуға жол береді.

Экономикалық әріптестіктің бастамасының бірі мемлекетіміздің Еуразиялық экономикалық одаққа кіруі болып табылады. Бұл – ерікті, теңқұқылы және өзара тиімді технологиялық жүйесі бар экономикалық бірлестік бастамасы. Толықтай іске қосылған Одақ экономикалық әріптестіктің көкжиегін жаңа белеске шығаруда. Инвестиция тартуға бірден-бір қолайлы ел ретінде танымал Қазақстан үшін

Еуразиялық экономикалық одақ өте маңызды. Көлденең кедергілермен түрлі салықтан арылған кәсіпкерлер игі бастаманың оң тұстарына қазірдің өзінде жоғары баға беруде. Экономикалық әлеуеті зор, халыққа пайдасы мол ұйым бірегей мүмкіндіктерге жол ашпақ. Бұл бастаманы іскер топ өкілдері күткені анық. Себебі үлкен нарықты көздеген әр кәсіпкердің табыс табуына Одақта ұтымды тұстар жетерлік. Әсіресе, бүгінгі күні еліміз Ресей Федерациясымен әріптестік қарым-қатынастарды нығайта түсуде. Ресей Еуропа елдеріне транзиттік жол ашатын стратегиялық әріптес. Сондықтан солтүстіктегі көршімен қарым-қатынасты жоғары деңгейге жеткізу өте маңызды. Қазақстанның шекаралас мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас жасауы ата-бабаларымыздан қалған дәстүр деп санаймыз, сондықтан қазіргі замандағы ынтымақтастықты барынша нығайта түсу қажет. Экономикалық жаһандану заманында ешбір мемлекет жеке, дара, оқшауланып дамуы мүмкін емес. Мұндай кезеңде кез келген мемлекет шекаралас мемлекеттермен экономикалық әріптестік орнатуға ұмтылады. Әсіресе, біз үшін көрші мемлекет Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы сынды алып державалар болса, онда сөзсіз экономикалық интеграция міндетті түрде орын алатын құбылыс.\

Осы жолда айта кететін жағдай, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған еліміздің жаңа саяси бағытының негізгі мақсаттарына бағытталған «Қазақстан-2050» Стратегиясы, яғни ішкі және сыртқы саясаттағы перспективалық міндеттерге қол жеткізу. Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы елімізде айтарлықтай ең маңызды оқиғаға айналып отыр. Бұл ұсынылған тарихи құжат тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар барша бүкіл әлемдік қоғамдастықтың өзінде кеңінен талқыланып қарастырылуда. Қазақстан үшін Елбасы айтып өткендей шынымен де, дамыған 30 елдің қатарына кіру аса маңызды. Әрине бұл туралы Президент өзінің Жолдауында айтып өткен және осындай мақсат қойып отыр. Шын мәнінде, атап айтсақ, бұл Қазақстан тарихының жаңа дәуірін ашар еді. Қазақстан қалыптасқан мемлекет ретінде ғана ұзақ мерзімді дамуымен, стратегиялық жоспарлау саясатымен, экономикалық өсімімен, жоғары әлеуметтік жағдайын қалыптастыруымен әлем мемлекеттері арасында көзге ерекшеленеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің саяси көрегендігін, жаһандық ойлау биіктігін тағы да дәлелдеп отырған сыңайлы. Елбасының тікелей осы қасиетінің арқасында Қазақстан бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасты. Қазақстан үшін ұзақ мерзімді міндеттер қойылды, бұл біздің мемлекетіміздің болашағының жарқын және зор екендігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық және әлеуметтік салалардағы жетістіктері бойынша дүниежүзінің көптеген елдеріне үлгі болатындай мемлекет. Жаңа стратегия еліміздің дамуының бір көрсеткіші осы мақсатта көптеген жақсы игі істер атқарылуда [2].

Қазақстан егемендік алған жиырма төрт жылдың ішінде елімізде жарқын болашағы мен тұрақты экономикалық дамуы жолында көптеген ірі бағдарламалар қабылданып, олар жүзеге асуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ішкі тұрақтылығымыз бен экономикалық дамудың жаңа бағдарын айқындай отырып, сол мақсатқа жетуде Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты еліміздің қарқынды даму жолындағы жеті бағытының негізгі тұстарын айқындай түсетін жаңа экономикалық саяси бағдарламасын жария етті. Бұл тарихи бағдарламада әлемдік дағдарыстардың алдын алудың тиімді тұстарын көрсетіп қана қоймай, елімізді дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуға жағдай жасап, Тәуелсіз Қазақстан тарихында ұзақ мерзімдік даму жолдарын анықтап, болашағымыздың жарқын бағдарын айқындап көрсетті.

Төрткіл әлемнің алпауыт мемлекеттерінде болып жатқан геосаяси дағдарыстар және экономикалық ахуал, шикізат ресурстарына деген нарықтағы

бағаның төмендеп кетуі, жаңа сынақтар мен жаңа экономикалық талаптар күшейе түсті. Әрине, бұл көптеген ірі мемлекеттерді айналып өтпегені сөзсіз. Көптеген ірі державаларда ішкі саяси тұрақсыздық пен экономикалық жағдайлардың, соның ішінде әлеуметтік әлсіреулер орын алып отыр. Бұл өз кезегінде қаржылық және өнеркәсіптік тоқырауларға ұшыратуда, сонымен қатар, сөзсіз жұмыссыздық мәселелерінің белең алуына алып келіп отыр. Осындай жағдайлар, яғни әлемдік проблемалар Қазақстан үшін де өз әсерін тигізбей қоймас. Осы тұрғыда «Нұрлы жол» бағдарламасы елде болуы мүмкін деп табылған дағдарыстардың алдын алу құралы ретінде танылып, халық қалаулылары мен қоғам қайраткерлері және қарапайым халық қолдауына ие болып, зайырлы мемлекетіміздің жарқын даму бағдары ретінде көрінуі тиіс. Осы бүгінгі таңда елімізге айтарлықтай, мықты серпіліс әкелген аталмыш бағдарлама әлеуметтік, сонымен қатар, экономикалық жағынан ғана емес, еліміздегі маңызды мәселелердің бірі болып табылатын рухани, мәдени құндылықтарға да ерекше назар аударуда. Еліміз көп ұлтты зайырлы мемлекет болғандықтан, ішкі діни тұрақтылық пен конфессияаралық келісімнің маңызы ерекше екендігін атап көрсетті. Сол себепті де, Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауында елдің экономикалық жағдайымен қатар, дін мәселесіне де айрықша көңіл бөледі. Саяси және діни тұрақтылық еліміздің шекаралас мемлекеттермен экономикалық серіктестікті нығайта түседі. Жалпы халықтың әлеуметтік жағдайы экономикалық тұрғыдан қарағанда дұрыс болуы қоғамдық келісімді нығайтып, саяси тұрақтылықты ұстап тұруға септігін тигізеді. Бүгінгі таңдағы әлемдік дағдарыстың белең алған заманында ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияны, ұлттық мүддені, халықтық ұстанымды дамытқан мемлекет қана өзінің егемендігі мен ішкі саяси әлеуметтік тұрақтылығын сақтап қала алады.

Бүгінгі таңда, дүниежүзінің бірқатар елдерінде ішкі экономикалық және жұмыссыздық мәселелерімен қатар дінаралық қақтығыстар да орын алып отырғаны белгілі. Атап айта кетсек, экстремизм мен терроризмнің ушыға түсуі жиырма бірінші ғасырдың індетіне айналып бара жатқандай. Әрине, осындай бүкіл әлемді алаңдатып отырған террорлық әрекеттердің зардабы мен қиындықтарын бейбіт тұрғындар көруде. Осы тұрғыдан айтып кететін болсақ, осындай келеңсіз жағдайлар мемлекеттердің әлеуметтік және экономикалық жағдайын әлсіретіп, өзінің кері әсерін көрсетуде. Алпауыт мықты мемлекеттердің өзі де экономикалық дағдарыстар мен экстремистік әрекеттердің алдында қауқарсыздық танытып отырған сынайлы. Осы сынды келеңсіз жағдайлардың алдын алу мен оған қарсы тұрудың жолдары «Нұрлы жол» бағдарламасында толық дерлік көрсетілген [3].

Еліміздің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуы да экономикалық әріптестік әрекеттерінің дамуына өз ықпалын айтарлықтай тигізуде. Еуразиялық экономикалық одаққа қазірдің өзінде 40-қа жуық мемлекет қызығушылықтарын танытуда. Сол себепті де, бұл одақтың маңызы аса зор. Одақ отандық кәсіпкерлердің өнімін үлкен нарыққа шығаруға жол ашып қана қоймай, сонымен бірге, іскерлік байланыстарды нығайтуға барынша өз септігін тигізеді. Жалпы айтқанда, бизнесмендер ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында жаңа кәсіпорындар құрып, өз кәсібін жүргізгісі келсе, оған қолайлы жағдай жасалған. Президенттің өзі атап өткендей Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық және инвестициялық әріптестері болып табылатын Еуропалық Одақ елдерімен ынтымақтастыққа да күш салынауда. Елбасының айтуынша, белсенді түрде дамып келе жатқан Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық әріптестікті нығайту да еліміз үшін маңызды бағыт болып табылады. Бүгінгі таңда, Қазақстан халықаралық байланыстарды кеңейтіп, тереңдете түсу бағдарын белсенді түрде жалғастыра түседі [4].

Экономикалық әріптестікті дамытудың басты әрі жаңа бағдарының бірі ең алдымен шекаралас мемлекеттермен, сонымен қатар әлемнің басқа да дамыған

елдерімен тығыз қарым-қатынас жасау. Айта кететін болсақ, бүгінде Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары динамикалық түрде даму үстінде, екіжақты әріптестік әр түлі салаларды сауда, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларды қамтып отыр. Бұл ретте екі ел арасында қарым-қатынасты одан әрі дамыту өзекті болып отыр. Кеден Одағының құрылуы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасуы екі ел арасындағы әріптестіктің дамуына оң әсерін тигізуде. Қазақстан мен Ресей ежелден көршілік хақымен алыс-беріс, барыс-келісті тереңдеткен елдер болғандықтан, екі елдің арасында әуелден әріптестік, іскерлік байланыс орныққан болса, енді міне, сол арақатынасымыз еуразиялық ықпалдастық түрінде бұрынғыдан да тереңдей түскен. Қазақстан мен Ресейдің инновация саласында интеграциялануы екіжақты әріптестіктің үздік бағыттарының бірі болып отыр, себебі тек қана осы саланың дамуының есебінен бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялы өнімдер, тауарлар мен қызметтерді, агроөнеркәсіптік кешен, оның ішінде биотехнология, баламалы энергетиканың кейбір бағыттарын дамыту, мысалы жел энергетикасы, техногендік қалдықтарды қайта өңдеу және ол өнімдерді әлемдік рынокқа шығару мүмкіндіктері айтарлықтай ұлғая түсуде.

Осындай инновациялық бағыттарды дамыта отырып біз аталған салаларда әлемдік көшбасшыға айналуымыз әбден мүмкін. Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығы барлық салаларда қарқынды дамып келеді. Осы күнде 2013 жылы қабылданған екіжақты бірлескен жоспар аясында жұмыстар атқарылды. Бұл бағдарлама айтарлықтай жемісті аяқталды. Қазіргі таңда 2016-2018 жылдарға арналған іс-қимыл жобасы әзірленуде. Жыл соңына дейін бұл құжат қабылданады деп кәміл сенеміз. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЭЫДҰ арасында қол қойылған келісімнің шеңберінде тікелей шетелдік инвестицияларды ынталандыру және салаларда инвестицияларды дамыту бағдарламаларын жетілдіру үшін қазақстандық ресурстарды әртараптандыру мәселесі бойынша бірлескен жоба табысты іске асырылды.

Тағы бір еліміздің экономикалық әріптестік орнатқан мемлекетінің бірі, Азия алпауыты Жапония болып отыр. Жапония Қазақстанмен әріптестікке өте үлкен жауапкершілікпен қарайды, оның өзіндік себептері де бар. Ең алдымен, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік орталығында орналасқан, себебі, Қазақстансыз аймақтың ғана емес, тұтастай әлемдік қауымдастықтың тұрақтылығын елестетудің өзі мүмкін емес. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев пен қазақстандықтардың пікірінше, Қазақстан Азия мен Еуропаны біріктіріп тұрған ел ретінде үлкен экономикалық және саяси әлеуетке ие деп санайды. Сонымен қатар, Қазақстан жер қойнауына толы пайдалы қазбалары мен энергия тасымалдаушыларының арқасында жоғары экономикалық дамуға қол жеткізуде. Жапонияның іскер топтары Қазақстанның дамуын жіті қадағалап отырады, сондықтан олар ортақ жобаларға қатысуға, соның ішінде табиғи ресурстарды өндіруге мүдделі. Сондай-ақ, Жапон саясаткерлері аймақтық держава ретінде Қазақстанның экономикалық өсуі Орталық Азияның тұрақтылығы мен дамуының негізгі факторы екендігін толық мойындаушы елдердің бірі. Қазақстан Жапония үшін де маңызды шешімдер қабылдауда белсенділік танытуда. Мысалға, Жапонияның ядролық қарусыздануы мен климатын сақтауда жасап жатқан жұмыстары қыруар. Осылайша, Қазақстан Жапония үшін халықаралық аренада да маңызды әріптес ретінде қалыптасып отыр. Жапония халықаралық қарым-қатынастар негізінде құрылған «Әлемге белсенді қолдау» ұстанымын қолдана отырып, аймақтағы, одан қалса әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген өз үлесін қосуға мүдделі. Олай дейтін себебіміз, Қазақстан Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға атсалысуда және жуырда Біріккен Ұлттар Ұйымының Африкадағы бейбітшілік орнату қызметіне өз әскерилерін жіберу туралы шешім қабылдады. 2014 жылдың соңында Ауғанстаннан Халықаралық бейбітшілікті

орнату күштерінің шығарылуына орайластырылып жалпы аймақтың да тұрақтылығы жағынан маңызды кездесу өткізілді. Атап айтқанда әріптестік мәселелерімен қатар, Ауғанстанға қатысты қауіпсіздік шараларын да, соның ішінде есірткі мәселесі де қарастырылған. Бұл тағы да біздің елдеріміздің арасындағы қарым-қатынас, мақсат-мүддесінің бір арнаға тоғысатынын дәлелдей түседі. Әрдайым екіжақты қарым-қатынасты одан әрі кеңейте түсу үшін әріптестіктің жаңа сатысына көтеріле беру қажет.

Тағы да бір тоқталып кететін мәселе, ол екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық әріптестік саласындағы жағдай. Қазақстан тауар айналымы бойынша да, инвестиция көлемі бойынша да Жапонияның Орталық Азиядағы ең ірі әріптесінің бірі болып табылады. Осы уақытқа дейін Жапония энергетикалық ресурстарға, мәселен мұнай өндіруге ғана қызығушылық танытып келді. Жапония үкіметі өз кезегінде екі ел арасындағы инвестицияларды ынталандыру және қорғау бойынша іскер ортаның қызметін жандандыра түсуге мүдделі. Орталық Азияның тұрақты әрі ашық аймақ ретінде дамуы үшін Жапония ортаазиялық елдердің өзара қарым-қатынасы мен ортақ тапсырмаларды шешудегі аймақтық әріптестігінің дамуын өте маңызды қадам деп санайды. Жапония елі мен мемлекетіміздің әріптестіктерінің басты мақсаттарының бірі ретінде біздің мемлекетіміздің ортаазиялық елдердің аймақтық әріптестік мүмкіндіктерін алға жылжытудағы «катализаторы» ретінде қатысуын атауға болады. Орталық Азияның «барынша мықты», «едәуір бай» және сонымен қатар «ашық» аймаққа айналуы үшін аймақтық әріптестік қандай болуы қажет деген тақырыпта пікіралмасу шаралары болды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта мүше-мемлекеттер ауыл шаруашылығына да баса назар аударып, осы саладағы аймақтық әріптестікке қатысты ортақ жобаларды белгілеу бойынша да жұмыстар жүргізілді.

Экономикалық әріптестікті нығайтудың бір бағыты елдермен сауда серіктестігін қалыптастыру болып табылады. Соған орай, сауда саласын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру шеңберінде биржалық және электронды сауда саласын қоса алғанда, сауда саласында халықаралық заңнамалық норма талаптары ескеріле отырып, мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Жалпы аталған шаралардың іске асырылуы сауда саласын жаңғыртуға, оны қазіргі халықаралық талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді және ең аз транзакциялық шығындармен тиімді тауар қозғалысына өз септігін айтарлықтай тигізбек. Тағы да бір тоқталып кететін жайт, ол Қазақстанның экономикалық өміріндегі маңызды оқиға, яғни Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі және осы ұйымға мүшеліктен ұтатын сонымен қатар, ұтылатын тұстары туралы соңғы кездері жиі айтылып жүр. ДСҰ-ға мемлекетіміздің мүше болуының басты айтарлықтай жайттарының бірі дүниежүзінің ұйым шеңберіндегі мемлекеттерімен серіктестік, ынтымақтастықты қарым-қатынас жасау. ДСҰ-ға мүшелік ету еліміз үшін халықаралық сауда ережелерін қалыптастыруға қатысуымызға зор мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Біріншіден, басқа елдің нарығында біздің экспортқа әділетті қарым-қатынастың кепілі болады және сонымен қатар біздің ішкі нарықта шетел тауарлары мен қызмет көрсетулерді импорттау үшін осындай талаптардың болуын қамтамасыз етуін айтарлықтай міндеттейді. Екіншіден, ДСҰ-ға кіру экономикалық әлеуеттің ұтымды тұстарынан басқа, қолайлы имидждік дивидендтер әкеледі. Біз үшін барлық халықаралық нарыққа қатысушыларға Қазақстанның бизнесті тұрақты және транспарентті жағдайда жүргізуде сенімді бизнес-әріптес екенін көрсетуге мүмкіндік туғызады. Отандық

бизнес ел ішіндегі бәсекелестікпен қатар, ел аумағынан тыс қызмет көрсетуі мен өз өнімін өткізу үшін жаңа нарықтарды таба білуі керек. Бұл өз кезегінде өте өзекті жағдай. Үшіншіден, Қазақстан өз тауарларын сыртқы нарыққа көлікпен жеткізу үшін тауарлардың экспорттық бағасына тікелей әсер ететін әлемдік порттарға қол жеткізе алмауда. Сондықтан ДСҰ-ға мүше болу Қазақстанға ДСҰ-дың басқа мүшелерінің нарығына осы елдердің ішінде тауарлар алмасуы кезінде қолданылатын көліктік тарифтер бойынша экспорттауға жол ашады. Төртіншіден, қазақстандық заңнаманы ДСҰ-дың негізгі шарттарына сәйкестендіру болашақта отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға алып келеді. Мысалы, техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу кезінде жалпыға танымал стандарттардың негізінде қабылдау, отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығаруға аса зор әрі тиімді мүмкіндіктер. Бесіншіден, бүгінгі күні Қазақстанның жалпы тауар айналымының 50%-дан астамы ДСҰ-ға мүше елдерімен жүзеге асырылады. Сондықтан Қазақстан үшін ортақ құқықтық кеңістік шеңберінде өзінің ірі сауда әріптестерімен сауда жасау маңызды. Сонымен қатар, Қазақстан үшін шикізаттық өнімдерден дайын өнім шығаруды қолға алу қажет.

33. Machiavelli, Niccolò, *The Prince 1469-1527*, Published 1921, Topics Political science, Political ethics, Publisher London: Oxford Univ. Press
34. Machiavelli, Niccolo. 2008. *The Prince Sang Penguasa diterjemahkan Natalia Trijaji*. Surabaya: Selasar Surabaya Publishing
35. Maslani dan Suntiah, Ratu, 2010, *Sejarah Peperangan didunia*, Bandung: CV. Insan Mandiri
36. *Middle East*, edisi 3 Februari 2003
37. Mapalulo, Fitrica, Imbang, Max, Tamon, Max L. 2013, *Perang Dingin dan Pengaruhnya di Indonesia*
38. Mc Cormick, R.A, *Morality of War*, (volume 1 – 14. Hal. 545-805), the New Catholic Encyclopedia
39. Mc Hugh, John A. O.P dan Callan, Charles J. O.P., *Moral Teology: A Complete Course*, vol.1, 545, dikutip dari Carl von Clausewitz, *On War*, New York: Oxford University Press, 1984
40. Messakh, Matheos Viktor, *Elite Fretilin 1970-an: Antara Pendidikan Jesuit, Turunan Deportados, African Connection, dan Semangat 'the Sixties'*, Satu Timor Lokal Orisinil dan Mendalam, Satu Timor.com, May 17, 2014 <http://www.fkpmaritim.org/falsafah-dan-teori-perang-warisan-carl-von-clausewitz-yang-masih-relevan-sampai-saat-ini/>

41. Mofid, Kamran. 1990, Economic Reconstruction of Iraq: Financing the Peace, Third World Quarterly, Volume 12, Issue 1
42. Meier, Rouch. 2000. Pembangunan Ekonomi Dunia. Jakarta: Bumi Aksara
43. Neste, Berit Van, Cicero and St. Augustine's Just War Theory: Classical Influences on a Christian Idea, 2006, Graduate Theses and Dissertations, University of South Florida, USA
44. Nirmalasari, Putri, 2008, Perkembangan Ideologi dan Politik Pasca Perang Dunia: Rajawali Press
45. Ojong, P. K, Perang Eropa Jilid 1, Kompas, Jakarta 2006
46. Poppy, Ria, 2012. Jurnal Latar Belakang Perang Dunia II Sampai Perang Surabaya
47. Rosalina, Dessy 2014, Ketika Dunia Bisnis Mulai Terteror ISIS. Republika. Co.id , Jakarta.
48. Rocher, Jean, dan Iwan Santosa, 2013, Sejarah Kecil Petite Histoire Indonesia-Francis 1800-2000, Jakarta: Penerbit Buku Kompas
49. Sab, Randa, Economic Impact of Selected Conflicts in the Middle East: What Can We Learn from the Past?, June 2014, IMF Working Paper, Middle East and Central Asia Department, Authorized for distribution by May Khamis
50. Schneid, Frederik C, the French Revolutionary and Napoleonic Wars, 2011, European History Online, Germany
51. Syahid, 2014, diakses dari website (<http://www.dream.co.id/dinar/6-negara-muslim-yang-rontok-karena-ulah-isis-141223a.html>, pada senin, 23 maret 2015, Jam 14.09
52. The Socialist Party of Great Britain, Economic Causes of War, London, UK, 2015 <http://www.worldsocialism.org/spgb/education/depth-articles/history/economic-causes-war>
53. Wells, H. G, the War of the Worlds, 2005, Pearson Education Limited, Essex, England

ӘОЖ - 323.1.01

ЭТНОСАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

Н. К. Байгабатова

*т.ғ.к., доцент, I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі*

Қ. А. Искаков

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
«Ғылым философиясы және өлкетану» зерттеу орталығының ғылыми
қызметкері*

Мақалада этникалық толеранттылықтың теориялық мәселесі көтерілген. Авторлар полиэтникалық қоғамдағы этносаралық қатынастардың үйлестіруші факторы ретіндегі толеранттылықтың аксиологиялық негіздеріне талдау жасады. Сонымен қатар, этникалық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі қарастырылған.

В статье освещаются теоретические проблемы этнической толерантности. Авторами проанализированы аксиологические основы толерантности как фактора гармонизации межэтнических отношений в поликультурном обществе, а также рассмотрена казахстанская модель этнической толерантности и общественного согласия.

In the article deals the theoretic problems of ethnic tolerance. The authors analyzed the axiological foundations of tolerance as a factor of harmonization of interethnic relations in a multicultural society, and considered Kazakhstan's model of ethnic tolerance and social harmony.

Кілт сөздер: Этносаралық толеранттылық, полиэтникалық қоғам, полиэтникалық мемлекет, этникалық сәйкестік, этносаясат, қоғамдық келісім

Қазіргі көпэтносты Қазақстан – бұл өткен тарихтың мұрасы. Ежелгі заманнан ақ Ұлы дала арқылы керуен жолдары өткен, мұнда әртүрлі халықтардың тағдырлары тоғысып, мәдениеттері мен діндері араласып жатты. Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі мен қарқынды түрде отарлануы, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерге әкеп соқты. Бұл өзгерістер аймақтағы этномәдени жағдайды түбегейлі өзгертті және жергілікті халықтың полиэтникалық құрамының қалыптасуына әсерін тигізді. Кейінірек кеңестік кезеңдегі жер аудару, депортация, көші-қон, индустрияландыру мен тың және тыңайған жерлерді игеру республиканы полиэтникалық мемлекеттердің біріне айналдырды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанды мекен ететін әртүрлі этникалық топ өкілдері алдында этномәдени және ұлттық сәйкестендіру мәселесі пайда болды. Қазіргі таңда қазақстандық сәйкестіктің қалыптасу процесі ең алдымен республика дамуындағы этнодифференциалдық үрдістен көрі консолидациялық үрдістің мәнін түсінуді қажет етеді. Сондықтан толеранттылық мәселесін этникалық тұрғыдан мемлекеттік, топаралық және жеке адамдар деңгейінде қарастыру Қазақстан жағдайында өзекті болып табылады.

Халқының 5%-ы өзге этносты құрайтын мемлекеттер полиэтникалық болып саналады. Қазақстан Республикасында басқа этностар халықтың 30%-н құрайды. Полиэтникалық мемлекеттердің даму тәжірибесінен біртұтас халықтың қалыптасуы қоғамның ары қарай дамуына әсер ететін ерекше фактор екендігін көреміз. Әртүрлі тарихи оқиғалар нәтижесінде Қазақстан – тек қазақтардың отаны ғана емес, өзіндік мәдениеті бар 100-ден аса этностардың ата-мекеніне айналуы еліміздегі жағдайдың бірегейлігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан тарихи өткенді білу – егемен, тәуелсіз мемлекетіміздің ары қарай дамуының негізі және бүгін біз куә болып отырған Қазақстан халқының біртұтастығына біздің ортақ тарихымыз сүйеу болып тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бейбітшілік, ұлттық бірлік және қоғамдық келісім идеясы тәуелсіз Қазақстанның табысты дамуының іргетасы болып табылады. 2010 жылы сәуірде Елбасы Қазақстан Республикасының Конституциясы Ережелеріне, «Қазақстан халқының Ассамблеясы туралы» Заңы және т.б. нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен қатар халықаралық құқық нормаларына негізделген Қазақстанның Ұлттық бірлігі доктринасын бекітті. Доктринада жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық бірліктің негізгі принциптері пысықталды. Бірінші принцип – «Бір ел – бір тағдыр» - тағдырдың ортақ екендігін сезіну – өткен мен болашаққа үнделді. Бірінші кезекте, «ортақ тағдыр» - бұл біз бірге бастан кешкеніміз, біз бірге құрғанымыз, және де бұл біздің алда күтіп тұрған болашағымыз.

Қазақстанда мемлекет этносаралық қарым-қатынасты және өзінің ұлттық саясатындағы процестерді құқықтық база, оның ішінде ҚР Конституциясы және орталық, аймақтық және жергілікті билік деңгейінде қызмет ететін тиісті органдар мен институттар негізінде реттейді. Қазіргі этносаралық процестерді қарастырудағы методологиялық әдістер Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2030», «Ғасырлар тоғысында», "Тәуелсіздігіміздің бес жылы", "Тарих толқынында" және т.б. кітаптарында көрсетілген. Өз еңбектерінде Президент еліміздегі бүгінгі күнгі үндестік пен татулықтың маңызын баса көрсетуде.

Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекет үшін, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді күшейту – жүзеге асырылып жатқан реформалардың жетістігі мен дамуы негізге алатын шарттарының бірі. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «біздің басты бағытымыз келісімге келу жолдарын іздеу және біріктіретін бастамалар арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделеді» [1, 17 б.]. Бұл аксиома Қазақстанның ұлттық біртұтастығы Доктринасының құрамдас бөлігінің бірі болды. Аталған құжатта «Мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде басты міндет этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісім арқылы қоғамды біріктіру болса, елдің дамуының жаңа кезеңінде стратегиялық басымдылық барлық халыққа ортақ құндылықтар мен принциптер жүйесін мойындауға негізделген ұлттық бірлікке жету. Бұл қажеттілік өмірдің өзінен туады, ортақ тағдыр мен тарихтың логикасынан ағып шығады» делінген [2, 3 б.].

Осыған орай, толеранттылық аксиологиясы мәселелері шығады. Бұл, аксиология қарым-қатынас құндылықтарының жекелеген жүйесіне сәйкес тұлғаның өмірлік ұмтылыстары мен жүріс-тұрысы дифференциациясына негізделген, адам өмірінің құндылықты-мағыналық концепциясы ретінде тұжырымдалатындығымен түсіндіріледі. Ал этникалық толеранттылық полиэтникалық өзара әрекеттестік мәдениетінің жоғары деңгейін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар, мемлекеттің саяси, экономикалық және т.б. салаларында қатынастың жаңа жүйесі қызметі және қалыптасуының нәтижесі бола алады. Жалпы адамзаттық құндылықтар басымдылығынан шыға отырып, этникалық толеранттылық өмірдің мәні рөлін атқара отырып, қазіргі қоғамның құндылығы болып табылады. Құндылықтар мәселелеріне тоқтала отырып, оған ғылыми түсініктеме табу қажет.

Әрбір қоғамға, әлеуметтік топ пен сол қоғамда әлеуметті мойындалған құндылықтар критерийлері көрсетілетін әлеуметтік реттелудің жоғары көрсеткіші ретінде жүретін белгілі бір құндылықтар жиынтығы тән екендігін атап өткен жөн. Тұлға құрылысы деңгейінде сондай критерийлерді менгеру, тұлға қалыптасуына және қоғамда нормативтік тәртіпті ұстап тұруға қажетті негізді құрайды. Әлем туралы ойлай отырып, адам өзінің өмірінде не маңызды екендігін шешеді [3].

Этникалық толеранттылық – этникалық қоғамның не оның жеке өкілінің, басқа этностардың өмір салтының мінез-құлықтық және коммуникативтік модельдерін, мәдениетін, дәстүрін, құндылықтарын қабылдауға дайындығын сипаттайтын қасиет.

Этникалық толеранттылық әлемдегі этномәдени көптүрлілікті құндылықтарды мойындай отырып, әрбір ұлттың, оның өкілдерінің рухани-адамгершілік әлеуетін ашу негізінде пайда болады.

Этникалық толеранттылық негізінде позитивті этникалық сәйкестік жатыр. Ол өз кезегінде топтың этникалық сана сезімін күшейтуге және оның этномәдени организм ретінде оның біртұтастығын сақтауға әсер ететін, өзін сол этносқа қатысты жеке адамға жатқызу арқылы түсіндіріледі [4]. Этникалық сәйкестік, этникалық топтар, олардың дәстүрлері, мәдениетінің ерекшеліктері жайлы білімді талап ететіндігі оны этномәдени компетенттілік деңгейіне шығарады. Бұл, этникалық топтардың көптүрлілігін түсіну мен қабылдауға, этномәдени өзара әрекеттестіктің жақсы жақтарын көруге мүмкіндік береді.

Этникалық толеранттылықтың мазмұнды жақтарының дамуы білімнің бөлшекті түсініктен оның маңызын аша отырып, жалпы, тұрақты түсініктерге жылжуын білдіреді. Терен білім, заттың танымдық қызметінің барлық қырынан яғни, оның объективті ішкі байланыстары және оның маңыздылығы тұрғысынан бағалаудың бейнеленуін қажет етеді. Білім сипаттамалық түрде ғана болса, толық болып есептелмейді, танылатын мен танып білуші арасындағы байланысты ашуы тиіс.

Бұл фактілерден этникалық толеранттылық тұлғаның құндылықтарымен тікелей байланысты деп есептейміз. Белгілі бір дәрежеде құндылықты бағыт, сәйкесінше, этникалық толеранттылық құрылымында келесі компонент – аксиологиялық болып табылады.

Адам түйсігінде тұлғалық, оған маңызды болатын объективтік нормаларда, шындықты адекватты бағалауда, өзге этнос өкілдерімен байланысқа түсе алатындығы мен дайындығында, достықта және достық қарым-қатынасты ұстай білуде, көмекке келу дайындығында, бірін-біріне қол ұшын бере алуында көрінеді. Сонымен қатар, позицияларды өзара келісу, келісімге келу, полиэтникалық өзара қарым-қатынас процесінде тіршілік ету құқығымен басқа адамдардың ой-пікірлері мен бағалаларын қабылдай білуі болып табылады.

Бұл компонент әртүрлі этнос өкілдерінің өзін-өзі бағалау, түсіну арқылы, олардың қайталанбайтындығының өзі құндылық екендігін түйсіну арқылы қоғам өміріндегі олардың алатын рөлін, полиэтникалық өзара позитивті қарым-қатынасты қамтамасыз ететін мінез-құлық моделін таңдау, жүзеге асыру арқылы құндылықтар әлемінде тұлғалық тәжірибенің қалыптасуын да қамтамасыз етеді.

Этникалық топтардың өзара әрекеттестігінде толеранттылық тұлғаның жалпы деңгейіне, оның әртүрлі этникалық топтарға құндылықты қатынасына, адамзаттық нормалар мен адамгершілікті қабылдай алуына байланысты болады.

Осылайша, этникалық толеранттылықтың аксиологиялық аспекті бірнеше бағыт бойынша қарастырылады:

1. Этникалық толеранттылық әр тұлғаның шығу тегіне қатысы жоқ қолсұғылмаушылығын, адамдық абыройдың құндылығын бекітетін қазіргі қоғамның әлеуметтік құндылықтарының бірі ретінде жүреді.

2. Этникалық толеранттылық қоршаған шынайылық тұлғаның қарым-қатынасын реттейтін заманауи тұлғаның құндылықты қатынасы жүйесінің бір бөлшегі. Және әртүрлі этникалық топтарға өмірдің маңызы бар әлеуметтік шындығы ретінде құндылықты қарым-қатынасты қалыптастыру ретінде қабылдайды.

3. Этникалық толеранттылық әртүрлі бір-бірінен тілі, түсінігі, дәстүрі мен әрбірімізді жеке тұлға ретінде қалыптастыратын ұқсас этномәдени, рухани құндылықты білу полиэтникалық өзара әрекеттестікте барлық әлеуетін жүзеге асыруға, әртүрлі этникалық топтармен түсіну мен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін білімді қабылдайды.

4. Этникалық толеранттылық этномәдени әлемнің санқырлылығы, жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтар, жүріс-тұрыс формалары жайлы түсінік талданатын негізгі тұлғалық қасиет болып табылады. Этникалық толеранттылық дінгегі позитивті полиэтникалық өзара әрекеттестікке, өзге адамды қайталанбайтын құндылық ретінде қабылдайтын құндылықты бағыт болып табылады.

5. Этникалық толеранттылық өзінің құрылымында аксиологиялық компоненттер де бар, күрделі, көпқырлы феномен ретінде болады. Бұл компонент құндылықтар әлемінде, позитивті полиэтникалық өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін әртүрлі этнос өкілдерінің өзін-өзі бағалауын түсінуінде, олардың қоғам өмірінде алатын орнын түйсінуде, жүріс-тұрыс моделін таңдауда, тұлғалық тәжірибе қалыптасуында көрініс табады [5].

Этникалық толеранттылықтың аксиологиялық негіздері көпшілікті мойындауға, тұлғаның құндылықты бағыттары, шындықты бағалау көмегімен қабылдау, бұл құбылыстар мен қарым-қатынастардың тұлғалық мағынасын бағалау арқылы әртүрлі этникалық топтардың теңқұқылығы. Бұл процестердің нәтижесі өзге этнос өкілін түсіну ғана емес, оның өзіне деген қатынасы әңгімеде тең партнер ретінде қараудан тұратын шынайы өзара түсіністікке жету болып табылады.

Жаһандану процесі өмірдің барлық қырларында тығыз мемлекетаралық байланыстар орнату, шекараның ашықтығы мемлекеттердің ғана емес, жеке тұлғаның да өмір салтын өзгертеді. Өмірдің міндетті шарты өзгелердің құқығын шектеп қалмай, этникалық топтардың өздерінің қайталанбас даралығын сақтап қалу құқығын мойындау, адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін нормаларды сақтау болып отыр. Жаңа қоғамның дамуы заманауи адамның толеранттылық түйсігін қалыптастыруды талап етеді. Осы ретте қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер бұрыннан келе жатқан құндылықтарды қайта бағалау мен қайта қарау қажеттілігін талап ететіндігін, жаңа құндылықты бағыттардың пайда болуы, рухани идеялар мен құндылықтармен біріктірілетін адамгершілікке негізделген қоғамның қалыптасуына бағытталған идеялар жариялануда екендігін атап өткен жөн.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі – Қазақстанның көпэтносты қоғамындағы этностар арасындағы қатынастардың дамуының теориялық тұрғыдан негізделген, тәжірибемен қорытындыланған Қазақстан Республикасы саясатында жүзеге асқан үлгісі (моделі).

Әлемдік тәжірибеде этносаясаттың бірнеше үлгісі бар. Ассимиляция – этностық топ мүшелері басқа этностық я ұлттық қоғамдастықтың мәдени және құрылымдық сипаттарын қабылдап алады. Соның салдарынан өздерінің ұлттық я этностық сәйкестігін ауыстырады. Әдет-әдеп, құндылық пен арман-тілектері басқа этносқа ұқсап шыға келеді, рәміздер мен әлеуметтік кедергілердің тенгерімі ортаға бағытталады. «Балқыту қазаны» «түрлі халықтар мен олардың ұлттық мәдениеттері тоғысады, осындай тоғысудың нәтижесінде тұтас америкалық ұлт қалыптасты. Бұл атау алуан түрлі парадигмалар сақталатын «ыдыс» мағынасында қолданылады. «Мәдени бостандық» тұжырымдамасы (жеңілдіктер мен санкциялардың арқасында иммигранттардың қабылдаған қоғамдастықпен бірігіп кетуі). Этностық иерархия, «басым этнотоп» - саяси я мәдени/онтологиялық жақтан басым этностық топ. Сондай-ақ, саяси я мәдени жақтардан ғана емес, экономикалық жақтан да басымдық болатын жайттар болады. Кең таралған әрі даулы үлгілердің бірі көпмәдениеттілік (мультикультурализм) тұжырымдамасы («тарихи эпизод», «қысқа мерзімді «кері толқынның» көрінісі» сияқты түрлерге жіктеледі).

Қазақстан Президенті алғашқылардың бірі болып этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің үлгісін жасаудың қажеттігіне алғашқылардың бірі болып назар аударды: қазіргі проблемаларды әділдікпен көрсете отырып, түрлі этностар мен конфессиялардың өзара ықпалдасуы жолындағы қазақстандық тәжірибені ашық әйгіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясының (мұнан ары - ҚХА) 2003 жылдың желтоқсан айындағы X сессиясында Президент аталмыш модельдің құрамы мен мәнінің, оны түсінудің ынғайларын белгілеп берді.

ҚХА Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 1 наурызындағы Жарлығымен құрылды, оны Мемлекет басшысы басқарады. ҚХА этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді жарастыратын институт, мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асырудың шешуші құралы болып табылады.

Бұл үлгіге Қазақстанды мекен ететін барлық этнос өкілдерінің өзара түсіністігі мен толеранттылығын, патриотизм мен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын бес негізгі ұстаным тірек, негіз болып отыр. Әлемдік тәжірибеде жұрттың 95%-нан кем емес бөлігі бір этностық дәстүрдің өкілінен құралатын мемлекет моноэтносты деп танылады. Ондай мемлекеттер бірнешеу ғана: Исландия, Норвегия, Португалия, Албания, Армения, Мальта, Ямайка, Йемен, Венгрия т.б.

Қазақстан үлгісін кейде Азия үлгісімен немесе Канада тәжірибесімен салыстырып жатады. Азиядағы басқа модельдер сияқты, Қытайға күшті мемлекетке сүйену, көрінеу идеология, ұстамды консерватизм мен азаматтық ұлтшылдықты

сабақтастыру, титулсыз этностарға жалпыұлттық құндылықтарды телу тән. Ал Канадада Қазақстанмен ұқсас бірқатар географиялық және саяси сипаттар бар. Алайда Канада алуан түрлілікті біртұтастыққа салуға ұмтылса, Қазақстан көп түрлі бола отырып бірігу саясатын ұстанып отыр.

Сонымен қатар қазақстандық үлгінің қағидаттық маңызы бар бірқатар ерекшеліктері бар.

Біріншісі. Ел басшыларының саяси ерік-жігерінің нәтижесінде қандай этнос пен қандай дінге қатыстылығына қарамастан азаматтардың тең құқылығын жүзеге асырудың ықпалды тетіктері жасалып, жетілдірілуде. ҚХА Төрағасы - ел Президенті, ал Президент - Конституция кепілі, осының өзі-ақ ҚХА мәртебесінің жоғарылығын білдіреді.

Екіншісі. Қазақстандық үлгі азаматтардың бастамасымен, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының сындарлы үнқатысудың, елдің тұтастай қоғамдық-саяси жүйесі қатыстырылған үнқатысудың нәтижесінде, «төменнен» қалыптасып шықты. Қоғам мен мемлекетті қатыстырған, бұл күнде осы екі институтты бірлестіруші алаңға айналған ҚХА болды.

Үшіншісі. Қазақстанның бірегей ерекшелігі сол, этностық топтар азаматтық-құқықтық және қоғамдық тұрғыдан бірдей, айрықша жоғары мәртебеге ие. Этнос өкілдері ұлттық азшылық өкілдері ретінде емес, Қазақстанның тұтас халқының азаматтары ретінде құқықтардың бәріне де толықтай ие бола алады. Ел Конституциясының он бір нормасы этносаралық қатынастар саласындағы стандарттарды белгілеген, ал «ұлттық азшылық» дейтін ұғым іс жүзінде қолданылмайды. Санының аз-көптігіне қарамастан Қазақстан халқының құрамындағы этностар тең құқықпен және мемлекеттің қорғауымен қамтамасыз етілген.

Төртіншісі. Қоғамдық келісім ең бір маңызды саяси-идеологиялық құндылық болып саналады. Негізгі Заңның бұл қағидаты Қазақстан Республикасы Конституциясының сарқылмас мүмкіндігін ашады. Онда қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге толық араласу мүмкіндіктерінің бірегейлігін қамтамасыз етуде және шешімдер қабылдауда мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының атқаратын рөлі белгіленген.

Бесінші. ҚР Парламент Мәжілісінің ҚХА сайлаған 9 депутаты Парламентте барлық этностың кепілді өкілдігін қамтамасыз етеді. ҚР Парламент Мәжілісіндегі 107 депутаттың, ҚХА сайлаған 9 депутатты қосқанда, 31 депутаты түрлі этностық топтардың өкілдері. Жалпы алғанда, ҚР Парламентіндегі түрлі этностарға жататын депутаттар саны - 41, этностық топтардың саны - 14. Мәжілістегі ҚХА депутаттық тобының форматы қоғамдық-саяси тұрғыдан жаңаша толықтырылды. Қазір ол топқа Парламенттегі үш партияның және Азаматтық альянстың өкілдері кіреді, мұның өзі заң шығаратын қосымша мүмкіндік туғызып отыр. Мемлекет басшысының ҚХА ХІХ сессиясында берген тапсырмасы бойынша ҚХА-мен партиялар арасындағы әрекеттестіктер өңірлік деңгейде де қолданылады.

Алтыншы. Мәдениеттің көпалуандығын сақтау мен ұлғайтуға мемлекеттің этностық тілдер мен мәдениеттерді қолдайтын өзгермес саясаты сеп болып отыр. Кез келген этнос құрмет пен сенімге ие, кез келген этностың заңнамада бекітілген ретпен өзінің жасампаз әлеуетін арттыруға мүмкіндігі бар.

Жетінші. Қазақстандағы этносаралық қатынастар саясатсыздандырылған және бұл заңмен бекітілген: ҚР Конституциясының 39-бабының 2-тармағы бойынша, «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Сегізінші. Этносаралық қатынастар үлгісінде ҚХА шешуші орын алады. Ассамблеяға Қазақстанды мекендейтін барлық этностық топтардың 600-дей өкілі

енеді. Оның жоғарғы органы - сессия, ҚХА Төрағасы ел Президентінің төрағалық етуімен өтеді. Сессия шешімдерін мемлекеттік органдар қарастыруға міндетті.

Тоғызыншы. Этносаралық толеранттылық пен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету жолындағы Қазақстанның қарекеті еліміздің гуманитарлық елшемдегі ең маңызды жетістіктерінің бірі ретінде әлемдік деңгейде мойындалып отыр [6].

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі шеңберінде этносаясат ғылыми тұрғыдан талданып, сараптамамен қосталуда, этносаясатты халықаралық және отандық тәжірибе негізінде одан ары дамытудың стратегиялық ыңғайлары жасалуда.

Этносаралық ахуалдың индикаторлары қоғамдағы этносаралық қатынастардың даму үрдісі мен жай-күйін анықтайтын айнымалы шамалардың жүйесі болып табылады. Этносаралық саланы бағалау үшін, сондай-ақ мем-лекеттік органдардың қолдануына ыңғайлы болу қажет типтік индикаторлар ретінде мыналар қарастырылғаны жөн: этносаралық келісімді қамтамасыз ету ісіне жұрттың беретін бағасы; ҚХА-ның этноұлттық саясатты жүзеге асыру жолындағы іс-шараларына тартылған орталық және жергілікті атқарушы органдардың үлесі; этноұлттық саясат саласындағы іс-шараларына орталық және өңірлік деңгейде этномәдени бірлестіктердің қамтылуы; этносаралық қатынастар саласында Конституция нормаларына сәйкестігі сараптамадан өткізілген заң жобаларының үлесі; Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін түсіндіру жөніндегі ақпараттық жұмыспен қамтылған жұрттың үлесі; этносаралық қатынастардың жайын оң бағалайтын жұрттың үлесі; қоғамның жалпы ұлттық құндылықтарды қолдау деңгейі; ұлттық-мемлекеттік бірегейлік белгілерімен өзін бірдейлестіретін жұрттың үлесі; мемлекеттік тілге оқытып-үйретудің барлық түрімен қамтылған этностардың және тілін, дәстүрі мен мәдениетін сақтау жолында жұмыс жүргізіп жатқан этностардың үлесі; этносаралық қатынас пен қоғамдық келісім мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулердің деңгейі; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқыған тыңдаушылардың даярлық сапалық құрамы мен деңгейі.

Этносаралық қатынастардың түрлі деңгейлерге тән, көп бағытты және көп компонентті сипаттары мол. Сондықтан бағалау межелеуіштерінің ішінде мыналар ескерілуі қажет: әлеуметтік-экономикалық ахуал; әлеуметтік-саяси ахуал; тілдік ахуал; азаматтардың өзін-өзі сәйкестендіруі мәселелері; этностық қоғамдастықтар мен топтардың қоғамдық үдеріске қосылғандығы.

«Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Этносаралық татулық – бұл тірі ауа. Біз дем алған кезде оны сезбейміз, оны автоматты түрде жасаймыз – біз жай ғана өмір сүреміз. Біз өз бірлігіміз бен этносаралық татулығымызды өзіміз сақтауымыз қажет... Татулық пен тұрақтылық – бұл жалпыхалықтық игілік, оны күнделікті еңбекпен қорғау мен күшейту қажет» деді [7].

Сондықтан біздің жол – Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына ортақ болып табылатын, принциптер мен құндылықтар жүйесін мойындауға негізделген ұлттық бірлікке жету, татулықты, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // Страна и мир. – 2010. – № 42. – 3-17 б.

2. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер. – Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 204 б.
3. Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей: монография. – Орынбор, 1996. – 187 б.
4. Лебедева Н.М., Лунева О.В., Стефаненко Т.Г. Тренинг этнической толерантности для школьников: учебное пособие для студентов психологических специальностей. – М. : Привет, 2004. – 358 с.
5. Юдина О.И. Аксиологический аспект этнической толерантности // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 4. – с. 21-28.
6. Этносаяси сөздік. – Астана, 2014. 400 б.
7. Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы // http://www.akorda.kz/kz/page/page_218341_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstanana-11-noyabrya-2014-g

ӘОЖ 811

Ғ.ОРМАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЙҚАСТАРДЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құнанбаева Арайлым Әсетқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, 3-курс
Ғылыми жетекші: **ф.ғ.к., Чалтикенова Л.А**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы

Мақалада Ғ.Орманов өлеңдеріндегі көркем тәсілдер - поэтикалық ұйқастардағы жіктеу есімдіктерінің ерекшеліктері қарастырылған. Ақын көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, грамматикалық мағына берудегі жұрнақтар мен сөз таптарының қатысын сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағыналарын табиғат көріністерін суреттеуде көрсете білген.

В статье рассматриваются особенности стихосложения и употребления личных местоимений как художественных средств в поэзии Г.Орманова. Поэт использует грамматические значения суффиксов в переносном и прямом значений.

The article discusses the features of poetry and the use of personal pronouns like artistic means of poetry G.Ormanova. A poet uses the grammatical values of words and suffixes in the sectors related to the value in the process of such interpretation of different methods. He describes the natural phenomenon and variable value display in portable and direct value of words.

Кілт сөздер: поэтикалық ұйқастар, көркемдік ерекшелік, грамматикалық мағына, сөз бөлшектері, сөздің әуезділігі

Поэзия тілі жалпы сөз саптаулар мен сөз өрнегі белгілі бір халықтың өмірін, салт-дәстүрін, әлеуметтік тұрмыстық сипатын, ұлттық ерекшелігін, жалпы дүниетанымдық көзқарасын көрсететін бір ғана тіл, сөз арқылы жүзеге аспақ. Қазіргі жаһандану дәуіріндегі үздіксіз даму сол елдің мәдениетіне, сөз өнеріне оның көркемдік ерекшеліктеріне, тілдік тәсілдерінің қалыптасуына, дамуына міндетті түрде әсер етеді.

Айтылар ойдың сөзбен берілетін көркемдігін таныту үшін сөз бөлшектерінің яғни сөз таптары мен қосымшалардың, грамматикалық мағыналардың қызметі айрықша. Айтылған ойға грамматикалық мағына үстейтін сөз кестесіндегі көркемдік жасаушы әшекейдің міндетін атқарады. Өлең жолдарындағы суреттілік,

мағыналылық, бейнелілік сипаттарын асырып қолдану үшін, тілдік қолданыстармен бірге ұтымды композиция, түрлі жанрлық құбылыстар, өлең сөздің әуезділігі болуы керек. Мұндай бірнеше көркемдік тұтастықтың бірін-бірі толықтыруы арқылы өлеңнің реңкі, бейнелілік, көркемдік қасиеті арта түседі. Әрбір көркемдеуші сөз көркем шығарманың мазмұнынан, сөз тіркесімен айшықтанып зор мағына мен түсінікке, ұтымды ойлар мен тынысты орамдарға жетелейді. Өлеңтануда ең негізгі есепке алынатыны осы көркемдік мәселесі мен бәріне ұғынықты ұйқастардың болуы.

Ғали Орманов барлық өлең жанрына қалам тартқан аса дарын иесі. Өлеңдерінде ақын жанымен, тәнімен бар болмысымен табиғаттың бұлбұл жыршысы болып, оның суреттерін үлкен әуенмен түйістіре білген. Бұл өлеңі қарапайым тілмен өте түсінікті, әсерлі жазылған. Өлеңде көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, ұйқасқа назар аударған.

Биіктеп мұнар, сағымнан,
Бұлдырап түгел аумағы,
Көрінді кенет алдымнан
Тобылдың жаңа таулары [1.8].

Мұндағы сағымнан, алдымнан сөздері шығыс септік жалғауларында грамматикалық мағына үстеп, ойды бейнелі түрде түйіндеп бере алған. Өлеңде не нәрсені болсын ұғымға түсінікті, халықтың танымына сәйкес ұғынықты құбылыстармен, нақты заттармен салыстырады. Сол үшін астарлы сөздер, салыстырмалы бейнелер, әр түрлі көркем тәсілдер ұлттық өміріміздің шындығын танытуда зор үлес қоспақ. Сонымен бірге ақын осы өлеңінде ұйқас үшін көсемше жұрнақтарымен жасалған етістіктерді де ұтымды пайдаланған. Мәселен:

Толғапты ол ел мүддесін ерте біліп,
Ғажайып көкірегінен жыр төгілтіп,
Салыпты өмір үшін өнер күшін,
Дамылсыз бір күйіне бір сөгіліп [1.338].

Жақсы бір ой жарымдай
Жан жүйемді қозғайды,
Жас қаланың шамындай
Көңілімде маздайды [1.291].

Сонда мені сен әсте күндемесең,
Мен де саған жақ ашып үндемес ем.
Жаз рахатын жалықпай шертер едім,
Жанымды ылғи жарылқап жырмен әсем [1.175]- деп ой қозғайды.

Бұл өлеңді автор өз атынан, яғни бірінші жақтан жазған. Бірінші жақты білдіретін мен есімдігін қолданудағы ерекшелік олардың нақты мағынасы контексті тұтас алып салыстырғанда ғана айқын көрінеді. Ал контекстегі есімдіктердің мәні бір ғана сөйлем құрамындағы сөздердің өз ара қатысынан айқындалса, кейде екі, не үш сөйлем жігінен, кейде тұтас абзац бойынан бір-ақ айқындалады [2]. Ақын заман асқақтығын, көңілдің көтеріңкі күйлерінің өзін шынайы, биязы сырласуға түсіреді де, қарапайым шындықты дауыс көтермей-ақ көз алдыңызға жайып салады. Ақынның өлеңдері оқығанға жеңіл, ұйқастары келісті, тілге жеңіл келеді. Әдетте сөйлем мәні мұндай экспрессивті өң алмас үшін, монологтарда мен есімдігі үсті-үстіне қайталана бермейді. Кейде бүкіл шумақ бойында, әнгіме бірінші жақ атынан баяндалса да, мен айтылмай қалып отырады. Қазақ тілінің құрылысы есімдіктерден болған логикалық бастауыштар айтылмай-ақ, сөздің қай жақтың атынан айтылып отырғанын түсінуге мүмкіндік береді.

Есімдіктің мәні бір ғана сөйлемнің шегінде, соның құрамындағы сөздердің логикалық және грамматикалық қатынасынан айқындалып, мән-мағынасы дәл түсініледі. Мысалы;

Жаз құшағы қашаннан толы соған,
Қандай бақыт соны ортақ таныса адам.
Жылы күнде суықты сақтау іште,
Сүйегімнен кетпейтін намыс маған [1.175].

Мұндағы соған, соны, маған есімдіктері септеліп, өлең тармақтарына поэтикалық реңк беріп тұр.

Осылай, бақыт жолықпай,
Кезімде кейіп тұқырған.
Таныдым оны айнытпай,
Жырымда күліп отырған [1.42].

Жан-жүректі танысқан
Және жақын сырымыз;
Бірге тыныс алысқан
Жар секілді жырымыз [1.312].

Ғали лирикасының кейіпкері — табиғат пен адам көңіл күйінің қамшының сегіз өріміндей құп кіріге жымдасқан, жан әлемінді желпіп-желпіп өтетін, ұйқасы мен ұнасымы келіскен тәтті жыр жолдары. Ол жарық дүниеге ұмтылады, тәтті үміттер, жақсы қиялдар оны ұзақ жолға алып шығады. Солай ол шуақ шумақтарынан жылу іздейді.

Ақын жырларын оқығанда табиғат суреттері бар қалпымен көз алдыңызға тұра қалады. Ақынның өлеңдері оқығанға жеңіл, ұйқастары келісті, тілге жеңіл келеді, табиғат көріністерінің картиналарын ұтымды жасау арқылы адам сезімін тап баса суреттейді.

Әсем тау, әнші дала тербе мені,
Көңілдің қозғалсын бір пернелері.

Төгілсін көкіректен көрікті өлең,
Елге де сол еемес пе ең керегі! [1.183].

Сөздің тура мағынасының негізінде қалыптасқан, ойды көркемдеп жеткізу мақсатында қолданылатын ауыспалы мағына-сөздің қолданылуы барысында пайда болатын туынды мағынасы. Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сыртқы түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болатын тіркестерді ақынның өлең жолдарынан кездестіруге болады. Мысалы;

Несібе көп адам тек тартынбаса,
Күн көзінен алатын жалын қанша!

Жаз құшағы қашаннан толы соған,
Қандай бақыт соны ортақ таныса адам [1.175].

Сонымен қатар өлеңде заттық атаулар қолданылған түбір сөздер жиі кездеседі. Түбір зат есімдер тиісті морфемаларға (түбірге және жұрнаққа) бөлшектенбейтін, тек бір ғана түбір морфема (сөз) ретінде қабылданатын атаулар ұшырасады. Мәселен;

Топырақ қымтап томпайып,
Тым-тырыс Тайыр қалған жоқ
Жалыны титтей ортайып,
Жігерін аққу шалған жоқ - деп жырлайды ақын [1.238].

Өлеңнің әрбір құрылымы, әрбір жолы тек әсем көркемдіктермен қапталып, сұлу мағына мен сымбатты бейне беріп тұруы тиіс. Сондықтан да ақын барынша өлеңнің мағынасы ашыла түсу үшін суреттелген құбылыстардың негізгі қасиеттеріне негіздеп етістіктің болымсыздық категориясын ұтымды қолданады. Мысалы;

Мергенге мін деп олақтық,
Білдірмей оны ешкімге,
Тұрғаның солай тағат қып,
Шығармас сырың ішінде [1.306].

Поэзиядағы көркемдік, әдемілік жайлы түсінік, ғылыми тұжырымдар әр дәуір тудырған шығармашылықпен бірге жасасып келе жатыр. Поэзия тіліндегі сан түрлі суреттілік бітімнің орнығуына да әдеби дәстүрдің ықпалы ерекше. Сондықтан да өзімізге таныс сөздердің, сөз тіркестерінің бірнеше ғасыр өткеннен кейін де өзімізге таныс күйімен қайталанып отыратынына көзіміз жетіп келеді. Бірақ, басқаша құбылыста, басқаша іс-әрекетте, басқаша қолданыстағы бейнелілігімен ерекшеленеді. Бұл әрине, өлеңге ғана қатысты емес, адамның ой-сезіміне де қатысты ерекшелік деп тану керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Ф.Орманов Көп томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт » баспасы, 2012. – 384 б.

2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері: оқулық / Аханов, К. - 4-ші бас. - Алматы : Санат, 2003

УДК 82.03

СТИХИ И. ЖАНСУГУРОВА В РУССКИХ ПЕРЕВОДАХ

Бисенкулов М.К.

*академический профессор кафедры журналистики и филологии
ЖГУ им. И. Жансугурова*

В статье рассматриваются русские переводы произведений И. Жансугурова, сделанные в разные годы разными переводчиками. Отмечены переводческие удачи и просчеты. Указано на чрезвычайно малое количество русских переводов произведений Ильяса, на низкое качество большинства из них. Сделан вывод о том, что поэзия И. Жансугурова еще не дошла до русскоязычного читателя.

Мақалада І. Жансүгіровтың шығармалары орыс тіліне аудару мәселесі қарастырылған. Аудармалар әр жылдарда әртүрлі аудармашылармен жасалған. Мақалада аудармалардың жақсы жақтарымен бірге кемшіліктері көрсетілген. Өкінішке орай, аудармалардың саны аз, сапасы төмен. Мақаланың негізгі қорытындысы: Ілиястың поэзиясы орыс тілді оқырмандарға әлі жеткен жоқ.

In the article Russian translations of works of I. Zhansugurov are examined, done in different years by different translators. Of translating successes and miscalculations are marked. It is indicated on extraordinarily a few of Russian translations of works of I. Zhansugurov, on subzero quality of majority from them. Drawn conclusion that poetry of I. Zhansugurov did not yet reach to the Russian-language reader.

Ключевые слова: перевод, трансформация, реалия, интерпретация, буквальный перевод, макароническая поэзия.

В истории казахской литературы есть фигуры, окутанные ореолом печали. Ореол окружает мастеров слова, чья жизнь окрашена в трагические тона. Трагизм судеб является следствием обстоятельств, которые часто оказываются непреодолимыми для творческой личности. Не понят современниками Абай. Расстреляны Сакен, Беимбет, Ильяс. Лишь после смерти признан Мукағали. Что это? Фатальная неизбежность или преднамеренное дело рук человеческих? Ответов много. Какой из них правильный – решит время. Обратимся к творческому наследию одного из представителей поколения пострадавших в сталинской мясорубке.

Ильяс Жансугуров - поэт трудной судьбы. Достоинно представив казахскую литературу на Первом съезде советских писателей в 1934, он был расстрелян 26 февраля 1938 года. Решением Верховного Суда СССР от 12 апреля 1957 года он был посмертно реабилитирован.

Видимо, этот исторический промежуток, образовавшийся с момента расстрела поэта до его полной реабилитации — с 1938 по 1957 — стал причиной того, что поэзия Ильяса сегодня известна главным образом носителям казахского языка и – из-за отсутствия переводов – мало известна носителям других языков, в частности, русскоязычному читателю. Известно, что в условиях бывшего Союза ССР и по закону инерции некоторое время после его распада перевод на русский язык являлся, по выражению М. Ауэзова, "воротами в мир" для национального писателя. К сожалению, поэзия И. Жансугурова не избалована вниманием русских переводчиков. Так, в 1958 году увидел свет первый крупный сборник стихотворений и поэм Ильяса на русском языке [1], в 1984 году – второй [2]. Серьезного анализа переводов, вошедших в эти сборники, не проведено до сих пор. Между тем именно от качества перевода зависит адекватное восприятие иноязычным читателем не только конкретного художественного текста, конкретного автора, но и национальной литературы в целом. Поэтому исследование качества русских переводов произведений Ильяса Жансугурова является актуальнейшей задачей. Важно не просто выявить достоинства и недостатки переводов, но и способствовать более полному, более близкому, более точному восприятию поэзии Ильяса в среде русскоязычных читателей.

Проведенное нами исследование позволяет сделать некоторые частные наблюдения по данной проблеме. Так, в общей сложности два названных сборника объединили переводы на русский язык 30 стихотворений и 4 поэм Ильяса. Этого крайне недостаточно для того, чтобы русскоязычный читатель получил полное представление о масштабе личности поэта, о своеобразии его таланта. Образно выражаясь, мизерное количество русских переводов произведений Ильяса обнажает лишь верхушку айсберга, большая же часть его богатого творческого наследия осталась скрытой для русскоязычного читателя.

Беглое знакомство с содержанием обеих книг показывает, что в сборник 1984 года (в дальнейшем С-84) без изменений переключались все переводы из сборника 1958 года (в дальнейшем С-58), за исключением трех переводов Ю. Полухина. Вместе с тем в сборник С-84 впервые вошли три новых перевода К. Алтайского и восемь переводов В. Савельева. Чем объясняется предпочтение одних переводов другим? Для того, чтобы ответить на этот вопрос, необходимо обратиться к текстам.

В 1958 году Ю. Полухин перевел на русский язык три стихотворения Ильяса — Жанар тау (Вулкан), Октябрь күні (Октябрьский день) и Қазақстан (Казахстан). Все они были написаны в 20-е годы (1922, 1924, 1929) и отражают мажорное настроение поэта, приветствующего революцию и связывающего с ней надежды на счастливую жизнь казахского народа. Так, в стихотворении "Октябрьский день" Ильяс пишет:

Оригинал	Подстрочник
Мәңгі меңреу Алатау, Жабыққан қабақты ашқандай, Күміс сумен жуынып, Жұпар иісін шащқандай. [3]	Вечно угрюмый Алатау, Словно от мрачных мыслей очнулся, Серебряной водой умылся И благоухает запахом мускуса.

Перевод Ю.Полухина

И Алатау — уж на что суров —
Разгладил брови, засверкал снегами,
Прислушиваясь к песням пастухов
Вдали, над ароматными лугами.

[1, 100]

Здесь переводчик весьма близок к первоисточнику: верно передает мысль оригинала, воспроизводит строфику — катрен, перекрестную рифму, сохраняет образ-символ Алатау.

Повествуя о прошлом казахского народа, И. Жансугуров создает следующее сравнение:

Оригинал	Подстрочник
Сар далада сайрандап, Сағымнан қорыққан қоян ек...	Мы были словно зайцы, беззаботно гулявшие в бескрайней степи и пугавшиеся даже миражей.

[3, 406]

Ю. Полухин и в этом случае проявляет точность:

А жили мы, как зайцы, на земле,
Боясь всего, неслышные, как тени...

[1, 101]

Развернутое сравнение оригинала получило в его переводе достойное воплощение. Зайцы, пугавшиеся миражей в казахском тексте, в русском переводе трансформировались в неслышные тени. Подобные трансформации неизбежны в поэтическом переводе, в котором сталкиваются стихия национальной образности со стихией образности перевода. Пугливые зайцы и неслышные тени – это образы, синонимичные друг другу по значению, звучащие в одном стилистическом ключе. Трансформация образа не привела к искажению оригинала, напротив, помогла сохранить национальную специфику переводимого текста.

Стихотворение "Қазақстан" можно отнести к разряду новаторских произведений Ильяса. В нем он смело создает новые, нетрадиционные для казахской поэзии ритмы, строфику, рифмы:

Оригинал	Подстрочник
Көгінен нұр төгілген, Жерден дүр, гүл өнген - Жердегі жұмақ, Бұл қай жақ?	С синевы неба льются лучи, Буйно цветет земля — Здесь земной рай, Где этот край?

[3, 247]

Перевод Ю.Полухина

Льются лучи с высоты,
 Благоухают цветы.
 Это походит на рай.
 Чей это радостный край?

[1, 127]

Прокомментируем этот фрагмент. Казахский текст представляет собой четверостишие с парной рифмой аабб, ритм упруг, динамичен, стремителен, а варьирование разных размеров — 7-сложника в первых двух стихах, 5-сложника — в третьем, 3-сложника — в четвертом стихе — разнообразит ритмическую структуру оригинала, сообщает ему упругий, взрывной характер. Ю. Полухин сохраняет в своем переводе все перечисленные особенности подлинника, а своеобразный ритм казахского стиха передает употреблением трехстопного дактиля с намеренно усеченной последней стопой и использованием сплошных мужских рифм: высоты — цветы, рай — край.

Менее удачен третий перевод Ю. Полухина — стихотворение "Вулкан". И все-таки два его перевода из трех, помещенных в сборнике С-58, смело можно было бы включить в сборник С-84.

В сборник 1984 года впервые вошли переводы В. Савельева "Моя Аксу", "Облако", "Ветер", "Скала", "Соловей", "Три мечты", "Погонщик", "То с удачей по соседству...". Естественно, следует вникнуть в творческую лабораторию этого переводчика, понять, почему составители сборника отдали ему предпочтение.

Сопоставительный анализ показывает, что В. Савельев, как правило, стремится максимально приблизиться к своеобразию подлинника. С этой целью он предельно внимательно относится как к стиховым, так и к языковым особенностям стихотворений Ильяса. Обратимся к стихотворению "Бұлт" (Облако):

Оригинал

Көк мұнарлы белбеуін
 Альш тау бел буына,
 Сәлем беріп бұлт керуен,
 Таңда тауға жығыла.

[3, 34]

В.Савельев переводит легко и изяшно:

Подстрочник

Стоят горы, опоясавшись
 Синей мглой,
 И караваны облаков, приветствуя,
 К утру опустились на горы

Как пояс великана
 На талии хребтов,
 Лежит кольцо тумана
 И дымных облаков.

[2, 29]

Так же непринужденно и естественно переводит В. Савельев следующий тонкий и прекрасный поэтический образ, созданный Ильясом:

Оригинал

Бұлт - бөбек, тау - ана,
 Ана төсін аймалай,
 Ұйықтай тұрсын ол бала,
 Шыққанынша жел қалай,

Подстрочник

Облако словно дитя, а горы словно мать,
 Нежась на груди матери,
 Пусть поспит этот ребенок
 Пока нет ветра.

Перевод В. Савельева

Дитя горы и лета,
Округлое с боков,
Поспи ты до рассвета,
До первых ветерков.

[2, 29]

Приведенные фрагменты убеждают, что В. Савельеву подвластны самые разные образы казахского поэта: и облачный пояс на талии горного хребта, и облако-ребенок на груди матери-горы. При этом русский текст воспринимается читателем так же естественно и легко, как и казахский подлинник. Эта естественность - результат мастерства переводчика, сумевшего проникнуть в творческую лабораторию переводимого автора, пропитаться духом его поэзии и достойно воспроизвести на русском языке своеобразное поэтическое мышление Ильяса.

Вместе с тем в новый сборник поэта включены переводы, явно устаревшие. Они впервые были помещены в С-58 и без каких-либо изменений вошли в С-84. К сожалению, многие из этих переводов слабы, безлики, монотонны и в совокупности создают крайне искаженное, бедное представление о поэзии Ильяса Жансугурова. Так, без всяких доработок перекочевала из С-58 в С-84 поэма "Степь" в несовершенном, откровенно халтурном переводе К. Алтайского [1, 39-98; 2, 95-148]. Пытаясь сохранить казахское звучание поэмы, а может быть, руководствуясь еще какими-то соображениями, К. Алтайский засоряет язык перевода ненужными варваризмами, в частности, тюркизмами и арабизмами, например:

Хуриат! Ура! Хуриат!
Мы предложим всем шариа́т.
В курулта́й наш должны войти
Казы и казрет, и муфти!

[1, 59; 2, 114]

На четыре стиха - семь непереуведенных слов! Такая практика называется макаронической, т.е. несерьезной поэзией. Ее предназначение - развлекать, вызывать смех. Признанным мастером макаронического стиха в 19 в. был Д. Минаев. Абсолютно понятно, что при переводе стихотворений Ильяса такая практика неприемлема, более того, кошунственна. Примеры подобного рода можно продолжить:

Табакши скачут тут и там [1, 44; 2, 101],
У холма же игра - саис [1, 44; 2, 101],
Старый суфи нараспев
Нудно тянул свой азан [1, 46; 2, 102],
Горе уларом кричало [1, 52; 2, 107],
Пушки палят по кстау [1, 65; 2, 119],
И набитый тымаками,
Как убойными быками,
Эшелон на фронт идет [1, 65; 2, 113].

Для того, чтобы смысл этих макаронических стихов дошел до русскоязычного читателя, необходимо обращение к специальным словарям, и тогда вдруг выясняется, что слово хуриат в переводе с арабского означает "свобода", шариа́т - свод мусульманских законов и канонов, курулта́й - съезд, учредительское собрание, казы - судья, казрет - лицо духовного звания, муфти - глава мусульман, табакши - слуга, который верхом на коне разносит блюда, саис - состязание на

копьях, суфи - святой, азан - призыв к молитве, улар - горная куропатка, кстау - зимовка, тымак - казахская шапка с длинными ушами. Кроме того, к последнему примеру нужно специальное пояснение, что слово тымак Ильяс употребил в метонимическом смысле, имея в виду казахских жигитов, насильно отправленных на фронт, поэтому эшелон забит не шапками, а людьми. Попутно отметим, что К. Алтайский дает неправильное написание непереуведенных им слов-варваризмов, в результате чего читатель переводного текста получает ложную информацию о языке оригинала.

Закономерным результатом такого словотворчества К. Алтайского стала неудобочитаемость поэмы И. Жансугурова на русском языке, затемнение смысла русского текста. По сути, весь перевод К. Алтайского представляет собой одну большую амфиболию, рожденную непонятной любовью переводчика к восточной лексике.

Аналогичными ляпсусами грешит перевод поэмы "Кюй", выполненный В. Соколовым и также вошедший и в сборник С-58, и в сборник С-84 без изменений:

Яловой не оставалась тайлак ни одна,
Грузно теснились и мая, и нар, и улук [1, 131; 2, 86],
Ее бура покроет старый,
Из шелка будет пусть буйда [1, 133; 2, 88].

Читателю такого зашифрованного текста нужно знать, что тайлак - это молодая верблюдица, мая - быстрая верблюдица, помесь одногорбого и двугорбого верблюда, нар - одногорбый верблюд-самец, бура - это верблюд-производитель, а загадочное слово буйда означает просто-напросто "повод". Не зная этого, русский читатель не поймет смысла русского текста.

К большому сожалению, подобная практика перевода с казахского на русский язык оказывается чрезвычайно живучей, и не только при переводе произведений И. Жансугурова. Возникает закономерный вопрос: чего добивались К. Алтайский, В. Соколов, В. Урин, насыщая русские тексты непереуведенными казахскими словами, многие из которых к тому же не являются реалиями, не относятся к безэквивалентной лексике и легко переводимы на русский язык? Создания национального колорита? Создания необычных казахско-русских рифм? Независимо от причин, такая практика перевода глубоко порочна, так как дискредитирует в глазах читателя не только одного поэта или одно произведение, а национальную поэзию в целом. Чем так переводить, лучше совсем не переводить. Видимо, не от хорошей жизни родилась знаменитая шутка русских переводчиков на тему "как не надо переводить":

Се Росска Флакка зрак! Се тот, кто, как и он,
Выспрь, быстро, как птиц царь, порх вверх на Геликон! [5]

Именно в таком же макароническом стиле, по наблюдению исследователей, были переведены на русский язык произведения Катулла, Тибулла, Пропеция и других античных авторов. В приведенной шутке отражены самые грубые недостатки переводных текстов, а именно: неестественная инверсия, синтаксическая неуклюжесть, неудачные стыки слов, сочетание архаической лексики с просторечием, вымученный характер стиха. К сожалению, в таком же неуклюжем стиле, о котором пишет С. Слуцкая, выполнены и многие русские переводы поэзии Ильяса.

Прекрасные стихи и поэмы И. Жансугурова нуждаются в новых, качественных переводах на русский язык, остающийся средством общения народов бывшего Союза даже после его распада. Средством не только общения, но и взаимообогащения, когда речь идет о переводах.

ЛИТЕРАТУРА:

- 1 Джансугуров И. Стихи и поэмы. Под ред. М. Львова. — Алма-Ата: КазГИХЛ, 1958. — 300 С.
- 2 Джансугуров И. Избранное. Перевод с казахского. Вступительная статья, составление и примечания М.К. Каратаева. — Алма-Ата: Жазушы, 1984. - 272 С.
- 3 Жансүгіров І. Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер. — Алматы: Жазушы, 1974. – 105 бет.
- 4 Жансүгіров І. Шығармалар. Бірінші том. Өлеңдер. - Алматы: КазМКЭБ, 1960.- 508 бет.
- 5 Слуцкая С. Пожар скорбящего сердца. - В сб.: Мастерство перевода. - М.: Советский писатель, 1977. - С. 356.

УДК 378.574

АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В РАЗЛИЧНЫХ НАУКАХ

Есімбекова Асылжан Омаровна, магистр педагогических наук
ЖГУ имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, assylsoul@mail.ru

Мақалада «көптілдік» ұғымы әр түрлі ғылымның зерттеу негізі ретінде қарастырылады. Ана тілі мен шет тілін зерттеу әр түрлі бағытқа ие. Аталған ұғымның әр түрлі бағыттылығын түсіну көптілдік механизмін зерттеуге, оның тілдік ортада дамытуға және жоғары мектеп жағдайында қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

В статье рассматривается понятие «полиязычие» как предмет исследования в разных науках. Изучение родного и иностранного языков имеет разные направления. Понимание разнонаправленности данного понятия дает возможность изучения механизма полиязычия, его развития в языковой среде и формирования в условиях высшей школы.

Concept “multilinguism” is studied as research subject of various sciences. Learning of native and foreign languages has different directions. Understanding of it enables to study mechanisms of multilinguism, its development in verbal environment and formation at universities.

Ключевые слова: полиязычие, многоязычие, метаязык, двуязычие, языковая подготовка.

Термины «полиязычие» и «многоязычие» часто встречаются как синонимы. В полном словаре иностранных слов М. Попова, вошедших в употребление русского языка приставка «поли» (от греч.) означает «много». Большой толковый словарь русского языка С.А. Кузнецова определяет два значения слова «многоязычный»: 1) - «состоящий из людей говорящих на разных языках», 2) – «составленный на разных языках». Электронный Викисловарь – «охватывающий несколько языков; содержащий информацию на нескольких языках или владеющий несколькими языками». В лингвистическом энциклопедическом словаре под редакцией В.Н. Ярцевой многоязычие (мультилингвизм, полилингвизм) приводится такое значение: «использование нескольких языков в рамках конкретной социальной общности (прежде всего государства); использование индивидуумом (группой людей) нескольких языков, каждый из которых выбирается в соответствии с определенной коммуникативной ситуацией». А в толковом словаре социологических терминов

«многоязычие» означает ситуацию в которых могут функционировать несколько языков.

Философия языка разрабатывается В. Гумбольдтом, немецким философом и лингвистом в начале 19 века и язык он представляет как непрерывное духовное творчество. По отношению к субъекту язык имеет самостоятельность. Данную мысль в 20 веке продолжает М. Хайдеггер, уверяя, что не человек говорит, а язык говорит человеку.

Очевидно, что на иностранном языке заговоришь при обучении, нежели при простом понимании других. Это происходит потому, что знаешь часто употребляемые значения слов. Язык обладает обозначающей функцией, его слова и предложения часто обозначают какой-либо предмет или процесс. Для каждого человека язык уже предзадан обществом и оно диктует условия реализации акта говорения (написания). Говорение есть обращение субъекта к другим субъекта, они и определяют условия. Языковое понимание требует согласованности языка, говорящего и языка слушающего.

Известно, множество языков – очевидная черта жизни людей. Обилие языков делает сложным понимание людей между собой.

Язык философии – метаязык максимальной общности, его вынуждены использовать все образованные люди. Метаязык - есть язык, на базе которого проводится исследование иного языка, последний в этом случае называется объектным языком. Философию характеризуют не только формой сознания, а еще формой языковой деятельности пишется в историческом и систематическом курсе Канке В.А.

Понятие «многоязычие» связан с понятием «двуязычие». Как отмечает Б. Гавренек, в своей работе «Смешение языков», двуязычие, в широком смысле, есть действительное овладение двумя языками. Л.В. Щерба («Языковая система и речевая деятельность») определяет двуязычие как «способность объясняться на двух языках. Язык – функция социальных групп, значит быть двуязычным – это принадлежать одновременно к двум различным группам». У разных авторов термин двуязычия охватывает разные уровни владения двумя языками и даже недостаточным владением несколькими языками. Долгое время индивидуальное полиязычие/многоязычие определялось как умение изъясняться на двух языках, которыми индивид овладел в детстве. Современное полиязычие означает использование два и более языка и способность переключаться с одного языка на другой. Мы рассматриваем полиязычие как лингводидактическую направленность и определяем, как способность индивида осуществлять коммуникативную деятельность.

Выше рассмотренные проблемы исследуются и в психологии. Работа Л.С. Выготского «К вопросу о многоязычии в детском возрасте» представляет раннее изученные исследования многоязычия в раннем детском возрасте. По Выготскому, несколько языковых систем могут существовать одновременно автономно, но может быть и смешение систем или воздействие одной системы на другую. Кроме того, «многоязычие приводит к серьезным затруднениям в мышлении ребенка». По его мнению, если родители говорят на своем языке с ребенком, то можно избежать негативных последствий раннего многоязычия. Родителям необходимо уделять внимание на развитие каждого из языка и меньше смешивать. Так как многоязычие может отрицательно влиять и на речевое развитие ребенка, и на развитие его мышления. Это может являться торможением умственного развития ребенка.

В другой своей работе «Мышление и речь» Л.С. Выготский отмечает, что «ребенок усваивает иностранный язык в школе иным путем, чем он усваивает родной язык». По мнению ученого это происходит «отчасти благодаря наличию уже

готовых и развитых значений слов, которые только переводятся на иностранный язык, т.е. отчасти благодаря самому факту зрелости родного языка, отчасти благодаря тому, что иностранный язык...усваивается совершенно иной системой внутренних и внешних условий, он обнаруживает в своем усвоении черты глубочайшего развития с ходом усвоения родного языка». Следовательно, изучение иностранного языка «опирается на знание родного языка как на основу». Но, существует и обратная зависимость между двумя процессами изучения родного и иностранного языка, «состоящая в обратном влиянии иностранного языка на родной язык ребенка». Знание иностранного языка положительно влияет на родную речь, в смысле осознания языковых форм, обобщения языковых явлений. Овладение иностранным языком «освобождает речевую мысль ребенка из плена конкретных языковых форм и явлений». Усвоение другого языка может опираться на родную речь ребенка и оказывать обратное влияние на нее, так как иностранный язык «не повторяет пути развития родного языка в своем развитии». «Ребенок усваивает родной язык неосознанно и ненамеренно, а иностранный язык – начиная с осознания и намеренности. Поэтому, развитие родного языка идет снизу-вверх, в то время как развитие иностранного языка идет сверху вниз».

Таким образом, изучение родного и иностранного языков имеет разные направления. Понимание этой разнонаправленности для нас важна, чтобы понять механизмы многоязычия, как оно возникает и развивается в языковой среде и как формируется в условиях высшей школы, в нашем случае, в неязыковой специальности. Так как в условиях организованного обучения направление многоязычия «сверху вниз», как мы уже говорили, оно должно опираться на осознание системы целого языка и на способность выявлять общее и частное в каждом языке.

Немаловажным является проблема о врожденных способностях к изучению иностранного языка и о связи этих способностей с владением родного языка. Рассмотрим этот вопрос с точки зрения методики преподавания иностранного языка и психологии. Есть мнение, что если у студента нет способности к иностранным языкам, то у него будет отрицательное отношение к предмету и даже к преподавателю, а также будет отставать в усвоении программы. М.М. Гохлернер и Г.В.Ейгер так представляют лингвистические способности:

- «1) вербальная память, проявляющаяся в быстром образовании вербальных ассоциаций;
- 2) функционально-лингвистические обобщения;
- 3) речевые способности на разных уровнях (лексическом, фонетическом, грамматическом, стилистическом);
- 4) психолингвистический угол зрения на объективный мир при переходе с одного языка на другой;
- 5) лингвистическое отношение к миру» [1, с. 239].

Очевидно, что описанное не раскрывает механизм способностей к изучению иностранного языка.

Российский психолог А.А. Леонтьев отмечает, что за способностями к языку стоят особенности высшей нервной деятельности и индивидуальные особенности, определяющие протекание психических процессов. Это влияет на усвоение ЗУН и на формирование и развитие умений общаться на иностранном языке. По мнению ученого, «учащийся с сильным типом нервной системы работоспособен, может долго сосредотачивать внимание на определенном объекте, наконец, устойчив к мелким воздействиям, нераним. Подвижность нервных процессов обеспечивает быструю реакцию на изменения в ситуации, быстрый темп действий и речи. Уравновешенность – независимость от обстановки, равномерность работы, без

случайных взлетов и падений. Ясно, что все это крайне важно для процесса овладения языком, равно как и для обучения общению на этом языке» [2, с. 287]. А.А. Леонтьев также считает, что под способностями подразумевается различное протекание индивидуальных психических процессов, а именно, памяти, мышления, восприятия, воображения и т.д. Далее, под способностями понимаются особенности личности, связанные с общением. Обучающийся испытывает затруднения в психологических взаимоотношениях с учителем или другими обучающимися, а не в овладении языком. Итак, можно развивать способности к иностранным языкам на разном учебном материале. Формирование коммуникативных способностей на родном языке снимает «психологический барьер» в общении на иностранном языке. Резюмируя выше сказанное, мы пришли к тому что, необходимо не только использовать данные способности обучающегося, но и формировать их в учебном процессе. Кроме того, усиленно развивать познавательные способности, а не только отдельные способности к изучению иностранного языка.

Л.В. Щерба утверждает, что для эффективного изучения иностранных языков очень значительна предыдущая языковая подготовка: «В случае первого иностранного языка важным является культура в области своего родного языка: имеется ли привычка к анализу речи в области грамматики, умение сознательно и правильно писать стилистически и какова начитанность. В случае второго иностранного языка определение владение первым – интуитивное или сознательное, т.е. может ли он с него хорошо переводить и отдаст ли себе отчет в структуре выражений в данном языке или может только понимать и говорить более или менее так же бессознательно, как на родном».

Данный аспект обучения весьма значителен для нас, так как, обучая полиязычню в условиях вуза, мы опираемся на систему уже имеющихся у студентов знаний, умений и опыта в родном и иностранном языках. Итак, с одной стороны, полиязычие рассматривается как овладение двумя и более иностранными языками в коммуникативных целях в повседневной жизни, с другой стороны, как предмет исследования ряда наук – лингвистики, психологии, методики преподавания иностранных языков. Нас интересует то, что полиязычие возникает как результат целенаправленного процесса изучения иностранных языков, в специально организованных условиях.

Автор концепции «Мультилингводидактика» Н.В. Барышников, предоставляя многоязычие как преподавание четырех и более языков выясняет, что на сегодняшний день необходимо теоретическое понимание обучения многоязычню из-за отсутствия опыта как в отечественной, так и зарубежной методике. По его мнению, важные наработки теории, опыт на практике преподавания одного или двух иностранных языков «оказываются не уместными применительно к теории и практике обучения полиязычню/многоязычню». В подобных условиях полиязычие/многоязычие носит «дидактический, искусственный и субординативный характер». Однако в результате обучения полиязычие/многоязычие обучающихся оказывается «вполне координатным, то есть последние владеют четырьмя независимыми языковыми системами» [3, с. 22]. В своей работе Н.В. Барышников в основе подготовки современного многоязычного лингвиста выдвигает следующие принципы обучения многоязычню:

- интегративное обучение нескольким языкам;
- соизучение нескольких языков;
- опора на опыт обучаемых;
- учет искусственного многоязычия;
- когнитивность процесса обучения;
- межкультурная направленность процесса обучения.

Ж.В. Никонова отмечает, что «постепенно происходит образование когнитивных структур особенного рода или фреймов при изучении иностранного языка. Они формируют уникальнейшую систему репрезентации различной информации, что объединяет их, с одной стороны, со словесным инструментарием языка и, с другой – с когнитивной сферой сознания, где имеется схематизированный образ – представление опытного знания человека, активизирующегося посредством языковых структур» [4, с.1].

В свою очередь, Н.В. Барышников утверждает, что когнитивные структуры способствуют формированию системы овладения знаниями в области языка. Образованные структуры дают возможность анализировать языковые явления и сопоставлять изучаемые языки. По его мнению, на основе доминантного языка, таковым он определяет английский язык, обеспечивается параллельное становления других языков. Следовательно, доминантный язык влияет на адаптацию к системе каждого иностранного языка. Однако, его основа методики формирования многоязычия подверглась дискуссии, а идея английского языка как доминантного - критике. К.Я. Литкенс в статье «Так ли всемогущ английский язык?», основываясь на лингвистические критерии при определении преобладающего языка, пытается доказать, что мнение Н.В. Барышникова о прозрачности, простоте и «известной схематичности» английского языка не является убеждающим, однако и признает факт широкой распространенности английского как языка международного общения. К.Я. Литкенс полагает, что для студентов языковых университетов и факультетов педагогических вузов «английский язык является промежуточной ступенью между родным (русским) и другими иностранными языками» [5, с. 22].

Любая языковая система представляет собой систему, в котором отражается история народа, его культура, традиции. Язык является важным средством человеческого общения в передаче культурного опыта. В наше время разные представители учебных заведений по академической мобильности, специалисты разного профиля на стажировку выезжают в другую страну в целях взаимообмена профессиональными, культурными ценностями и потребностями. Полиязычная ситуация человеческого сообщества в условиях общения является изменителем мироощущений и мировоззрений людей.

В культурологии полиязычие – явление, помогающее взаимопониманию и сотрудничеству представителям разных народов, обогащению и развитию родных языков, повышению общей культуры человека как социального субъекта. Полиязычие является также важным условием реализации жизненных сил народа и творческого потенциала человека в силу многофункциональности языков культуры. Владение иностранными (неродными) языками является одним из значительных предпосылок гуманной подготовки специалиста. Очевидно, что полиязыковая культура явно воздействует на разностороннее развитие личности, увеличивает возможности профессионального и социального самоопределения, адаптации, повышает творческий потенциал.

Н.Е. Буланкина [6, с.110] определяет личность как носитель личностной культуры, сложившегося в результате предшествующей истории общества. Личностная культура отличается от всего накопленного богатства культуры, в частности тем, что всегда несет в себе представления об условиях, средствах и целях, мотивах и потребностях, характерных именно для данной личности, именно в данный момент и в данном обществе. Язык и культура составляют единство. Взаимодействуют и языки, так как человек воспитывается в культурной среде, незаметно вбирая в себя не только современность, но и прошлое своих предков.

Резюмируя выше сказанное, мы попытались выявить изучаемые аспекты полиязычия в разных науках:

- Философия языка - единство и многообразие языков. Язык философии метаязыки (на их основе изучаются другие языки), которых используют все образованные люди;

- Лингвистика - взаимовлияние языков; структура различных языков;
- Культурология - аспект культурного развития человека; взаимодействие языка и

культуры;

- Психология - характер связи языка с мышлением и с психической деятельностью;

механизм порождения иноязычных высказываний в речи;

- Психолингвистика - особенности смыслового восприятия и речепорождения у

многоязычных людей; закономерности овладения не первым иностранным языком; перенос знаний и умений из одного языка в другой;

- Педагогика - вопросы, связанные с формированием и развитием полиязычия

(определение продуктивного времени, возраста для изучения второго языка при отсутствии речевой среды; иерархия изучения языков – параллельно с родным или после усвоения родного языка);

- Этнолингводидактика - параллельное овладение языками в этнокультурном

образовательном процессе; язык в его отношении к культуре народа; проблемы обучения неродным языкам в условиях многоязычия и поликультурности;

- Мультилингводидактика - обучение нескольким иностранным языкам;
- Методика преподавания иностранного языка - процесс передачи и усвоения

способности к общению на изучаемом языке с учетом конкретных условий обучения; разработка УМК по дисциплинам «Казахский язык для специальных целей», «Русский язык для специальных целей», «Методика преподавания (предмета) на иностранном языке».

Таким образом, полиязычие следует рассматривать как понимание и уважение чужой и осознание своей культуры с целью взаимопонимания в международном и поликультурном контексте, способность индивида к соответствующему коммуникативному поведению в ином культурном окружении.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Гохлернер М.М., Эйгер Г.В. К вопросу о развитии лингвистических способностей учащихся в процессе обучения иностранным языкам//Обучение и развитие младших школьников. – Киев, 1970. – с.239
2. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. Текст./А.А.Леонтьев, М.: Смысл, 1999. – 287 с.
3. Барышников Н.В. Мультилингводидактика. Текст /Н.В. Барышников//Иностранные языки в школе. – 2004. - №5. 19-27 с.
4. Никонова Ж.В. Теория фреймов в аспекте лингвистических исследований [Электронный ресурс] Ж.В. Никонова // Электронный вестник ЦППК ФЛ. – 2006. – № 2. – Режим доступа: www.evcpp.ru
5. Литкенс К.Я. так ли всецелен английский язык. Текст./Литкенс//Иностранные языки в школе. – 2006. №2. 19-22 с.
6. Буланкина Н.Е. Гуманизация полиязыкового образовательного пространства. Диссер. на соис.д.ф.н. Барнаул, 2005. – 341 с.

ӘОЖ 801.10

**АБАЙДЫҢ «ҚЫС» ӨЛЕҢІНДЕГІ РЕАЛИЙ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
АУДАРМАДАҒЫ (АҒЫЛШЫН, НЕМІС ТІЛДЕРІНДЕГІ) КӨРІНІСІ**

Жантілеуова Г.К., Алпысбаева А.Е.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада Абай ақынның «Қыс» өлеңінде қолданған реалий сөздердің ағылшын және неміс тілдеріндегі аудармаларына салыстырмалы талдау жасалды. Басқа тілге аударылғанда өзінің функциясы мен танымдық ерекшелігін өзгерткен реалий сөздер анықталды.

В данной статье был сделан сравнительный анализ переводов реалий на английский и немецкий языки использованных поэтом в стихотворении «Зима». Были определены слова реалий, которые поменяли функционально-когнитивную особенность при переводе.

This article covers comparative analysis of translation of the realities into English and German, identified by means of artistic depiction, which changed the functional-cognitive feature in translation.

Кілт сөздер: реалий сөздер, көркем аударма, түпнұсқа, ұлттық калорит, эквиваленттілік, мәдениет.

«Абай өлеңдерінің бір алуаны - табиғат лирикасы. Табиғат - адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Өр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл-күйін, өз көзқарасын айтып берді. Ал кейбіреулер белгілі бір кезеңдерде өмірдегі күрестартастардан безіп, табиғатты ғана жырлап, өмірден безу көргенін тартты. Қайткенмен де, табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды.

«Ақын қыстың кескінін де аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бұрқырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағдайсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады» [1, 76].

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тір іжанды.
Үсті-басы аққырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Демалысы - үскірік, аяз бен қар,
Көрі құдаң - қысқеліп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды [2, 179].

Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді. Жоғарғы үзіндіде келтірген өлеңдердің қайсысын оқысақ та, сол кездің суреті көз алдында тұрады. «Қылышын сүйреткен қыс», «Масатыдай құлпырған жаз» өз кескінімен көрінеді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді.

Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады.

Абай әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұратын, көлемі 24 жол өлеңінде қысты адам бейнесінде суреттеп береді. Ақын оны қазақтың ұғымына сай «кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды» деген тәрізді байырғы сөздер арқылы образдар жасайды. Қысты ақ сақалды шал бейнесінде суреттеу бұрынғы қазақ әдебиетінде, Абайдан басқаларда кездеспейді. «Қыс» деген өлеңнің басқа жағын былай қойғанда, бұл шығармадан қыстың қырдағы елге қандай әсері барлығын, мал баққан жылқышыға, жалпы шаруаға жылдың ең бір қолайсыз кезі екендігін айқын көруге болады. Өйткені, қыс өз тұлғасында толық берілген. «Қыс» өлеңін оқығанда, аязды қыстың суық лебі бетке тигендей болады. Табиғат тақырыбында жазылған бұл өлеңдері - ақынның асқан суретші екендігіне толық дәлел.

Иә, «Қыс» жанды бейнеде («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр-мылқау танымас тірі жанды», «Ұшпадай бөркін киген окшырайтып», «Бұлыттай қасы жауып екі көзін») суреттеледі. Сырт портретінің қаһарлы, үрейлі көрінгеніне қоса ісі де қорқынышты елестейді. Қыс қаһары («Дем алысы - үскірік, аяз бен қар», «Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды», «Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда», «Алты қанат ақ орда үй шайқалды») да оның әрекетті қимылын толықтыра түсуге құрылған. Табиғаттың әсем сыртқы көрінісін суреттегені болмаса, қазақтың ұлттық әдебиетінде бұрын жанды, әрекетті, қозғалмалы қалыпта бейнелеу дәстүрі болмаған. Бұл жағынан, өлең - Абайдың жаңалығы [3, 346]. Өлеңдегі қазақ өмірінің шынайы суреттері қыс суретін, оның қаһарлы, аязды бейнесін толықтыра түседі. Қысты «әуес көріп жүгірген жас балалар», «беті-қолы домбығып үсік шалған», «бет қарауға шыдамай теріс айналып», «шидем мен тон қабаттап киген малшы», «қар тепкенге қажымас қайран жылқы», «қыспен бірге тұмсығын салған қасқыр» еске алынады. Ақын қыс қаһарына шыдамдылық көрсетіп, ант ұрған кәрі шал - қысқа шығын бермендер, «соныға малды жайып күзетіндер» деп, сөзін малшыларға арнаумен аяқтайды. Бұл - табиғат алдындағы адамның құдіретін, ісін танытарлық ойдың белгісі. Жалпы «Қыс» Абайдың басқа да табиғатты жырлаған өлеңдері сияқты, жанды пейзажға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мағынаға толы, оның демократтық, халықтық пікірін аша түсетін шығарма болып табылады.

Қыс бейнесін ақын қазақ ұғымына лайықтап, ұлттық бояуы айқын табиғи суреттермен толықтырады. Оны кәрі құдаға теңеу, бурадай барқ-сұрқ етіп долдануы, қаһарынан алты қанат ақ орданың шайқалуы - таза ұлттық бейнелер. Әрі бұл бейнелер күрделі әрі келісті көркемдік-бейнелеу құралдары арқылы берілген.

Ақын төмендегідей метафораның ұлғайған түрін келтіреді:

а) «Демалысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәріқұдаң - қыскеліпәлексалды».
(Абай, I том, 83-бет)

Қ.Жұмалиев атап өткендей байырғы сөздер арқылы жасалған осы жолдардағы образдарды ағылшын тіліне аудармашылар қалай бейімдеп аударды екен деген сұрақ пен қызығушылық әрбір оқырманда туындамақ. Абайдың жыл мезгілін суреттейтін өлеңін Дориан Роттенберг тәржімалаған екен:

The grumpy old fellow does plenty of harm.
His breath stirs up blizzards, brings snow and cold.
With a cloud for a hat on his shaggy head,
He marches along, all the world in his hold. [4,105]

Ағылшын тіліндегі тәржіманың қазақ тіліндегі жолма-жол аудармасы:

Қазымыр шал көп зиян келтіреді,
Оның демалысы боранды жандандырып, қар мен суық әкеледі.
Дода(сабалақ, жалбыраған) басында қалпағы бар бұлтпенен,
Бүкіл әлем қолында, ол алдыға жылжиды.

Ағылшын тіліндегі бұл тәржіма түпнұсқадан емес, орыс тіліндегі нұсқасы арқылы жасалған, бірақ дәл қай нұсқасы екені белгісіз. Мысалы, Ю.Кузнецов бұл өлең жолдарын: Пар дыхания свежен, морозен и лют.

Так пришел старый сват – и потряс наш покой [5,172]- деп тәржімаласа,

1888 жылы орыс ақыны Вс. Рождественский :

Старый сват, белый дед натворил много бед.

От дыханья его - стужа, снег и буран,- деп орыс тілінде суреттейді.

Ағылшын тіліндегі тәржімамен салыстырғанда, орыс тіліндегі екі аудармада да түпнұсқадағы «құда» ұғымы сақталады, себебі орыс халқында да «сваты» түсінігі бар. Бұл жағдайға ағылшындарда «құда» деген түсінік пен атаудың болмауы әсер еткен болар, аудармашы «құданы-шалға» айналдырған, бірақ «шал» сөзінің алдына түпнұсқада берілген «кәрі» айқындауышымен бірге өзі қосқан тағы да бір айқындауыш «грушпру-сварливый-қазымыр» артық болған секілді. Себебі қазақ халқының дүниетанымы, салт-санасы бойынша құдаға әрқашан құрметпен қараған. «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген өнегелі сөз оның дәлелі. Құдасын қазақ әрқашан ерекше ілтипатпен қарсы алып, сый көрсеткен. Одан да тереңірек үнілетін болсақ, осы өлең жолдарынан авторлық концептті де байқауға болады. Ол үшін ақын неге қысты құдаға теңеді деп, содан неге кәрі құдаға теңеді деген сұраққа жауап беру керек сияқты. Иа, қыс – өте суық, қатал жыл мезгілі. Қысты абыроймен қарсы алу үшін адамдар жаз бойы қамданып, қалай келсе де күтіп алуға мәжбүр. Бірақ сол үшін ешкім қысқа сен суықсың, қаталсың деп айта алмас, себебі оның табиғи болмысы сол. Қазақы ұғымдағы құданың да болмысы сондай. Құдан қандай болса да, қалай келсе де ерекше сый-құрметпен қарайсың. Сондықтан да «шал» мен «құда» сөздерінің мәні бір-бірінен тым алшақ. Осындай байырғы, белгілі бір халыққа ғана тән сөздерді қалай аудару керек деген мәселе - аударматану ғылымында әлі дұрыс шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі.

Енді өлеңдегі метафораның аудармасына келетін болсақ, Абай қыстың «демалысын жай ғана үскірік, аяз бен қар» деп атап өтсе, аудармашы оларды әрекет еткізіп, кимыл бітіреді: «оның демі үскірікті асқындырып, қар мен суық әкеледі». Демек, метафора өзінің пішінін жоғалтып, жай ғана суреттеуге айналған.

Өлеңнің осы жолдарын ағылшын тілінде аудармашы Ричард МакКейн төмендегідей сөйлетті:

Each breath is shrouded in a frosty cloud.

He came like a long lost relative and caused a commotion [6, 73].

Аталған тәржіманың жолма-жол аудармасы төмендегідей болмақ:

Әрбір демі аязды бұлтқа оранып

Ол бұрын жоғалған туыскандай келіп әлек салды.

Көріп отырғанымыздай аудармада түпнұсқадағы қазақы ұғым мүлде жоғалып кеткен. Яғни, аудармашы «кәрікұда» деп метафора арқылы көрініс тапқан а вторлық Концептіні жойып жіберіп, қысты «бұрын жоғалған туысканның» келуіне теңейді. Ал «демалысы –үскірік, аязбенқар» деп метафора арқылы суреттелген тармақжай сөйлемге айналған: «үскірік, аязбенқар» – «аяздыбұлт» деп жалпы тәржімаланады.

Осы өлең жолдарының неміс тіліндегі нұсқасы төмендегідей:

Sein Atem verströmt Schneegestöber und Frost.

Der Winter – als Freier?- hat uns übermannt! [5,11]

Жолма-жолаудармажасайтынболсақ:

Оныңдемалысықар мен аяздыаямайберді,

Қыс - күйеужігіттәрізді?- бізгезиянкелтірді.

Көріп отырғанымыздай, неміс тіліндегі нұсқасында да аудармашы «қыстың демалысына жан бітіріп, қар мен аязды аямай берді» деп әрекет еткізеді. Екінші өлең жолындағы метафора «als-сияқты» қосымшасы арқылы теңеуге айналып кеткен.

Теңеуде бір нәрсені екінші бір нәрсеге теңегенде, екеуінің арасында еш айырма жоқ, тепе-тең деп ұқпаймыз. Екеуі екі нәрсе, екеуінің жігі әрдайым ап-ашық. Тек белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені көзге елестетеміз. «Ол – кәрі құдадай» дегенде, құда сықылды, тәрізді, бірақ құда емес.

Метафорада ондай сілтеу жоқ. «Кәрі құдан-қыс» деп кесіп айтады. «Құда-күйеу бала» деп тәржімаланып, өзінің мәнін мүлде жоғалтқан.

Төмендегі өлең жолдарынан тағы да ұлттық бояудағы шынайы қазақ өміріне тән суреттеуді көреміз:

“Бурадай барқ-сұрқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды”.

Осы екі тармақта ақын қыстың долдануын – бураға теңеп, алты қанат ақ орда үй деген эпитетті тіркесті қолданған. Төрт-түлік малдың сырын біле бермейтін кез келген адамда туындайтын бірінші сұрақ: неге ақын қысты бураға теңеді? Бура – айыр түйенің таза тұқымды аталығы. Адам: «Жақсы мінезді қайдан үйренем?» - демесе керек. Түйе деген малдан ғибрат алуға керек. Түйе сондай зор биіктігін ойына алмай, бір тышқанның құйрығына байлап қоя берсе, еріп жүре береді. Өзі қырық күн шөлге шыдайды, көзіне көрінгенді қорек қылып, еш нәрсені талғамай жеп, қанағат қылып жүре береді. Күштілікте қара жердің кемесі десе болады. Көнгіштікте сондай көнгіш: бала шөгерсе, шөгіп жатады. Түн болса, байлап салған жерден қозғалмайды [7]. Осындай көнгіш түйенің қаһарлы қысқа қатысы не?

Бұл сұраққа жауап беруге келесі анықтама көмектеспек: «бура - айыр түйенің келеге түсетін еркегі. Келе дегеніміз - інгендер табыны. Інген - қос өркешті ұрғашы түйе. Әр келеде 10 – 15 інген болады. Келеге түсетін бураны ерекше күтеді [8]. Себебі бураның күйі келен кезінде, бір айға дейін от оттап, су ішпей қағып, жарап алады. Ол әбден бабына келген соң аузынан ақ көбігін шашып, шайырланған желкесін иығына соғып, артқы екі санының арасын құйрығымен ерсілі-қарсылы сабалап, тыныш таппайды. Мұндай бура кісіге қарай айбат шегеді. Ол кездері өте қауіпті болады. Осындай кісі алатын бура жарамастан он күн бұрын аузына темірден құрсау салып, байлап қойылады. Әрі келен уақыты дәл қаңтар айынан басталады екен. Міне, сондықтан да ақын бураның дәл осындай қауіпті, аузынан ақ көбік шашып, адамға айбат шегетін уақытын қыс қаһарына теңеген болар.

Осы өлең жолдарын ағылшын, неміс тілдеріне тәржімалаған аудармашылар осы сұрақты өздеріне қоймаған тәрізді. Қыстың бұл суретін Дориан Роттенберг:

Like a crazy old camel he acts in his rage,

Rocking and shaking our yurt's thin wall [9, 58],-деп тәржімалайды.

Жолма-жолмаудармасы:

Олесінен адасқан кәрі түйедей ашумен әрекет етеді,

Біздің киіз үйдің жұқа қабырғасын тербетіп және сілкіндіріп.

Яғни, бураны – есінен адасқан, кәрі түйеге балайды. Түпнұсқада бураның мұндай күйін сипаттайтын сөз де, ой да жоқ. Болуы мүмкін де емес. Себебі сан ғасыр көшпенді дәуірде тұрмыс – тіршілігі тікелей мал шаруашылығына байланысты өткен қазақ халқы төрт түліктің сыр-сипатын, қадір-қасиетін жете біліп, ерекше қастерлеген, малды былапыт сөздер айтып балағаттамаған, теппеген, басына ұрмаған, сылап-сипап бакқан. Түйені тіптен бет алды соя бермеген. Түйе тек Меккеге қажылыққа жүрерде, көп болып тасаттық жасағанда немесе ханды таққа отырғызғанда сойылған. Халық аузында «ақ түйенің қарны жарылғанда» деген мәтел осындай мерекені көрсетеді.

Қазақтар түйені ешуақытта ұрмаған, теппеген, керек десе сөзбен қатты ұрыспаған. Жүнін қалай болса солай шашпаған. Жүнін қасиетті санап, жын-бәлекетті қуады деген. Түйе жүні тұмарды да алмастырған. Аталған қазақы құндылық түйені алжыған, кәрі деп суреттеуге жол бермейді. Демек, ағылшын

тілінде тек пішінін сақтап қалған теңеу «like a crazy old camel» - «кәрі, есінен адасқан түйе сияқты» (ағылшын тілінде «simile» (салыстыру) деп аталатын «as, like» қосымшаларының көмегімен жасалатын көркемдік құрал) мағыналық құндылығын жоғалтқан.

Қазақтың байырғы тұрмыстық лексикасы «алты қанат ақ орда үйді» - юрта, яғни киіз үй деп тәржімалайды. Иа, қазақтардың үйі солай аталған. Бірақ бұл жалпы атау. Оның өзі бірнеше түрлерге бөлініп кетеді. Мұнда аудармадағы жалпы мен жалқының қатысы мәселесі туындайды. Әрі ақынның өзі де жай киіз үй дей салмай оны «алты қанат ақ орда үй» деп бөлектеп айтып тұр. Сонымен ол қандай үй? Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқы негізінен киіз үйді пайдаланған. Бірақ хан-сұлтан, атақты байлардың үйі 8 қанаттан бастап, 30 қанатқа дейін жеткен. Мұндай үйлер ақ ала орда, ақ орда, ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік аталған. Ал орташа шаруа мен кедей шаруаларға тән киіз үйлерді алты қанат ақ үй, боз үй, қоныр үй, қара үй, қалмақ үй, лашық, аран, жаба салма, көтерме туырлықты, кепе, ұранқай, күрке, камсау (шошала), итарка, т.б. деп атаған. Жолаушылар мен жорықшыларға тән үйлер (абылайша, ақ қос, қос, қанқа, жоламай, т.б.) де бар.

Ал, қанат сөзінің түп-төркіні қалай? Қазақтың қарапайым ұғымындағы үй өлшемі - қанат. Қанат кереге санын білдіреді. "Алты қанат ақ орда" деген тіркес содан қалған. Шеберлер көші-қонға, тігуге ыңғайлы болу үшін кереге басын көбейтіп алты қанат жасайды. Халық арасында ең көп қалыптасқан үлгі 6-7 қанат. Ал 8 не одан көп үйлер көбіне той-томалақта, немесе дүбірліас, тойларда тігіледі. Абылай хан ордасы 12 қанат болды, уығын ат үстінде тұрып шаншады екен деседі [10]. Демек, үйдің көлемі қанаттың санына сәйкес болады. Кереге бір-біріне қиылыстыра орналасып, қайыспен өз ара бекітілген сағанақтардан тұрады. Сол себепті, ол құстың қанатындай оп-оңай керіліп, қайта жиналып отырады. Осыдан Абай ақынның не себепті дәл «алты қанат ақ орда үйді» атағаны белгілі болды: алты қанат үй көшуге, тігуге ыңғайлысы болғандықтан ең көп пайдаланылған. Бұл ерекшелікті аударма жасағанда елемеске болмайды. Әрі аудармашы «киіз үйіміздің жұқа қабырғасын» дірілдетті деп, «жұқа қабырғасын» өз ойынан қосқан. Ондай суреттеу түпнұсқада жоқтың қасы. Себебі киіз үйдің қабырғасының жұқа болуы мүмкін емес. Қазақтың үйі қыста – жылы, жазда – салқын болған.

Ұлтымыз қатты ыстық, қатты суық болғанда да өзіндік әдістер арқылы үйдің жылулығы мен салқындығын сақтай білген. Қатты ыстық болғанда үй іргесін ерсілі-қарсылы түру арқылы үй ауасын алмастырып салқын орта жасаса, түнділікті еңкейтіп жауып ашу күннің үйге тік түсуінен болатын қайнаған ыстықтан сақтанған. Ал қыс күндері үйге үлкен пеш орнатумен бірге үйдің сыртынан кереге басына дейін көң көміп, шаңыраққа дейін екі де үш қабат киіз жауып қысқы аязда тоңып үсіп қалудан сақтанған. Сондықтан да «киіз үйдің жұқа қабырғасы» деп айтуға келмес.

Келесі ағылшын аудармашысы Ричард МакКейн болса, бұл екі жолды мүлде басқаша тәржімалаған:

He broke out in anger like the frosty snowstorm
And the six-walled tents trembled [6, 73].

Жолма-жол аудармасы:

Ол аязды боран тәрізді ашуға булығып
Алты қабырғалы шатырларды дірілдетті.

Бұл тәржімада бура да жоқ, кәрі түйе де жоқ, есесіне аязды боран және алты қабырғалы шатырлар бар. Әрі «six-walled tents» эпитет қызметін атқарып тұр. Алты қанатты - алты қабырғалы деп атауы түсінікті. Себебі, ағылшындарда «қанат» ұғымының мағыналық өрісіне мұндай атау енбейді. Бірақ, әрине «қабырға» сөзі қазақтың киіз үйінің керегелерінің қанат тәрізді лезде жайылып, жинала қоятын қасиетін суреттей алмайды. Тек «ақ орда үйді» - «шатыр» (палатка) деп тәржімалауы

ойға қонымсыз. Бәлкім аудармашы қазақтың киіз үйін әншейін бір шүберекпен жабыла салған уақытша шатыр деп елестеткен болар. Бұл – үлкен қателік. Киіз үйдің көшпелі өмірге ыңғайлы әрі төзімді құрылымы мен құрылысы жайлы жоғарыда толық сипатталды.

Неміс тіліне Абайдың «Қыс» өлеңінің осы екі тармағын аудармашы Леонардо Кошут қалай тәржімалапты?

Als schüttle ein Weib furienhaft die Welt –

Der Orkan resistdie Jurte fast aus dem Stand [5, 21].

Жолма-жолмаудармасы:

Әйел адам ашу үстінде әлемді шайқағандай –

Дауыл киіз үйді орнынан қозғайды.

Аудармашы «бураның ашуын – әйел адамның ашуына» теңепті. Әрі «ашу үстінде әлемді шайқаған әйел» деп әсірелеген тәрізді. Бураның әйел адамға еш қатысы жоқ. Бура – түйенің аталығы. Абай ақынның неге қысты бураның долдануына теңегені егжей-тегжейлі жоғарыда түсіндірілді. Осы жағдайда филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Дәдебаевтың мынадай тұжырымын айтпасқа болмас: «Көркем аударманың теориясы мен тәжірибесінде түпнұсқаның белгілі бірліктерінің трансформациялануының жолдары, амалдары алуан түрлі. Қысқарту, өзгерту, алмастыру, толықтыру, ойдан қосу - аудармашының шығармашылық ізденістерінде бұлардың атқаратын қызметі айрықша маңызды. Сонымен қатар мына жайды ескеру керек: түпнұсқа жүйесіндегі бірліктердің бәрін бірдей қысқартып, өзгертіп, толықтырып, ойдан қосып аударуға болмайды. Әсіресе автордың өзі суреттеп отырған шындық құбылыстар туралы айтқан түйінді ойын, концептуалды тұжырымы мен бағасын білдіретін ұғымдарды саралауға, даралауға, нақтылауға, дамытуға, байытуға шек қойылмағанмен, оларды қысқартуға, өзгертуге, алмастыруға болмайды» [11,38]. Демек, аудармашының ақын суреттеп отырған қазақы өмірдің шынайы, табиғи құбылысын мүлде басқа, ешқандай ұқсастық пен қисынға келмейтін құбылыспен алмастыруы ойға қонымсыз.

Демек, теңеу аудармада өзінің пішінін де, мағынасын да жоғалтқан. «Алты канат ақ орда үй» - киіз үй деп жалпы тәржімаланған.

Әрине, ескермеске болмайтын жағдай, бұл өлеңнің ағылшын тіліне де, неміс тіліне де түпнұсқадан емес орыс тіліндегі аудармаларынан тәржімаланғанын атап өту. Себебі, ағылшын, неміс тілдеріндегі аударма орыс тіліндегі нұсқасына тәуелді болады. Мысалы, жоғарыда аталған өлең тармақтарын Вс.Рождественский орыс тіліне:

«Злится он, словно бешеный старый верблюд,

И тогда шестискладная юрта дрожит» - деп, ал Ю.Кузнецов:

«Его гнев превращается в снежный буран,

Белой юрты-орды потрясая усты» [5,172]- деп тәржімалайды.

Міне, жоғарыда аталған ағылшын аудармашысы Дориан Роттенбергтің «Like a crazy old camel he acts in his rage» - «есінен адасқан, кәрі түйесінің» қайдан шыққаны белгілі болды. «Бурадай долдану» деген теңеуді Вс.Рождественский теңеуді «словно бешеный старый верблюд» деп аударған. Ал, Ричард МакКейннің бұл теңеуді мүлде өзгертіп аударған нұсқасын «Hebrokeoutinangerlikethefrostysnowstorm» (Олаязды боран тәрізді ашуға булығып) Ю. Кузнецовтың тәржімасынан көруге болады: «Его гнев превращается в снежный буран».

Абайдың көркемдік бейнелеу құралдырының жүйесіне тән ерекшеліктердің аудармада лайықты көрініс табуы аса күрделі мәселе екенінде дау жоқ. Бірақ бұл бағытта қол жеткен нәтижелердің түпнұсқаға эквиваленттілігі, оның деңгейі талабы

мен талғамы бар оқырманды да, Абайды екі тілде бірдей оқып, түсінетін қарапайым оқырманды да сүйсінте алмайды, сүйіндірмейді» [10, 39].

Ақын ойынан туындаған суреттерді екінші тілге дәл солай жеткізу мүмкін емес деген тұжырымның дәлелі осындай болмақ. Бірақ дегенмен аудармашы аудармаға кіріспестен бұрын түпнұсқа тілін, түпнұсқаның авторын, оның шығармашылығы мен тұлғалық ерекшелігін зерттеп, өлеңде көрініс тапқан дәстүрлік, салттық ерекшеліктерді зерделеп, өлеңнің стилистикалық, құрылымдық ерекшелігіне аса зор мән беруі керек. Сонда ғана түпнұсқа мен аударма арасындағы алшақтық азаятын болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысмағұлов Ж. Абай: Абай тағылымы. -Алматы: Ғылым, 1994.-280б.
2. Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы [Текст]: Өлеңдермен поэмалар.- Алматы "Көркемәдебиет", 1957.- 368 б.www.abai-inst.kz
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
4. Kunanbaev Abai – Selected Poems. Progress Publishers Moscow. 1970, 1st Edition.
5. *Abai. Zwanzig Gedichte.* –Köln: Önel Verlag, 2008.
6. Abai. Book of words. Абай халықаралық клубы. *Ñàìàé 2005.-77á.*
7. Оразбаева Б.Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларындағы төрт түлік малға қатысты заттық мәдениет. Өдістемелік құрал. Павлодар. С.Торайғыров атындағы ПМУ ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған.
8. Ұлттық апталық. Фарида Ботабаева, Бәйдібек аудандық сәулет-көркем мұражай мұрағатшысы. 22 тамыз, 2013 11:49
9. З.Сәбитова. Тілдердің лингвистика-мәдениеттану феномені. Алматы: «Жазушы», 2001.-215б.
10. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма. Алматы: Қазақ университеті, 2011.- 183 б

ӘӨК 412.02.11

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Тұрысбекова Әсем Ерікқызы ф.ғ.к., аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, as.turysbekova@gmail.com

Ата-бабаларымыз ұрпақтарына ұлан-ғайыр даламен бірге бай мұрасын да қалдырған. Ұрпақтарының, яғни, біздің алдымыздағы жауапты міндеттердің бірі – ата-баба аманатын шын жүрекпен қабылдау. Олар: бабаларымыздың парасатты тәлім-тәрбиесі, мәдени мұралары, әдеттер мен салттары. Бір сөзбен айтсақ, ұлттық менталитеті. Ал, менталитет сөзінің мағынасы өте кең. Біз оны адамдардың іс-әрекеттері, өмір сүру дағдысы, ойлау жүйесі, бір-біріне деген қарым-қатынасы, салт-дәстүрлері, әуендері мен әндері, ұлттық ойындары және айналамен бірлескен қарым-қатынастың призмасы ретінде қабылдаймыз.

Наши предки навечно оставили нам огромную территорию, богатое наследие и перед нами стоит задача осознать все это, принять его всем сердцем. Это мудрое учение наших предков, культурная ценность, проверенные историей обычаи и традиции, т.е. национальный менталитет. Понятие слова менталитет

очень широкое. Мы воспринимаем его через призму человеческих поступков, образа жизни, мышления, восприятия мира, отношения друг к другу, традиции, песен и мелодии, национальных игр и даже через взаимоотношение с окружающей средой.

Today both friends and enemies admit that fact that the destiny has developed a reliable example of unity, solidarity, unity and relationship in our blood. Our ancestors have forever left to us huge territory, a rich heritage and before us it is necessary to realize a problem of it, to accept it with all of our heart. This wise doctrine of our ancestors, the cultural value, the customs checked up by history and traditions, i.e. national mentality. Concept of a word mentality is very wide. We perceive it through a prism of human acts, a way of life, thinking, perception of the world, the relation to each other, traditions, songs and a melody, national games and even through mutual relation with environment.

Кілт сөздер: архетип, постфактум, беллетризм, вертикаль, призма.

